

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
№2(42)**

Алматы, 2013

ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДАСТЫРУ ҮРДІСІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ӨЛШЕМДЕРІ: МӘДЕНИ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Н.Б. Сейсен – с.ғ.к., доцент, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Бүгінгі күні «жаңғырту» теориясы, батыстық немесе ресейлік теория ретінде, мағынасын ашу арқылы түсіндірілмеуде. Ғылыми әдебиетте оны баяндау кезінде бірде бір алғышарттарын кездестіре алмайтынымыз өкінішті. Тек Т.Парсонс пен Р.Мертонның жазған жұмыстардың ықпал етуімен ХХ – ғасырдың 50-60 жылдарында АҚШ-тың университеттік ғылымында туындап, «үшінші әлем» елдері бойынша мұны американдық мамандар (С.Липсет, Ф.Риггс, Д.Энтер, Р.Уарт, С.Хантингтон, және т.б.) орнықтырған болатын. Сөйтіп, олар осы елдердің қазіргі заманғы қоғамға (индустриалды және демократиялық) өтуіне бейімделуші, сондай-ақ, пісіп-жетілген дәстүрлі тәртіп үрдістерін түсіндіруге тырысты. Көп ұзамай, аталған теорияны АҚШ-тың ресми мемлекеттік ведомстволары оларды аталған елдермен қатынастарындағы саясатты негіздеу үшін өз бақылауына алды. Зерделеу нысандарына осы теорияны қолдану үшін, көбінесе, Азия, Африка, Латын Америкасының біраз елдері алынды, бірақ олардың арасында КССРО болған жоқ, өйткені, бұл елмен қатынаста «жаңғырту» емес, «жақындасу» термині неғұрлым орынды деп саналды. Бұл КССРО-дан қаймығатын, бірақ оны мойындап, санасатын уақыт болатын.

Коммунизмнің келмеске кетуі, КССРО-ның ыдырауымен байланысты, бәрі де өзгереді. Бұрынғы Одақтың барлық мемлекеттері секілді, Қазақстан да құлдырап, нашар дамушы елдер қатарына қосылды. Соған байланысты, Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің саясаты дамыған елдермен, оның ішінде, жаңғыртуға ұмтылушы Малайзия және Сингапур мемлекеттерімен ұқсас бағытты ұстанды. Осы термин либералдық саяси және экономикалық реформаларды қорғау миссиясын өзіне алған қазақстандық саясаткерлер мен теоретиктер арасында орнығып, жандана бастады. Бұдан әрі, осы терминді қазіргі Қазақстанның реформаторлық мәністі барлық үрдістерін белгілеу үшін, пайдалана бастады.

Қазақстанда жаңғыртушылық үрдістердің қалыптаса бастаған салыстырмалы аспектісінде құндылықты бағдарлардың, солармен бірге, өзгерістерін тікелей Ресей тарихымен байланыстырдық. Дегенмен, «жаңғырту» термині бұрынғы кеңестік кеңістік үшін, жаңа құбылыс болғанымен, оның адамзат өміріне кіріккеніне үш жүз жылдай уақыт өтті. Кезінде І-ші Петр патша көтерген жаңғыртудың алғашқы толқыны өз қайта құруларымен біздің ғасырдың басына дейін жетті. Бұл кезең Қазақстанның Ресей империясына қосылуын аяқтады. Бұл толқында Ресей империясы қанатын кең жайып, қуатты елге айналды. Екінші толқынның бастамашылары большевиктер болды. Олар дәл сол уақытта патшалар көтерген істі жалғастырып, елді жаңғырту шараларын одан әрі алып жүрді. Мұның өзі, қазақ халқының санасы мен құндылықты аспектілерінде көрініс тапқаны күмәнсіз. Олар «шынайы социализм» деп атаған кезеңге түрліше баға беруге де болады, бірақ кезкелген жағдайда, нарықтан тыс және демократиялық емес құралдар арқылы жүзеге асырылған жаңғыртушылық стратегияның ала-құла болуы өзінің сапасында емес, қызметі нәтижесінде қол жеткізілуі Қазақстан тарихында «капитализмге соқпай, феодализмнен социализмге өту» деп аталады. Азаматтық және құқықтық құрылымдары қалыптаспаған елде өзгеше болуы мүмкін бе еді?

«Бір елде социализмді құру» деп аталатын осы жаңғырту (немесе индустриаландыру) субъектісі, бір партия және оның көсемі тұлғасында орталықтандырылған мемлекет шегінде құрылды. Ол үшін, социализм Батыстың дамыған елдерімен өнекәсіпті және әскери тең құқықты иемденуші қуатты мемлекет синонимне айналды. Социализм идеясы бір жағынан, Батыстан технологиялық алшақтықты жою үшін, барлық адам ресурстарын жұмылдыру, екінші жағынан, содан мемлекеттік тәуелсіздікті сақтау сияқты екіүшті міндетті шешуге мүмкіндік беретіндей, мақсатты ұстанды. Бұл батыстық (капиталистік) әлемнің шетінде жаңғыртылушы елге айналу мүмкіндігі жолын кесетіндей көрінді. Шынында, белгілі бір сәтке дейін, мұндай модел жеткілікті жұмыс қабілеттілігін иемденді, дегенмен, бүгінгі күні оның толықтай сарқылғанын және тиімсіз болғанын айта кетуге болады.

Социализмнің кеңестік келбетінің күйреуі – бұл, ең алдымен, аталған модельдің дағдарысы. Ол батыстық қоғамда жаңа технологиялық алға жылжумен уақыттың үйлесуі бойынша сәйкес келген жаңғыртудың қазіргі үшінші толқыны басталғанын көрсетеді. Егер, бірінші толқыны Еуропада индустриалды қоғам бұрыннан болуымен сәйкесті десек, екіншісі – индустриалды қоғамның дамуы, ал үшіншісі – батыстық қоғамның индустриалдығынан кейінгі кезеңіне өтуімен тұспа-тұс келуі. Біздің жаңғыртушылық толқындарымыз қазіргі заманғы батыстық қоғам қалыптасуының негізгі кезеңіне сәйкес келетіндей, олардың шақыруына беретін жауабымыз болып табылады: жаңғырту дегеніміз – жаңа бағытқа, оның

қолданысына жауап беретін реакциясы. Ол Қазақстанға батыстық әлеммен қандай да бір азда болсын тепе-теңдікті ұстап тұруға мүмкіндік берді. Батыс болса, логикалық жағынан алсақ, өз өмір тіршілігін одан әрі дамытты, ал біз стратегиялық жеңіліске ұшыраудан қауіптеніп, солардың ізін ала жаңғыртыла бастадық. Қалай десек те біздің ойымызша, жаңғырту кез келген жағдайда, кезінде біреу бастаған істі қайталаушы, көшіріп алушы екінші үрдіс.

Жаңғыртуды қалай түсінсек те, түрлі кезеңдерде мазмұны өзгерді, тіпті, кеңестік уақытта көпшілікке аян даңғазға ұраны көрініс тапты – «қуып жету және басып озу...». «Басып озу» әрдайым осы ұранның қияли элементін құрады, «қуып жету» болса, кезкелген жаңғыртудың шынайы міндеті, оны көбінесе, «қуып жетуге ұмтылу» деп атайды. Сондай-ақ, жоғарыда жаңғыртудың екі моделі болатындығын атап кеткенбіз: вестернизация және «қуып жетуге ұмтылушы» жаңғырту. Біріншісі батыстық емес елдердің өз құндылықты жүйесі мен тіршілік ету жағдайын (мысалы, оларды отарлау саясатын жүзеге асыру барысында) тікелей Батысқа күштеп байлауды ұйғарды. Мұнда жаңғырту субъектісі Батыстың өзі болды. Екінші моделі өзінің ұлттық – мемлекеттік тәуелсіздігін сақтайтын жаңғыртушы елге осындай субъекті болу жүктелді. Осы тәуелсіздік дәрежесі жаңғырту үрдісінде вестернизация және «қуып жетуге ұмтылушы моделінің» арақатынасын анықтайды.

Екі жағдайда да жаңғырту дегеніміз – түпкілікті мақсатының айқын қызметі арқылы саналы түрде межесін болжаумен күні бұрын жоспарланған нәтижесін дамыту. Сонысымен, бұл іштей тұтастырыла қойылған мақсаттың «табиғи-тарихи үрдісін» алып жүруші сипатын дамытудан айрықшаланады, яғни, телеологиялығы, ал ішкілері себебінің мүмкін болуы.

Қалай десек те Батыс өз дамуында ешқашан да «дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғысына өтудің» міндетін алдына қоймағандығын түсінеміз, бұдан көптеген авторлар жаңғыртудың мән-мағынасы мен мазмұнын көре білді, яғни, «қазіргі заманғы» терминін оның алдында ма, өзге орында ма дегенді қарастырған емес. Батыс қоғамына, жалпы алғанда, өзін қазіргі заманғы және кезкелген жағдайда алғашқысы ретінде сезіну тән. Жаңаның ескіден, қазіргі заманғысының дәстүрліден айырмашылығы жаңасы шын мәнінде қалыптасқанда ғана мойындалып танылады. Тіптен, батыстық іске аспайтын амалдар да болашақта теңдесі жоқ идеалды қоғамды орнатудан гөрі, мадақталмай-ақ, сын нысанына ұшыраса да қолданысты қоғам қазіргі заманғысы саналады. Сонымен бірге, Батысқа соның шегінде бұрыннан бар қоғамды қазіргі заманғы деп атаудың өзі орынсыз. Батыстық адам тәртібі бұрыннан қалыптасқан өз қоғамына көңілі толмай, көптеген өзгерістер енгізіп, жақсара түсуін қалауы да мүмкін, алайда, кезкелген жағдайда ол өзін қазіргі заманғы әлем шегінде өмір сүрудемін деп санайтын болады. Ол үшін, қазіргі заман өзі қатысатын, өзінің үміттері мен қамқорлығы шын мәнінде сезінетін тұсы.

Еуропалық емес адам Батыспен жанаспай, өз көзімен көрмей, осылай ойлауы мүмкін. Тіршілігінде онымен өзін салыстыруға ниеті болмай қалады. Қазіргі заманның барлығының да бір мәселесі болмайды (мысалы, қазіргі заманды Батыс қалай түсінеді), әрбір мәдинеттің өз мәселесі болады, оны өзінше шешеді, бірақ осылардың бірде біреуі түпкілікті шешімін білмейді [1], – деген Б.Г. Капустинның пікірімен келісуге болады. Қазірден бастап, олар үшін, Батыс қазіргі заман синониміне айналды, ал қазіргі заманғы олардың қолы жете бермейтін идеалдары.

Қазіргі заман сөзі дәл мағынасында – бұл әр адамда өзінің өркениетті ұқсас санасының болуы және осы ұқсастығының дағдарысы салдарынан, жаңғыртудың жүргізілуі. Қоғам мүмкіндікті кемшіліктеріне карамастан, онда өмір сүруші адамдар теңестірілді. Бұл қоғам реформалау кезінде, түзету, жақсартуға байланысты адамдардың өзіндік пікірлеріне зәру болды, бірақ жаңғыртуға емес. Осыдан кезкелген реформа жаңғыртуға теңестірілмейтін байқау қиын емес. Батыста жүргізілуші реформалар (мысалы, кейнсидық), жаңғырту емес, өйткені, батыстық адамнан оның ұқсастығын бас тарту талап етілмеді. Олар түрлі идеология ықпалында болды – либералдықтан социал-демократиялық немесе консервативтік. Бірақ адамдар да Батысқа тән өзіндік ұқсастығын үзген емес. Батыс қоғамы өзінің барлық өзгерістері кезінде, әрдайым бір қалпын сақтады, сондықтан, қазіргі заманғы болар.

Осыдан келіп шығатыны: Батыс үшін, қазіргі заманғы талаптар ерекше және өмірлік маңызы бар мәселе болып табылмайды. Ол мұнда тек өзгеше шешіледі, бұған жаңғыртудың барлық белгілі модельдері ұсынылады. Әрине, Батысқа вестернизация немесе қуып жетуге ұмтылушы жаңғырту туралы айтудың өзі ыңғайсыз. Дәл осы Батыс үшін, қазіргі заман, Б.Г. Капустиннің айтуынша, «бұл идеал немесе құмартқан мақсат болып табылмайды, кезкелген қоғамдық тәртіптің нормативтік негіздерін бұзатын «келеңсіз күші» ретінде ғана көрініс табады, олар «нені тұрғызса», соған қол жеткізеді» [2]. Яғни, жәй ғана айтар болсақ, тұрақты түрде дәстүрлікке қарсы шаралар ғана қолға алынады. Қазіргі заман мұнда – қоғамдық өмірдің тарихилығы, ағымдығы, өзгергіштік синонимі, мұның өзі, оның өзіндік себептері және ондағы мүмкіндіктері қамтамасыз етілген.

Әрине, бұл үрдісті жаңғырту деп атауға болады. Бірақ өзіндік тарихы бар елдің кезкелген дамуында – бас сөзділік, қайталанушылық синониміне тап боламыз. Онда осындай логикаға сүйене отырып, тарих пәніне арналған барлық оқулықтарды жаңғырту бойынша оқулықтар атауын қайта өзгерту керек шығар. Ондай жағдайда, жаңғыртуды бозбала шақтан толысу шағына немесе өмірдің төменгі **формаларынан-түрлерінен** жоғары деңгейлеріне өту деп неге атамасқа? Тарихта өтуші ауысым өндіріс, басқару **формаларының** тәсілдері, көзқарастар, құндылықты бағдарламалардың тұрпаттары, егер, бұл бұрынғырақ біреулер жоспарламаған табиғи құбылыс болса, әрине, даму барысында жаңғыртумен санаса алмайды.

«Қазіргі заман мәселелерінен» «жаңғырту мәселесінің» айырмашылығы (қазіргі заманғы қоғамға өту) жағдайында басқалармен салыстырғанда, өз елінің «артта қалушылығы», «қазіргі заманға сай еместігі» секілді адам санасы туғызған ойлар көңілді мүлдем құлазытады. Мұндай санамен өмір сүру қазіргі заманның жоғалтып алған мәртебесін өзіне қайтарып алу мақсатымен «намысты оятатын емдеудің» қажеттілігі туралы ойларды туындатады. Санаға дәстүрлі қоғамда өмір сүруші халық емес, тарихи уақыттан тыс оның қазіргі заман немесе ескі заманға, сондай-ақ, білімді және түрлі мәдени дүние аражігін ажырата білетін, ақыл-ойы кең элитаға бөлінуі секілді тартымды ойлар кіреді. Онда осыған дейін қалыпты, үйреншікті жүрген адамға, кенеттен ескіріп, күні өткен, адам ұялатындай, лайықсыз көрінетін жәйттардың ойға оралуын қалай түсінеміз?

Міне, осыдан өзі үшін үлгі болатын адамға еліктеумен, өзінің бойындағы көзге көрінбейтін қасиеттерін шығаруға деген құлшынысы, тілегі пайда болады. Сондықтан, қазақстандық элита өзінің қоғамдық миссиясында бұқара санасына жаңа ұқсастықты енгізуге құштар болады. Осының өзі, адамның ішкі санасезіміне оятуға арналған жаңғырту болып шығады. Бұл әркімнің «қазіргі заманға лайықтылығын» құндылықты өлшемде санасында қалыптастырудан тұрады. Сол үшін, Қазақстанда барлық реформалар қолданылды. Олар адамның бәз қалпын сақтау арқылы, өз бойында өзгерістер, кемшілікті жақтарын жақсарту, жетілдіру т.б. құлшынысын ақтап шықты, бұл кезде өз республикасын басқа елдермен, басқа халықпен салыстыру арқылы, қандай кемшіліктер орын алғанына көз жеткізді.

В.Г. Федотова көптеген авторлар секілді жаңғыртуды «дәстүрлігінен қазіргі заманғы қоғамға өтуді жүзеге асыру кезінде, жай ғана емес, оның өзіне тән ерекше түрін дамыту қажеттілігін анықтаумен», батыстық емес елдерге, оның ішінде Қазақстанға тән дамыту туралы қозғалған әңгімені жан – жақты түсіндіруге тырысқан. Мұдай баяндауда жаңғыртудың мақсаты ғана емес, сонымен бірге, қай елден үлгі алу керек, қайсысына еліктеу керек, қайсысымен теңесу қажет дегенді атап көрсетеді. Мұнда тек бір мәселе беймәлім болып қалып қалған: осының бәрі кімнің сілтемесі? Егер, «кеңестік қоғамның алдында батыстық қоғамдарды қуып жету мақсаты тұрса», онда мұның алдына кім осындай мақсатты қойды? [3].

Мұнда тарихтың объективтік заңдарына сілтеме жасаудың реті де жоқ. Адамдардың сыртынан әрекет етушілерден айырмашылығы сол, жаңғырту бұрыннан белгілі және саналы түрде жоспарланған нәтижеге қол жеткізілуін білдіреді. Ол кезкелген жағдайда, алға қойылған міндетті шешу үшін, барлығын да жұмылдырушы саяси ерік-жігердің болуын талап етеді. Саяси билік мұнда түйінді роль атқарады. Дегенмен, қоғамды жақсарту идеясы адамдардың түрлі топтары бөлінетін және қолдайтын дамудың ақиқатты бағдарламасы, билік басындағы саяси элитаның санасында ғана болады. Соңғысы осы үрдістің бастамашысы ғана емес, оған мемлекеттің барлық қуатты машинасын қызмет етуге қоя алады. Жаңғырту, бірінші кезекте саясат, биліктің саналы түрде атқаратын қызметі, оның саяси стратегиясы. Ол қоғам алдында жаңғырту міндетін қоя отырып, қазіргі заманға лайықтылығы жауапкершілігін өзіне алады.

Істің осы жағына өрістеуші үрдіс табиғи сияқты болып көрінетіндіктен, әрдайым көңіл бөле бермейміз. Шынында, мұнда дамушы үрдісті саналы түрде тұжырымдаумен, іс-әрекетті бағдарламалығынан жоғарлатуға тырысамыз, яғни, табиғиынан гөрі жасандылығына бой ұрамыз. Әрине, жаңғырту, сондай-ақ, объективтік себептермен (мысалы, елдің артта қалушылығы) түсіндіріледі, бұл да дұрыс. Бірақ аталған бағдарлама, тарихтың объективтік шақыруына дәл сол жауабын қамтиды.

Социализм құрылысы түріндегі жаңғырту, енді өмірдің өзі көрсетіп бергеніндей, кеңестік қоғамда, әрі қарай тұрақтай алмады, орталықтандырылған мемлекеттің күйреуімен аяқталды. Жаңғыртудың социалистік (эстатистикалық) моделі Батыстағы либералдық нарықтығын алып, пайдаланумен алмастыру, алдындағыдан да ауыр сезілетін нәтиже беруде. Осы модельдер, оларға қандай баға берілсе де тарихтың, халықтың атынан биліктің субъективтік таңдауының нәтижесі болып табылады. Қазақстандағы дәл осы билік қоғам қандай болу керек, қай елге теңесу қажет, өзінің алдағы жағдайы қалай болатындығын, әрдайым өзі ұйғарады. Біздің либералдық реформаларымыз, осы мағынада алдындағыларға қарағанда эстатистер болады. Әрине, олар мемлекеттің нарықтық экономикаға араласуына мүлдем қарсы, бірақ Қазақстанның Батысқа ұқсауына қуана келіседі, бұған өктемшіл билік те қарсы емес. Сонда, биліктен басқа, адамдарды өз елінде басқаның жарғысы бойынша өмір сүруге мәжбүр еткені ме?

Жаңғыртудың маңызды шараларын өзіне алған билік өзі үшін, бір ғана құқықты мойындайды – елді бақылаусыз, қалай болса, солай бір өзі басқару. Мұндай билік қандай жағдай болса да демократиялық бағытты ұстай алмайды, тіптен, Батыста оның саяси беделі оңды деп танылса да, өзін демократияны ұстап тұрғандай көрсетуге тырысады. Демократиялыққа қатысты, екінші, дүниежүзілік соғыстан кейін, ГФР мен Жапонияның демократияландыруын үлгі ретінде ауыз толтыра айта алмайсың, өйткені, бұл көп жағдайда, соғыста жеңімпаз ел атанған АҚШ-тың бұйрығымен еріксіз жүзеге асырылды. Қазірдің өзінде олар АҚШ-тың сыртқы саясаты ықпалынан шыға алмауда. Алайда, бұл елдердің өз экономикаларын қалпына келтіруіне американдық билік тарапынан орасан зор көмек көрсетілгенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл осы елдердің Қазақстан Республикасына қарағанда, батыстық экономикалық жүйеге тез де өркеиетті жақындауына әсерін тигізді.

Алайда, биліктегі саясат Батысты неғұрлым көбірек көшіріп алуға тырысса, соғұрлым олардың қолданатын саясаты сайқымазақ болып шығады. Саясаттағы батысшылдықтың Батыстан айырмашылығы, соңғысы табиғи жолмен құрылса, ал біріншісініңкі – жасанды құрылым, сондықтан, «негізсіз» болып шығады. Әрине, көшірме түпнұсқа емес. Жаңғырту бұл көшіру шеберлігі, түпнұсқасын жасау емес. Тарихтың өзі мұны қабылдамайды, көшіргіш саясаткерлерді және еліктегіштерді мойындамайды. Басқа да қолайсыз шаралар секілді тарихи ұрлыққа да тезуге болмайды [4]. Бүгінгі күні Батыстағы жаңғырту моделін қолдану ескірген, жарамсыз деп танылуда. «70-ші жылдарда, – деп атап көрсетеді Б.С. Старостин, – жаңғырту маңайындағы жақсы көңіл-күй біртіндеп оған түңіле қарауға ауысты. Іс жүзінде, ойластырылған экономикалық өсу моделі ешбір жерде ойдағыдай жұмыс істемеді. Саяси институттандыру моделі де тиімсіз болып шықты... Ұсынылған модельдері сынға ұшырай бастады. Батыстың көрнекті ғалымдарының осы модельдері авторларының ресми саясатқа жіпсіз байланғандығынан сақтауына тура келді» [5]. Егер, бұл таза идеологиялық атқарымдарды орындайтын саясат қызметшісіне айналса, бұл қандай теория болғаны – деп сауал қойды көпшілік.

Бастапқы модельдердің келесі өзгертілуін қарастырудың мәнісі жоқ, өйткені, бұл туралы ғылыми әдебиетте жеткілікті мөлшерде баяндалған. Жалпы тенденциясы саяси-орталықтандырылған моделін өз дәстүлері мен құндылықтарына сүйенетін жаңғыртудың дамушы идеясын мәдени орталықтандыруға алмастырудан тұрады. В.Г. Федотова оны жаңғыртудан кейін атауды ұсынады, сөйтіп, ғалым әділ ұйғарым жасағанындай, жаңғыртуды жүргізу барысында институттандырылуы мен мәдени (құндылықты) қарама-қайшылығы алынбайды. Дәстүрлі құндылықтары жаңа институттардың пайда болуына бастамашылдық жасай ала ма? Бұған Жапония мен Оңтүстік Шығыс Азия үлгісі көз жеткізеді, алайда, мәселе мынада: сонда құрылған қоғам Батыстағы секілді, қазіргі заманға толықтай сай болып табыла ма немесе сонымен салыстырғанда, батыстық модельдің «азиялық элементін» енгізуші өзге түрі ме?

Жаңғыртудан кейінгі терминнің өзі мағынасы бойынша жаңғыртуды теріске шығарады. Алайда, жаңғыртудың өзі емес, оның тарихта орны болды, қазіргі уақытқа дейін сақталуын жалғастыруда және осы жолда қандай да бір мәнді нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болады. Қазақстан да бұдан қалыс қалған жоқ. Десек те, Қазақстанмен салыстырғанда, Ресейдегі қазіргі жаңғырту нәтижелері күтілгенімен сәйкестігі алшақ: Ресей Батыспен жақындаса түсуден аулақ, көпшілігі содан алшақтаған. Американдық саясаттанушы Стивен Коэннің айтуынша, «Ресей жүзжылдық ағымында жаңғырту жолынан жеңіл өтті. Кейде бұл үрдіс ауыртпашылықсыз жүрді, кейде бұл «апаты арқылы жаңғыртылуы» болды. Бірақ қазіргі заманғысынан кері шегіну ешқашан нәтижеге жеткізген емес» [6]. Ресеймен шұғылданушы американдық саяси ғалымның біздің тарихымыздың қазіргі заманғы «өтпелі» **кезеңаралығына** баға беруге байланысты (тоталитаризмнен демократия мен капитализмге) пікір-таласта Коэн осы кезаралықты «демодернизация» деп атады (демократияны жұлмалау деген мағынаны білдіреді).

Егер, біз жаңғыртуға бағыт алумен, шын мәнінде ескі саясатты жалғастырдық, тек басқа ұрандатуды қолдандық, олай болса, өткеннің мағынасы тіпті түсінікті болып шығады. Егер, бұрын осы саясат державаның ұлылығын, тіпті, Батыстан артықшылығын («әлемде социализмді жеңіп шығушы тұңғыш ел») көрсетумен санамызды улап, бүркемеледі, мұның өзі, халықтың ауыр өмір тауқыметіне шыдауға, билікпен еріксіз келісуге шарасыз көндірді, енді халыққа ұлылық – басқа халықтардың шегі, ал соған қатысу – солардан үйрену дегенді алға тартты. Өзінің қазіргі заманға сай еместігін, яғни, мәдениетсіздік, рахымсыздығын мойындау, биліктің халыққа ұсынатын жаңа ұқсастығы. Бұқараға «санасына естен тандыра құюды» енгізу дәнекерлігі (бұрын социалистік сананы енгізу сияқты), енді естен тандыра сендіру емін ақтап алуға тырысуда. Бірақ дәл осындай санамен одан әрі даму жайлы айтпаса да болатын шығар. Өзін сыйлай білетін адам дамуының да шегі бар, ұлтты кемісітуге жауабы – кім сені қорлайды, соған деген күншілдік, көре алмаушылық, ал өзін жақсы болсаң, әрдайым үлгі етеді. Адамды мәдениетсізсің, рахымсызсың деп сендірші, ол шынында соған сәйкес әрекетке барады. Қорыта айтқанда, даму емес, жоғары жақтың ойына келгенін істейтіндігін, ал төменгілер тәртіпсіздік пен берекесіздікке жол беретінін көреміз.

Дегенмен, зерттеуші Межуев В.М. өз пайымдауында байқағанындай, «...Мәселе тек ұрандарды алмастыруда емес. Бүгінгі күні керек десеңіз, ұлттық игілігімізді жоққа шығаратын және қорлайтын сипатын жаңғыртудың басты кемшілігін бүркемелейтін ұран да жоқ» [7]. Жаңғырту мәнісі бойынша дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғысына өту тәсілі ретінде емес, формасы бойынша ғана өзін сарқып бітірді. Қазіргі заман қоғамдық дамудың индустриалды кезеңі арқылы, сонда бірдейленеді, ал бүгінгі күні осы кезеңі индустриалдығы, акпараттандыру, жаһандастырудан кейін қалай деп атасақ та, басқасына ауысады.

Жаңа бағыт дәуірі біреулердің пікірінше, кейіннен алмасады, басқалардың пікірі бойынша жаңасына кіріп, өзіне арналған кезеңінде қорытындыланады. Әлем көп атаудың куәсі болды. Әзірше бір мағыналысы анықталған жоқ. Тек бір жәйт қана айқын: ескі қоғамнан жаңасына өту әлі күнге дейін белгілі ұқсастықтың барлық формалары дағдарысы, сондай-ақ, индустриалдау дәуірінің барлық жаңғыртушылық идеологиялары дағдарысымен, яғни, либералдығынан социалистігіне дейін. Жаңғыртудан кейінгі (немесе одан да кешірек жаңа бағыты) дәуір адамы өзін идея мен құндылықтардың қандай жүйесімен бірдейлендіруге мәжбүр болады – бұл әзірше ортақ шешім қабылданбаған және басы ашық мәселе. Осы өтуі туындатқан айқынсыздық жағдайы өзінің санасында «қазіргі заманға лайықсыздығының» барлығын да теңестіретіндей, бүгінгі күні қандай болса да ұсынылатын кезкелген бірдейліктің артықшылығына күмәндануға итермелейді.

Былай деп айтуға болады: қалай десек те біреудің айрықша артықшылығы қазіргі уақытта болмайтын қазіргі заман барлығы үшін мәселеге айналады, өйткені, қазіргі заманғысына өту (жаңғырту) барлық елдер мен халықтардың ортақ ісі, ортақ тағдыры болып шығады. Бірақ мұндай өтуді жаңғырту деп атағаннан гөрі, ғаламдық дамыту дегеніміз дұрыс болар. Соңғысы қуып жетуге ұмтылушы жаңғыртудың шынайы баламасы болады. Біреулердің бұйрығымен басқалардың өмір сүруіне мәжбүр етуші саясатқа, басқалардың мүдделерімен өзінің ұлттық мүддесін, ал шегінде – тұтастай әлемді үйлестіруші саясат көбірек қарсы тұрады. Басқаларымен келісімде өмір сүру осындай саясаттың басты құндылығы.

Жаһандастырудың жаңғыртудан айырмашылығы қазіргі заман және соған өтудің мүлдем өзге түсінігінде қорытындыланады. Аталған өтуі мұнда жекелей мемлекет емес, бүкіл әлемдік **қоғамдастықтың-қауымдастықтың** күш біріктіруі арқылы, тұрақты шешілетін міндеті ретінде танылады. Тек өзінің ғана емес, бүкіл әлем тағдырына, оның ғаламдық мәселелеріне алаңдайтын, шешімін өзге де мәселелер енгізілген мемлекет қана қазіргі заманғы болып шығады. Экономикалық өсуі, өмір сүрудің жоғары деңгейі, әскери қуаттылығы және гүлденудің қалған белгілері, бұған қоса, қазіргі заманғы жеткілікті сипаттамалары болып табылмайды, сондай-ақ, танылған барлық белгілері мен нышандары да лайықты болуы тиіс. Бірінші кезекке шынында өзге басынқылықтары мен құндылықтары шығады. Өзінің жиынтығында олар тек оқшаулығымен ғана емес, жалпылама өмір сүруі жергілікті, ұлттық, аймақтық шеңберінен шығатын нақтылы бір мемлекет, ел және халықтың бейімділігін көрсетеді. Мұндай ортақтастық шарасы мұнда өзіне тән қазіргі заман шарасы болып шығады. Осы көзқараспен алғанда, қазіргі заманды патриотизм және ұлттық эгоизмнің жалған ұғымы атынан әлемнен тасалайтын сол саясат, сондай-ақ, жаһандастыруға қарсы әрекет етуге тырысады т.б. Бірінші, ұстаным жақтастары түрлі ұлтшылдар, дәстүршілдер. Екіншісіне бүкіл әлемді жүздеген жылдар ішінде жайлаған капиталистік жүйені кеңейтуге және өз насихатын таратуға үндеуші жаңа либералдық ағымның теоретиктері мен саясаткерлері кіреді.

Екі жағдайында да әлем бытраңқы күйінде қалады, дегенмен, түрлі негіздері бойынша. Біріншісінде, бұл қарсы тұруға болмайтын өркениетті, конфессиялық, ұлттық шектері бойынша бөлінеді. Екіншісінде – әлемдік капиталистік жүйеге кірушілігінің дәрежесі бойынша. Бұл жағдайда, ол тең болмайтын бөлігіне қосарланады, тіптен, ондағы **командалық-басшылық** рольді оның өзегін құрайтын, осы жүйеде орталық орынды иемденген ел атқарады. ХХІ-ғасырда осындай ортасы азды-көпті үстемеленетін «үлкен жетілік» елдері болады деген ұйғарым бар, сондай-ақ, соларға тәуелді ХВҚ, Халықаралық банк және тағы басқалары. Қалған елдер жақтаудың сыртында қалады. Олар шикізат және арзан жұмыс күшін дайындаушылар, олардың түрлі қалдықтарын сақтаушылар, яки, олардың жүйесінен мүлдем шығып қалады.

Осы секілді, келешек жоспармен келісе қою қиындау. Тіпті, Батыстың кейбір көреген саясаткерлері бүкіл әлемді өзіне бағындыру, өзінің заңдары бойынша өмір сүруге мәжбүрлеу секілді мемлекеттік реттеудің сәйкес келмейтін шараларын қолданатын нарықтық экономиканың бейімділігіне күмәнмен қарайды. Бірқатар батыстық авторлар экономикалық жаһандастыру сәтсіздікке ұшырайды деген болжамдар айтуда, сөйтіп, жаһандастыру идеясы шамасы келмейтінін дәлелдейтін фактісіне айналады деп санайды. Жаһандастыруды бай және кедей мемлекеттер арасындағы тепе-теңсіздікті ғана күшейту арқылы нарықты босатып, бәсекелестік заңдары бойынша жүзеге асыруға болады деп ойлайды. Бұның тұрпатты үлгісі – қазіргі заманғы фундаментализм. Әлемді сілкіндірген қаржылық дағдарыстар, табиғи ортаның бұзылуы, жоқшылық пен аштықтан жапа шеккен тұрғындардың жан сақтау үшін, басқа елдерге жаппай

кетуі, жұмыссыздар санының өсуі (сауаты мен біліктілігінің төмен болуынан), міне, үшінші әлем елдеріндегі жағдай осындай, сондай-ақ, жер шарының түрлі нүктелерінде әскери жанжалдардың шығуы – осының бәрі нарықтық жаһандастырудың шикілігін дәлелдейді. Тек нарық рыногында ғана жаһандастыру идеясының шынайы беделін түсіру ұйғарылады.

Әрине, көптеген мәселе басым көпшілік елдердің мүдделерін есепке алумен мемлекетаралық қатынастар және одақтардың жүйесін реформалау саясаткерлердің ықыластары, сондай-ақ, дұрыс атқара білуінен жаһандастыру үрдісін реттеу мақсатымен мемлекеттердің саналы түрде араласуына тікелей қатысты болмақ. Алайда, мемлекетке сену қандай маңызды болса да, барлық мәселелерді шеше алмайды. Ғаламдық саясаттың құндылықтары мен басыңқылықтарын халықтардың санасына сіңіретін, санымен жарастыратын, бейімді жаңа идеология керек. Мұндай идеология бұрынғы түрлерінің таптық, тар шеңберлі ұлттық, аймақтық қосылуынан еркін болуы тиіс, ол XIX-ғасырда қалыптасып, сол немес өзге өзгерістермен біздің уақытымызға дейін жеткен коммунизм немесе либерализмнің дәстүрлі қасаң қағидасын жай ғана қайталамауы қажет. Либералдық және әлеуметтік құндылықтар ғаламдық қоғамда өз орнын табады, бірақ олар логикалық талдауға бейімсіз және бірін бірі жоққа шығарудан да қалатын болады. Бұл қоғам барлық адамзаттық мәселелерді жалпыға ортақ қанағаттандырумен шешетін жұмақ деп ойлаудың қажеті жоқ: олар ақыл мен парасаттылықты дамытудың жоғары тармағында шешілетіні күмәнсіз. Өзге жағдайда, жаһандастыру оның мағынасын тарихи ақтаушылығын айыратынын мойындауға тура келеді.

Дамудың ғаламдық моделі, біздің ойымызша, либералдық-нарықтық та, этатистикалық та емес. Соңғылары үлкен дәрежесінде яки еркін нарықтың механизмдеріне, яки, мемлекеттің билігі барлығын қамтыған орталықтандырылуына сүйенетін индустриалдық қоғамның экономикасына сәйкес келеді, дәл осылар әлемдік көшбасшылыққа үміт еткен қарама-қарсы екі лагерьге бөлді. Осы лагерьлердің біреуіне нарықтың рұқсат етуші күшіне сенімділігі тән болса, басқасы үшін – мемлекеттік аппараттың күші мен қуаттылығы тән. Елдердің өзін дамытуда кешіккен индустриаландыруды жаңғырту, сонымен, дамудың осы екі стратегиясы арасында ақылға сыйымды тепе-теңдікті таба алмады.

Жаһандастырудың басталуымен осы стратегиялардың әрқайсысы саясаттың сенімді құралы болудан қалады. Нарық пен мемлекет, әрине, қоғамдық алға басудың маңызды факторлары ретінде өз мәнісін сақтап қалады, бірақ олардың әрекеттері бұрынғыдан да көбірек түзетіліп, өзге мақсатты – әлеуметтік және мәдени факторларын кіргізді.

Жаһандастыру бұрыннан белгілі болғанындай, ең алдымен, табиғи болмысымен бүкіл әлемге таралатын ақпараттық технологиялар арқылы жүйелерін енгізеді. Ғаламдық әлем – бұл ақпараттық технологиялар кеңінен өндірілетін дамуымыздың, соған қоса, экономиканың басты көзіне айналатын, мейлінше өрістейтін ақпарат әлемі. Мұндай күрделі әлемді басқару, индустриалды қоғамдарда істелініп, бастау алғаннан кейін, енді мүмкін болмай қалды. Бұл, біріншіден, ақпараттық ағымдар ұлттың – мемлекеттің және аймақтың шектерінде жинап қоюға келмейді, екіншіден, кезкелген адамнан оның нарықтық белсенділігі және ұқыпты тілалғыштық қасиеті емес, өзіне тән жақсы саналы жақтары талап етіледі. Ақпараттық технологияларға негізделген экономика бүгінгі күн талаптарына сай адамның ақпаратты пайдалана білетін және негізгі капитал ретінде лайықты білім алуға бейім болатын, қоғамның басты өндіргіш күшіне айналуына себеп болады. Соған сәйкес, тұтастай алғанда, қоғамның ғылым, білім беру, мәдениет секілді құрылымдық салаларының маңызы өсе түседі. Дәл осыларда өзінің жұмыс күшінен басқа, мәдени капитал атауын алғанын пайдалану мүмкіндігі болатын қызметкердің жаңа тұрпаты қалыптастырылады. Өндірісте соңғысының рөлі, тіптен, заттай және ақшалай капиталмен салыстырғанда өлшеусіз өседі. Мұнда жалдамалы қызметші немесе бюрократтық бұйрықтар беретін жеке кәсіпкер болып қана қою аз; кезкелген жағдайда, алдына қойған міндеті шығармашылықпен шеше алатын мәдениет адамы бола білу керек. Ғаламдық даму кезеңінде дәл осы мәдениет әлеуметтік мәселелерді шешетін басты фактор болып шығады деп айтуға болады.

Сондықтан, ғаламдық саясатты жаңғыртудан өзгеше мақсаты сол, әрбір адамның және әрбір халықтың игілігі – жекелей және ұлттық игілікке айналатын қызметтің түрлі салаларында адамзат ұжымдық жетістіктерді иеленуі кезінде, осындай әлемдік тәртіп құрылуы мүмкін. Ешкім де, ешбір халық та әлемдік өркениет пен мәдениеттің барлық игіліктері мен жетістіктеріне еркін кіретіндей құқықтарына қысым көрсетілмеуі керек және осындай мүмкіндік қана адамдар мен халықтардың бір-бірімен тең болуына игі қадам жасайды.

Қоғамдық, экономикалық және мәдени байлықтардың кезкелген бөлінісі, яки күш қолдану әдісі немесе нарықтық бәсекелестік арқылы жүзеге асырылады, мұның өзі, жекелеген ұлттың өз ішіндегі секілді, ұлттар арасында әлеуметтік жанжалдар көзі болып табылады. Бөліністің тең болмауы ұтылып қалушылар мен ұтып шығушылар арасында ешқашан **бәтуәласуға-келсімге келуге** мүмкіндік бермейді. Егер, нарық-

тық экономика аясында іс жүзінде, бұл болмай қалмайды, онда табиғат ресурстарын пайдалану және мәдениет саласында қауіпті де зиянды, ал **принципінде-негізінде** – рұқсат етілмейтін шаралар. Табиғатқа және нарықтық институттар мәдениетіне осы аялардың коммерциялануын тарату индустриалды қоғамды бүлдіретін экологиялық және рухани дағдарыс нәтижелері болып табылады. Бірінші, не істеу керек – оларды нарықтың күтпеген апат билігінен босату қажет, яғни, бәсекелестер арасында бөлінуі қажет [8].

Мәдениет барлық пайда болуында және ғылым **принципінде-ұстанымында** тең дәрежеде баршаға ортақ. Олар жекешелендіруге жатпайды, өкінішке орай, екеуіне де зиян тигізетіндей шаралар жүзеге асырылғаны жасырын емес. Жалпы алғанда, жекешелендірудің құтқарушы күшіне, тек индустриалдық қоғамда баршаға ортақ және бөлініс нысандары болып табылмайтын байлығымыз құнының өсуіне үміт артамыз. Ортақ мәдени маңызы болатын ақпаратты бір адамның, бір мемлекет, тіптен, бір ұлттың корпорацияның өз меншігі етуіне әсте болмайды. Оны жеке субъекті тарапынан монополизациялауға әрекет жасау ақпарат болмысына қайшы келеді, сөйтіп, оның құнсыздануына түрткі болады. Бұл жалпы адамзаттың игілігі болып табылушы табиғи байлыққа да тікелей қатысты. Осылайша, жоғарыда айтылғаннан шығаратын қорытынды, ғаламдық дамуда жаңғырту арқылы ұлттық саясаттың мақсаттары мен мүдделерін қайта бағдарлау, бүгінгі күннің сәйкесті болмыстарына ұқсастарын алумен, қазіргі заманға оралудың бірден бір тәсілі деуге болады. Дәл осы бағытта экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуды жандандыруға бейім болатын құндылықтар жүйесі іздестірілуі тиіс. Тек ғаламдық тәртіптің мәселелерін шешуге қосылушы Қазақстан Республикасы дағдарысын жеңіп шығатын жаңа белеске көтеріліп, өзі туралы, ХХІ-ғасырдың елі туралы батыл мәлімдей алады. Өткен жолды қайталамай, басқаны көшіріп алмай, басқа елдермен жаңа әлемді құруға бірге қатысу – сондағы жіберген қателіктерді түзетуге, өзін сақтауға болатын бірден бір жолы. Егер, өткенді жан-жақты саралап, алдағы уақытқа зер салатын болса, Қазақстанның да бүкіл әлемге айтары және ұсынары аз емес.

Қазақстан қоғамының кеңестік кезеңі КСРО-ның егеменді республикасы түрінде рәсімделініп, жаңғыртудың социалистік моделін жүзеге асыруымен сипатталғаны белгілі, сонау 30-шы жж. елде сауатсыздықты жою жаппай қолға алынды, ал содан кейін, тұрғындардың білім алуы және біліктілік пен кәсіби потенциалы деңгейінің өсуі, өнеркәсіптің дамуы және т.б. Уақыттың тарихи қысқа мерзімінде жаңғыртудың бастапқы сатыларынан өтті – мұнай мен газ өндіру, жеңіл өнеркәсіптің іргетасы қаланды. Әлеуметтік-мәдени кеңістікте ірі қайта құрулар жүзеге асырылды.

1991 жылы тәуелсіздік алу сәтінен бастап, Қазақстандық қоғамның кеңестік кезеңнен кейінгі жаңғыртылуы нарықтық экономика және демократияға өтумен байланысты, тұтастай алғанда, мұның вестернизациялық сипаты бар.

КСРО ыдыраған соң, бұрынғы кеңестік елдерде, соның ішінде, Қазақстанда жаңғыртудың қолға алынуы, қоғамдық өмірдің түрлі аяларында «үзiктi» және үзiлiстi жүргiзiлгенi соншалықты, мұның өзі, 90-шы жылдарының бірінші жартысында жаңғырту барысында қол жеткен бірқатар маңызды айқындамалар жойылды және өнеркәсіптің құлдырауы, тұрғындардың кәсіби-білім деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ, жоғары билікті орыс тілді мамандардың елден басқа мемлекеттерге жаппай ағылуы, жұмыссыздық, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, тұрғындардың көптеген топтары, бірінші, кезекте, ауыл тұрғындарының, бюджеттік аясы қызметкерлері, әсіресе, қарт адамдардың құқықтық және әлеуметтік кепілсіздіктердің жойылуы секілді келеңсіз жәйттермен есте қалды.

ХХІ-ғасырда жаһандастыру шақыруына тиісті жауабы үшін Қазақстанға пісіп-жетілген жаңғыртпалы бағытта, алдымен, одан әрі алға жылжу, яғни, ашық қоғамды қалыптастыру, өнеркәсіптік өндірістер мен халықтың әл-ауқатын түбегейлі көтеру, нарықтық экономиканы мемлеке өктемдігінен еркін болуын қуаттау, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің кепілдіктері, әлеуметтік-ағымдық, содан соң, жаңғыртпадан кейінгі идеологияны қуаттау секілді шаралар күтіп тұрды, мыналар солардың маңызды бөлінбес белгілері болып табылады: өндіріске негізделген шаруашалық жүйесін орнату және өзінің маңызды мақсаты ретінде, зияткерлік капиталды пайдалану, дәстүрлігінен (таза экономикалық) басқа және экологиялық пайымдауларды қарастырушы, енгізілген техникалық жаңашылдықтардың үдемелігін бағалайтын жаңа маңызды критерийді, бұған қоса, сұраққа ұйғарылған жауапты енгізу: осы жаңашылдық жеке адамның өзін іске қосу және еркіндігін кеңейтуге немесе жаңа қауіп-қатер мен құлдықта ұстау көзі болуға бейімді ме, 2) тікелей демократия мен өзін-өзі басқаруды кеңейту, 3) әлеуметтік-ағымдық қарама-қайшылыққа парасаттылық идеологиясын бекемдеу. 4) азаматпен жеке адамның ментальдық дүниелері және құндылықты құрылымдарының түрлі ағымдылығын, сондай-ақ, түрлі нұсқаулығын мойындау. «Пісіп-жетілген жаңғыртпа» және «жаңғыртпадан кейінгі» деп нышандандырылған терминдер осы мәреге жылжуды әлеуметтік кідірістері жылдамдық, табыстылық және бағалау – едәуір мөлшерде қазіргі заманғы саяси және әлеуметтік-мәдени стратегия тұрпатына тікелей қатысты болады [9].

XXI-ғасырда әлем жүйесін жаһандастыру және жаңғырту жағдайларында құндылықты бағдарлардың рөлі әлемнің түрлі түкпірлерінде өткен дәуірмен салыстырғанда көп есе өсетін болады. Жаңғыртылушы және жаһандастырылушы үрдістердің кеңістігінде басқарушы элиталардың қате «жүрістері» ұрындылуымен, саяси жаңғырту арқылы апатты нәтижелері күшейе түсуде. Біріншіден, көне тарихта бұрын-соңды болып көрмеген қырулар материалды-техникалық, қаржылық және адам ресурстары қойылуда. Екіншіден, әлемдік жүйенің бей-мәлімдігі, болашақтың айтып болмайтынындай белгісіздігі, ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалануда бақылаудың әлсіздігі, экономикалық жәнетабиғаттың астан-кестен өзгерісі (Э.Тидденс, У.Бек), этностар мен өркениеттің қарама-қарсылығы және қақтығысы (С.Хантингтон) секілді келеңсіз жәйттер өсуде.

Әлемнің жаңғыртылушы және жаһандастырылушы үрдістерінде қоғамдық дамудағы құндылықты өлшемдердің барлық өсе түскен рөлін олардың менталитетін, санасы құрылымын үстемдік етуші идеологиялар құндылықтарын, пікірлер әртүрлілігін мұқият зерделеуді ұйғарады. Бұл, әсіресе, ТМД елдері үшін көкейкесті мәселе, өйткені, олар тарихи таңдауын жасауда. Осы мәреге табысты алға жылжу қазіргі заманғы кезеңде іске асырылатын жаңғырту стратегиясының тұрпатына тікелей қатысты болады.

Қазақстан күрделі жаңғыртушылық жобаны өмірге енгізіп, іске асыру жағдайларында, дәлірек айтқанда, өзіміз жоғары жан-жақты қарастырып өткен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа жолдаулары көрсеткеніндей, жаһандастыру және әлемнің тез өзгеруші жағдайларындағы құндылықты өлшемде саяси жаңғырту, көбінесе, қазақстандық қоғамды дамытудың бағытын анықтайды. Басқаша айтқанда, елдегі жаңғыртушылық қайта құрулар сипаты мен қарқыны, формасы мен мақсаттары қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары, құқықты мемлекет пен азаматтық қоғамды құру және республика тұрғындарының демократиялық құндылықтарды жете түсуіне тікелей қатысты болады.

Тұтастай алғанда, қазақстандық қоғамға қатысты саяси жаңғырту және жаһандастыру үрдісі бойынша келесідегіні айтуға болады: бұл біріншіден, батыстық үлгі бойынша аса күрделі реформалауға тартылды, ал екіншіден, Қазақстан қоғамы азаматтарының саяси өркениет негізі нарықтық экономика және меншік және демократия деген идея белсенді түрде енгізілуде, үшіншіден, батыстық өркениет – бұл әлемдік өркениеттік үрдістің эталоны.

Тағы да атап көрсететініміз, бұл пікірлер еуропалық кейбір ғалымдардың батыстық елдері отарлау мүдделеріне негізделіп, сонау XIX-ғасырда пайда болған еуропалық ағымның дәлелдеуді қажет етпейтін болжамдарына сүйеніп айтылған. Осы теорияға орай, Батыс өз дамуында өткен және қалғанбарлық мәдениет пен өркениет осы «дұрыс жол» арқылы өтуі тиіс бірден бір өркениет. Осы жолдың соңында барлық адамзат Батыстың тұрпаты бойынша қоғамдық құрылымы мен шаруашылықты жүргізудің бір және сол «дұрыс» жүйесін алатын болады.

Бүгінгі күні біз жаһандастыру ұранымен, қазіргі заманғы ғаламдық үрдістерде көптеген халықтардың, оның ішінде шығыстық этностардың тамаша өркениеттері аяусыз құртылып жатқанының куәсі болудамыз.

Кезінде Леви-Стросс әлемдегі барлық соғыстармен отарлаудан қираған өркениеттің әрқайсысы адамзатқа қажет деп ескерткен болатын: «Егер, қандай да белгілі бір жоспарда ол күні өткен немесе ешкімге қажетсіз дегеннің өзінде, бұл қандай да бір өзге көзқараспен алғанда маңызды өзгерістердің ортасы емес деп айтуға болмайды» [10].

«Әлемдік өркениет әрдайым соған мән беретіндей абсолюттік мағынасында болған емес, өйткені, өркениет орасан зор алуан түрлі мәдениеттерін ұйғарады; тіпті, өркениетті осындай болуымен қорытындылаймыз. Әлемдік өркениет солардың бірлігінен басқа, өзгеше болуы мүмкін емес, әлемдік масштабта мәдениеттердің әрқайсысы өзінің түп нұсқалығын сақтаған болар еді».

Шынтуайтқа келгенде, Батыстың «өзінің күшіне сүйенетіндей» дамуы болған емес және болмайды да, айтпесе «қалған» елдер содан үлгі алып, іске асырар еді. Сонымен бірге, Леви-Стросстың пікірінше, «Бүгінгі күні «әлсіз дамыған» деп аталған қоғамдар» өздері әрекет етуге шамалары жетпеді, енді оларды Батыстың дамуымен салыстырып, бұл маңызды шараларға немқұрайлы қарады деп санаудың өзі қате пікір болар еді. Шынына келсек, дәл осы қоғамдарды XVI-XX ғғ. арасында азушы мемлекеттер басып алу ниетімен талқандалған болатын, сөйтіп, Батыс әлемінің дамуына жүгіндірді. Осы әлем ортасында қошеметшіл (үстемелік) қатынас бар. Оның тойымсыз қажетсінуімен өзін дамытуы осы қоғамдарды бүгінгі күні біз көріп отырғандай жағдайға жеткізеді. Сондықтан, әрқайсысы өзінің оқшаулы бағытымен дамыған екі үрдіс туралы әңгіме қозғаудың қажеті жоқ.

Егер, еуропалық ағымның дәлелдеуді қажет етпейтін ескі болжамдары мен Ф.Фукуяма, М.Мандельбаум, Ф.Закарий секілді осы теорияның қазіргі заманғы өкілдерінің пікірлерін салыстыратын

болсақ, онда олардың айтар ойлары бір арнаға тоғысады. Олардың көзқарастары да бүкіл әлемде батыстық құндылықтарды қабылдау шаралары өтіп жатқан мәселелерге сай келеді. Осы зерттеушілер батысқа жатпайтын мәдениеттер өздеріне баяу, бірақ сенімді түрде таңдап жатқан дара құндылықтарды әмбебап ретінде қарастыруда. Немесе, Френсис Фукуяма бүкіл әлем либеральды-демократиялық режимдерге және капитализмге өту үрдісінде деп санайды. Басқаша айтқанда, батыстық емес әлем бірнеше базалық құндылықтарды, сонымен қатар, осыларды уағыздаушы институттарды жете меңгеріп алу жолында, тіптен, оның барлығы да Батыста орын алған: жеке тұлғаның құқықтары, демократиялық үкімет және еркін рынок.

Профессор А.Эциоли батыстық ерекшелікті жақтаушылардың көзқарастарын талдаумен былай деп мысқылдап жазады, олар бүкіл әлем жылжыған бағытқа тек сәуегейлік жасап қоймай, сонымен бірге, тіпті, табысқа жету жолын да түсіндірген.

Мұндай ұстаным Батыстың бірқатар дамыған елдері қазіргі заманғы сыртқы саясатының негізінде жатыр. 2002 жылы қабылданған АҚШ-тың бағдарламалық стратегиялық құжатында былай делінген: «Тәуелсіздік пен тоталитаризм арасындағы XX-ғасырдың ұлы күресі еркіндік күштерінің табанды жеңісімен аяқталады – ұлттардың табысқа жететін бірден бір мүмкіндігі: еркіндік, демократия, еркін кәсіпкерлік, қорықпай, жасқаншақтанбай еркін сөйлеуді, өздерінің басшыларын сайлауды, өзінің қалауы бойынша құдайға құлшылық етуді балаларын оқытуды, үйлеріне мүлік алуды, өз еңбектерінің жемісін жеуді т.б қалайды. Еркіндіктің осы құндылықтары әр қоғамдағы әрбір адам үшін сенімді де дұрыс...» [11].

Басқа ұстаным батыстық өркениет ерекшеліктеріне қарама-қарсы барлық батыстық емес әлем яки діни фундаментализм, яки, батыстық құндылықтармен салыстыруға болмайтын, нәтижесінде қарама-қарсы өркениеттердің тікелей қақтығысып қалу жағдайына алып келетін басқа, бөгде құндылықтар жиынтығымен реттеледі деген пікірді ұстанады. Мұндай көзқарастың негізін салушы С.Хантингтон мен Б.Льюс болып табылады [12]. Соған орай, С.Хантингтон былай дейді: «...жеке тұлғаның, либерализмнің адам құқығы, еркіндік, құқық тәртібі, демократия, еркін рынок, шіркеу мен мемлекетті болу секілді батыстық идеялар исләм, будда немесе православия мәдениеттерінде ешқашан қолдау таппайды» [13].

Екі көзқарасты Батыс елдері іске асыратын экономикалық, саяси институттар мен құндылықтардың ғаламдық дамуы іс жүзінде батыстық емес халықтарға ештеңе әкелмейді деген ұйғарым жасайды. Құқықтар, еркіндік және капитализм, түптен келгенде, әлемдік прогрестегі батыстық үлес болып табылады [14]. Батыстың гүлденуі және экономикалық өсуі, бірінші кезекте М.Вебер айтқандай, христиан дінімен, оның ішінде, оның протестанттық тармағымен тікелей байланысты. Ол өзінің «Протестанттық этика және капитализм рухы» деген кітабында қоғамның бірнеше өркениетті тұрпаттарын алға тартады және бұлар аздық көпті болсын экономикалық дамуға бейімделген [15].

Бұл бейімділікті Вебер, ең алдымен аталған қоғамның діни-әлеуметтік көзқарасымен және реформалаудың діни идеялары арқылы, батыстық экономикалық прогрестің көзімен байланыстырады. Вебердің пікірінше, «идеалдық капиталистік тұрпатына» протестанттық этика сәйкес келеді, тек азиялық өркениеттерге ғана жат, сонымен бірге, өзге де христиандық діндерден едәуір айырмашылығы бар: католиктен және үлкен дәрежеде православиядан. Вебер протестанттықты конфуцияға қарама-қарсы қойып зерттеді, мұның өзі, конфуссиялық қоғамда экономикалық прогресс тіптен мүмкін емес деген қорытынды жасады. Соңғы жылдары Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің экономикалық табыстары айқын көріне бастады, көптеген авторлардың жұмыстары жарық көрді, сөйтіп, олар яки Вебердің теориясын жоққа шығаруға, яки, өзгерістер енгізуге тырысқандары өте қызық. Сонымен бірге, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің табыстарын дәл осы конфуссиялық этика мен байланыстырып, жиі түсіндірілуде Шығыстың Батыстан айырмашылығы қоғамдық тәртіп құндылықтарында айқын байқалады. Егер, Батыста барлығы да тұлғаға шоғырландырылса, ал Шығыста мәдениет көбінесе тәртіптелген ортаға тартылады. Шығыстың түйінді принциптері – бұл жекелей құқықтар емес, әлеуметтік міндеттемелер (қоғамның түрлі мүшелері мен жалпы игіліктердің кең көлемді кешеніне қатынасы бойынша); еркіндік емес, діни және ақсүйек топ, бедел, сондай-ақ, жоғары мақсатқа бағыну; неғұрлым көптің орнына материалдық игіліктер – бір немесе бірнеше құдайға құлшылық ету, немесе, басқаратын мемлекет анықтайтын ортақ идеялар. Шығыс қорғайтын нормативтік айқындама «өктемшіл коомунализация» деп аталуы мүмкін.

Қоғамдық тәртіптің аталған құндылықтары Оңтүстік Шығыс Азиядағы кейбір мұсылман елдерінің үкіметтік құжаттарында орын алған. Оның ішінде, Сингапур Президенті өткен ғасырдың 80-ші жылдарында Батыс мәдениетінің кең өріс жаюына қарсы. Азиялық өркениеттің негізгі төрт құндылығын ұсынды, сөйтіп, солар индуизм секілді үш дінінде орнықты:

- Бірінші, бұл қоғамды адамнан жоғары қояды (ал Еуропада тұлғаның еркін болуы қоғамнан жоғары тұрады);

- Екінші, қоғамның басты құрылымдық элементі ретінде отбасын қолдау (Батыста отбасы екінші кезекте ығыстырылады, ерлі-зайыптылар ештеңкеге міндетті болмайтын азаматтық некелер құпталады);
- Үшінші, негізгі мәселелер қызу пікір таласы арқылы емес, **косенсус-дәнекерлігімен** рұқсат етіледі;
- Төртінші, нәсілдік, діни төзімділікті және үйлесімділікті сақтау.

Тұтастай алғанда, егер жоғары да келтірілгендердің жалпы қорытындылары туралы айтар болсақ, онда Батыс анархия, материализм, гедонизм жағдайларынан аса алмай қалған; ал азаматтары не нәрсені де ортақ атқару, беделді болу дегеннен жұрдай және мұны сезінбейді.

Шығыс пен Батыстың өркениетті айырмашылығын талдаудың кейбірін қорытындылай келе, жалпы-адамзаттық өркениет тек Батыстық ғана емес, әлемнің қалған бөлігінің де жетістігін ұсына алады деп нық айтуға болады. Шынында, Батыс нарықтық экономика мен саяси демократияның негізін салғандығын мойындауға тура келеді. Алайда, осы құндылықтарды өздері ұсынуда. Батыс құндылықтары кез-келген жағдайда жалпы адамзат іс-тәжірибесі маңызды бөлігінің белгілі бір тармағы ғана. Егер, Батыс нарықтық экономика мен еркіндіктер институттарын құрса, онда Шығыс қоғамды дамыту және топтық корпоративтік құндылықтары үшін, мемлекет жауапкершілігі идеяларын әзірледі. ¹Соған орай, алуан түрлі мәдениеттер бір-бірінен көптеген тағылымды үйренуіне болады. Осы сияқты өзара оқыту бірінен бірі алып, үйрену түрінде өтуі мүмкін. Басқаша айтқанда, әлем ішкісаясат және экономика, халықаралық қатынастарды дамытуға қатысты батыстық емес, мәдениеттердің маңызды сабақтарынан тәлім алуы тиіс. Әсіресе, бұл мемлекеттер мен қоғамдарды толыққанды дамыту үшін зор маңызы бар жалпыға ортақ игілік, қоғамдық байланыстарды орнатуға қатынасы бойынша міндеттемелердің беделіне құрметтеумен байланысты мәселелерде ерекше орын алады.

Сонымен бірге, профессор А.Эционидің пікірінше, тұлғаның құқықтары және сайлау еркіндігі алдында батыстық бас ию, қоғамдық міндеттемелерге шығыстық құрмет; Батыстың дербестікке ұмытылысы және Шығыстың қоғамдық тәртіпке ұмытылысы арасында; батыстық құқықтық теңдік және шығыстың өктемшілдік арасында жаңа логикалық шараларға қазіргі заманғы әлемнің жылжуында айқын белгілері бар. Бұл үрдіс соңғы уақытта «жұмсақ коммунализация» деп аталады.

Еуразияның нақ кіндігінде қоныс тепкен және жаңғырту жолына түскен Қазақстан үшін, дәл осы жоспарда тек Батыстың ғана емес, Шығыстың да іс-тәжірибесі аса маңызды. Қазақстан Шығыстың іс-тәжірибесінен нені пайдалануы тиіс?

Профессор А.Воскресенский демократияның Шығыстық модельдерін талдаумен, Батыс елдерінің іс-тәжірибесі жылдың соңғы кезеңін бағалау көзқарасымен алғанда маңызды, бірақ оны экономикалық және саяси құрылымдарда әртүрлі болғандықтан басқа елдерге қайталауға мүмкін болмайды деп атап көрсетеді. Алайда, Шығыстың кейбір елдері жаңғырту жолына Батысқа қарағанда едәуір кеш кірді, соған қарамастан, алдына мақсат қойып, қуып жетті, бірақ оған ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес өте қысқа және басқа жол арқылы қол жеткізді. Кейбір елдер осы бағыттаға қозғалысын енді ғана бастады немесе бұған әлі де кірісе алмағандары да бар. Жаңғырту үрдісін сәтті аяқтап шығуға алып келетін немесе бұған жеткізбейтін әлеуметтік-экономикалық жүйені жаңғыртудың түрлі жолдары болатындығын байқаймыз. Өзінің айқын жолын тапқан елдердің батыстық жолмен маңызы бірдей емес, яғни, әлемдік дамытудың іс-тәжірибесін өзінің ерекшелігі және мәдени-өркениеттілік өзгешеліктерін сақтау арқылы қол жеткізеді. Дәл солар Батысты қуып жетті және кейбір жағдайда, әлемдік даму жолына өзіндік түзетулер енгізді. Мұндай елдер қатарына үлгі ретінде Сингапур, Малайзия, Корея Республикасы, Тайваньдағы Қытай Республикасы, Қытай Халық Республикасын келтіруге болады. Олар экономикалық шапшаңдатумен, конституциялық либерализмді бекемдеу үшін, өктемшілдік моделін пайдаланады. Солардың неғұрлым жетістіктері өмірдің өте жоғары экономикалық стандарттықтарына қол жеткізіп, дамыған әралуан демократиялар құрылымын жүзеге асырды, яғни, өз тұрғындарын материалдық қана емес, рухани өмірін жақсартты.

Мұнда Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің іс-тәжірибесі бір жақты көрсеткеніндей, нарықтық экономика өздігінен гүлденген қоғамды құрудың кепілі болып табылмайтындығын атай кеткен маңызды. Нарықтық экономиканы басшылыққа алған елдер де бар, алайда, олар әлі күнге дейін кедейшілік тауқыметін тартуда. Мәселе мұнда тек рынокта ғана емес, оның ақылға қонымды, дұрыс құрылымдалуында. Бұл экономикалық даму табысының кепілі немесе сәтсіздікке ұшырауына алып келеді: Нарықтық экономиканы дамыту кезінде, сол ел бірінші кезекте ғылымды қажет ететін өнімге кіретін кірісі бойынша жоғары технологиялық өнім өндіруге өзінің ұлттық экономикасын мамандыратын болса, сонда ғана өз тұрғындарының жоғары өмір деңгейіне қол жеткізе алады.

Сондықтан, егер, Қазақстан шындығында бай мемлекет болғысы келсе, бірінші кезекте, тиімділігі жоғары нарықтық экономиканы құруы тиіс. Сөйтіп, жаңа технологиялар өндірісі бойынша көшбасшы

болуға ұмтылуы қажет. Қазіргі уақытта «Қазақойл», «Қазақмыс», «Қазақмырыш» секілді бірнеше ірі шаруашылық жүргізуші субъектілерімен әлемдік көшбасшы болуға ұмтылудың қажеті жоқ. Олар тек формальды түрде қазақстандық аталғанымен, іс жүзінде шет мемлекеттерге жататынын ұмытпаған жөн. Мұндай өндіруде қазақстандық акциялардың үлесі, яғни, «Қазақойлдың» үлесі 2007 жылы небәрі 14% құрады. Бұл оқиғаны, яғни мұнай өндіруде біздің мемлекетіміздің үлесі екі есеге өскенін 2008 жылдың көктемінде премьер министр К.Мәсімов салтанатты жағдайда хабарлаған еді, ол қалғандары шетелдік компанияларға тиесілі. Соған дейін Қазақстанның алатын үлесі небәрі 7% құрады. Дәл осы жағынан келгенде, әр елде өндірілетін барлық мұнайдың, айталық 34% жуығы Ресейге тисе, АШҚ – 60%, Норвегия – 84%, Араб Эмираты – 90% [16].

Басқаша айтар болсақ, бірінші өндіруші секторы аталатынан тек шикізат, жанар-жағармай, астық, ет және өзге де өнімдерді экспортқа шығарумен мамандану арқылы жоғары дамыған мемлекет болу мүмкін емес.

Біздің ойымызша, тек нарықтық күштерге иек артып, мемлекеттің белсенді көмегінсіз жоғары дамыған елдер қатарына қосылу өте қиын мәселе, сондай-ақ, әлемдік іс-тәжірибе көрсетіп бергендей, мемлекет қолдамаса, халықтық бәсекелестік дамушы елдердің әлсіз капиталдарын әлемдік нарықтан шығарып тастайды. Сондықтан, Қазақстан өзінің экономикасын мұнай өндіру және құны төмен тауарлар шығару бойынша мемлекет болса, онда ол ешқашан гүлденіп, өркендеуге жете алмайды, ал оның тұрғындары сол баяғы кедейшілік күн көрістен аса алмайды.

Бұдан шығатыны: барлық ұлттардың экономикалық гүлденуі үшін қажетті жағдайлары жасалып, мемлекеттің қазіргі заманғы болмыстарын, экономикалық саясатқа сай келетіндей, белсенділікпен соның деңгейінде жүргізу керек. Ал бұл үшін, біздің мемлекетіміз, бірінші кезекте, өз халқының мүдделеріне ұлттық бизнестің дұрыс жұмыс істеуін талап еткен дұрыс. Біздің ойымызша, отандық реформаторлар өз іс-қимылдарында тек жеке меншік сектордың мүдделерін қамтымай, мемлекеттің, сондай-ақ, әлемде Қазақстанның алатын орны жағдайын ескеруі тиіс. Мемлекет пен бизнес әзірленген ұлттық бағдарламалар мен жоспарлар негізінде күштерін үйлестіргені жөн. Срапшылар пікірі бойынша, бұл Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің табысқа жеткен басты себебі болып табылады.

Қазіргі кезде біздің реформаторлар тұрғындар үшін өзінің экономикалық реформасын жүргізетін мақсаттары, міндеттері және кезеңдерін неғұрлым нақтылы және түсінікті тұжырымдағаны өте маңызды. Экономикалық саясаттың жарияланған жоспарлары айқын да анық болмауы, біздің ойымызша, қазақстандық қоғам мүдделерінің жүргізілген реформалардан алшақ болатын басты себептерінің бірі. Нарықтық экономиканың құқықты мемлекетін құру идеясы тым бұлыңғыр яки онда адамды қызықтыратындай басты мәселелер қамтылмаған: жеке тұлғаның әл-ауқатын жоғарылатудың нақтылы келешегі жоқ. Әлемдік іс-тәжірибе көрсеткеніндей, елдің тұрғындары жүргізілетін реформа өздерінің әл-ауқатын жоғарылатуға көмектеседі деген сенімдері болған кезде ғана табысқа жеткізеді. Мысалы, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытайда дәл осылай болды. Сондықтан, жүргізілетін реформа табысты болуы үшін азаматтар билікке сенім артуы қажет, ал билік өз азаматтарына сүйенеді.

Өз кезегінде, жаһандастыру адамдардың өмір келбеті мен мінез-құлықтарын стандарттауда мәдениеттер, өркениеттердің өзара кірігуімен көрініс табады. Жаһандастыруға адамзат қоғамдастығының өзара байланысы және кірігуі сондай-ақ, көптеген басқа да жақтары кіреді: ұлтаралық құрылымдар және халықаралық қатынастар аймақтық, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдардың қатысушылары ролдерін, адам құқықтары мен бостандықтары басыңқылығын арттыру, құқықтық нормалар мен әлеуметтік стандарттарды әмбебаптандыру және т.б.

Жаһандастыру дәуірі басталуымен адамзаттың мәдени көпқырлылығына бұқаралық мәдениет тарапынан талап қойылып, оған жауап ретінде қоғам алдында тұрушы проблемаларды оңды шешуге бейімдеуші ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау және бірізді тұрақты көңіл бөлу менімді шаралары болуы мүмкін. Сөйтіп, Қазақстанда тұратын қазақтар мен басқа да халықтардың дәстүрлі мәдени бірдейлігі, сондай-ақ, әр халықтың тілін сақтау туралы көкейкесті мәселе болып шығады.

Әңгіме арқауы қазақ мәдениетін дамыту және Батыс мәдениетіне қатынасы бойынша бәсекелестікке қабілетті болуы үшін қайта өркендету туралы болмақ. Жан-жақты өріс алған жаһандастыру жағдайларында Қазақстан халықтары дәстүрлі мәдениетінің құндылықтары мен либеральды демократиялық қоғамның сындарлы диалогы қажет. Халықтардың бірегей мәдениетін қамтамасыз етуші, сондай-ақ, транзиттік қоғам мәдениеті аясында қатынастарды реттеуші заңдардың болғаны дұрыс.

Қазақстан үшін қоғамның түрлі топтары егеменді мемлекеттің ұлттық мүдделерін жете түсіну дәрежесіне қараай іске асырудың және одан әрі тарихи дамудың мүмкін болатын бірнеше нұсқасы бар. Жинақталған қоғамдық жағдайдың түрлі параметрлерін талдаумен, тарихи даму болжамы жасалуы тиіс.

Ақыр соңында, неғұрлым қызықтысы және сол уақытта ХХІ-ғасырда мәдениетті дамытудың болашақ жолы «еуразиялық мәдени кеңістігі» ретінде бейнелеп анықталуы да болып шығуы мүмкін. Қазақстан тағдыр жазып, Еуропа мен Азияның арасына қоныс тепті десекте бұл географиялық жағынан емес, дәлірек айтсақ, демократиялық және мәдени жағынан көрініс тапты. Шығыс пен Батыстың мәдениеттері және өркениеттері диалогы түп мәтінінде Қазақстан Республикасы Ұлттық мәдениеті бейнесінің туындаған алғашқы негізі ретінде түрлі этностар мен дінге сенушілердің еуразиялық беймәлім ортақ мекенін құруға бейімді ме? деген заңды сұрақ туады.

Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп атап көрсетеді: «Дәстүршілдік идеологиясы логикалық жағынан, социалистік идеологиясы дағдарысымен байланысты. Шынында, бұрынғы қатаң қағидалардың мүмкіншілігі болмай шықса, енді неге көңіл аударарсың? Бәлкім, әр халықтың өміріндегі ең қарапайым, түсінікті жәнәсол уақытта терең өнегелік-дәстүрлігі болар. Халық өмірінде олардың рөлі даусыз. Мәдени дәстүрлер әрдайым әлеуметтік қайта өркендеу көзі болған. Өзінің мәдени түп негізіне қайта оралу – бұл, әрине, онды үрдіс. Сондай-ақ, дәстүрлер мен қоғамдық прогресті жеңіл-желпі түсіндіруден бас тартқан жөн. Қазіргі заманғы әлем іс-тәжірибесі сендіре көрсеткеніндей, кейбір дәстүрлі құрылымдар қазіргі өркениетке өте табиғи кіргізуде. Тәжірибесіз жаңашылдық та мүмкін болмайды. Дәл осы дәстүрлер қазіргі заманғы әлемнің қарышты өзгерістерінде адамның өз өмір келбетін жоғалтпай, керісінше бейімделу мүмкіндігін береді» [17].

Жаһандастыру үрдісі тек әлемнің түрлі елдері экономикасы мен саясатында біркелкі құрылымдарды туғызып қоймайды, сонымен бірге «глобализацияға» – жергілікті дәстүрлер мен шектеулі жағдайларға қазіргі заманғы батыстық мәдениеті элементтерін бейімдеуге алып келеді. Осындай негізде тек сақталып қана қоймайды, сонымен бірге, қайта өркендеуі, сондай-ақ, шектелімді өркениеттер мен жергілікті мәдени дәстүрлерді дамытуға, халықтың руханилығын және мәдениетін меңгеруге мүмкін болады. Жаһандастыру жергілікті мәдениеттердің сөзсіз бағынуын талап етеді, ал сұрыптап, тандап алуымен жете түсіну және өзге өркениеттер іс-тәжірибесін меңгеру тек солармен сындарлы диалог жүргізу үрдісінде ғана мүмкін болады.

Жаһандастыру қайшылықтары мен салдарын талқылау орнықты дамыту проблемасына шығарады. Оның тұжырымдамасы ғылыми және қоғамдық идея басты жетістіктерінің бірі ретінде танылады. БҰҰ ұсыныс-кеңесі бойынша Қазақстан орнықты дамудың ұлттық стратегиясы мен тұжырымдамасын қабылдады. Бұл қоғамдық мүдде негізінде мәмілеге келу рухындағы қоғамдық үрдістерді басқару, экономиканы әлеуметтік-бағдарлы дамыту жолына шығу.

Жаһандастыру үрдісі өндірісті ұйымдастырудың жаңа технологиялары мен формаларын дүниежүзілік іске қосылуымен байланысты, дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашты, сонымен бірмезгілде қызметшінің жоғары материалдық мәртебесін қамтамасыз етіп, оған ғылыми білімдерді, сондай-ақ, шығармашылық бастамаға, сонымен қатар, зияткерлік бейімділіктерге жұмылдыру талабы қойылады.

Соңғы жылдары ТМД елдеріндегі ғылыми-техникалық жұмыстар құнының үлестік салмағы орта есеппен ІЖО-ның 1% жуығын ғана құрады. Соңғы жылдары АҚШ, Германия және Жапонияда ІЖО-ге (ішкі жалпы өнім) қатысты ғылым мен жобалық жұмыстарға жұмсалған қаржы деңгейге жуық мөлшермен 3% құраған, ал Ұлыбритания мен Францияда – 2% астам.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында сапалы жаңа кезеңі басталды. Қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың барлық аяларында тұрақты, серпінді дамытуды қамтамасыз ету және реформаларды тереңдету бойынша шешімдер қажет.

Бұл Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылық байланыстары жүйесіне қатыстырылуын назарда ұстаумен, елдің өз ішіндегі секілді, шет мемлекеттердегі экономикалық даму тенденциялары жан-жақты есепке алуын талап етеді. Бұл жағдайларда заңдылығы ретінде жоғары технологияларды құруға қатысатын мемлекеттер де арта түсуі тиіс. Бұл мемлекеттік ғылыми саясатты әртараптандыру және тұрақты дамыту, іргелі зерттеулердің неғұрлым маңызды нәтижелерін іске асыруды қамтамасыз ету негізінде ғана қомақты жетістіктерге жетуге болады. Бәсекелестік іріктеу механизмдерін пайдаланумен ғылыми ұйымдарға мемлекеттік тапсырыс беруді, сонымен қатар, маңызды басыңқы әзірлемелерді қаржыландыруға бюджеттік қаражаттарды шоғырландыру керек.

Өнеркәсіпте құрылымдық-инвестициялық қайта құруларды шапшандату салықтық, бюджеттік және сыртқы саудалы-экономикалық құралдар көмегімен ғылымды қажет ететін технологиялардың үрдістеріне күмәнсіз мүмкін емес.

Қазақстан үшін орнықты дамыту мәселелерін шешу жаһандастыру ел тәуелсіздігін сақтау шарты болып табылады. Жаһандастыру өнеркәсіпті, әсіресе, ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық салаларды қозғайды, мұның өзі өнеркәсіптік-технологиялық зерттеулер құндылығын өсе түсетіндігін

ұйғарады. Отандық ғылыми потенциалды дамыту бәсекелестікке қабілетті тауарларды жоғарылатуға кірісті, мұның өзі Қазақстанның әлемдегі неғұрлым дамыған 50 елі қатарына кіуі үшін аса маңызды.

Қазіргі уақытта жаһандастыру және республиканың орнықты дамуына арналған проблемалар бойынша зерттеу жүргізілуде, сондай-ақ, аймақтық қоғамдастықтарға кірігу және жаһандастыру үрдістеріне Қазақстанның қатысу модельдері әзірленуде.

Қазақстан жаһандастыру жағдайларында елдің ішкі және халықаралық қатынастар жүйесінде орнықты дамуы мен тұрақты жүйесіне қызығушылық танытуда. Ұлттық капитал қызметін әртараптандыру айқын-дамасын кеңейту үрдісі жүргізілуде, отандық компаниялар, оның ішінде, мемлекеттің экономикалық қуатын анықтайтын ұлтаралық компаниялар құрылуда. Ірі компаниялар экономиканы басқаруды жетілдіру және оның өсуі, инновациялық-инвестициялық серпінін шапшандатудың ұйымдық негізіне қызмет етеді.

Орта және ұзақ мерзімді, келешекте сыртқы экономикалық стратегиясы үшін ерекше маңызы бар отандық Ұлтаралық корпорациялар құрылады.

Ұлттық капиталды шоғырландыру, ірі салааралық корпорацияларды құру республика Президентінің қамқорлығына алынған. Оның міндеті – әлемдік Ұлтаралық корпорациялармен нық тіресе алатындай серпін беру. Дәл осы отандық компаниялар табиғи байлықтарды игеру, өнеркәсіпті дамыту, экономика құрылымын жаңғыртуда шетелдік капиталға белсенді бәсекелес бола алатындай деңгейде болуы тиіс.

Республика Президенті ұлттық капиталды экономикадағы жаңа аяларын бірізді игеріп, мемлекетке жақсы сүйеніш болуға шақырды. Дәл осы ұлттық капитал болашақта шетелдік капиталдық келу қарқыны мен шарттарын анықтауда басыңқы роль атқаратын болады.

Қазіргі кезде Қазақстан әлемдік қоғамдастықтағы кең көлемді интеграция, ғаламдық проблемаларды шешуде тығыз ынтымақтастық пен өзара пайдалы әріптестік, соның ішінде, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге белсенді қатысуда. Еліміз өте жоғары маңызы бар проблемаларды шешуге өтетін халықаралық аренадағы өз жағдайларын реттеуде. Қазіргі уақытта бірнеше күрделі жобалардың іске асырылуын белсенді түрде бастап та кетті және оның қатарында еліміздің әлемдегі неғұрлым бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекет қатарына кіру туралы Президент Нұрсұлтан Назарбаев тұжырымдаған міндетті де кіргізуге болады.

Жаһандастыру, сондай-ақ, дәстүрлер, мәдениеттер, діндер және идеологияларды бір ізге салып, үйлестіру үрдісі болып табылады. Қазіргі заманғы әлемге құндылықтар, идеологиялар, тарихи дәстүрлер мүлдем қайшы мәдениеттердің болуы тән. Онда қуатты әлемдік және дәстүрлі діни жүйелер ұсынылған. Тәжірибе көрсеткеніндей, елдердің түрлі тарихи дәстүрлер, діндер және идеологиялармен тығыз өзара әрекеті болса, солғұрлым олардың бір-біріне қатынастары бойынша төзімділігі күшейе түсті.

Осылайша, қазақстандық қоғамды жаһандастыру кезаралығындағы жаңғыртушылық үрдістері туралы айтар болсақ, жаһандастыру теориясын ығыстырғанын атай кеткеніміз орынды... Жаһандастыру термині соңғы ондаған жылда технологиялық-ақпараттық өзгеріске кіргенде басыңқылықты қамтамасыз етіп, ұлттық-мемлекеттік шектерінің қаржылық-ақпараттық жүйелері үшін тұйықтылықты өсірумен экономика, саясат және ақпараттың ұлтаралық атқарымы сипаттамалары үшін пайда болды. Қазақстан қазіргі заманғы әлемнің көптеген елдері секілді, ғаламдық әлемде кірікті, сол уақытта республиканың жағдайы қызығарлықтай емес еді, бірақ ол ғаламдық экономикаға кіре қоймаған кезі еді.

Кейбір зерттеушілердің жаһандастыру жаңғыртудың жалғасы деп санайтындығына әсте келісуге болмайды. Біздің ойымызша жаһандастыру – жаңғыртылған елдер клубы.

Ең алдымен, алға басу идеясы үстемдік етті (батыстық жол бойынша дамыту эвфемизмі). Ол өзінің бір көрсетуінде жаңғырту ретінде шықты. Жаңғыртушылық үрдістерге дейін жаһандастыру атауын алған дәл осы жаңғырту өзінің барлық пайда болуында, соның ішінде саяси, адамзат бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған ғаламдық тең тенденциясы болды. Ұзақ мерзім ішінде батыстық емес елдер қуып жатуші модельді бетке ұстап, Батыстың институттандырылған жүйелерін жұмыс істетуге ұмтылады. Енді айқындалынғандай, бұл үрдісті бәрі бірдей жүзеге асыра алмайды екен. Батыс дамуының өткен кезеңдеріне зер сала үрдістерді қосуға әрекет ету арқылы жаһандастыруға саясат пен экономиканы қосуға бейімсіз болып шықты. Осы баяндалғанның негізінде жаһандастыру жаңғыртудың қарама-қарсы шарасы, яки қуып жету және еліктеу – өзін артта қалуға душар ету. Бүгінгі күні таңдаулы немесе бірегей болу маңызды.

Сондай-ақ, жаһандастыру факторларының бірі коммунизмнің ыдырауы болды. Ол капитал мен ақпарат аймағы үшін жойылуы нәтижесінде біржолата жабылды, сөйтіп, жаһандастырудың маңызды қадамы болды. Оның орнына Батыстағыға ұқсамайтын капитализм дәл осы формацияның жұрнағы елдерде оның құрылымын негіздеп, капиталистік экономика мен саясатқа қосу үшін кез-келген қоғамды бейімдеуге дайын тұрды. Бірмезгілде жаһандастыру жағдайларында бүкіл әлем қоғамдарында өркениетті капитализмді құру үшін оның жауапкершілігі капиталдық өркениеттілік миссияны әлсіретеді.

Капиталдың іске қосылуы және сонымен туындаған әлеуметтілігі дамудың түрлі формалары әрқелкі

болуы кезінде қайшылықтарға тап болды. Сонда, капитал әлеуметтік негіздерін қозғамай, іске қосылуы отарлауға алып келді. Вестернизацияны қолдану кезінде капитал атқарымы сақталып, мәдениетке араласуы болып өтті, қалған аялары іс жүзінде яки өзгеріссіз қалды, яки талқандалды. Қуып жетуге ұмтылушы жаңғырту барлық аяларда барабар капиталды қамтамасыз етуге бағытталып, батыстық емес елдердің бөлініп шығуына және батыстық қоғамдар арқылы институттандырылу ұқсастығына жеткізуге тырысады. Оңтүстік-Шығыс Азияда байқалғанындай, дамуы өз ұқсастығы негізінде жүргізіліп, мәдениетін сақтайды, басқа аяларына өзгерістер енгізеді. Бірақ әлеуметтік ішкі тұтастығын бұзбай, жаңғыртылмайтын шараларды іске қосады. Тағы бір қорытынды – жаһандастыру батыстық емес капитализмнің әлеуметтік емес сапасына немқұрайлы қарауын қалыптастырды. Нәтижесінде, макросаями және макроэкономикалық үрдістер даму міндеттерінің шектелімі секілді түсінікті туғызады. Ресейдегі капитал атқарымдары бүкіл әлемдегі секілді шарасыз жүргізілуде. Бірақ қоғаммен не өрбиді – бұл біздің шектелімді таңдауымыз, өкінішке орай біртұтас үлгі жоқ. Жаһандастыруға батыстық емес әлемнің жауаптары арасында негізінен прогрестің идеясыздығы және бүгінгі күні саясат пен экономиканың әлемдік масштабта кірігуі негізінде одан айналып өте алмайтындай дамуы болып табылады.

Коммунизмнің ыдырауы Қазақстан мен бұрынғы кеңестік елдерін ғаламдық әлемге алып келеді. Жалпы теориялық жағынан атап көрсететін болсақ, рыноктың болмауы және ақпараттарға мемлекет тарапынан бақылау жасалуы, саяси және ақпараттық жабықтығы себебі бойынша индустриальдырудан кейінгі дәуір шақыруына жауап қайтару бейімсіздігінен кооманизм құрдымға кетті деген қорытынды жасауға болады. Егер, индустриальды дәуір шақыруына қуып жетуші модельмен толықтай сәйкес өзінің индустриальдануы ретінде жете түсінгенде, онда индустриальды дәуір шақыруы түрліше түсіндірілген болар еді: неғұрлым оңтайлы нұсқаларында – кірігуді қолдау дәнекерлілігімен индустриальды елдерді «қуып жетуге» бейімділігі ретінде аздаған жай-күйінде – индустриальдандыруға кешіге өтуі ретінде, яғни, батыстық даму өткен кезеңдері жетістігіне бағытталған қуып жетуші модельді пайдалану. Сондықтан, жаһандандыруда шектелімді даму үшін бағытталған қуып жетуші модельді пайдалану алғы-шарты жатыр.

Қоғамды идеясыз біріктіру мүмкіне емес. Кіріктіруші идеяның әлеуметтік бағыттылығы болуы сапасы, материалдық игіліктің жағдайы мен деңгейі және адамның лайықты жетістігі.

Соған орай, құндылықты бағдарлардың бірігу негізі біздің ойымызша келесідегідей бағыттарды ұйғартушы саяси жаңғырту болып шығуы тиіс.

Қолданысты институттар мен құрылымдарды жаңғырту. Президенттің 2002 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында атқарушы билік, соған қоса билік аппараты құрылымын таратып, қалғандарын жетілдіру мәселесіне ерекше көңіл бөлгені кездейсоқ емес. Бүгінгі күні күшті әлеуметтік құрастырылушы нарықтық экономика барысында қоғамның құқықтарына қысым көрсетілмейтін тұлғалардың құқықтары болуы, ал азаматтардың еркіндігі тек заң шеңберінде ғана шектелуі кезінде сол экономикалық және қоғамдық қатынастарды қалыптастыру жолында билік және атқарушы билік аппараты мен жаңа номенклатурасының келтіріп отырған кедергісі аз емес. Билік аппараты (қарулы күштер, құқық қорғау құрылымдары қоса) өздерінің жетілдірілмеген күшінде қылмыстық қатынастарды қолдап, толықтыра түседі, ал олар болса, өз кезегінде заңға бағынатын билікті түрлі жолмен қылмысқа итермелейді, сөйтіп, көлеңкелі билікті құрады.

Аталған жаңғырту әкімшіліктен басқа, соттық, құқықтық, әскери, аграрлық реформалардың жүргізілуін, білім беру, денсаулық сақтау салаларына өзгерістер енгізу секілді шараларды жобалып көрсетеді, мұның өзі, қолданысты, құрылымдар атқарымдарын түбегейлі өзгертіп, кезінде мемлекет меншігіне алу арқылы иесіз қалған кәсіпорындарды жаңадан құру мүмкіндігін қарастырады.

Бұған азаматтық қоғам институттарын қалпына келтіру бойынша билік өкілдері мен қоғамның бірлескен қызметін де кіргізуге болады. Бұл кезде жұртшылықтың рөлі басым болуы тиіс, ал мемлекет оның тапсырысын, егер, бұл көпшілік қолдап негізді болса, орындауға міндетті.

Заңнамалық базаны жаңғырту. Заңнаманы жетілдірмеу елді реформалаудың бетбұрысты сатысында тиым салынуы тиіс көптеген рұқсат етілімі болып шықты және сол уақытта қатал тәртіптелгендері тиым салынған күйінде қалды, мұның өзі, азаматтардың немесе ұйымдардың тек таңдау еркіне тікелей қатысты болды. Мұндай жағдай көлеңкелі қатынастарды туғызды. Заңнаманы жаңғырту заңдардың тікелей әрекетіне бағытталуы тиіс, мұның өзі, көп жағдайда, заңның өзінің мәнісін жоққа шығаратын қаншама заңға тәуелді нормативтік ведомствалық құжаттар жасалуын болдырмайды. Заңнаманы жетілдіру мақсаты – қылмыстың барлық түрлерінен және шенеуніктік басынушылық пен озбырлықтан құқықтық қорғау.

Мемлекет секілді, қоғамның бұқаралық ортасымен өзара қарым-қатынастарды жаңғырту. Ресейдегі баспасөздің бірқатар себептері бойынша әзірге қоғамдық институт рөлін атқаруға шыға алмайды. Оны бір жағынан жеке бизнеске, басқа жағынан түрлі билік органдары монополизациялауы БАҚ-тың толықтай экономикалығына алып келді, яғни, саяси жағынан да тәуелді. Осындай жағдайларда баспасөз баяғыдай

қоғамның сойылын соғып, сауалдары мен мүдделерін білдіретін және толық көрсететін жай-күйде емес, керісінше, осы мүдделердің қарама-қарсы әрекет етуші күштеріне, сондай-ақ, мемлекет мүдделеріне, егер, жекелеген билік топтары оны түсінбеген жағдайда бағыт сілтейді. Саяси жаңғырту БАҚ-тың экономикалық тәуелсіздігін және ашық қимыл көрсететін экстремистік топтардан басқа, барлық саяси ағымдар өкілдеріне сөз бостандығы кепілдігін қамтамасыз етуге және сол уақытта өркениетті мемлекеттерде қабылданған осы сөз бостандығы шектерін тәртіпке келтіруге бағытталған. Сөз бостандығын жауапкершіліксіз, қалай болса, солай қолдануға болмайды. Бірақ билік те жауапкершіліксіз бола алмайды. БАҚ-қа қойылатын талаптарды қатаңдату биліктің барлық деңгейлі құрылымдарына қойылатын талаптарды қатаңдатумен қосарласуы тиіс: олар баспасөзге қоғамдық маңызы бар ақпаратты ғана ұсынып қоймай, көпшілік қолдаған сыни наразылықтарға жариялы түрде сөзсіз жауап қайтаруға міндетті болуы тиіс.

Саяси жаңғырту өзінің жиынтығында қоғамның едәуір бөлігі жағымсыз бағалайтын ресейлік демократияны институттарды үрдісін шапшаңдатуы тиіс. Әзірге қарапайым тұрғын біздің демократиямызды «демократия» деп атайды, оның институттандырылуын күштеу тұрғысындағы демеске басқа шара жоқ. Бірақ соңғы жағдайда жаңғыртудың өзі мүлдем өзге мақсатты көздейтін болады.

«Саяси жаңғырту – әлеуметтендіру – қоғамды біріктіру» себеп салдарлы тізбегінде шын мәнінде әзірше ортаңғы буыны жоқ. Қандай жағдайда, қандай әдістерінде қалпына келтіріледі (қойылады), тұтас-тай алғанда бұл азаматтардың дайындығы мен биліктің ерекшеліктері және сипатына тікелей қатысты. Құндылықты өлшемдерді әлеуметтендіретін саяси жаңғырту үрдісі кез-келген жағдайда да, кейбір мүдделерге қысым жасайтыны да айқын, сондай-ақ, бұл ұзақ мерзімді саяси және экономикалық болжамдарға сенім білдіретін, қоғамның неғұрлым белсенді, ықпалды және материалдық жағынан қамтамасыз етілген бөлігінің мүдделері екені де айқын.

Қалай болғанда, осы қарама-қарсы көзқарастар қайшылығынан шығу, елдегі қоғамның бірігуіне жету үшін реформалаудың принципті өзге идеологиясы керек – демократиялық ұғымдарға қайшылықсыз, саяси да, партиялық та, «қарсы да» емес, бірақ өзіне әділеттілік ұғымы – қазақстандық адам үшін ментальдық ұғымын міндетті түрде қосушы, сонымен бірге, принципі және механизмі ретінде жаңғыртушылығы. Осы принциптерде, біздің ойымызша, қазіргі заманғы қазақстандық қоғамды орнықтырып, біріктіруге болады.

1. Капустин Б.Г. *Современность как предмет политической теории*. - М., 1988. – 15-16 б.

2. Федотова В.Г. *Плюсы и минусы модели «догоняющей модернизации»*. - М., 1995. - 65 б.

3. Межуев В.М. *Ценности современности в контексте модернизации и глобализации // Полис*. - №3. 2009. – 3-4 б.

4. Старостин Б.С. *Проблема модернизации: история и современность // Модернизация и национальная культура*. - М., 1995. - 13 б.

5. Коэн С. *Изучение России без России // Свободная мысль*. 1998. - №9-12. – 28 б.

6. Межуев В.М. *Ценности современности в контексте модернизации и глобализации // Полис*. - №3. 2009. – 3-4 б.

7. Межуев В.М. *Ценности современности в контексте модернизации и глобализации // Полис*. - №3. 2009. – 3-4 б.

8. Портер М. *Установки, ценности, убеждения и микроэкономика процветания // Культура имеет значение: каким образом ценности способствуют общественному прогрессу*. - М.: Московская школа политических исследований, 2002, - 55-75б.

9. Lvi-Strauss C/ *Antropologia estructal: Mito, sociedad*. - Mtxiko: Siglo XXI Eds. – 332 б.

10. Буш Дж. *Стратегия национальной безопасности Соединенных Штатов Америки*: [http:// www. Whitehouse. Gov/nsc/nss.pdf](http://www.Whitehouse.Gov/nsc/nss.pdf).

11. См.: Хантингтон С. *Столкновение цивилизаций и изменение мирового порядка*. – Нью-Йорк: Foreign Aff ars; Льюис Б. *Корни мусульманского гнева // Atlantik Monthly*. – 1990. – сент. – 47-60 б.

12. Сонда –47-60 б.

13. Эциони А. *Основные контуры глобального нормативного синтеза. Материалы международной научно-теоретической конференции*. – Бишкек, 2007. - С. 162.

14. Қара: Вебер М. *Избранные произведения*. – М., 1990.

15. Ашимбаев М., Идрисов А. *Глобализация: сущность и тенденции// Центральная Азия в системе глобальных отношений. Сборник материалов конференции*. - 14 б.

Түйін

Бұл мақалада автор әлеуметтік-саяси ғылымда әлі де толығымен ашылмаған, жаңғыру және жаһандастыру үрдісінің құндылықты өлшемдеріне мәдени салыстырмалы талдау жасайды.

Резюме

В данной статье автор проводит культурно-сравнительный анализ ценностным измерениям модернизационных и глобальных процессов, еще полностью не рассмотренных в социально-политической науке.

Summary

In this article the author carries out cultural the comparative analysis to valuable measurements of the modernization and global processes which still completely haven't been considered in socio-political science.

ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ САЯСИ ОЙЛАРЫ

Ә.И. Шалтықов – с.ғ.д., профессор

Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі XV-XVIII ғасырлар елеулі оқиғаларға толы кезең болды. Мұсылмандықтың кең тарай басталуы мен Алтын Орда ықпалының әлсірей түскен уақыты болатын. Міне, осы тарихи кезеңдегі ең үлкен құбылыс – Қазақ хандығының негізі қалана басталуы. Түркі тайпаларының арасынан «қазақ» деген халық өзінің этникалық ерекшелігін танытып, жаңа қауымдастық құрай бастайды. Осындай күрделі әлеуметтік процестерге толы заманда билер институты құрыла бастаған. «Билер кеңесі», «ақсақалдар мәжілісі» мемлекетте заң шығарушы органның қызметін атқарып, қоғамдық өмірдің әр саласына араласқан. Мысалы, ақын-жыраулар адамдамдардың күнделікті өмірдегі іс-тәжірибесін даналықпен қорытындылап, өз шығармашылығын туғызып отырса, билер өтірік айтып, біреуге жала жабу, нақақ қан төгу т.б. қылмыстардың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың мүмкіншілігіне қарай әділ шешімін кесіп отыратын әрі дана, әрі шешен, әрі төрешінің рөлін атқарған. Билік өнері жайында академик С.Зиманов пен Н.Өсеров былай дейді: «Бұл дәуірде (хандық дәуір) қазақ тайпалары арасында билік өнері күшті дамыды. Қоғам ішіндегі дау-жанжал, талас-тартыс билер тарапынан шешіліп отырды. Билердің негізгі мақсаты – қылмыстарды жазалап қана қоймай, қылмыстың алдын алуға, ел тыныштығын қорғап, екі дауласушы жақты татуластыруға күш салғаны белгілі» (1).

Міне, осындай халықтың ой-арманынан шыққан заңдар ел арасында «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып, бізге дейін жетті. Ал, Есім ханның тұсында бұл заңға шарият заңдары сыналдып енгізіле бастады. Осы екі заң жобалары ежелгі билер жасаған қалпында XVII ғасырдың аяғына дейін өз күшін жоймай, қолданылып келген болатын.

XVIII ғасырдың басында Тәуке хан әдет-ғұрып заңдарына өзгерістер енгізіп, тарихта «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жобасын жасады. Орыс ғалымы, этнографы А.И. Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» атты еңбегінде «Бұл есімді естігенде өздерінің қызу қанды елірген отандастарының тобырынан рухы әлдеқайда жоғары кез келген қырғыз-қайсақтың жүрегін мақтаныш сезімі кернеп, Тәукенің алдында бас иіді. Оны ордаларының нағыз Ликургі, нағыз «Драконы» десе де болады. Ол өз халқын апатты өзара соғыстан арылтты; бір тайпаның екінші тайпамен бірнеше жылға созылған қантөгіс ұрыстарына тыйым салды; жұрттың бәріне ортақ жарғы шығарып, сол арқылы сот билігін жүзеге асырды; ол күш қолданудан гөрі, неғұрлым терең ақыл-оймен, тәжірибемен, байланыстармен билік ету өнері арқылы әрекет жасаған сияқты», – деп жазды (2).

Сонымен, би – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі деуімізге әбден болады. Зерттеуші ғалымдардың, әсіресе, В.В. Бартольдтың пікірінше, «*би*» сөзі шамамен 14-15 ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі «*бек*» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық-тілдік реңкінен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. 17 ғасырда өмір сүрген Махмұд ибн Уәлидің «*Бахр әл-асрар фи манақиб әл-ахйар*» атты еңбегінде «*жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендәуи тірліктен азат адамдардың*» барлығы би аталғанын жазады. Ал қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада:

1. ел билеушісі, иелік етуші;
 2. сот, төреші;
- батагөй, шешен;
бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған.

Хатқа түскен тарихи жылнамалар мен ауызша жеткен дерекнамаларға зер салып көрсек, мемлекеттік билікте, ел басқаруда халыққа етене жақыны, біліктілігімен сұңғыла шыққандары – билер ғана. Өйткені, саф таза шынайы өмір тіршілігін қалаған, соған лайықты көшпелі қоғамды мемлекет тірегі деп ұққан ата-бабаларымыз табиғаттың өзі сыйға тартқан тазалықты, адалдықты – ар-ұжданның серті деп білген.

Сонымен бірге, билер біртұтас мемлекеттік билік ісіне қосқан үлесі және ел басқаруда көшелі іс, көсем сөз, даналығымен танылған құрметті тұлға. Елбасына күн туған қиын сәтте халқына пана бола білген қорғаушы әрі қолдаушысы. Халық жадында «Елге бай құт емес, би – құт» немесе «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге күш», «Хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы» деген мұқым заманнан келе жатқан даналық сөздер билердің мемлекет алдындағы беделінің тым жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Хан тағына отырған сұлтаннар мен бектердің бәрі бірдей сұңғыла, көреген болмаған. Оларға ұлыстың билік істерін үйлесімді жүргізуде елге кеңінен танылған билер қолға алып, ақыл-кеңес беріп отырған. Ал

мемлекеттік дәрежедегі ел таныған би болу үшін терең ақыл, жүйрік ой, асқан біліктілік пен кемеңгерлік қажет. Бидің бойынан табылатын ондай асыл қасиеттерге алдымен: имандылық, әділдікке қылау түсірмейтін турашылдық, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын, шежірелі тарихын, елдің шарушылық ісін, жер-судың қадір-қасиетін, бітім-болмысын ерекше білетін ой-өрісі өзгеден жоғары, кісілік келбеті елден ерек, көкірек-көзі ояу, өмірден көргені көп білікті, майдан қыл суырғандай дәл, әділ сөйлейтін шешендігі жатады. Бойындағы мұндай асыл қасиетін халыққа таныта алған, дауға түскенде топ алдында алмастай жарқылдап, қабілет-дарынын көрсете білген адам ғана «би» деп танылған.

Сонымен, би институты көшпелі, жартылай көшпелі қоғамдағы мемлекеттік билік саласында қандай рөл атқарған деген ой туады. Олар билік дәрежесінде қандай сатыда отырып ел басқарды, мемлекеттің құрылым жүйесіндегі бедел-дәрежесі қалай бағаланған деген сауалдарға көңіл аударайық.

Көшпелі қоғамда өмір сүрген Қазақ елінің арғы тегінде мемлекет басқару, оны жүйелеу, құқықтық қарым-қатынасты реттеу, сот ісіне билік айту туралы заңнамалық жазба мұралары болғаны ежелгі Скиф, Сак, Ғұн, Үйсін мемлекеттері туралы жазбаларда сақталған. Соларға бірден-бір мұрагері болып отырған бүгінгі Қазақ елі.

Қазақ елінің мемлекеттік құрылым-жүйесіне ежелден қызмет еткен билік иелерінің қоғамдық рөлін, берілген лауазымға сай функционалдық міндеттерді атқарудағы билердің атқарған қызметі орасан зор. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функционалдық қызметтерін толықтай атқарып келді деуге болады. Олар атқарушылық, заң шығарушылық, билік айтып ел басқару қызметтерінің барлық түрлеріне араласты. Оған қоса мемлекеттің ұлттық идеологиясы мен ел бірлігі, әлеуметтік тұрмыс жағдайы туралы даналық ойлар айтып, ел болашағын күнілгері болжауда, оған қажет қандай келелі істерді ынтымақтасып істедудің сара жолын дидактикалық нақыл сөздерімен халыққа түзу бағыт беріп отырды.

Қазақ елінің әр салаға бөлінген мемлекеттік билік орындарына қызмет көрсеткен билер Қазақ елінің мемлекеттік билік ісіндегі барлық жауапкершілікті көтерген. Яғни, мемлекеттік әлеуметтік-саяси, тұрмыстық-мәдени, әсіресе заң орнына жүрген әдет-ғұрып, салт-сана, жол-жора сынды халықтың болмыс-бітіміне қатысты тәртіп пен әдептілікті, кісілік пен имандылықты, ор-ұжданды сақтауда және оны жас ұландарға үйретуде биден артық билік тұтқасын ешкім ұстамаған. Және де қандай қиын жағдайда бидің алдын кесе-көлденендейтін басбұзарлар ешқашан болмаған.

Қазақ елі ұлт болып ұйысқан ерте дәуірден-ақ тәуелсіз мемлекет құрып, қол астына қараған ұлыстар мен ру-тайпаларды басқаруда, оны билеуде билердің ақыл-парасатына жүгінген. Ел басқаруда қоғамда туындаған саяси шиеленістерді ақыл-парасатпен бүкпесіз шешіп, бұқара халықты сүттей ұйытып, бірлікте ұстай білді. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай дәстүр-салт, жосықты заң ережелері мен даналық ой-толғамдар, қоғамдық қатынастағы құқықтық норманың айнымас қағидасы болды. Көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігіне негізделген осы әдет-ғұрыптың алтын дінгегі, яғни ұстанымы – аталы сөз еді.

Сондықтан да мемлекеттік билік ісінде елдің тыныштығы мен бірлігін сақтауда, жас ұрпақты ата дәстүр мен патриоттыққа баулуда және халықты отаншылдық рухқа тәрбиелеуде билердің алар орны ерекше болған. «Билердің сөзі – ақылдың көзі» деген халық даналығы осындай дәйекке сүйеніп айтылғаны шүбәсіз. Сондықтан да ел билеуде, әсіресе қоғамдағы тәлім-тәрбие мен тәртіп-низамдарды және құқықтық дәстүр-салтты ел мүддесіне сай қалыптастырып, жетілдіруде билердің атқарған рөлі аса зор.

Сонымен, би мемлекет басқаруда қандай маңызды қызметтерді атқарған?

Мыңдаған жылдар бойы көшпелі және жартылай отырықшы қоғамда өмір сүрген Қазақ елінің әлеуметтік-саяси құрылысында, мемлекеттік билік ісінде билер атқарған қызмет түрлері өте көп. Тек қана мемлекеттік билік саласына қатысты қызмет саласын саралап шықсақ, төмендегідей болады.

Ең алдымен би – қай заманда да өзінің елден асқан ақыл-парасат, біліктілігімен қабырғалы қалың елге көшелі ісімен қызмет етуші ірі тұлға. Бұдан кейінгі лауазымдық дәрежеде би – ауыл-үй арасындағы ақсақалдық биліктен ең жоғарғы сатыдағы сот билігінің тізгінін ұстап, Хан кеңесінде төрелік айтқан аузы дуалы ұлылық иесі. Мемлекеттік аса жоғары дәрежеде би елі үшін осы тақылеттес тағы бір лауазымды атқарған. Ол – халықаралық дәрежеде мемлекет атын зор беделге жеткізетін, еліне береке-ырыс, жақсылық пен тыныштық әкелетін бігістіруші дипломат – елшілік қызметкері. Қазақтың «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген аталы сөзі соған куә. Билердің қалың бұқара халықтың арасындағы беделі мен атақ даңқын дүйім елге мәлім еткен тағы бір ерекше қасиеті – қара тілден май тамызған шешендік өнері. Елі мен жеріне бақ-береке, ынтымақ-ырыс бұйыртқан, ел қорғаны батыры мен бағланына Алладан тілеу тілеген даналық ойдың алтын кені – батагөй абыздығы (3).

Бұған халықтың келешегі мен елдің ертеңін болжай білетін, жаман қылығын жазбай танып, сын тезіне салатын көрегендік қасиетімен ұлт тағдырын темір қазықтай тура болжап беретін кемел ойлы білгірлігін,

көрегендігін қосуға болады. Ел мүддесі мен бірлігі үшін атқарған бұл қызметтің ауқымы кең, мәні зор болған. Сонымен бірге, ел ішіндегі бүкіл қоғамдық қарым-қатынастағы құқықтық нормаларға, ұлттық мінез-құлыққа тән әдет-ғұрыптар мен салт-санаға қылау түсірмей сақтау, жетілдіру, қазіргі тілмен айтқанда құқықтық тұрғыдан тәлім-тәрбие беру, заң ретінде жүзеге асыру сынды ұлттық идеология мен патриоттыққа баулу да билерге жүктелген (4).

Тарихи тұрғыдан зер салып қарағанда, Қазақ еліндегі билер институты мемлекет мүддесі үшін ежелгі антикалық дәуірден XX ғасырдың басына дейін, қысқасы Ресей империясының әкімшілік билік жүйесі енгізген халық соты мызғымаған тұста және Кеңестік сот жүйесі үстемдік алғанға дейінгі аралықта өмір сүріпті. Бір сөзбен айтқанда, мындаған жылдар Қазақ елінің мемлекеттік құрылым жүйесіне, дәстүрлі құқығына өлшеусіз үлес қосқан билердің мемлекеттік билік саласында және әділ сот үшін атқарған қызметінің са

Бидің қоғамдағы рөлін жан-жақты түсіну үшін қазақ халқының тарихи-әлеуметтік даму кезеңдерінің ерекшелігін жете ескеру шарт. Өйткені, ежелгі дәуірлерден 19 ғасырдың басына дейін қазақ қоғамы саяси потестарлы билік жүйесінің негізінде дамығаны белгілі. Ең төменгі (бұқаралық) билікті ауыл-аймаққа, ру-тайпа ішіне сыйлы, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар атқарса, орта буындағы, яки, потестарлы билік тізгінін ру-тайпа басылары – билер уысына ұстады. Ал мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейдегі мәселелерді қамтитын жоғары билікті төре тұқымы – хандар мен сұлтандар иеленген. Міне, күллі қазақ қоғамының елдік тұтастығы осы соңғы екі билік жүйесінің өзара тепе-теңдігі мен бір-біріне қарама-қарсылығы принциптеріне негізделді. Әлеуметтік құрылымға арқау болған рулық-тайпалық жүйенің өзі айқын қандас туыстардың ұйымы емес, саяси-әскери және шаруашылық қауымдастық қызметін ғана атқарды. Сондықтан қоғам болмысындағы рулық негіз мемлекеттік институттардың нығайып, жеке-дара үстемдік құруына қай кезде де мүдделі болған емес. Халықтың қалың бұқарасына жақын әрі оның тікелей қолдауына арқа сүйеген потестарлы билік иелері, яки ру-тайпа басылары – билер мен батырлар хан-сұлтандардың билігін белгілі бір дәрежеде шектеп отырды. Сол арқылы олар өздерінің әлеуметтік-саяси статусын нығайтып, абырой-беделге кенелді. Әйтсе де, ерекше әлеуметтік жік ретінде билерді тарих сахнасына шығарған рулық құрылым өзіне субэтникалық-әлеуметтік топтарды тарта отырып, қоғамды ұйымдастырушылық, мемлекеттілік нышандарын нығайтушылық қызметін атқарды.

Мұрагерлік салтымен дала жұртын ғасырлар бойы билеген Шыңғыс хан ұрпақтары – төрелер тұқымы хандық биліктің бұлжымауы үшін билердің әкімшілік, әлеуметтік-саяси және мәдени рөлімен санасуға тиіс болды. Мысалы, ортағасырлық жәдігер – *“Нұсратнаменің”* авторы: *“Әбілхайыр хан өлгеннен соң оның ұлы Шейх Хайдар хан болды. Оның заманында ұлы бек-билердің абыройы мен атағын һәм олардың мархабалы ру-ұлыстарын құрметтеу тәмамдалды да, содан ханның күдіреті күн санап кеми берді”* деп жазады. Хандық билік жүйесінде бидің ерекше беделді тұлға болғандығын айғақтайтын жазба деректер де, ауыз әдебиетінің нұсқалары да жетерлік. Қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі Д.Сұлтанғазин *“Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы”* атты мақаласында: *“... бағзы билер болыпты, бек білімді, атакты һәм ақылды, әділетті, көпті көрген және іс бітіргенде әдет рәсімдерін тегіс біліп, әр жұмысты қара қылды қақ жарып орнына келтіреді екен..., һәм солардың бітірген жұмыстарын ұлы хандары да әрқашан бұзбайды екен... Сондай билер турасында қазақтың мақалы да бар. Батыр мен биді салыстырғанда, биді қатты артық көретінін білдіретін сол мақалы мынау: Батыр *“Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табатын, би деген бір ақсарағат, бүтін елден біреуі ғана табатын”* дейді (5).*

Билердің батыр, бай т.б. әлеуметтік жіктерден ерекше құрметтелуінің бірнеше тарихи себептері бар.

Біріншіден, би мемлекет басқару жүйесінде кейбір айрықша құқықтарды иеленді: *“Жеті Жарғы”* қағидаларына сай ол өзіне бағынышты ру-тайпа шегінде сот және әкімшілік билік (ханмен қатар) жүргізді. Сот төрелігін жүзеге асыратын болғандықтан, би халықтың әдет-ғұрпын, салт-рәсімін, жол-жосығын жатқа білуге, дауласқанға әділдікпен жөн сілтеп, адасқанға даналықпен жол көрсетуге, әсіресе, *“тура биде туган жоқ, туганды биде иман жоқ”* деген құқықтық-гуманистік принциптен айнымауға тиіс еді.

Сонымен қатар би ру-тайпаның басшысы ретінде әкімшілік қызметті де қоса атқарып, өз қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болды. Осылайша олар билеуші хандардың халық арасындағы сенімді тіректеріне айналып, саяси бедел иеленді, сұлтандармен тең құқылы дәрежеде мемлекеттің мәселелерді талқылауға қатысты. Ел ішіне биліктілігімен, қара қылды қақ жаратын әділдігімен, тура жолдан таймайтын адалдығымен даңқы тараған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, айыр тілді Әйтеке би, т.б. саңлақтар хан жанындағы билер кеңесінің құрамына енді. Олар нақты тарихи-әлеуметтік ахуалға қатысты жол-жоба белгілеп, заңи жосындар қабылдады, мәні ескіріп, маңызы кеміген қағидаларды елдік мүдде тұрғысынан қайта қарап, жаңасын қолданысқа енгізіп отырды. Тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына, әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер енгізе алған.

Үшіншіден, ел тағдыры сынға түскен жаугершілік замандарда билер батыр-баһадүрлермен қатар атқа қонып, қарамағындағы тайпаластарынан жасақ құрып, мемлекет тұтастығын, ұрпақтар азаттығын қорғауға ұйытқы болған, қолбасшылық қызмет атқарған.

Төртіншіден, би – дипломат, елші. Ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұқсан келтірер ағайын араздығын басып, руаралық дау-жанжалдарды бітістірумен шектелмей, қазақ ұлысының көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жасап, әр түрлі байланыс орнату ісінде де ханға көмекші әрі кеңесші қызмет атқарғаны белгілі.

Бесіншіден, би атағы мұрагерлік заңымен берілетін лауазым емес. Көшпелілер мәдениетінің ерекше қыры – шешендік өнерді меңгермейінше, тек әдет жосындарын жетік біліп, әділет принципін ұстану арқылы ғана би атану, ел сенімін иелену мүмкін болмаған. Халық арасында бір ауыз сөзбен күн кешіп, жалғыз уәжбен дау шешкен ділмарлардың аты ардақталып, төрелік істері үлгі-өнеге тұтылған.

Тарихтың тереңіне бой тартсақ, қазіргі Қазақ мемлекетінің ел болып еңсе көтерген дәуірден бергі табиғи болмыс-бітімімен бірге қайнасып, бойына сіңген әдет ғұрып, салт-санасынан екшеліп шыққан заңдар үлгісі – билер бітімі сот ісін биік беделге жеткізгенін дәлелдейді.

Алтай тауынан Қап (Кавказ) тауының баурайындағы Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлан-байтақ далада бірде күшейіп, бірде әлсіреп, сан ғасырды артқа тастаған Сақ, Ғұн, Үйсін, Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Оғыз, Алтын Орда, Ақ Орда, Дешті Қыпшақ тәрізді Еуразияда үстемдік құрған ұлыстар мен мемлекеттердің түпнұсқалық жүйелі заңы ел басқаруда, келелі кеңес айтуда өзінен кейінгілерге арқау болды. Бұл жөнінде Еуразия тарихын терең зерттеген ғұлама ғалым Л.Гумилев өте парасатты ойлар айтқан.

Жоғарыда аты аталған ежелгі мемлекеттердің құрамында болған қазақ ұлысының да өзіне тән заң ережелері, сот ісінің озық үлгісі – билер үкімі құқықтық нормалардың принциптерін атқарып келді. Бүгінгі ұрпағымыздың құлағына анық жетіп, көкейіне қонған: «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген ұлы сөздің мағынасы тым тереңде жатыр.

Еліміздегі билер сотының осы Майқы биден бастау алатыны – тарихи шындық. Майқы би өз заманында Шыңғыс ханның бас уәзірі болған. Ш.Уәлиханов «Қырғыз-қайсақ Үлкен ордасының ертегілері мен аңыздары» деген еңбегінде Майқы бидің Үлкен орда ру басы және Шыңғыс хан замандасы болғанын жазады (6). Шыңғыс хан жорыққа кеткенде, ол хан ордасында билік жүргізіп, түйінді мәселені өзі шешіп отырған. Аяғы ақсақ болуына байланысты күймеге мініп жүрген. Батыр есебінде Жошы әскерінің оң қанатын басқарған. Алаш ханды Ұлытауда үш жүздің ханы етіп көтерген де Майқы деседі.

Майқы би көп жасаған, жеті ханды қолымен өткеріп, бар ғұмырын халық келешегін ойлаумен өткізген. 120 жасқа жеткенде үш жүздің таңбасын таратқан. Ұлы жүзге ту ұстатып, Орта жүзге қауырсын, Кіші жүзге найза берген. Осы бөлістен соң Майқы би туралы «Хан біткеннің қазығы – бұқара жұрттың азығы» деген мәтел кең тарап кеткен.

Шыңғыс хан Майқы биге еш уақытта қарсы келмеген көрінеді. Ол бірде ақылшы-кеңесшілерін шақырып ап, батысқа жорыққа аттанам дегенде: «Аттанба, батысқа,- дейді Майқы би. – Саған осы Азия да жетпей ме?»

Неге аттанба дейсің?

Сен сонау құс қанаты талатын, аттың тұяғы тозатын қиянға барамын дейсің. Қайтарда қоржыныңды мойныңа артып жүрерсің. Ат арыр, ер қажыр. Есінде болсын, ханның басын қара алар, асқар басын қар алар. Ханның қаһарынан қараның мелжемі (тектісі) артық. Сенің байқасам, осы жүрісінде сыртың бүтін, ішің түтін. Ол іштегі пықсыған қорда бір күні жанбай қоймайды, – дейді (7).

Міне, Майқы биден бері Қазақ елінде қалыптасқан билер бітімі әр кезеңдегі мемлекеттік құрылым-жүйеге қарай дамып, өркендеп отырды. XVI ғасырдағы Қасым хан шығарған «Қасым ханның қасқа жолы» деген заң жарлығы, Есім хан жарлық еткен «Есім ханның ескі жолы» өз дәуіріндегі заң-жарғылардың, мемлекеттік құқықтардың жинақталған озық үлгісіне айналды.

Жалпы мемлекеттік басқармадағы маңызды мәселелер бойынша шешім қазақ қоғамындағы барлық таптар жыл сайын шақыратын құрылтай жиналыстарда қабылданды. Мұнымен қатар, халық жиналысына қатысатын азаматтар ерікті, қару ұстап жүруге қабілетті болу керек. Құрылтайда басты шешімді хан жеке-дара қабылдамайтын. Қазақ қоғамындағы демократиялық бастаулар сол кездегі көшпелі қоғам үшін маңызды, жариялылық, қарапайымдылық және билер институтының негізі болған, сот процесіндегі жарыс сөзі тән сот процесінен ерекше көрініс тапты. Қазақ мемлекетіндегі заң нормаларының жиынтығы құбылыс болған жоқ, ол даму жолында өзгеріп отырады. Қазақ хандығының біртұтас бірігуі тұсында «Қасым ханның қасқа жолы» атауымен XVI ғасырдың шамамен бірінші ширегінде Қасым ханның ережелер жинағы шықты. Ал қазақ хандығының өрлеу кезеңінде XVII ғасырдың бірінші жартысында толықтырылған заңдық норма шығармашылық – «Есім ханның ескі жолы» шықты.

XVII ғасырда Қазақстанға жоңғар шапқыншылығы қаупі төніп тұрғанда, хандыққа тұтастығын сақтап қалуға мүмкіндік беретін құқықтық құрал қажет болды. Осы мақсатта қазақ хандығының ұлы біріктірушісі Тәуке хан өз қарамағындағыларға «Жеті жарғы» атауымен жаңа әдет-құқық нормаларын біріктіруді тапсырды.

«Жеті жарғының» маңызы тек саяси, әлеуметтік саламен шектелмейді, сонымен қатар, Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайына, ішкі дамуына септігін тигізді. Оның қазақ қоғамының құрылымына сай келетінін ескеру қажет. Біріншіден, бұл заң қазақ мемлекетінің өсіп-өркендеуін қамтамасыз етті. Екіншіден, «Жеті жарғы» азаматтардың құқықтық мәртебесін белгіледі, үшіншіден, аумақтық құрылымы анықталды. Жоғары билік көшпелі түрдегі өмірге біртіндеп ішкі аумақты дәстүрлі түрде қалыптасқан мемлекеттік аумақтан шығармай белгілеп отырды. Академик С. Зимановтың зерттеуіне көз жүргіртсек: «Ерте және кейінгі жазба деректерге қарағанда ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына енген билер саны жүзден астам. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, сақтаған және оны әркез уағыздап отырған билер де көп болатын. Мысалы, Майқы би, Аяз би, Едіге би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Жәнібек би, Тіленші би, Есет би, Әнет баба би, Сырым би, Саққұлақ би, Бала би, Тоқсаба би, Шоң би, Бала би, Досбол би, Ақтайлақ би, Мөңке би, Байдалы би, Тоқсаба би, т.б. таңғаларлығы олар ұлан-байтақ қазақ-қыпшақ даласының әр түкпірінде өз руластары арасында, өз ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл Ұлы далаға әйгілі болды. Қазақ билерінің барлығы қай ғасырда, қай жерде, қай рулы елде өмір сүргендігіне қарамастан қазақ әділ сотының атасы атаған Майқы биді пір тұтқан. Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағының әртүрлі бөліктерінде орналасқан қазақтардың этникалық, тілдік-мәдени және идеялық-психологиялық бірлігін түсіндіретін құпиялардың бірі дәл осы қазақ құқығы мен әділ сотының жүйесінде деп есептеуге толық негіз бар» – деп тұжырымдайды [8].

Атақты жазушымыз І.Есенберлиннің тұжырымдауы бойынша «...Алтын Ордада билердің ықпалы күшейе бастаған. Бұрын Өзбек ханының алғашқы хандық құрған кезінде, ауыл арасындағы дау-жанжалдан, ағайын ішіндегі талас-тартыстан туған қылмыс-күнаға, ұры-қары істеріне, тіпті кейде кісі өлтірілген ұрыс-төбелестерге үкім айту, жаза бұйыру – діни адамдардың шейх, кади, ишан, қазылардың шаруасы болатын. Бірте-бірте бұл жұмыстардың барлығы билерге көшкен. Діни басшылардың қолында тек шарифатпен байланысты күнаһарлардың ісін қарау қалған. Сонымен қатар, бұрын ұрыс-соғыс замандарында, ру басқару тек көк найзалы, бұзаубас шоқпарлы батырлардың үлесі болса, ал халық бұрынғыдай рулық қоғамда қалмай, мемлекеттік, Ордалық басшылық көше бастағаннан бері билердің қадірі өсе түскен. Бұрынғыдай ержүректік, жау шошытар қаһарлылық қана емес, ел билеуде ой, тіл, саясат дегендер үстемдік алып, көп іс билердің қолына ауысқан. Сайып келгенде, Алтын Ордада соңғы жылдары ханнан, әмірлерден кейінгі елеулі күшке билер айналады» (9).

Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік Дала заңының билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер болды. Би, ең алдымен – сот (судья). Бидің өзі де, билігі де түп-тамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті ол беделді, дәстүрлік билік қатарында болды. Ол хан билігін көпшілік әкім билігі деп таныды. Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады. Билер бірқатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», Өз-Тәукенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан Дала заңының негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын. Әрине, билік шеңбері жағынан билердің елдегі билері мен ықпалы бірдей болған жоқ: шағын ауыл, шағын ру бірлестігінен бастап жүзге, ұлысқа, тіпті бүкіл қазақ еліне жүрген билер болған.

Би атағы халықпен берілген және ол талқылау үшін алдымен ол ақсақалдар мен билердің сынынан өткен. Осы сында оның шешендігі және әдет-ғұрып заңдары мен ата заңдарын жетік білетіндігі қаралған.

Әр Ордада билікті қадағалап отыру үшін үш жүзден үш би сайланған. ХУІ ғасырдың аяғында патшалы Ресей қазақ жеріне сыналап ене бастағанды. Осындай ел басына күн туған шақта сана мен билік арақатынасы өмір қажеттілігі ретінде бірінші орынға қойылды. Міне, дәл осы кезеңде қазақ даласында атақты үш би – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің даңқы шыққан еді.

Біз билердің саяси ойлары тақырыбын «Қара қылды қақ жарған», еліміздің ынтымағы үшін күрескен, халқымыз «Төле би» деп атаған Төле биден бастап отырмыз.

Тәуке ханның қазақ елін біріктіріп, бір мемлекет етудегі саясаты ылғи билерге, олардың кеңесіне сүйеніп отырғанда онда Төле бидің орны ерекше болды деуге болады. Тіпті Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді

Қазақстанда саясаттану ғылымының алғашқы негізін қалаушылар деп толық айта аламыз. Себебі, Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңы осы билер кеңесі шешімінің, негізінде үш бидің терең іс-әрекетімен, олардың терең ойшылдығы, прогрессшіл патриоттық көзқарастарының нәтижесінде пайда болған жоқ па?

Тәуке хан заманында қазақтың төбе биі болған Төле XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ топырағындағы ең ірі, ең беделді тұлғаның бірі еді.

Төле би – атақты билер әулетінің ұрпағы. Төле бабаның арғы атасы – Бахтияр сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем, жұрттан асқан жомарт, әділ би болған. Оның есімі бүкіл Үйсін ұлысының ұранына айналған.

Төле бидің Бахтиярдан кейінгі бабасы Ақарыстан – Кейкі би, Кейкі биден – Төбей би, Төбей биден – Майқы би тараған. Майқы бидің өз заманында Шыңғыс ханның бас уәзірі болғанын жоғарыда атағамыз.

Төле бидің шыққан тегін әңгімелегенде адамгершілігі мен ақыл-парасаты аңызға айналған ұлы әжесі Домалақ ана екенін айтпауға болмайды.

Төле бидің табиғи дарынының дамып, ірі әлеуметтік, мемлекеттік, саяси қайраткер болып жетілуіне сол кездегі қоғамның ерекше жағдайларының да көмегі тигенін есте ұстағанымыз жөн. Өйткені, Төле би сол қоғамда өсіп, ержетті, мінезі де сол қоғамда қалыптасты.

Төле би өмір сүрген кезең халқымыздың тарихындағы ең ауыр, ең күрделі кезең болды. Ең әуелі патриархалдық-феодалдық қалыптағы қазақ қоғамының өндіргіш күштері мардымсыз дамығанын атуымыз керек. Одан кейін көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы табиғаттың стихиялы күштеріне байланысты әртүрлі күйге ұшырап отырды. Ал, негізгі экономикалық базисі – көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан қазақ қоғамының тұтас саяси бірлігі болмады. Тәуке ханнан кейін қазақтың орталық хандығы ыдырап, әлсірей бастады. Осындай жағдайларға байланысты феодалдық өзара талас-тартыстар үнемі асқынып, шұрайлы жайылым, билік үшін күрес, бәсеке толастамады. Мұны жан-жақтан анталай қоршап, аңдып тұрған жаулар жақсы біліп, араздықты бұрынғыдан да қоздыра түсті. Қазақ қоғамының біртұтас мемлекет болып бірігуіне өте-мөте кедергі келтіріп, аса қатер төндірген осы себептер еді.

Төле би өмір сүрген кезеңнің тағы бір ерекше күрделілігі – қазақ халқын жаулап алуға қызығушылар бірлі-жарым емес, көп болды. Батыста Жайық казактары қолдаған Еділ қалмақтары, Маңғыстауға түрікмендер шапқыншылықтар жасады, солтүстіктен Сібір казак-орыстары, Жайық сыртындағы жерлерге башқұрттар сұғынады. Оңтүстік казактарын Ортаазиялық (Хиуа, Бұхара) хандықтар феодалдары ығыстырды. Бұлардан өзге, қашан қазақ жұрты қансырап, талғамай жұтуымызға болар екен деп Иран шахы Нәдір аңдып тұрды. Алайда, қазақ халқына неғұрлым қатерлі қауіп шығыстан – күшті әрі агрессияшыл әскери-феодалдық Жоңғария хандығы тарапынан төнген еді.

Міне, Төле би осындай алапат ауыр кезеңде дүниеге келіп, ес білген күнінен бастап әділ билік құрып, елінің тәуелсіздігі, саяси бірілігі, бақытты келешегі үшін арпалыспен өмір сүрді.

Тәуке ханның қазақтың үш жүзінің басын қосып, өз қоластына бағындыра алуы Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің дұрыс кеңесші болып, халықты өз ықпалына тарта білуінен еді. Тәуке ханның көбіне «билер кеңесіне» арқа сүйеп, жұмыс жүргізуінің нәтижесінде қазақ халқының сыртқы жағдайы да жақсарады.

Тәуке хан бастаған «Билер кеңесінің» құрамында Төле би, қырғыз Кәкім би, қарақалпақ Сасбұқа би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, жез таңдай шешен аталатын Ержан би, «сылқым» дейтін Жүсіп би, Көкі би, Мәлік би секілді «қасқырлар» мен көшті бастар «серкелер» болған. Мұның өзі де бас кеңесші Төле би талап-тілегі бойынша құралған.

Төле бидің ел бірілігін сақтаудағы іс-әрекетін Тәуке хан жоғары бағалағанын: «Меніңше, мейлі ол кеменгер, көреген болсын, бар билік тізгінін бір кісінің қолына ұстауға болмайды, Бір кісінің – аты бір кісі. Ол қанша ақылды, білімді болса да, шалыс басады, адасады, ал адасу мен шалыс басудың аяғы қара түнек қасірет. Мұны, шүкір, Тәуке хан жақсы түсінеді. Ол «келісіп пішкен тон келте болмас» деген аталарымның өсиетін берік ұстанатын кісі.

Ол – мансапқұмар емес. «Мансапқұмар – түн жамылған қарашыдан да қауіпті», – деген пікірінен білуге болады.

Тәуке ханның да Төле биді ардақ тұтып, қазақтың төбе биі етіп құрметтеген. Төле бидің ойшылдығын, зеректігін құлай ұнатқан Тәуке хан онымен үнемі сырласып, кеңесіп отырғанды әдетке айналдырған. Оны өз хандығының негізгі тірегі деп білген. Төле бидің «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оналмас», – деген өсиетін өле-өлгенше есінде сақтаған (10).

ӨзТәуке хан Төле бидің бойындағы халқының тәуелсіздігі мен бірлігі үшін арын да, жанын да қиюға әзір адалдығын, көрші халықтармен бейбіт көршілік, сауда-саттық, туысқандық қарым-қатынасты қалайтын көрегендігін, ойшылдығын сүйсіне құптаған. Оның «Аз елдің биі аталғаннан көп елдің қатардағы азаматы болған артық екен», – деген сөзінің астарына терең мән беріп, үнемі ой бөлісіп отырғанды қалаған.

Тәуке хан мен Төле би арасындағы мына әңгімеден өткен тарихтан үлкен саяси сабақ алу керектігі көңілге қонады: «Кей-кейде ғаріп түнде ата-бабаларымыздың жіберген қателерін еске алғанда қара терге түсемін. «Әкесінің көрген жақсылығы – баласының азабы, бейнетіне айналып, азапқа салады» дейтін халқымыздың ұлағатты сөздерін еске аламын. Біз хандық құрып отырған ел есебінде сол Ақ орданың ұлымыз деуімізге тура келеді. Алтын орда кім еді? Шығысы Алтай тауларынан бастау алатын, күн батысы сонау Қара теңізге, ал онан бұрын Балқан тауларына дейін жеткен, Қап(Кавказ тауы) тауларын түгел игерген. Қап тауы жоталары арқылы өтіп, парсы патшалығын нешеме рет қан жоса етіп шапқан, ары қарай «Мың бір түн» хикаясы әлемге тараған Бағдат пен Басыра шаһарларын билеген Ыоран Рашид патшалығына төнген, күш көрсеткен. Жайын балық секілді ұлы мемлекеттің бір тармағымыз. Қайталаймын, Төле би-бек, біз сол ұлы мемлекеттің жұрнағымыз, майдаланған кішкене ғана қалдығымыз. – дей келе Тәуке хан сөзін былай жалғайды. – Кісіден бақ кетерде – үйінен береке кетер дегендей, Алтын орданың алтын тағына мінген бабаларымызды Құдай тағалам бір-біріне жау, келімпес қарақшы етті. Әкені бала, ағаны іні «алтын тақ үшін» бауыздады. Өзбек хан дүниеден кеткен соң-ақ Алтын орданың астан-кестені шықты. Бердібек те, қала берді беріректегі Мамай да, онан кейінгі Едіге де – бәрі-бәрі көзі қызарған қасқырдай өз күшіктерін талады, қанға бөктірді. Әбілқайыр хан да өз туыстары Жәнібекті қан жоса еткісі келді. Түбі бір туысқан елді екі хандыққа бөлді. Қасым ханның, қала берді Есім ханның заманы шапқыншылықпен өтті. Олар кімді шапты? Кім кімді қырды? Ойлап қарасақ, бір халық екіге бөлініп алып, бірін-бірін қырыпты. Бар күшін өзді-өзін мұқатуға жұмсапты. Бірі – Мауеренахр атаныпты. Бұл Хиуа хандығы мен Бұхар хандығы – сол Мауеренахрдың иелегіндегі елдер екен (11).

Тәуке хан әңгімесінен Төле би өзіне көп ғибрат алады. Оның тек қазақтардың ғана басын құрап қоймай, Қарақалпақ, қырғыз, өзбек, башқұрт, түрікмен халықтарын да төңірегіне топтастырған себеп-сырын ұға түседі.

Тәуке ханның төмендегі пікірі де Төле биге терең ой салады. «Күллі мұсылман қауымы демесем де, дәл қазақ атанған халықтың обалына үш хан айыпты деп есептеймін. Бірінші кінәлі, хан дейміз бе, әмір дейміз бе, түбі қарадан шыққан (бұл тұста Төле би Тәукенің ойын дөп баса алмады). Едіге батырдың, барластан шыққан ұры, жанкешті, өзін әміршімін деп әлемге жариялаған Ақсақ Темірге қосылып, айдаһар секілді екі жүз жылдан астам әлемді шеңгелінде сығымдап отырған Алтын орданың тағын шайқалтуға жанкештілікпен шабуыл жасауына қатысуы еді.

Екіншісі, тарих, ұрпақ кешпейтін Ақсақ Темірдің қатесі. Батыстағы «күпірлерді» ауыздықтап отырған, басын бұраған, билігін заңдастырған, аузын аштырмаған, жиі-жиі салығын төлемегені үшін шабуылдап, берекесін кетіріп, елдігін қалыптастыруға жол бермеген Алтын орданы екі рет қанжоса етіп шабуы. Ол аз дегендей, мына жақта ертеден елдігі мен патшалығы әлемге белгілі, осынау Ескендір Зұлқарнайын шабуылына қарсы тұра алған Дари деген патшасының есімі күллі мұсылман жұртына жыр есебінде жайылған, түп қазығы берік Парсы (Иран) жұртын Ақсақ Темірдің талқандауы, шауып алған соң сан мың персінің басынан төбе жасауы, сол арқылы мұсылман қауымының белін сындырып, күпірлердің күшеюіне жол беруі. Бұл өте аянышты да өкінішті оқиға еді, Төле би-бек» (12).

Мұндай сырласу Төле бидің өткен тарихымызды жақсы білуге, өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, әр құбылысқа жұрыс баға беруіне, келешекті қатесіз болжай алуына белгілі дәрежеде көмектесті деуге болады.

Тәуке ханды Төле биді жақсы көріп, барлық уақытта қолдап, құрметтеуінің бір сыры – Тәукенің елді бірлікке шақыруына байланысты еді.

Анырақай қанды шайқастың алдында Төле би Тәуке ханның моласына барып, топырағын құшақтап:

Болмас бектік еш мирас,

Отырықты ел болсақ,

Тойынар еді қарны аш.

Жау жагадан алды да,

Көзден ақты қанды жас.

Шабынды, босқын қаншама,

Деп жар салдық «жаудан қаш!»

Бәтуаға келерміз,

Үш хан, үш жүз бірлесіп,

Кеудеде тұрса әзіс бас, – деп өксіп жылайды. Бірақ жағдай Төле би күткендей болмай шығады, үш хан үш жаққа тартып, өз Тәуке іргесін қалап, қалыптастырған қазақ халқының саяси бірлігі ыдырауға айналды. Ендігі жерде Төленің Тәуке ханды жоқтатпай, халықтың саяси бірлігін сақтауға бар күш-жігерін, ақыл-қайратын жұмсауына тура келеді.

Төле бидің ойынша, саяси биліктің ең жетілген түрі сұлтандардың емес, билердің кеңесіне сүйенген хандық билік, деп тұжырымдайды тарихшы-ғалым М.Қойгелдиев. – Дамыған феодалдық қатынастар

жағдайында және сырттан төнген қауіп алдында барлық тайпа, жүздердің саяси бірілігін қамтамасыз ете алатын хандық билік – қоғамдық қажеттілік, ал ол билік дербестікке ұмтылған сұлтандарға, немесе өз малы мен жайылымынан арғыны азырақ ойлайтын шонжарларға емес, өзінің қоғамда алатын объективті орнына байланысты халыққа жақын тұрған билердің қолдауына сүйенгенде ғана баянды болмақ. Төле: «Елге бай құт емес, би құт, қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе, батыр менен биге күш», – дейді. Шын мәнінде сырттан қауіп төнгенде елді жауға қарсы шақыра алатын, ал іште әлеуметтік қатынастар шиеленіс ала бастаған жағдайда таптық шиеленісті бәсеңдете алатын да билер еді. Билер елдегі дамыған феодалдық қатынастарға заңды сипат берген «Жеті жарғыны» жасауға ат салысып, ханның тікелей әлеуметтік тірегіне айналса, сыртқы саясатта да басқа елдермен қатынастың бет-бағдарын анықтап отырды. Оны Төле, Тайкелтір, Қазыбек сияқты билердің қалмақ хандығына елшілікке барып тұрғандарынан көреміз.

Төле би ел-жұртын жаудан да қауіпті рухани күйзелістен сақтап, дұрыс бағыт сілтейді, сол жолда бар қабілет-дарынын, қайрат-жігерін аямайды. Төле би:

- Көсіле шабар жерің бар,
- Қол боларлық елің бар,
- Қол бастайтын ерің бар.
- Атадан қалған жолың бар,
- Жай отырып құл болсақ,
- Атадан ұл боп туды деп,
- Кейінгіден кім айтар?
- Ер басына күн туса,
- Етігімен су кешер.
- Ат басына күн туса,
- Ауыздықпен су ішер.
- Қайрат қылсақ қасқайып,

- Қиындықтың бәрі әлі ақ кетер. – деп рухани күйзелістен сақтап, дұрыс бағыт сілтейді.

Жалпы Төле би өмірбаянының ең күрделі, ең қиын кезеңі – «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезеңі. Осы ел басына мәңгі жойылып кету қаупі төнген тұста Төле би өзінің бар болмыс бітімімен жарқырай көрінеді. Қазақ халқының ендігі жерде жер бетінен біржола жоқ болатынын, елін, жерін қорғай алмайтын дәрменсіздігін айтып, түңіліс білдіргендерді, халқын тастай қашып, қара басын қорғалаған хандарды айыптап, елді жауға қарсы майданға ұйымдастыра білуі – Төле бидің нағыз көсемдік қасиеті көз жеткізеді.

1730 жылы Ордабасыда өткен ақсақал-билердің, данышпан ел жақсыларының, палуан-батырлары мен шешен-шеберлерінің бас қосқан жиынында Әбілхайыр ханға үлкен сенім артылады. Сол жиында Төле би ортаға шығып, сөз сөйлейді:

- Ау, халқым, біздің бүгінгі жүрер жалғыз, түзу жолымыз – қалмақ басқыншыларына қарсы соғысу. Қалмақ басқыншылары кісі аямайтын, біреудің тамағын тартып жеуге, қан төгуге жаны құмар. Мұндайлар, несіне жасыралық, ішінара өз арамыздан да табылады. Бұл бүкіл адамзат баласына тән құбылыс па деп те ойлаймын. Себебі, біреу адал кәсіппен дүние тапса, біреу арам кәсіппен дүние табады. Ойлап тұрсам арам көп. Неге десендер, некесіз тексіздер, дінсіздер халықты азғырады.

Халқым, мынау «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» ауыртпалығынан қалай құтыламыз. Жайнап тұрған тау-тасымызды, өзен-суымызды, даламызды иемденген жау бізді біржола құл етпек, жер бетінен жойып жібермек. Бәріміз бірігіп қарсы шықпасақ, жерімізді қорғамасақ, өмір сүре алмаймыз. Бізді жұтпақ айдаһарға қандай амал табамыз?

Біз, ең алдымен, хандарға сенбей, өз бірлігімізді, өз тірлігімізді, келешегімізді өзіміз ойлауымыз керек. Шындықты айтсам, ... бізді билеген хан әулеттері кешегі өз Тәуке ханның қазасынан кейін өзді-өзінің үстемдігін жүргізіп, беделін арттыру үшін бір-бірімен жауласып, дауласып, халқымыздың ынтымақ-бірлігін жойды.

Халқым, жауымызды жеңеміз десек, бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып, бір мүддеде болуға тиіспіз. Біз жауды сонда ғана жеңеміз. Бір жағымыз соғысып, бір жағымыз «қайсысы басым түсер екен?» деп бұқпалап тұрсақ, тоз-тозымыз шығады... Ынтымақ та, бірлік те өз қолымызда болу керек. Өзімізді өзіміз басқару керек.

... Мына Ордабасының биігінен атамыздың ақ туын тігейік те, бір боз айғырға бата беріп, сол боз айғырдың қанына қол батыралық. Атамыздың, анамыздың, баламыздың, арулы сұлуларымыздың, айдарлы мырзаларымыздың қаны үшін кек алғанға дейін жаудан қайтпайық, қасық қанымыз қалғанша соғысалық деп серттеселік.

«Жата берсең, жау алады, сөйлемесең, дау алады» деген. Жаудың қорлығына қашанғы төземіз?

Тәуекел деп бірлік жасап, батыр-палуанымзды, білгіш-бағланымызды түгендеп, жаудан кек алалық. Бүйтіп қашып-пысып, бет-бетімізбен бытырап кете берсек күніміз не болады? Қол қусырып, құлдық ұрып, ел боламыз ба? Жас өсе ме? Елінен айырылған ер она ма?

Жауға қор болып, өмірімізді өксітіп, халқымызды жылатып қоямыз ба? Қалмақ бізді қанша қырды, тағы да қыра бермек. Ерегіскен жаудан кек алмай, біз ел бола алмаймыз. Сондықтан, о ақсақалдар, о, игі жақсылар, есірген жаудан есемізді алуымыз керек.

Халқымызды қырып, мал-мүлкімізді тартып алған, айдарлымызды құл, тұлымдымызды күн қылған жауға қайрат көрсетіп, қарсы шығалық. Арсыз өмірден арлы өлім, қорлық құлдықтан ерлік өлім артық! (13).

Аңырақай шайқасынан кейін Әбілхайыр ханның жеке бөлініп кетуі қазақтың бірқатар ел билеушілерінің де, Төле бидің де еңсесін езген күтпеген, ауыр шешім болғаны белгілі.

*- Тоғызда беріп төрелік,
Үш жүзге Төле атандым.
Қазақтың болып үлкені,
Алыс көріп қарысты,
Сүйемді жақын тартпадым.
Осы күймен дүниеден,
Бір мінезбен қайтармын.
Әбілхайыр осында,
Болмай қалып айтқаным,*

Содан бері қапамын, – деп күрсіне күңіренген Төле би қайғысы – бірлік жоқ жерде тірілік жоқ екенін терең түсініп, келешек ұрпақ қамын алаңдаған халық қайғысындай сезіледі (14).

Төле би ақтық айқаста жоңғарларды жеңгенмен жоңғарлар мен қытайлар тарапынан қауіптің сейілмейтінін біліп, Ресей патшасымен одақ жасауға, одан көмек сұрауға мәжбүр болады. Ақырында сұлтандары мен билері Қодар, Төле, батырлары Сатай, Хангелді және Бөлек тікелей орыс патшасының өзіне хат жолдап, келіссөз жүргізуге өтініш жасайды.

Сөйтіп, Төле би жаудан жерімізді, елімізді азат етуге баға жетпес үлес қосты. Ұлы бабаның ұрпақ жадынан мәңгі ұмытылмас ұлылығы – осы ел қорғау ісіне бар жан-тәнімен, бүкіл сана-сезімімен қалтықсыз қызмет етуінде еді.

Төле би ұрпақ тәрбиесіне де ерекше мән берген. «Біздің ел болуымыз – ұл-қыздарымыздың амандығында. Ұл-қызы аман халық – болашағы бар халық,- деп жастардың жасынан дені сау, жігерлі, қайратты, елін, жерін сүйген, жай сүйіп қана қоймай оны іспен дәлелдей алатын арлы азамат болып өсуін қалаған. Әр атаның міндеті – ұл-қызын жауды жек көріп, өзінің де, елінің де елдік қасиетін сақтай, қорғай білетін ойлы, тапқыр, ержүрек етіп өсіру деп ұққан.

*- Әкем бар деп мақтанба,
Топқа түсері жоқ болса.
Балам бар деп мақтанба,
Жаман туған боқ болса.
Ағайыным бар деп мақтанба,
Дос-дұшпаның келгенде,*

Қарасуы жоқ болса, – деп адамгершіліктің асқар биігін арман еткен (16).

Төле би өз балаларына: «Намысын, арын, ерлігін сатқан адамнан жақсылық күтуге болмайды. Елдің елдік, ерлік намысы таразыға түскен шақта қайрат көрсеткен ер – наз ер. Шыбын жаны, өз пайдасы үшін ерлігін айырбастауға дайын тұратын қоян жүрек сатқындардан сақтан. Саналы, мағыналы өмір сүрем десендер, досың да, дұшпаның да ер болсын, – деп отырады екен (15).

Елдің игі жақсылары бас қосқан бір жиында:

- Біз бидің, ханның айтатын билігіне, шешім-келісіміне ешкім қарсы шыға алмайды, қарсы шықса басына қылыш ойнайды десек, мына бір даукестер: «Жоқ, бұларың дұрыс емес, халық бәрін де әділ таразылайды. Соңғы шешімін де, кесімін де сол қара бұқара айтады. Билерден де, ханнан да қараша күшті», – деп жеңістік бермейді. Ал, сіз не дейсіз? – деп бір топ ел ағалары Төле биге жүгінгенде:

*- Әділ би біліп айтады,
Жалтақ би күліп айтады.
Хан қара қылды қақ жарып айтады,
Алды-артын бағып айтады.
Қисық-қыңырдың сайтанын қағып айтады.
Хан бір айтпайды,
Айтты ма, сөзінен қайтпайды.
Халық ұйымшыл, еңбекшіл болса, ханы мықты,*

Хан ақымақ болса, халықтың қашар құты.

Халық ханға арыз айтады,

Қорлық, зорлық көрсе, шағым айтады.

Күш атасы – халықта,

Қарсы келген хан да, би де оңалмас,

Қара халық – алыпқа, - дейді Төле би (16).

Төле би зорлық-зомбылыққа, көп атаның аз атаға тізе батыруына, ұрлық-қарлыққа, әйел арын аяққа басуға, жер, жесір дауына, адамдар мен халықтар арасындағы араздыққа, жаулыққа барынша қарсы болған. Әділ билік айтуды, әлсіздеге қамқоршы болуды өзінен де, өзгелерден де қатаң талап еткен. Өзінің басшылық етуімен жазылған «Жеті жарғы» заң жинағы бұл айтылғандарға көз жеткізеді. Мысалы, Жарғыны талқылау және бекіту кезінде Төле би үлкен белсенділік танытып, адам өлтірген адамның ошағын талқандап, күлін, бала-шағасын құл-құң ретінде сату секілді Есім ханнан қалған аса қатал заңды өзгертеді, оның орнына құн төлеу тәртібін енгізеді. Төле би бұдан өзге де адамгершіліктен тысқары қағидаларын Жарғыға енбей қалуына күш салады.

Өз заманының жас ұрпақтарына лайықты тәрбие беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды дұрыс жолға сала білген Төле би бабамыздың билік құру өнері осы заманның да кәдесіне асары даусыз. Қазақ хандығының мемлекет болып қалыптасуының іргетасын бірге қаласып, тек ру аралық мәселелерді ғана емес, мемлекетаралық даулы мәселелерді шешуде де ауызбіршіліктің, азаматтықтың, мәрттіктің үлгісін танытып, үлгі етіп қалдырған үш биіміздің баға жетпес еңбектері біздер үшін теңдесі жоқ мұра болып табылады.

Бүкіл ғұмырын ел бірлігі, ел азаттығы үшін күреске арнаған ұлы бидің бар ой-арманы, бүкіл тыныс-демі, ақ ниеті – халқының бақытты болуы, көгеріп өсіп-өнуі еді. Төле би бақытты байлық деп емес, бостандық деп түсінді. Бостандықтың еш халыққа өздігінен келмейтінін, ол үшін тек бірлесіп күресу керек екенін ұрпағына өсиет етті. «Бірлік, еркіндік пен теңдік болмай, елдік болмайды» деуі ұлы бабамыздың бүгінгі Қазақстанның тәуелсіз ел кезіндегі негізгі қағидасын болжаған деуге болады. Сол тарихи кезеңде ұлы бабаларымыздың айтып кеткен іргелі саяси ұғымдары бүгінде біріктіруші, тұтастандырушы күшке айналғанын байқаймыз. Әрбір ғұлама өзінің замандастарына ғана емес, кейін келетін ұрпаққа да ұлағатты сөз айтып, қалдыруға ұмтылған. Осындай дәстүріміз бар ата-бабаларымыздың рухани мұрасы бүгінгі жастарға үлгі болмақ.

Қазақ жүздерін басқаруды реттеу ниетімен Тәуке хан Ұлы жүздің биі етіп Төле биді, Кіші жүзге Әйтеке биді, Орта жүзге Қазыбек биді тағайындағанын жоғарыда атағамыз. Осындай аумалы-төкпелі өмір сүріп, қазақ халқының тәуелсіздік жолында ерлікке лайық батылдық пен ержүректік көрсеткен, көш бастаған көсем, сөз бастаған шешен билердің бірі – Қаздауысты Қазыбек би.

Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет және Абылай хандар тұсында мемлекет басқару ісіне белсене араласып жүрген Қазыбек би де ішкі және сыртқы саясат мәселелерінде ықпал ете алатын. Ол – жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі. XVIII ғасырдың 40-жылдары Абылай хан жоңғарлар қолына түсіп қалған шақта, оны тұтқынынан босатып алуға белсене атсалысты. XVIII ғасырдың 60-жылдары Цинь империясы Қазыбек биді өз жағына шығару мақсатымен елшілерімен бірге көптеген бағалы сыйлықтар жіберген. Бірақ Қазыбек би Қытай жағына мүлде қарсы болған. Ол Абылайды Цинь империясымен қарым-қатынас жасамауға шақырған. Ел ішінде Қазыбек биді Қаз дауысты Қазыбек деп атап кеткен.

Қазыбек бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: “Дат, тақсыр!” деп жұлқынып алға шығады да: “Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – құң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен құң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге – танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – ұрысатын жеріңді айт!” – депті.

Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан.

Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – “Жеті жарғыны” жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Ел “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би өзге де билермен бірге Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барак, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасаған. Би 1762 ж. Абылай сұлтанға Қытай боғды-ханынан іргені аулақ салуға кеңес берген.

Қазыбек мемлекет істерімен қатар руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны белгілі. Ал Барак сұлтан қысастықпен 1748 ж. 24-тамызда Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп бағалаған.

XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Чиң империясы Қазыбекті өз жақтарына тарту мақсатымен оған елші жіберіп, мол сыйлықтар тартады. Бірақ ол Қытайдың қол астына қарауға қарсы болады. Сөйте тұрып, Абылайды Чиң империясымен тығыз қарым қатынас жасауға шақырады.

Қазыбек би мемлекеттік мәселелерді шешуге іскер мәмлегер дәрежесіне дейін көтерілді. Қалмақтың ханы Қонтажы қазақ елін үш рет шауып алғанда, малдан бөлек, сол шабылғының ішінде бірталай ұл мен қыздар да кетіпті. Соны сұрап, қазақтар елші жібергенде, Қонтажы ешбір есе бермеді. Абылай: «Ал, жігіттер, барындар! Жолдарың болсын, алдарың олжаға толсын, басшыларың Тайкелтір болсын, хандарың Қарқаралы хан Бергіс болсын, атшыларың мына Қазыбек бала болсын, – деп елшілікті шығарып салады. Елшілік Қонтажы ордасына жетеді. Қазақ елшілігіне қонақасын беріп, тынықтырған соң: «Иә, қазақтар, неменеге келдіңдер, айтатындарыңды айтындар да қайтындар!» – депті. Сонда қазақ елшілерінің басшысы Тайкелтір би:

*Өгізді өлеңге байладық,
Өрлікті төменге байладық,
Алдияр тақсыр алдына келіп,
Берсең алдық, бермесең қалдық,*

Сөзді өзіңе салдық, – деп сыпайы қайырған екен. Асып-тасып тұрған Қонтажы Тайкелтірдің төмендеп сөйлеген сөзіне мерейі үстем болып: «Олай болса, кешке дейін бір жауап қайтарармын. Жауап қатпайтын күн болса, ат-тонның амандығында елді тапқан да жөн болар», – депті. Үзілген сөзді жалғап қазақ жағынан ешкім шыға қоймайды. Сол кезде есік жақта отырған Қазыбек орнынан ұшып тұрып, хан Бергіске:

*Ерден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық,
Малдан малдың несі артық,
Бір-ақ асым еті артық,
Жерден жердің несі артық,
Бір-ақ уыс шөбі артық,
Міндетіне алған сөзден шегінгеннен*

Өлген аюдың өмі артық. – дейді де, Қонтажыға жетіп барып: «Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат!» – деп рухсат сұрағаннан кейін:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден күт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі, тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, құн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Сен қалмақ та, біз қазақ,

Қартысқалы келгенбіз,
Сен темір де біз көмір,
Еріткелі келгенбіз,
Екі еліктің лағын
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз,
Танысуға келмесең,
Шабысқалы келгенбіз,
Сен қабылан да, біз арыстан,
Алысқалы келгенбіз,
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желімбіз
Жабысқалы келгенбіз,
Берсең жөндеп бітімді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт,

Не ұрысатын жеріңді айт!» – деп қаһарын төге сөйлейді. Сонда Қолғажы не дерін білмей сасып қалыпты (17).

Міне, осылай елінің асыл қасиеттерін төгілтіп, екпіндетіп, жеріне жеткізе толғаған Қазыбек осы сапардан ел намысын қолдан бермес қас батырдай олжалы оралады.

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай ақ ақылымен жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген. Әбілқайырды қастандықпен өлтіргенде, Қазыбек былай деп төрелік айтады: «Уай, Барак! Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қырарсың. Жауыздың қақпасын ашсаң, қанын судай шашарсың. Ал енді еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзін бітеп, жараны өзін жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң, өмір азбайды, шырақ қайта маздайды. ..Сылтауратып сытыла алмайсың, не өліп тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың, екінші бірі, Барак!» деуі, ақыр соңында оны мойындатып: «Уа, би аға! Айттың сен, көндім кебіңе» деуге мәжбүр етуі тек Қазыбектей айбыны ай жасырған текті бидің қолынан ғана келсе керек.

Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде: «Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз деп сұрағанда, ол: «Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңқалуға болады. Оның бірі 90 туысын Қалдан Сереннің тұтқынынан құтқарған қаракесек Қазыбек те, екіншісі өзінің сондай тұтқындағы туысын құтқарған уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып, сұрап алды. Соңғысы өзінің аулында отырып, жауын қорқытып алды» деп жазады (18). Бұл заманында ақылымен қатарынан озған дана биіне ел басшысының берген нақ та әділ бағасы еді.

Қазақтың тұтас бір елдігін көксеп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, өле-өлгенше ұзақ та нәтижелі өмір кешкен аты шулы шешен биіміз Қаз дауысты Қазыбек. Қазақтың үш жүзін бір хандыққа қаратып, оның Орта жүзінің тізгінін берік ұстаған беделді биі, әділ қазы, асқан талант иесі. Тәуке ханның беделін беркітіп, халқының бірлігін нығайту, қаптаған қалың жоңғарға қарсы ерлік күрес ашып, ер жүрек қазақ ұлдарын ел мүддесін, ұлтының ар-намысын қорғауға үндеп өткен дана басшы, салиқалы сөз, салмақты мінез танытып, жастайынан ақыл-парасатымен жоғарыдан көрінген, өзіндік жол-жосық бастаулары бар ұшқыр ойлы, жаны таза кеменгер. Шешімсіз дау қалдырмай, қиын-түйіннің жігін тауып, бойындағы сөз маржанын жеріне жеткізе, сезіндіре серігілте сөйлеп, күмәнсіз сендіре білген қызыл тілдің шебері, айтыс-тартыста озып шыққан жүйелі сөздің жүйрігі, тайынбай, тайсалмай, шындықты, әділетті жақтаған абзал азамат. Халқымыздың басына қайғылы күн туып, берекесі кеткен ауыр заманында ел жұртын сақтап қалу үшін өмірін сарп еткен ардагер асқан ақыл иесі. Қара түнек қаптаған қазақ аспанына өмір сәулесін шашқан жарық жұлдызы.

Жоңғардың басым кезінде, оның аузынан от шашқан қонтайшыларынан жасқанбай, ешбір қатерден қорықпай, өзіне төнген найзаның бетін қайтарарқаһарлы тапқыр, алғыр, батыл кимылдарын, өжет сөздерін қоя білген ер жүрек адам. Қонтайшылардың үш рет тонап кеткен елінің есесін ол осы бір қасиетті істері арқылы түгел қайтарған екен. Қара күшке қасқайып қарсы барып жеңіске жеткен.

Қазыбектің:

"Алтын ұяң – отаның қымбат,

Құтбереке – атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқартауың, – әкең қымбат,
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұятпен ар қымбат,

Өзің сүйген жар қымбат"– деген сөздері қазақ жастарының ғасырлар бойы өнегелі өсиет ретінде естерінде сақталып келеді сақтала бермек.

Іргелі билеріміздің бірі – Әйтеке би. Ол қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атакты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Әйтеке Қоканға (1622-1635) хан болған Ақшаның немересі, Самарқан өмірі (1622-1656) Жалаңтөс баһадүрдің немерелес туысы. Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан.

Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің айрықша ықпалы тиеді. Алайда жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр Әйтекені өз тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған, сән-сәулетімен әйгілі "Тілләкари" (Алтынмен апталған), "Шердор" (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құқық, аспан әлемі, жағырапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Әйтеке Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға жаттығады. Баланын он екі жасында Жалаңтөс атасы, он бес жасында Ақша атасы дүниеден озады. Әйтеке медресені бітірісімен туған ауылына оралып, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақпен бірге ел басқару істеріне араласады.

Сөйтіп, жиырма бір жасында бүкіл Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарқалпақ, құрама жұртының бас биі бодды. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. 1680 ж. Салқам Жәңгірдің жасы үлкен балалары Уәлі мен Бақыны емес, кішісі Тәукені хан етіп сайлауға қазақ халқының бетке ұстарлары: Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Майлы, Төле, Қазыбек, қарақалпақ Сасық, құрама Мұхаммед, қырғыз Қоқым билермен бірге Әйтеке би де айрықша ат салысты. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқықты "Хан кеңесі" сайланды. Әйтеке Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Осы кезде бұрынғы "Қасым салған қасқа жолдың" "Есім салған ескі жолдың" заман өзгерісіне орай кейбір тұстарының ескіруіне байланысты жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі туды. Тәуке хан және жоғарыда аталған билердің қатысуымен 1684 ж. "Жеті жарғы" қабылданды. Күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған ежелгі Солон заңымен (б.з.б. 7-6 ғ.) терезесі тең бұл заңның бытыраңқы елдің басын біріктіруге, жұртымыздың әл-ауқатының артуына, ата дәстүрлеріміздің сақталуына, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды.

"Жеті жарғыға" Әйтекенің ұсынған баптарының ішінде екеуі ғана белгілі. Ол – "Сүйек құны", "Өнер құны". 1685 ж. Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы бір жан-жал үлкен дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның есерсоқ баласы бір кедейдің сұлу, акын, әнші-домбырашы қызына дегеніме көнбедің деп әбден өшігіп алады. Бүркіт ұстап, құс салатын аңшылығы бар екен. Дегеніне көнбейтініне көзі жеткен жігіт бір күні қыз қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, бүркітін шүйітіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалал өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры, ел арасы "төрежак", "қаражак", болып екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Әйткеге келіп өтініш жасайды. Әйтеке қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. Әйтекенің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Алайда Әйтеке қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, "өнер құнын" және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін "сүйек құнын" төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп Әйтекенің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі құн төлеуге мәжбүр болады. Бұл Әйтекенің ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге өнерге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді.

Әйтеке шешендігімен, "қара қылды қақ жарған" әділдігімен бірге жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтының он мың жасағына Нұрата, Қыз Бибі, Ақтау, Тамды, Кенімех төңірегіндегі алшындар мен қарақалпақтардан және құрама-лардан жиналған бес мың қол әскерімен Әйтеке қарсы аттанады. Ол әуелі Қалдан-Бошақтының өз әкесінен емес, есігінде жүрген қытай құлдан туғанын бетіне басып жерге қаратады. Ізінше жан алып - жан берген соғыс басталады да, бір күнге созылады. Келесі күні Әйтекеге Самарқаннан, Бұқарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан-Бошақты негізгі жасағы қалған Сайрам төңірегіне

шегініп кетеді. Сол жылы Сайрам талкандалып, жыл сайын Күлтөбеде өтіп жүрген "Хан кеңесі" болмай қалады. Бұдан кейінгі қазақ жиыны Қарақұмда және Тәуке хан ордасын тіккен Түркістан маңында болғаны тарихтан мәлім.

Қазақ сахарасына көз тіккен көрші елдерден қауіптенген Әйтеке би 1698-99 жж. Түркістанда өткен үлкен екі жиында бірнеше ұтымды ұсыныстар жасайды:

Ресеймен, Қытаймен не басқа бір елдермен одақ жасаудың ешбір қисыны жоқ. Олардың көксегені терезесі тең одақ емес, қазақтарды қайткенде де бодан елге айналдыру. Қазақ жұрты әлі де іргесі мықты ел бола алады. Өйткені қарамағындағы қарақалпақтар мен құрамаларды есептемегенде, әлі өз жұртынан сексен мыңдық, қол жинай алады. Шекара аймақтарында әскери соғыс әдістеріне үйретілген жасақтар ұстайық. Шекараға таяу ауылдарды ішкі бетке көшірейік.

Мал-мүлікті аямайық. Ресейден, Қытайдан, Хиуадан және Бұқара мен Түріктерден қару-жаракты ептеп сатып алайық. Әскери әдістерге әбден жетілген тұрақты жасақ ұстау үшін керекті қаражатты төрелерден, сұлтандардан, ауқатты адамдардан жинайық...

Бүкіл қазақ жасағы бір қолбасшыға бағынсын. Қолбасшы Ресей, Қытай, Түрік не Еуропаның әскери өнері жетік бір елінде оқытылсын. Ол өзі шешен, батыр, көпті көрген көсем, елшілік жұмыстарды жақсы білетін адам болсын. Ол тек "Хан кеңесіне" ғана бағынатын және айрықша құқықты адам болсын.

Қолбасшы қарадан шыққан адам болсын. Өйткені төре арасы тату емес, қай-қайсысы да хандық жолында қарабастарын ойлаудан әрі аса алмайды дейді.

Бұл Әйтекенің мемлекеттік саяси мәселелеріндегі көрегендігін көрсеткен еді. Әйтекенің бұл ұсынысын Төле, Қазыбек сынды ел басқарған билер қолдайды да, мол шығынды ауырсынған байлар қолдамайды.

Бір жағынан Қытай, бір жағынан жоңғар, енді бір жағынан орыс-казак жерін торлап, шекараға әскерлерін шоғырландырған қиын күндерде Әйтеке би Төле бимен, Қазыбек бимен біріге отырып, елді, жерді қорғауға белсене араласады. Мәртөбе мен Күлтөбеде күнде жиын кезінде алты алашты аузына қаратқан сол үшеудің біреуі – орақ ауыз, от тілді Әйтеке би ел басына терістік шығыстан қара бұлт үйіріліп келе жатқан қарсаңда бір мақсатта тізе ажыратпай талай жыл бірге күрескен серіктерін тастап, дертті болып, ата жұртына – Нұрата тауына оралады. Ол дерт Алланың жіберген ауруы емес, «Тура би туғанына жақпайды» деп, ел тағдырына қатысты мәселеде бет пен беделге қарамай турасын тіліп айтқан бидің сөзін кек тұтқан сұлтандардың қастығы еді.

Ата жұртқа келер алдында Төле би, Қазыбек би секілді үзеңгілес серіктеріне сәлем ретінде жолдаған ұзақ толғанысында Әйтеке би: «Елінен айырылған ер бақытсыз, жерінен айырылған ел бақытсыз. Құдайым ондай күнді маған көрсетпегей!» деген екен. Елім деген ердің тілегі ақ қой қашанда. Көкірегі даңғыл дана би өзі тілегеніндей елінің «ақтабан шұбырындыға» ұшырағанын көрмей, бұ жарық дүниемен хош айтысты.

Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Ол туралы аңыз әңгімелер мен жырлар да жеткілікті. Соның бірі авторы беймәлім, "Әйтеке би" деген ұзақ дастан. Биді халық "айыр тілді Әйтеке" деп атаған. Әйтеке қайтыс болғаннан кейін Нұрата тауы маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен.

Сонымен, үш бидің сыншысы халқы болды. Күлтөбенің басында хан сайлап, жер дауы, жесір дауы, билік, мемлекетаралық, тағы да басқа мәселелерді шешіп болғаннан кейін үш би ауылдарына қайтпақ болған. Қоштасарда үшеуі үш жүздің ынтымағының шайқалмай, іргелі ел, тұтас мемлекет болуына не қажет дегенді қалай ойлайтындықтары жайында мынандай толғау жолдарын қалдырған екен.

Шешендіктен не пайда,

Артында сөзі қалмаса.

Батырлықтан не пайда,

Халқына қайран қылмаса.

Хандықтан не пайда,

Қарашасын жалмаса.

Модальықтан не пайда,

Шариғатты өзгертіп,

Наиарларды алдаса, – десе, Қазыбек би былай дейді:

Үй жанында биік төбең болса,

Ол ерттеулі аттан кем емес.

От басында білгір қартың болса,

Ол жазылған хаттан кем емес.

Ей, біз, үш жүз, қазақ керіпейік,

Асылы бізге керіскен жөн емес.

Үшінші болып Әйтеке тұжырыпты:

Екі адам керіссе, оның арты қызыл шоқ,

Біз, үш жүз, керіспейік, келісейік.

Ал, керісе қойсақ, үшеуімізге де бірдей,

Хандық түгіл, ондық та жоқ.

Мен жиырма тоғыз рудан құрылған Кіші жүзбін,

Әрі көптің, әрі батырмын, әрі бимін.

Керісер болсақ,

Осы үшеуі маған жайсыз, сендерге жоқ! (19).

Міне, үш жүздің бір-біріне жақындасуын, олардың арасында болатын дау-дамай, айтыс-тартыстарды жанжалсыз шешіп отырудың ұтымды түрлерін үлгі етіп қалдырып кеткен Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің даналығы бүгінгі ұрпақ үшінүлгі-өнеге. Өрелі, өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірілік, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді, сонымен бірге олардың ұшқыр саяси ойларын заманға сай жаңғыртып, бүгінгі күннің керегіне жарату біздің міндетіміз.

1. Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттық әсері. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 4-5 бб.
2. Левишин А.И. Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу. Ақиқат, 1993-№3 - 54-64 бб.
3. Қайрат Мәми. Билер соты – әлемдік құндылық/Егемен Қазақстан. 17 мамыр, 2008.
4. Сонда.
5. Дала уәлаятының газеті. 1888, - 51 б.
6. Валиханов Ч. Собр.соч. Т.1., - Алматы, 1961. - С. 107.
7. Бектаев Қ., Қалдыбаев М. Төле би – саяси қайраткер, дипломат, психолог. - Шымкент, 1993, - 10-11 бб.
8. Алимжан К.А. Суд биев как обычно-правовое учреждение и институт обычного права//Право и государство. 1998. - №3, - с. 105-106.
9. Қазақ әдет-ғұрып құқықтық материалдары, - Алматы, 1996. - 90 б.
10. Бектаев Қалдыбек, Қалдыбаев Мамытбек. Төле би – саясаткер, дипломат, психолог. - Шымкент, 1993 - 49 б.
10. Төле би. - Шымкент, 1991. - 73 б.
11. Сонда, - 79 б.
12. Бектаев Қ., Қалдыбаев М. Төле би – саясаткер, дипломат, психолог. - Шымкент, 1993. - 59-61 бб.
13. Сонда, - 63 б.
14. Сонда, - 86 б.
15. Сонда.
16. Сонда, - 87 б.
17. Негимов С. Шешендік өнер, - Алматы: Ана тілі, 1997, - 57-58 бб.
18. Валиханов Ч. Собр.соч. Т.1., - Алматы, 1961. - С. 222.
19. Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері, - Алматы: Жалын, 1993 - 131-132 бб.

Түйін

Бұл мақалада қазақ даласындағы ойшылдардың, оның ішінде қазақ билерінің саяси ойлары саяси ғылым тұрғысынан қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются политические мысли казахских степей, среди них казахских биев с точки зрения политической науки.

Summary

In article political thoughts of the Kazakh steppes, among them Kazakh биев from the point of view of political science are considered.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН СЯСИ ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Ғ.Р. Әбсаттаров – с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультеті деканының орынбасары

Жалпы құқықтық мәдениет мәселелерін зерттеу Қазақстан жастарының құқықтық мәдениеті жөніндегі ізденістердің ерекшеліктерін айшықтауға теориялық-методологиялық негіз салды. Осыған байланысты қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде ұстанушыларына қарай: қазақстандық – жеке тұлғаның құқықтық мәдениетіне және жалпы қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетіне байланысты Қазақстанның құқықтық мәдениетінің екі концепциясы бар екендігін айтып өткен жөн.

Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениеті өз кезегінде қарқынды дамып жатқан құбылыс ретінде

қарастырылатын құқықтық өмірдің сапалылық жағдайы және қоғамдық сана: ішінде құқықтық көзқарастар, қағидалар, құндылықтық бағыттар және басқа да құқықтық сананың көріністерінің алуан түрін қамтыған.

Қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениеті дегеніміз – бұл қазақстандық тарапынан игерген құқық дәрежесі, азаматтардың құқықтық білімдарлығының дәрежесі, білімділігі, оның құқықтық білімділігінің деңгейін білдіретін және оның құқытық тәрбиесі деңгейі тұрғысынан қазақстандықтың жүріс-тұрысы мен құқықтық сана мінездемесінің сапалылық категориясы.

Қазақстандық-тұлға мен қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетіне қатысты келтірілген анықтамаларда қазақстандық қоғам қоғамға да, қазақстандық-тұлғаға да қатысы бар құқықтық мәдениет түсінігіне тән кейбір ортақ тұстарды табуға болады, дәлірек айтқанда құқытық көріністің сапалылық мінездемесі.

Қазақстан ғалымдарының кейбіреулерінің пікірінше мұндай сапалылық мәдени-құқықтық бағытпен, оны іске асыру жұмыстарымен және аталмыш жұмыстардың нәтижелерімен байланысты.

Бұл ұстанымдар тұрғысынан қарағанда мәдени құқықтық бағыттардың болуы қазақстандық-тұлғаның даму деңгейі ретінде: оның заңдар мен құқықтық идеяларды қабылдауға даярлылығы, онда іскерлік қабілеті мен құқықтық шынайылықты бағалай білу қабілеті анықталады.

Келесі кезекте, құқықтық мәдениет – бұл қазақстандық тұлғаның қазақстандық қоғамда қызмет атқаруы, осы үрдіс барысында қазақстандықтың қабілеті, біліктілігі, меңгеруі, құқықтық интеллектісінің эволюциясы.

Құқықтық мәдениет мәдени-құқықтық қызметтің нәтижесі ретінде, білімділік пен біліктіліктің берлгілі бір деңгейдегі қосындысы және оның потенциалы болып көрініс табады.

Қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық тәжірибе, құқық игеру, жеке тұлға қабілетінің дамуы мен оның азаматтық сипаттары негізінде құқықтық санасының қызмет атқару барысын көрсетеді.

Қазақстандық – тұлғаның құқықтық мәдениеті жеке тұлғаның құқықтық дамуының мінездемесі мен оның құқықтық қызметін қамтамасыз ететін деңгейін көрсетеді.

Бұл қызмет құқық саласындағы қызметінің нәтижесімен қатар жүреді. Қазақстандық қоғам мен қазақстандық-тұлғаның үзіліссіз құқықтық қатынасы жүріп отырады. Шынайылықта бұл қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениеті қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетінсіз, және керісінше қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениеті қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениетінсіз бола алмайтындығын білдіреді. Қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениеті өз мазмұнына әлеуметтік-құқықтық жиынтықтар сияқты өзге де жалпы мәдениетке тән белгілерді қамтыған. Бір ғана жекелеген қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениеті – бұл жалпы қазақстандық қоғамның, ұжымдық, қазақстандық халықтықтың құқықтық мәдениеттің бір бөлігі. Құқықтық мәдениет әлеуметтік-мәдени, саяси құбылыс сияқты бірегей болып табылады.

Осындай қисынды ойға сәйкес құқықтық мәдениет субъектісі болып табылатын барлық қазақстандық қоғам мен қазақстандық-тұлға «ортаңғы» жекелік мазмұндағы құқықтық мәдениет арқылы зерттеледі, оның ішінде Қазақстан жастары деген тұжырым жасалуда.

Қазақстандықтың тұлғасы әлеуметтік жан иесі ретінде қоғамдық қатынастардың айнадағы көрінісі емес. Жекелеген қасиеттері болғандықтан, қоғамдағы әр түрлі жағымды және жағымсыз тұстағы дүмпүлерін қабылдай отырып кез келген қазақстандықтың басқа адамнан, оны басқа қазақстандықтан ажырататын өзгеше ерекшеліктері қалыптасады. Қазақстандық-тұлға – ортаның әрекетсіз объектісі емес керісінше оның белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстандық-тұлғаның даму ерекшеліктері мен қызмет атқаруы, құқықтық мәдениетін зерттеу барысында оның қажеттіліктері мен қызығушылығы, жекелеген мақсаттарының айшықталуы, қоршаған ортамен қазақстандық-тұлғаның субъективті байланысы іске асатын психологиялық сипаттарына назар аудару қажет.

Осылайша, бізді жас қазақстандықтың тұлғалығы қызықтырады және осы тұста мынаны да назарда ұстау қажет, жастардың психофизиологиялық даму ерекшеліктері мен осы жастағы кейбір ауытқушылықтар оң дамудың алғышарты ретінде қарастырылуы мүмкін. Жас кездегі жалпы заңдылықтар тек қоршаған орта мен тәрбие шарттарына тәуелді ғана емес жас қазақстандықтың организм ерекшеліктерімен тұлғалығының өзіндік жекелеген ерекшеліктері арқылы көрініс табады. Бұл жастағы жастардың жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттерінде саналы-ерікті мінез бар. Бірақ жастардың тәні мен әдебінің дамуы әзірше толыққанды кемелденбеген, және де бұл оның іс-әрекеттері мінездемесінде көрініс табады. Психологияда боз баланың физикалық және әлеуметтік жетілуінде диспропорция байқалатындығы физикалық даму қарқынының басымдылығы дәлелденген. Бұл диспропорция көбіне жастардың іс-әрекеттерімен психикасының ерекшеліктерін анықтайтын қосымша психологиялық қиындқтар туындатады.

Жастарға өзбетінше әрекет етуге ұмтылу тән. Өзіндік ұстанымын нығайтуға деген ұмтылыс күшейеді.

Үлкендердің тәжірибесіне сүйене отырып боз бала қай кезде қалай әрекет ету керектігін, жағдайға қарай өзбетінше алдына кезіккен мәселенің шешімін табудың нақты мысалын меңгереді. Алайда ол өз бетінше мәселенің байыбына барып, шешімін тауып қана қоймай өз ортасында құрметке ие болуға ұмтылады.

Оның көкейін тесетіні бір ғана ой ол – өз тұлғалығына назар аударту, өзімен жасты өзгелерден үстемдігін көрсете білу, топта белгілі бір ой қалыптастыру.

Жастық шақ кезде әлсіз деген атаққа ие болу үрейі үдеп тұрады. Жеткіншектер өздерінің жетілгендіктерін дәлелдеу үшін кез келген адам сенгісіз әрекеттерге баруға даяр.

Қазіргі құқықтық, саяси әлеуметтену қазақстандық-тұлғаның ерік-жігер саласына қайшы әсерін тигізуде. Заңнамалық жүйелер плюрализмі жағдайында жеке тұлғаға әлеуметтік қағидалардың әсер ету біртұтастығы бұзылуда. Мұндай қағидаларды анықтау көп жағдайда жеке тұлғаның өз жұмысына айналған. Қазақстандық-тұлға, өз кезегінде жекелеген қажеттіліктерін топтық қағидаларды терең түйсіне отырып соған қарай бейімдейді яғни: өз тобы неге ие болса немесе не қаласа соны қалайды. Мұндай жүйенің әлсіреуі жекелеген қажеттіліктерді берердей болып: түрлі іс-әрекеттерге, жеке тұлғаның өмір салтынан бөлек және шынайылық шегінен тысқары қалған шарттардан жағдайға, деңгейге, ұмтылады. Мұндай әлеуметтік-психологиялық жағдайдың нәтижесінде жеке тұлғаның өз қажеттіліктерін анықтаудағы ілгерлеушілік болады.

Өмірлік тәжірибесі жоқ жас қазақстандықтар үшін дербестік мәселесі көп жағдайда әлеуметтік қағидалардан «еркіндікке қол жеткізу» «адалау» сипатын алуда.

Адалау – бұл қабыл алмау, әлеуметтік қағидалар мен талаптарды қабылдамау, баланың көпшілік алдында көрсететін өзіндік алмастырылған шарттарды орындауды ұқсастыру т.б. [1].

Құқықтық мәдениет жас қазақстандықтың дербестігі мазмұнында тікелей қазақстандық-тұлғаның құқық саласындағы өзін өзі жетілдірумен байланысты.

Мұнда құрамына құқықтық, экономикалық, саяси, әдептілік және күнделікті сана мен іс-әрекеттің өзіндік бір жүйелі құбылыс ретінде қарастыру қажет. Бұл біріншіден жас қазақстандықтың үздіксіз өзін өзі жетілдіру мәселесінің байланысын білдіреді және оның нақты іс-әрекетінің түрлі жағдайларда көптеген әлеуметтік сала қатынастарына түседі дегенді білдіреді. Бұл үрдісте қазақстандықтың жеке тұлғалығының мына тұстарына да роль пайы берілген: онда құқықтықпен қатар саяси, психологиялық, әдептілік және басқа да іс-әрекет үйлестірушілердің еншісінде. Екіншіден, қазақстандықтың жеке тұлғалығындағы жалпы мәдени дамуының құрамындағы психоәлеуметтік, этикалық, дүниетанымдық және де өзге ұстанымдарында жас қазақстандықтың өзін өзі жетілдірудегі тәуелділік те бар.

Жас қазақстандықтың өзін өзі жетілдірудегі объективті факті ол құқықтық әрекет болып табылады. Дәлірек айтқанда жүріс-тұрыстан ақ құқықтық саналылығы, құқықтық ұстанымдары және жалпы жас қазақстандықтың құқықтық мәдениеті анықталады. Іс болса қазақстандықтың өзіндік әлеуметтік-құқықтық жетілгендіктің бір индикаторы болып саналады. Онда еркіндік пен міндеттің және олардың әрекеттік нормативтерінің функциялары нақтыланады. Әрекетте бекітілген жүріс-тұрыс ережелері мен қағидаттардан нақты құқықтық қатынас тәжірибесіне көшеді.

Қазақстандықтың өзін өзі әлеуметтік-құқықтық жетілдіру контекстінде, іс-әрекет тұрғысынан алғанда әрекет объективті әрі аяқталған іс нәтижесі ретінде және осы істі жасаған кісінің құқықтық мазмұны тұрғысынан да бағаланады.

Құқықтық іс-әрекет қазақстандық тұлғаның өзіндік құқықтық сананы, іске құқықтық ұстанымдарды «енгізетін» яки талап ететін ерекше ішкі рухани-құқықтық іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Осылайша, қазақстандық тұлға өзінің құқықтық әрекеттерінде бір жағынан әлеуметтік-құқықтық мағынада өзін қалыптастырады және өзінің қоғамдағы, мемлекеттегі құқықтық жағдайын еселеп шығады да құқықтық мәдениеттің іске асуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық мәдениеттің қазақстандық тұлғаның контекстінде қарастырылуы, оның құқықтық әрекеті ерік-жігер факторынсыз мүмкін емес. Ол үшін әлеуметтік-құқықтық механизміндегі негізгі фигуралардың біріне жүгінуі керек.

Құқықтық норма интеллектуалды-эмоционалды-ерік құрылымы ретінде ортаға шығып құндылықтық қатынастардың нәтижесі болуда. Өз кезегінде құқықтық маңызы бар жағдайларда энергетикалық қозғаушы ролін атқаруда.

Осылайша құқықтық мәдениет, құқықтық әрекет арқылы өзін өзі жетілдіру, құқықтық қағидаттар арасындағы байланысты орнатылады. Ол болса үнемі тұрақты әрі мақсатты түрде құқықтық бағалау, когнитивті-құқықтық және құқықтық әрекет аспектілеріндегі мәселелерді қарастырады. Біз болсақ, осы аса күрделі мәселеде жеке психологиялық механизмдердегі жекелеген адамның құқықтық әрекетіне құқықтық мәдениеттің әсерін қарастырамыз.

Шынымен де, құқықтық мәдениет, біршама құқықтық мәселелерден хабардар болу саналы әрекетті, әлеуметтік-құқықтық өзін өзі басқара алуды қамтамасыз етеді. Алайда мынаны айта кеткен жөн, құқықтық мәдениет контекстінде құқық негіздерін білу, біршама құқықтық нормалардың бар екендігімен байланысы жоқ. Ол тәжірибеде құқықтың анықтамасын беріп мәні мен оның мазмұнын ұғынуға бағытталған.

Алайда қазақстандық тұлғаның құқықтық мәдениеті, белгілі бір кәсіп иелену барысындағы құқықтық білімнен гөрі кең мағынасы бар. Мәдениет білімге қарағанда білім сапасымен ерекшеленеді. Оның көрінісі құқықты білу мен түсіну арасындағы үздіксіз байланыспен қатар құқыққа деген сыйда, онымен қанағаттануда, құқықтық талаптардың әділеттілігіне көз жеткізуде байқалады.

Құқыққа деген құрмет, қазақстандық-тұлғаның екі деңгейлі маңызды элементі болып табылады. Онда: психологиялық (сезім, эмоция, көңіл-күй, уайым және құқық жөніндегі ойлар) және идеологиялық (құқықтың саналы бағасы, құқық мәнін ұғыну, оның әлеуметтік құндылығы, оның талаптарын орындау қатынасы).

Құқыққа деген сый, тек құқыққа негізделген әрекетті ғана білдірмейді. Онда қоғам алдындағы жауапкершілік және қатар әдет пен үйреншікті құқықтық әрекет арқылы құқықбұзушылықты болдырмауға арналған күш мағынасын білдіреді. Қазақстанның құқықтық мәдениеті міндетті түрде азаматтардың құқықтық білімдері мен идеяларын өздерінің ұстанымдарына айналдыру мағынасын білдіреді. Ал ұстанымдары болса өз кезегінде белгіленген қағидаттармен жүруді марапаттаса, екіншіден қазақстандықтардың ерікті әрекеттеріне әсер етіп мақұлданбаған әрекеттерден сақтайды. Құқықтық ұстанымдар біркелкі тұрақтылықпен сипатталады. Олар үнемі өзгерістегі жағдайға қарап дереу өзгермейді. Құқықтық ұстанымдар үнемі қалыптасуын жалғастыра береді [2].

Қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениетінің бір тұсы оның құрылымы. Қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениетінің өзінше деңгейлері бар: күнделікті, кәсіби және теориялық. Бірақ әңгіме жас қазақстандықтың құқықтық мәдениеті туралы болып отыр. Оған терең мазмұны жоқ, қарапайым құқықтық мәдениет деңгейі тән.

Қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениетінің қарапайым деңгейі Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетінің компоненті бола отырып жалпы қазақстандық қоғамның құқықтық деңгейінің дамуындағы үрдістер мен құбылыстардан көрініс табады. Қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетінің жалпы құқықтық жүйе шеңберінде қалайша анықталатынын түсіну үшін құқық нормаларының тәжірибедегі барлық салаларды әдептілік-саяси және нақты-тарихи әдістерді қолданған жөн.

Белгілі болғандай, қазақстандық қоғамның құқықтық жағдайының ерекшеліктері адам санасында көрініс табады. Азаматтардың қарым-қатынасын реттеудегі құқықтың және негізгі әлеуметтік-саяси институттардың толық жетілмегендігі Қазақстан мемлекетінің құқықтық емес деп санайтындықтарынан болып отыр. Мұндай ұстаным қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасу негізінде жатыр. Ал құқықтық емес мемлекетте, құқық азаматтар үшін құндылық болып саналмайды. Сондықтан да ол сырттан кірме, қинау дегенге саяды. Онда заңды тыңдау, ұстану, міндеттеу тек істелген іс үшін жазасы болған жағдайда ғана, бір «бақылаушы» бар кезде ғана ал басқа уақытта оған мән бермеуге болады. Мұндай жағдайда азаматтар мен әлеуметтік-саяси институттар арасында заңсыз формальды емес парақорлық, қоқанлоқы, экстремизм элементтері күшейе бастайды.

Елдегі жағымсыз құқықтық жағдай жас қазақстандық-тұлғаның құқықтық мәдениеті мен құқыққа деген қатынасының қалыптасуына өзіндік ізін қалтырады. Күнделікті құқықтық мәдениетте білімділік пен білімсіздік болуы мүмкін. Соңғы уақыттағы құқықтық саладағы өзгерістер көптеген жастардың пікірінше жағымсыз деп бағалануда. Құқықтық жағдайлардың барлығын (азаматтар тарапынан құқықтық нормалардың орындалуы, мемлекеттік қызметкерлер, сот жұмысы, адвокаттар, қылмыспен күрес т.б.) бағалауда оларға оң баға бергендердің санына қарағанда жағдайдың ушығуына қарап, соның көптігіне қарай баға берушілер басым. Жас қазақстандықтар заңды негізінен олардың өздеріне сый-құрметсіз қарағандықтан емес сыртқы факторларға бола бұзады.

Әрі қарай жалғастырар болсақ, жас қазақстандықтар құқық қорғау ұйымдарын, жергілікті атқару билік, қоғамда өзіндік орны бар әрі сөзі өтетін тұлға және өздерінің жекелеген байланыстарын сотқа барып жүгінуден жоғары қояды. Қазақстандықтардың негізінен құқықтық белсенділігі төмен болып саналуы (өз құқықтарын сотта қорғауда) мынада:

- Сот жүйесінің шешім қабылдауда әділ еместігі және жемқорлық пен жалпы сот жүйесіне сенбеушілік.

- Халық пен құқықтық ұйымдардың арабайланысын ұйымдастырудағы кемшіліктер: ұзаққа созу, әурешілік, сотта қаралуы ұзақ уақытқа әрі түсініксіз жұмыстары, сот жұмысының дұрыс ұйымдастырылмағандығы; адвокаттар институтының дамымағандығы, көпшілік халыққа адвокаттар қызметінің қолже-

тімділігі, сот шешімінің тез арада орындалмауы, сот қызметіне төленетін соманың үлкендігі, айыпталушының өшпенділігінен қорқу (еңбек заңын бұзушы жұмысберушілер жиірек көрсетіледі).

- Құқықтық ұйымдар мен халық арасындағы қатынастың толыққанды жұмыс істеу механизмдерінің болмауы жалпы сот жүйесіне деген сенімсіздік жас қазақстандықтардың мұндай қатынасқа психологиялық даярсыздығы.

- Құқықтық ағарту деңгейінің төмендігі мен білімсіздігі осы саладағы ақпараттық-үгіт саясатының жоқтығына саяды.

Мұндай жағдайды ушқтыратын тағы бір жайт ол, «әкелердің» есінде қалған социалистік кезеңнің кеңдігі. Онда мемлекет, азаматтарының әлеуметтік қамқорлығын өз мойнына алып отырған. Мысалға алынғы буын еңбек пен баспана мәселелерінде социалистік құқықты еске алып отырады. Сондықтан да жұмыссыздық, баспанамен қамтамасыз етілмеуде мемлекеттік жүйенің болмауын «мызғымас құқыққа» қастандық деп бағалауда.

Елде жасы болсын алдыңғы буын болсын білім беру мен медициналық қызмет салаларында әлеуметтік құқық қадағаланбауда деп есептейді. Қазақстандық-тұлғаның «либералды» құқы-яғни еркіндігі де қауіпті жағдайда. Оның үстіне бұл қауіп өзін қорғауға арналған тәртіп сақшыларынан төніп тұр. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз мемлекет пен оның қауқарсыздығы, құқықтық жүйе дұрыс қарастырылмаса халық үшін үрей аларлық жағдай туғызуда, бір қалаймақандық сезімі туындауда.

Азаматтық құқықтың бұзылуына деген көпшіліктің пікірі мен әрекеті шаршап қалған бейқамдық («шыдау керек, ешқайда да құтыла алмайсың») болып отыр. Мұндай шара әділетсіздікпен күресуден бас тарту дегенді білдіреді, әрекеттің заңсыз түрлері мен стратегиясының ортаға шығуын қалыптастырады (салық төлеуден бас тарту, жартылай қылмыстық немесе өмір сүрі үшін қылмыстық жолмен пайда табудан бастап, бір кикілжің туындаған жағдайда бұзақылардан пана іздеуге дейін жетуде). Құқық бұзушылыққа қарсы күрес ретінде кең тараған стратегия бұл тамыр-таныс іздеу, жеке танитын адамдардан көмек күту. Бұл дегеніміз жеке тұлғалардың институционалды байланыстарды алмастырып әр нәрсені заңмен реттеуден гөрі өзге жолдарға бой ұруда. Мұндай жағдайда заңға бағынбайтын тенденциялар күшеюде.

Қазақстандықтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділіктерін тәжірибеде іске асуын тежеп отырғандар қатарында аймақтарда қоғамдық ұйымдар жайлы мәліметтердің қолжетімсіздігі мен мұндай әрекеттің қауіптілігі болып отыр.

Осылайша қазақстандық жастардың әлеуметтік-құқықтық бағыттағы әрекеті негізінен жастардың құқықтық мәдениетінің қарапайым деңгейде көрініс табуда. Құқықтық феномендердің негізгі тенденцияларын қабылдау мемлекеттік-құқықтық білім деңгейін, халықтың әлеуметтік-құқықтық белсенділігінің төмендігінде. Әлеуметтік-экономикалық жағдай Қазақстанның саяси, негізгі әлеуметтік институттардың позитивті құқықтық ұйымдарына деген сенімнің артуына үлес қоспауда. Жалпы Қазақстанның жас азаматтары заңды елегісі келмегендіктен емес жағымсыз құқықтық жағдай қалыптасқандықта. Қолайлы құқықтық алаң құраушы болып жастардың ынтасын заңмен жүруге оңтайлы пікір қалыптастыруға қызмет етушілер керісінше көп жағдайда қызмет істеп жүргендердің атынан қолайсыздықтар жасауда.

Қазіргі таңда қазақстандық қоғам өз басынан өтпелі кезеңді өткеріп отырғанда құқық саласы оның ішінде жалпы құқық жөніндегі таяз біліммен сипатталуы, қазақстандық жастардың құқықтық мәдениетінің төмендігі, оның қарапайым көріністерінде орын алуда. Қазақстандық жастардың іс-әрекеттерінде формальды құқық нормаларының бұзылуына негіз болғаны, олардың сезімталдық ұстанымының басым болуында.

Құқықтық мәдениет қазақстандық қоғамның құқықтық дамуын, оның құрамдас бөлігі болып табылатын демографиялық топтар, таптар, жеке тұлғалардан тұратын қауымдастықтар арасында үйлестіруші сипатта алға шығуда [3]. Қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениеті көбіне құқықтық ұйымдар, құқықтық нормалардың әр саладағы тәжірибеде құқықтық жүйенің өзі анықтайды.

Сонымен, Қазақстан жастарының құқықтық мәдениетін саясаттанулық зерттеу көбіне құқықтық мәдениеттегі талдануы жекелеген контекстте қарастырылады. Ол болса құқық саласында жас қазақстандықтардың өзін-өзі жетілдірумен тығыз байланысты. Аталмыш аспекті қызметтік тұрғыдан біздің зерттеу мақсатында қолдану ақылға қонымды.

Жас қазақстандықтың өзін-өзі жетілдіруі құқықтық мәдениеттің қарапайым деңгейінде іске асады. Мұның өзі заңдылық пен құқықтық тәртіп тұрғысынан алғанда қазіргі жағымсыз мағынадағы әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси және мәдени-тарихи қатынастардың объективті жағдайына тәуелді. Қазақстан жастары жеке тұлғалығының құқықтық мәдениетінің терең мәніне үңілу үшін бұл контекстте нақты-тарихилықпен қатар саясаттану тұрғысынан қарастыру қажет.

1. *Новейший социологический словарь*. - Минск, 2010. - С. 702.

2. Қараңыз: *Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans*. - Berlin, 2012. - S. 135-141.

3. Қараңыз: Абсаттаров Г.Р. *Правовая культура населения – важнейший фактор совершенствования правовой политики Республики Казахстан // Вестник КазНПУ. Серия социологические и политические науки*. 2012, - №2. - С. 143-155.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы теоретико-методологические основы политологического исследования правовой культуры молодежи Казахстана, которые в научной литературе еще не исследованы.

Summary

In article questions teoretiko-methodological bases of politological research of legal culture of youth of Kazakhstan which in scientific literature aren't investigated yet are considered.

ӘЛЕМДІК САЯСАТ ҒЫЛЫМИ ПӘН РЕТІНДЕ

Л.Х. Матакбаева – с.ғ.д., доцент, Саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасы

Әлемдік саясат – (ағыл. *world politics*) қалыптасу кезеңіндегі жаңа ғылыми пән. Әлемдік саясаттың басқа пәндер тәрізді өзінің қалыптасу және даму тарихы бар.

Әлемдік саясат ұғымының жаңа бір тұрақты түсінігі толықтай қалыптасып болмағандықтан, бұл термин аясына әр түрлі мағына сиып кетеді. Әлемдік саясат бір еңбекте қандай да бір сыртқы орта, ал екінші бір жұмыста – біртұтас саяси қызмет және халықаралық қатынастар жүйесі, үшінші кезекте – күшті державалардың сыртқы саясаты ретінде түсіндіріледі.

Сан-салалы ғылыми пәндер мен сан алуан амалдар тоғысында пайда болған әлемдік саясат халықаралық қатынастар және саясаттану ғылымдарымен мейлінше тығыз байланысты болып табылады. Тарихи тұрғыда, бірінші болып ішкі саяси проблемалармен айналысатын саясаттану ғылымы пайда болды.

Халықаралық қатынастар (ағыл. *тілінде: international relations*) ғылыми пән ретінде бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасты. Сондықтан, бейбітшілік пен соғыс мәселесі, анағұрлым кең ауқымды мағынада мемлекеттердің өзара әрекеттестік мәселелері, Европалық өркениетті бірінші дүниежүзілік соғысқа алып келген үрдістердің мәнін түсіндіретін халықаралық қатынастар жөніндегі зерттеулердің негізгісіне айналды. Содан кейінгі уақыт аралығында халықаралық қатынастар айналысатын мәселелер аясы кеңейді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынастарға деген ықылас арта түсті, бұл пән қарқынды даму сипатын иеленді.

Әлемнің Вестфальдік бейбіт бітімгершілік шеңберіндегі ішкі және сыртқы саясат салаларының айқын жіктелуі саясатты ұлттық және халықаралық деңгейде жекелеген саяси қоғамдастық ретінде оқып үйренуге алып келді: *International Political Science Association, IPSA* – саясаттанушыларда және *International Studies Association ISA* (формальды түрде Солтүстік Америка қауымдастығы, бірақ, шын мәнінде халықаралық ұйым) – «халықаралық саясаттанушыларда» өздерінің салалық журналдары мен конференциялары...

Әлемдік саясаттың ғылыми пән ретінде қалыптасуы көбінесе 1940-шы жылдардың аяғында жарық көрген «Халықаралық ұйым» (*International Organization*) журналымен тығыз байланысты. Ол өз ортасына кілең әлемдегі трансұлттық корпорациялар қызметі, қаражат, сауда сияқты мәселе-лерді зерттейтін авторларды топтастырды. Бұл зерттеулердің дамуы ақыры халықаралық жүйені, яғни, экономикалық және саяси процесстердің өзара байланысын, ішкі және сыртқы экономикалық ортаның өзара әрекеттестігін біртұтас зерттеу қажеттігіне алып келді.

Сол уақыт аралығында экономикалық фактордың маңызы арта түсті. Бірқатар европалық елдердің экономикасы өрлей түсті, сондай-ақ, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қирап қалған Жапонияның экономикасы алға басты. Соның нәтижесінде, дамыған және дамушы елдер арасындағы қар-қынды экономика проблемасы шиеленісе түсті. Дүниежүзі мемлекеттеріндегі экономикалық өсу қарқынын айқындаған бір ахуал 1973-1974 жылдардағы энергетикалық дағдарыс. Сол кездері мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымдары (ағылшын тілінде: *Organization of Petroleum. Exporting Countries. OPEC*) оны өндіруді шектеді. АҚШ-тың орасан зор қуатты әскери-саяси потенциалы қандай да бір істі жүзеге асыруға қауқарсыз болып қалды. Сол кезде бұл проблемаларды шешу үшін мұнайды экспортқа шығаратын елдерімен (МЭҰ) келіс-сөз жүргізу қажет болды.

1970 жылдары халықаралық қатынастарды зерттеумен айналысқан ғалымдардың бірқатары сонымен бір мезгілде әлемдегі экономикалық фактордың ролінің өсуіне де баса назар аударды. Содан кейінгі жылдары бұл салада зерттеу жұмыстары жоғары қарқын алып, халықаралық экономикалық саясат ХЭС (ағылшын тілінде: *international political economy – IPE*) деген атқа ие болған ғылым саласы дами бастады.

Бұл құбылыстардың барлығын талдау *халықаралық экономикалық саясат ХЭС* (ағылшын тілінде: *international political economy – IPE*) деген атқа ие болған ғылым саласының қалыпта-суына негіз болды.

Зерттеудің екінші бір маңызды бағыты мемлекеттің ішкі саяси ұйымдастырылуы ұлттық және ұлттықтан жоғары тұрған деңгейдегі эконо-микалық тәртіпке айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттестігін зерттеу әлемдік саясаттың ғылыми пән ретінде қалыптасуында өте маңызды роль атқаратыны даусыз.

Одан әрі зерттеушілер ішкі саясаттың сыртқы саясатқа қалай ықпал ететінін, сонымен қатар, халықаралық жүйенің ішкі саяси құрылымдар мен үрдістеріне қалай әсер ететініне айрықша мән бере бастады. Ішкі және сыртқы саясаттың арақатынасына, осыған орай зерттеулерге сәйкес барлық құбылыстар айқындалып, халықаралық қатынастар мен саясаттанудың, әсіресе, демократиялану, қайшылық, т.с.с. проблемаларды зерттеуде халықара-лық қатынастар мен *салыстырмалы саясаттанудың* арасы жақындай түсті. Бәлкім, келешекте салыстырмалы саясаттанушылар жалпы дүниежүзілік даму тенденцияларын есепке ала отырып, әр түрлі елдердің саяси жүйесінің салыстырмалы талдауына ғана емес, сонымен қатар, аймақтар мен қалалардың, халықаралық ұйымдарды салыстыра зерттеуге назар аударып, өздерінің «пост-Вестфальдік салыстырмалы саясаттануларын» жасайтын болар. Ағылшын зерттеушісі К.Бустың «саяси ғылым ғаламдық деңгейдегі саясатты түсінудің бір тармағы ретінде ғана зерттелуі мүмкін» деп наразылық білдіруі сірә, тегін емес. Өйткені, К.Бус әлемдік саясат – саяси ғылымның түп тамыры болуы керек, тек керісінше емес дегенді айтып отыр.

Бұл зерттеулер «қырғи қабақ» соғыс жылдарын, яғни, халықаралық қатынас саласындағы батыс зерттеушілері экономикалық үрдістердің саяси аспектілеріне терең мән беріп, баса назар аудара алмаған кезеңді бастан өткерді. Коммунизмдегі негізгі қауіп төніп тұрған тұсты көріп, олар жоғарғы деңгейдегі (ағылшын тілінде: *high politics*) саясат деп аталатын қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін зерттеуге ден қойды. Сол кездері экономика проблемасы екінші кезекке ысырылып, төменгі деңгейдегі саясат (ағылшын тілінде: *low politics*) деген атауға ие болды. Осындай баламалық зерттеулер артықшылықтары Кеңес ғылымында да болды.

Ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттестігін айқындауға американдық автор Р.Патнэм (*R.Putnam*) айтарлықтай үлес қосты. Ол сыртқы саяси шешімдерді қабылдаудың екі жақты үлгісін ұсынып, мемлекеттер арасындағы халықаралық келіссөздердің біріншіден, мемлекет-тер арасындағы, екіншіден, олардың әрқайсының өз ішіндегі екі жақты ымыраласу қызметін атқаратын болды. Сондықтан да, келіссөздегі ұстанымдарды анықтау үшін келісім қажет еді. Мысалы, әр алуан ведомстволар мен жетекші саяси партиялар арасында ұстанымдарды айқындауға дайындық кезеңіндегі және келіссөзге қол қойылғаннан кейінгі уақыттағы келісім қажет. Әсіресе, ол келіссөз ратификацияны талап ететін болса.

Р.Патнэм тұжырымының мәні мынада: мемлекеттің халықаралық келіссөздегі ұстанымы айтарлықтай күшейе түсуі мүмкін, егер ол мемлекет «ішкі» ымыраның соншалықты зор емес екеніне келесі жақтың көзін жеткізе алғанда ғана.

Әлемдік саясаттың ғылыми пән ретінде қалыптасуына айрықша ықпал еткен ғылыми бағыттардың бірі халықаралық институттарды зерттеу бағыты болды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін халықаралық ұйымдардың қаулап өсуі анық байқалды. Бұл құбылыс халықаралық қатынастар саласы мамандарының, саясаттанушылардың, сондай-ақ, экономистердің талдау нысанына (объектісіне) айналды. Әсіресе, Біріккен Ұлттар Ұйымына, оның бейбітшілік операцияларына айрықша назар аударылды. БҰҰ-ның «қырғи қабақ» соғыс шындықтары мен күшті державалар бәсекелестігіне бейімделу проблемалары талқыланды.

Ұжымдық қауіпсіздік проблемаларын зерттеген Карл У.Дойч (*K.W. Deutsch*) зерттеулеріндегі қауіпсіздік негізінде халықаралық байланыстардың ымырасы мен интенсификациясы жатқандығын атап өтті. Мемлекетаралық ынтымақтастық пен интеграция ең маңызды проблемаға айналды. Одан әрі бірқатар зерттеушілер, мысалы, Э.Хаас (*E. Hass*) проблема сол кезде әрекет еткен еуропалық экономикалық қоғамдастық пен басқа да халықаралық ұйымдардың проблемасы олардың өз істерін атқара алмағандығында емес, өз қызметтерінің ауқымын кеңейтуге ұмтылғандықтарында болды. Олар бұл құбылыстың өз жарғылары арқылы шектелгендігін көрсетті. Оған қоса, халықаралық ұйымдар алғаш пайда болған кездегі кейбір мақсаттар олардың әрекет ету аясы дамыған сайын қызмет ауқымын кеңейтуді талап етті.

Ақырында, әлемдік саясаттың қалыптасуына халықаралық ұлттық қатынастардың толып жатқан проблемалар бойынша ролі мемлекеттік проблемамен тең түсетін көп қырлылығы фактісі констатацияларының; өзара тәуелділіктің түп негізі талқылауларының; халықаралық режимдік зерттеулерінің анықталуына байланысты теориялық зерттеулер орасан зор үлес қосты. Осылайша, әлемдік саясат мынадай құбылыстар аясында пайда болды:

- Халықаралық ұлттық акторлар қызметіне байланысты түбегейлі өзгерістерді түсінудегі жаңа либералдық дәстүр қосқан айтарлықтай үлесімен әлемнің саяси жүйесінің тұтастығын айғақтайтын халықаралық қатынастар саласындағы теориялық зерттеулердің;

- Ішкі және сыртқы саясаттың өзара байланысы туралы таным-түсініктердің;
- Халықаралық саяси экономияның;
- Халықаралық ұйымдар талдауларының;
- Салыстырмалы саясаттану бойынша айрықша маңызды болған саясаттанудың.

Халықаралық зерттеулердегі теориялық тәсілдердің тұтастығы мейлінше астасқан конгломерат болып табылады. Әлемнің саяси жүйесі біртіндеп дамиды, бірақ, түпкілікті өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Ал мемлекет әлемнің саяси жүйесінің ең маңызды элементі болып қала береді. Себебі, басқа акторлар онымен тең түсе алмайды. Демек, XX ғасыр бойы қалыптасқан мемлекетаралық өзара әрекеттестіктерді танып білуге жол ашатын халықаралық қатынастар пәнін басқа пәнмен алмастырудың еш қажеті жоқ. Тек оған аздаған түзетулер енгізіп, қажет болған жағдайда басқа халықаралық ұлттық акторлардың оған тигізетін ықпалын есепке алған жөн. Осындай елеусіз модификациялардың қатарына аймақтық деңгейден әлемдік деңгейге шыққан, бірақ, шын мәнінде ешнәрсесі өзгермеген Вестфальдық саяси жүйені жатқызуға болады. Осыған орай, бұл жағдайда «әлемдік саясат» «халықаралық қатынастар» ғылыми пәнінің синонимі болып табылады. Ендеше, әлемдік саясат деген жаңа терминді арнайы енгізудің еш қажеті жоқ.

Американдық автор Дж. Гольдштейн (*J.S. Goldstein*), француз зерттеу-шісі М.К. Смуте (*M.C. Smouts*) және басқа да көптеген авторлар пәннің бұрынғы ескі атауы сақталып қалу себебі түсінікті деп есептейді: ғылыми дәстүрлерді жалғастырып, ғылым дамуының тарихи тамырын тереңнен іздеу қажет. Сонымен қатар, мұндай позиция зерттеуді адасушылыққа алып келуі мүмкін.

Екінші көзқарас халықаралық қатынастардың астарында әлемнің қазіргі заманғы саяси жүйесінің өзегі болып табылатын мемлекетаралық қатынас-тарға байланысты зерттеулердің дәстүрлі саласы сақталып қалып отыр деген тұжырым жасайды. Ғылыми пән ретіндегі әлемдік саясат әлемнің саяси жүйесін танып білуді бағыттады және өзіне классикалық халықаралық (яғни, мемлекетаралық) қатынастарды, сондай-ақ, басқа да трансұлттық акторлар қызметін қосып алады. Бұл көзқарас американдық авторлар Г.Эванс (*G.Evans*) пен Дж. Ньюнхэмнің (*J.Newnham*) халықаралық қатынастар бойынша сөздігінде көрініс тапқан. Аталмыш авторлар халықаралық қатынастар немесе халықаралық саясат деген ұғымдарға қарағанда, «әлемдік саясат» терминінің мемлекетаралық қатынастарға қатысы жоқ деп есептейді. Бұл ретте біз 1976 жылы шыққан жаңа идея негізін қалағандардың бірі Дж.Розенау (*I.Rozenau*) өзінен басқа екі зерттеушімен К.Томпсон (*K.Tompson*) мен Г.Бойд (*G.Boyd*) секілді авторлармен бірігіп жазған «Әлемдік саясат» оқулығын мысалға келтіре аламыз. Ол төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы үш бөлімі мемлекет пен мемлекетаралық өзара әрекеттестікке, ал бар болғаны соңғы, төртінші бөлімі ғана әлемнің жалпы даму тенденцияларын талқылауға арналған. Соңғы 30 жыл аумағында әлемдік саясат туралы американдық оқулықтардың құрылымы өзгерді. Мемлекетаралық өзара әрекеттестікті жеке талдауға орын аз беріледі, бірақ, бұл мәселе мәтінде міндетті түрде ұшырасады.

Қарастырып отырған мәселеге байланысты Ресей әдебиеттерінде де батыстық тәсіл бойынша аралас ғылыми және білім беру пәндері әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарға жіктелуде. Мысалы, Н.А. Косолапов «халықаралық қатынастар» (*international relations*) деген ағылшынша түсінік, орыс тіліндегі мемлекеттер арасындағы «Европадағы капитализмнің қалыптасуымен бірге» пайда болған халықтар мен ұлттар арасындағы байланыс деген ұғымды білдіреді деп жазады. Белгілі ғалым П.А.Цыганков «егер халықаралық қатынастар белгілі дәрежеде мемлекетаралық өзара әрекеттестіктерді талдаумен байланысты болса, онда әлемдік саясат мемлекеттің халықаралық қарым-қатынастың белді мүшесі ретіндегі шетке ығыстырылмайтын дәстүрлі емес акторлардың халықаралық ортасын қалыптастырудағы ролі» айрықша екенін өз зерттеулерінде атап өтеді.

Ақыр соңында, мынадай үшінші нұсқа пайда болды. Халықаралық қатынастар мемлекетаралық өзара байланыстар мен өзара әрекеттестіктерді оқытса, ал әлемдік саясат басқа трансұлттық акторлар қызметтерінің саяси аспектілерінің күллі негіздерін танытып түсіндіреді. Дегенмен, бұл нұсқаның жүзеге асуы екіталай. Өйткені, жуық арада мемлекетаралық қатынастарды әзірше белгілі дәрежеде басқа трансұлттық акторлардың қызметінен (халық-аралық қатынастарды зерттеудің дәстүрлі саласы) мейлінше бөліп алып қарастыратын болсақ, онда соңғысы әлемдік аренадағы саяси белсенділікті мемлекетаралық өзара әрекеттестікпен салыстырмай зерттеу өз мәнін жоғалтады деген сөз. Трансұлттық компаниялардың, мемлекет ішіндегі аймақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың (НПО) қызметі Вестфальдік бейбіт бітімгершілік ретінде келісімге қол қойылғаннан кейін дамып келе жатқан әлемнің саяси жүйесіне бірігіп кетеді. Оған қоса бұл акторлардың ала-құлалығы олардың қызметін халықаралық қызметпен салыстыруға бірден шек қояды. Мысалы, трансұлттық компаниялар мен, үкіметтік емес ұйымдардың. Сондықтан да олардың өз алдына дербес сала ретіндегі қызметін «біртұтас әлемдік саяси қызмет» ретінде жіктеу ақылға сыймайды.

Осылайша, қазіргі заманғы әлемнің саяси жүйесін түбегейлі өзгерту туралы тезис қабылдау екі ғылыми пәнді бөлуді қажет деп есептейді: біріншісі – бүгінгі таңда өзекті болып табылатын мемлекетаралық қатынастарды және әлемдік саясатты оқытатын – халықаралық қатынастар, екіншісі – халықаралық қатынастарды, сондай-ақ, әр түрлі трансұлттық акторлар қызметінің нәтижесі болып табылатын қатынас-

тары талдауын қамтитын әлемдік саясат. Сонымен, басқаша айтқанда, әлемдік саясаттың ауқымы халықаралық қатынастардан әлдеқайда ауқымды деген сөз.

Халықаралық қатынастар алғашқыда әлемдік саясат дамыған негізде құқық, тарих, экономика секілді пәндердің деректері мен тәсілдерін пайдаланды. Нақты жағдайға, соның ішінде ұлттық тұрғыдағы мәселенің мәніне байланысты сол пәндердің біріне баса назар аударылды. Кейіннен ғылым дами келе, өз аясына тарихи, экономикалық, құқықтық білімдерді сіңірген халықаралық қатынастардың пәнаралық сипатын ажыратып көрсете бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пәндердің қатары толығына түсті. Атаулы ғылыми салаларға саясаттану, демография, экология және басқа да пәндер қосылды.

Әлбетте, пәнаралық принцип халықаралық саладағы сан алуан факторларды есепке алуға мүмкіндік тудырып, әсіресе, сол саладағы тәжірибелік іспен айналысатындар үшін оң нәтиже берді. Сол принциптің негізінде халықаралық қатынастар пән ретінде оқытылатын университеттерде, әсіресе, кадр даярлау мәселесінде пәнаралық бағдар басты назарға алынды. Дегенмен, бұл жерде саяси құрамдас бөліктердің басқа аспектілердің аясына сіңіп жойылып кету қаупі бар.

Міне, осының бәрі әлемдік саясаттың ғылым ретінде дамуына міндетті түрде ықпал ететіні даусыз. Ғылыми пәндердің қайта қарастырылу мүмкіндігіне байланысты тым маңызды және ауқымдық сипатының салдарынан көптеген авторлар, соның ішінде американдық авторлар әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың ара жігін біржолата ашып тастамау керектігін айтып, әділетті тұжырым жасайды.

Әлемдік саясат АҚШ-та және Еуропа елдерінде «*халықаралық қатынастардың социологиясы*» ретінде қалыптасты. Кейбір авторлар «ғаламдық саясат» (*global politics*) деген терминді қолданады. Ғылыми әдебиетте «*халықаралық зерттеулер*» (ағыл.: *international studies*) деген бейтарап ұғым қолданылады.

Қорыта айтқанда, әңгіме арқауы пәндік саласы саясат болып табылатын, біртұтас ғылыми тетігі арқылы бірыңғай ғылыми пәнге негіз қалау туралы екендігін айта кеткеніміз орынды. Қазақстанның саясаттанудағы осы бағытында әзірше алғашқы қадамдар ғана жасалды.

Бүгінгі әлемдік саясат – бұл саяси қызметтің жиынтығын зерделеуші, қарқынды дамушы ғылыми пән, түрлі халықаралық ұлттық акторлардың саяси қатынастары және солармен қалыптастырылған саяси институттар мен үрдістері. Ол әлемдік саяси проблематиканың тұтастай спектрін қамтиды.

Әлемдік саясат ғылыми пән ретінде дүние жүзінің саяси жүйесіне талдау жасауды ұсынады: акторлардың қызметі мен өзара әрекеттестігін талдау; әлемнің қазіргі заманғы саяси дамуындағы жаһандану, аймақтану, демократиялану, интеграция, дезинтеграция тәрізді негізгі тенденцияларын және сол мәселелердің теориялық тұжырымдарын анықтау.

Қорыта келгенде.

1. Әлемдік саясат XX ғасырдың екінші жартысында неолиберальдық теориялық дәстүрлер шеңберінде ғылыми бағыт ретінде пайда болды.

2. Әлемдік саясаттың түп негіздері халықаралық ұйымдардың, халықаралық саяси-экономикалық үдерістердің, саясаттанудың, халықаралық қатынастардың зерттеулерінен бастау алады.

3. Халықаралық проблемалар бірыңғай жалпы әлемдік контексте қарастырылады.

1. Богатуров А.Д. *Понятие мировой политики в теоретическом дискурсе // Международные процессы, 2004 (январь-апрель) т.2 - №1 - с. 16-33.*

2. *Internationale politik: <http://www.germany.org.ru> (на русском и немецком языках).*

3. Кулагин В.М. *формирование новой системы международных отношений // Современные международные отношения / Под ред. А.В. Торкунова. - М., 2004. - С. 38-69.*

4. Матакбаева Л.Х. *Современные подходы к исследованиям международных отношений и мировой политики // Вестник. Серия «Социологические и политические науки» - №2(38). - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2012. - С. 62-67.*

5. Цыганков А.П. *Теория международных отношений. – М., 2002.*

Түйін

Әлемдік саясат ғылым ретінде XX ғасырдың екінші жартысында неолиберальдық теориялық дәстүрлер шеңберінде ғылыми бағыт ретінде пайда болды. Мақалада әлемдік саясаттың қалыптасуы және оның халықаралық қатынастармен өзара байланысы талданған.

Резюме

Мировая политика как научная дисциплина возникла во второй половине XX века в рамках неолиберальной научной традиции. В статье анализируется формирование мировой политики как науки и ее взаимосвязь с международными отношениями.

Summary

World politics as a scientific discipline appeared in the second half of the XX century in the neo-liberal academic tradition. The article analyzes the formation global politics as a science and its relationship to international relations.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЫБРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Р.Б. Әбсаттаров – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филос.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,
Т.Ж. Қалдыбаева – әлеуметтану ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры

Қазақ халқының патриот ұлы, демократ, драматург, ұстаз, халық ағартушысы Ыбрай Алтынсариннің әлеуметтік-саяси тұлғасының қалыптасуы мен қоғамдық қызметі Қазақстанның тарихындағы тағы бір өтпелі кезеңнің ерекшеліктерімен байланысып жатыр. Ол – қазақ даласы оның құрамды бөлігі болып отырған Патшалық Ресей мемлекетінің Батыста бой көтеріп үлгерген капиталистік экономикалық және саяси құрылымдардың ықпалымен феодалдық-крепостниктік тәртіптен қоғамдық дамудың келесі сатысына, капитализмге өтуге бет алу кезеңі болатын. Соған сай ел ішінде білімдік-мәдени, саяси және экономикалық елеулі қозғалыстар басталған еді. Қазақ даласында да оның кейбір сұраныстары көрініс таба бастады. Соның бір елеулі құбылысы ретінде алғашқы зайырлы мектептердің жұмыс істей бастауын айтуға болады. Ондай мектептердің бой көтеріп жұмыс жасауы отарланушы бұратана халық ретінде қазақ әлеуметін бағындырып ұстап отырудың, олардың империялық экономикалық саясаттың жергілікті жерлерде іске асырылуына қатынасын қамтамасыз ету, ең бастысы – қазақ даласын орыстандыру саясатынан туындады. Қалай болғанда да білімнің аты – Білім. Саны аз болса да орыс-қазақ мектебінде оқығандар қазақ халқының алғашқы сауатты, орыс және татар тілін меңгерген азаматтарын қалыптастырды. Олардың арасынан Ыбрай Алтынсарин сияқты өз халқының білім арқылы озық өркениетке қол жеткізуін арманы мен өмірінің басты құндылығы еткен, сол үшін бүкіл тұлғалық мүмкіндіктерін жұмылдырған азамат бой көтеріп шықты.

Жалпы, өткен тарихқа көз жүгіртсеңіз, Қазақ даласы мен Қазақстанның әлемдік дамудың соңғы ғасырларында әлденеше транзиттік өзгермелі тарихи тағдырларды басынан кешіргенін байқайсыз. XVIII-ші ғасыр Қазақстанның Ресей құрамына біріктірілуімен байланысты отарлаушылық саясат қойнауындағы өту процестері, 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі әлеуметтік теңдік қоғамы жолында капитализмді басынан өткізіп болмай социалистік қоғамға аяқ басуы барысындағы қарама-қайшылықты бұрылыстар мен өтулер, 20-шы ғасырдың аяғында кері бұрылып, жаңа заманғы капитализмге бағыт ұстауы, ыдырап түскен советтік елден бөлініп шыққан жас мемлекеттің алғашқы он жылындағы экономикалық құлдырау мен саяси-әлеуметтік, рухани дағдарыстық кезеңді бастан өткізуі, ендігі жерде жаңарған Қазақстанның аграрлық-индустриялық қалыптан инновациялық индустриялық дамуға бағыт ұстап, шешуші қадамдардың жасалуы... Осыншама бұрылыстар мен өтулер, сөзсіз, тек үдеріс пен өреуден тұрған жоқ. Ұтылу мен ұту, жеңіліс пен жеңу үнемі кезектесіп, кейде қатарласа отырып, қазақ халқының, Қазақстанның тарихын жасады. Көптенген орныққан, тұрақты дамуының логикалық сабақтас жолымен келе жатқан әлемдік елдерге қарағанда қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи жолы саяси-экономикалық өтпелі кезеңдерге, тарихи сындарға толы. Алда да талай сындар тұр. Саяси еркін Қазақстан елінің әлемдік алпауыттар арасында қысылып қалмай, саяси, экономикалық, мәдени-рухани дербестігін берік бекіткен іргелі елге айналуы мемлекеттік басқару тұтқасын ұстаған тұлғалар үшін сын, қоғамның іргетастық қуаты мен күші болып табылатын қазақ ұлты үшін сын, бір Отанның еркін азаматтары болып табылатын Қазақстан халқы үшін сын, елінің ақыл-ойы мен ар-намысы болуға тиісті зиялылар үшін сын, аға ұрпақ тәуелсіз еркін елдің туын қолына ұстатқан жас ұрпақ үшін сын.

Болашақ бос орында жасалмайды, ел ертеңі оның кешегісі және бүгінгісімен тығыз байланысты. Сол себепті де жаңа ғасыр талаптары тұрғысынан кешегі мен бүгінгіні әлеуметтік-тарихи әдіснамалық тұрғыда зерделеудің өзектілігі артуда. Ел, Отан тарихын зерделей отырып, жақсысынан үйрену, жаманынан жирену қоғамдық өмір талабы. Қалай болғанда да өткен тарих – өз тарихың, оның шындығына тура қарау, сыни тұрғыдан бағалау дегеніміз оның бұрылысты тұстарын тек қаралау емес. Өткеннің қиындығы да, жеңістісі де жаңа ұрпақ үшін сабақ.

Қоғамды қоғам ететін, ол – адамдар, сол қоғамның әлеуметі. Алайда қай елде, қашан да болмасын, әлеумет арасынан сурылып шығып, оған өзінің жарық сәулесін түсіріп, өркениет жолын көрсетіп, алға бағыттайтын тарихи тұлғалар болған, бар, болады да. Олардың қоғамдық қызметінің сипаты өзі өмір

сүрген тарихи-әлеуметтік жағдайлармен тікелей байланысты. Сондай тарихи және әлеуметтік-мәдени, саяси тұлғалардың бірі – Ыбрай Алтынсарин. Ол, Абай өз уақытының өлшемі және шындығында айтқандай, мыңмен жалғыз алысқандардың бірі. Қазақ халқының жарқын болашағы үшін, білімділігі мен мәдениеттілігі үшін, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік жолына халқын бағдарлау үшін мәдениет жолымен күресті.

Алтынсарин Ыбрай 1841 жылы, жаңа күнтізбе бойынша 2-ші қарашада Ресей империясының Николаевск уезінің Торғай облысында (Солтүстік Қазақстан жерінде, қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында) өмірге келген. Әкесінен ерте айрылған Ыбрай (Ибрагим) би Балқожа атасысының тәрбиесінде қалады. Атасы оны 9 жасында Орынбор шекаралық комиссия жанынан 1850 жылы қазақ балалары үшін ашылған орыс мектебіне оқуға береді. 1857 жылы осы мектепті Ы.Алтынсарин алтын медальмен аяқтайды. 1889 жылы Торғай облысында орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметін атқарушы Ыбрайдың жүрегі барды-жоғы 48 жасында өзінің соғуын тоқтатты.

Ыбрайдың шығармашылық және қоғамдық өмірі, біріншіден, патшалық Ресей империясының қазақ даласындағы отарлау саясаты шараларының тереңдей түскен уақытында, екіншіден, қазақ-орыс халықтарының арабайланысы алғышарттарының арта түскен, өте күрделі және қарама-қайшылықты қоғамдық қатынастар аясында өтті. Оның біріншісіне келетін болсақ, отарланған бұратана халықтарды орыстандыру және діни сенімге тарту арқылы бағындырып отыру үшін қажетті алғышарттардың жасалуына мемлекет билігі зор көңіл бөлді. Жергілікті халықтардың санасын бағындырып алудың, сол арқылы ықпалын өткізудің тиімді бір әдісі қауымдастықтарды діни сенімге енгізу жолы деп тұжырымдалды. Бұл мақсаттың іске асырылуы үшін тілі қазақтардың тіліне жақын, бұрыннан патшалық Ресейдің құрамында болып келген Еділ бойы татарлары өкілдері кеңінен пайдаланылды. Әсіресе татар молдалары мен оқыған адамдары қазақ қауымдастықтарымен аралық қатынас орнатуға кеңінен пайдаланылып жұмылдырылды. Христиан дінімен қатар ислам дінін кең насихаттау мақсатында әдебиеттер көптеп басылып шығарылып жатты. Діни сенімге жаппай тәрбиелеу ісі ХІХ-шы ғасырдың ортасында барынша қарқын алды. Тек 1850-1860 жылдары Казань типографиясынан діни сенімді насихаттауға арналған 326 000 кітап, 82000 құран бастырылып шығарылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жоғары қарқынмен жалғастырылды. Тек 1879 жылы ғана Петербурттағы орыс типографиясында 3600 Құран басылып шығарылды [1].

Жалпы алғанда Ресей қоғамы ХІХ-шы мыңжылдықтың ортасы мен екінші жартысы феодалдық-крепостниктік тәртіпке, халықтың қатаң қаналуына қарсы демократиялық қозғалыстың бас көтеріп, кең жайыла бастауымен, капиталистік өндіріс элементтерінің дами бастауымен ерекшеленді. Прогресшіл әлеуметтік-саяси және өндірістік экономикалық қозғалыстар, негізінен, Ресей империясының батыс және орталық аймақтарында өріс алды. Іскер және саяси, әскери ортаның ғылымға, Ресейдің шет аймақтарын зерттеуге деген сұранысы жоғары болды. Отарланған территориялық өңірлердің арзан және бай шикізат көзі, тауар шығару аймағы және қолайлы қоныстану кеңістігі екеніне түсінік арта түсті. Бұғанға дейін негізінен Патша өкіметінің отарлау саясатын іске асырудың басты тетігі болып, емін еркін өз билігін жүргізіп келген әскери (қазақтардың) күштердің көмегіне ендігі жерде іскерлер, саудагерлер мен жаңа қоныстарушылардың да сұранысы артты. Алайда осыған дейін тек мұсылмандық білімге ғана тартылып келген ортада орыс тілі мен білімін меңгерген адам болмады. Бұл жағдай бұратана (отарланған «жабайы») халықтармен тек саяси емес әрі экономикалық қатынас орнатып, кең байтақ территориялық кеңістікті игеру мақсатына бөгет болып тұрды. Қазақ балаларынан орыс тілін меңгерген, белгілі дәрежеде білімі бар адамдарды даярлаудың мемлекеттік билік үшін қажеттілігі артты. Сондай мектептің бірі Ыбрай Алтынсарин оқып бітірген орыс-қазақ мектебі. Ондай мектепті бітірушілердің арасынан тек патшалық және жергілікті билік мүддесіне қызмет көрсетушілер ғана емес, екі жақты қаналу жағдайындағы бұқара халықтың қамын ойлаған азаматтар да өсіп шықты.

Еуропалық, Ресейлік білімнен және капиталистік өндірістік қатынастардан алыс жатқанымен көшпелі қазақ даласы әлеуметі патшалық үкіметтің қатал қанауы мен отарлық езгісіне бас иіп, біражола отыра бермеді. Сонымен қатар ресми үкіметтің қазақ қауымдастықтарын діннің көмегімен ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстау саясаты да күтілген нәтижені бере қойған жоқ. Христиан және ислам дінінің жан-жақты тықпалануына қарамастан қазақ әлеуметі кейбір еуропалық метрополиялардың отарлаған елдеріндегі сияқты жаппай діни сенімге бой алдырған бұқараға айналмады. Оның үстіне отаршылдыққа наразылық білдіруші баскөтерер азаматтардың ықпалымен ислам діні сенімшілеріне айналдырылғандардың өзі империялық саясаттың күткеніндей, олардың психологиялық құлдығына мойынсына бермеді. Қарапайым халықтың ғасырлар бойы екі жақты үстемдік жағдайында тіршілік еткенін жоққа шығару мүмкін емес. Қазақтың бай-феодалдарының қанауының да кедей қауымдастық үшін салмағы аз болмады. Сол заманда өмір сүріп, әлеуметтік-саяси қайшылықтардың мән-жайын терең түсініне отырып, өзінің өмір

тіршілігін әлеуметтік әділеттілік жолына арнаған ұлы тұлғалар Шоқан, Абай, Ыбрайдың қоғамдық ойлары мен іс-әрекеттері оның жалтартпас дәлелі. Олардың ақыл-ойының өз заманынан озып шығып, шындықтың бетін ашып, талдап, саралап жазып қалдырған ғылыми және ғылыми-практикалық мұралары сол замандағы әлеуметтік-саяси шындықты танып білуі үшін қажетті әлеуметтік-тарихи мұра және өсиет. Халық мүддесі мен ресми мемлекеттік билік арасындағы және жергілікті қауымдастықтардың өз ортасындағы қабат-қабат қайшылықтар XIX ғасырдың 40-шы жылдары басында бой көрсеткен Кенесары Қасымов бастаған алғашқы ұлттық азаттық үшін күрес барысында өзін жан-жақты байқатқан еді.

Бір жағынан, көшпелі шаруашылықпен тіршілік еткен қазақ даласының екі жақты таптық қанау жағдайындағы кедейшілігі және сол кезеңдегі басқа елдерде бар білім мен ғылыммен ұштастырылған экономикалық қатынастардан өте алыста болып, артта қалып жатуы, екінші жағынан, отырықшылық шаруашылыққа бет бұруға негіз беретін қатынастардың дами бастауы, Ресейдің батыс территориясында бар білім мен мәдениетке жол салатын, зайырлы білім беретін мектептердің қазақ даласына келе бастауы сияқты карама-қайшылықты тарихи кезең Ыбрай Алтынсариннің азамат ретінде есейіп, саналы қоғамдық қызметіне араласуымен тұспа тұс келген. Оның өмір сүрген өлкесі Солтүстік Қазақстанның тарихи ресейлік облыстармен шекараласып жақын жатуының да өзіндік әлеуметтік-экономикалық нәтижелері болды. Бұл аймаққа Алтайға дейін созылып жатқан Қазақ даласының Шығыс және Оңтүстік-Шығыс өңірлеріне қарағанда Ресейдің батыс аймақтарында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер ертерек жететін еді.

Ыбрайдың тұлғалық дамуына әкімшілік қызмет атқарушы және өзін қоршаған әлеуметтік ортада игілікті істерімен де танымал болған атасы – би Балғожаның да зор игілікті ықпалы тиді. Сол кезеңдегі патша өкіметінің қазақтарды отырықшылыққа көшіруді қолға алуын, зайырлы мектептер мен кәсіби бағытта білім беретін училищелер ашылуын қолдаушылардың бірі Балғожа би болған. Ол орыс-қазақ мектептеріне қазақ балаларының ақыл-ойын, жан дүниесін дамытатын өркениет мекемесі ретінде қарады. Жергілікті басқарушылар да ондай мектептердің ашылуын көшпелі халық өміріндегі үлкен игілікті уақиға деп қарап, ашылу рәсіміне халықты жинап, бәйге жарысын өткізу, дастархан жасау сияқты қызықты шаралар өткізген [2].

Ыбрайдың азаматтық, қоғамдық тұлғасының қалыптасып дамуында шешуші роль атқарған оның орыс-қазақ зайырлы білім мектебінде алған білімі екені даусыз. Төрт мәртебе мектеп бітірушілерін түлетіп ұшырған, барлығы 48 жас азаматтар үшін білім ошағы болған Орынбор шекаралық комиссиясы мектебі жас түлектерге еуропалық, ресейлік білім бұлағынан сусындауға, орыс әдебиеті және мәдениетімен танысуға мүмкіндік берді. 1854-ші жылы аталған шекаралық комиссияның төрағасы болып Санкт-Петербург университетінің филология факультетін бітірген және осы университеттің профессоры болып қызмет атқарған, терең білімді азамат В.В. Григорьевтің сайлануы мектептің қызметінің мәні мен сапасын арттыруға үлкен ықпал етті. Ол ресми биліктің өкілі бола тұра бұратана халық балаларын оқыту ісіне зор мән берді. Шекаралық комиссия төрағасының жас Ыбрайға адами, мәдени және қызметтік ықпалы оның мектепті аяқтағаннан кейінгі жылдарында да жалғасын тапты. Мектепті бітірген соң шекаралық комиссия жанында аудармашы болып қызмет атқарған Ыбрай В.В. Григорьевтің өзімен және оның жақын көмекшісі Н.Ильминскиймен тығыз арабайланыста болды. Олар Ыбрайдың орыс тілін жеттік меңгеруіне көмектеседі. Керісінше, Н.Ильминский Ыбрайдың көмегімен қазақ тілін білуге тырысты, қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне қызығушылық танытты, өз бастығының жазғандарын орыс-қазақ мектебі оқушыларының көмегімен қазақ тіліне аударды. Н.Ильминскийдің мұндай ұмтылысының патша өкіметінің қазақ даласы бойынша ұстанған саясатын іске асыру үшін қажет болғаны да рас. Қалай болғанда да аталған адамдардың көмегімен Ыбрай орыс мәдениетімен тереңірек таныса түсті. Танысқан сайын өзінің халқын алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне үйретуге деген құлшынысы оянды, оның мақсатты құндылық бағдарына айналды. Оның бұл арманын В.В. Григорьевтің Оренбург облысында тағы 4 орыс-қырғыз мектебін ашпақ болуы ұштай түсті.

Сонымен, Ыбрай Алтынсарин 1861 жылы Оренбург қамалы жанындағы мектептің оқытушысы болып тағайындалады. Алайда сол мектептің ашылуы мәселесімен оған біршама уақыт шұғылдануға, бірқатар бөгет болған субъективті факторларды жеңіп шығуға, реттеуге күш салуға тура келді. Осылайша оның ұйымдастырушылық, педагогикалық және ағартушылық қызметі басталды. Өзінің іскерлігі арқасында қамалдың жаңа коменданты, полковник Я.П. Яковлевпен жақсы қатынаста болып, орыс-қырғыз мектептерінің ашылуына және өз қызметіне оның жақтаушылық көзқарасын қалыптастыра алды. Ыбрайдың қабілеті мен талантын бағалай білген полковник оның істеріне зор қолдау жасап отырды. Екеуінің адамдық жақсы арақатынасы туралы пікір 1889 жылы «Оренбургский листок» газетінде атап айтылған болатын [3]. Ы.Алтынсариннің өзін түсінетін және сеніп пікірлесе алатын тұлға ретінде жоғарыда аталған

Н.Ильминскиймен хат жазысып тұратын. Кезекті бір хатында Ыбрай оған былай деп жазды: «1864 жылдың 16 наурызында мен көптен күткен мектеп ашылып жұмысын бастады. Оған тамаша ой-өрісі бар 14 қырғыз (ол уақытта ресейліктер қазақтарды «қырғыздар» деп айтатын еді) ер балалары түсті. Мен болсам аш қасқырдың қойды қалай бас салатыны сияқты балаларды оқыту ісіне аса бір ашқарақтықпен кірісіп кеттім. Барлығы үш айдың ішінде олардың орысша және татарша оқып қана қоймай, жазу жұмысын меңгеріп кеткені мені барынша таң қалдырды [4].

«Хат» ғылыми академиялық жазудың бір өзіндік жанры болып табылады. Ол өзімен бірге өмірлік шындықтың әлеуметтік, саяси, ғылыми мәнді фактілерін жеткізіп, айшықтап беріп отыратын танымдық қайнар көздің бірі. Міне, Ыбрайдың да хатында жазылған шынайы әлеуметтік фактілердің өзі хат авторының тек мұғалім, оқу ісін ұйымдастырушы ретіндегі қаблеті туралы ғана емес, оның ұстаздықдық қабілетінің қыр-сырын, шынайы ұстаздықтың өз ақылымен, жан-дүниесімен, өз тәжірибесінде жасағанын баяндап тұрған жоқ па! Әлеуметтік санасы мен сезімталдығы тудырған, халқының мүддесін жүрегінің дүрсілімен үйлестірген ұстаздық.

Шынайы ұстаздар өз қызметі саласындағы басқалар жасаған озық ойлар мен ғылыми-практикалық тәжірибелерге де құрметпен қарай отырып, оның озығынан үйренуді жатсынбайды. Ыбрайдың ізденгіштігі мен жауаптылығы оны сол заманғы танымал орыс педагогтарының еңбектерімен, жұмыс тәжірибелерімен де оны таныс етті. Жоғарыда атап айтқанымыздай, Ыбрайдың оқып, білім беру және оны ұйымдастыру саласында табысты еңбек еткен өңірінің Ресейдің батыс орталықтарына географиялық-территориялық жағынан жақын орналасуы өзіндік қолайлылық тудырды. Өз кезегінде, Ыбрай Алтынсариннің қазақ балаларына білім беру жұмысын ұйымдастырудағы және ұстаздық еңбегі оны бүкіл кең байтақ қазақ даласына танымал етті. Оның қоғам қайраткері ретіндегі аты мен беделі ел ішін аралап кетті. Ыбрайдың ел арасын аралап, мектеп және кәсіби білімді насихаттап, мектептердің ашылуы үшін ел арасынан қаржылай қолдау іздей жүріп іске асырған ұлан-ғайыр еңбегі өз нәтижесін бере бастады. Мектеп, зайырлы мектеп білімі туралы халық ортасының ой-пікіріне өзгеріс енді. Әсіресе ауқатты қазақ ортаның өз балаларына білім беруге деген ниеттілігі артты. Ал ағартушы-ұстаздың белсенді қоғамдық қызметі әкімшілік жүйелердің де назарын өзіне аудартты.

1869 жылы Орал және Торғай облыстары құрымдалынып, екі облыс Орынбор генерал-губернаторлығына бағынатын болды. Торғай уезінің бастығы Я.П. Яковлев Ы.Алтынсаринді өзінің көмекшісі етіп шақырып, оған уезд судьясы қызметін жүктейді. Осы әкімшілік қызметте 10 жыл еңбек еткен Ыбрай қоғамдық қатынастардың қыр-сырына қанығады. Қоғам қайраткері, саясаткер ретінде шыңдала түседі. Талай-талай әлеуметтік, саяси түйінді мәселелердің қарастырылуының ішінде, әкімшілік қызметкерлердің арасында, халық арасында жүріп, көптеген өмірлік құбылыстарды ой елегінен өткізді, санасымен түйсінді. Оның көңіл-күйіне зор әсер қалдырып, жан дүниесін ауыртқан жайлар аз болмады. Оның бірқатарын атап өтсек, мына жағдайларды байқаймыз: қазақ даласын ресейлік билеушілердің пасық өркөкіректігі, жергілікті халықты менсінбеушілігі, оған артта қалған қараңғы, мәдениеті төмен жабайы қауымдастықтар деп қарауы және өз істеріндегі осылайша қатынастары; қорғаусыз бұқараның өзарабайланысты екіжақты қанаушылықтағы ауыр жай-күйі; билік шенеуліктерінің өзінің қарабасының пайдасын ғана ойлайтыны мен халыққа қатынасты ешқандай әділетті шешім шығаруға мүддесіздігі; туған халқының білімнен шет қалып, қараңғылықтың құрбаны болып отырғандығы.

Жоғарыда біз қазақ даласын отарлық, діни, әкімшілік және экономикалық игеру ісіне патшалық биліктің татар молдаларын, сауаты бар Еділ бойындағы татар азаматтарын, саудагер мен іскерлерін кеңінен тартып келгенін және жаңадан ашылған орыс-қырғыз мектептерінде сабақтардың орыс тілімен қатар татар тілінде жүргізілгенін айтып кеткенбіз. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысында империялық билік өзінің тактикасына өзгерістер енгізді. Қазақ даласының татарлануының болашақ салдарынан сескене бастады. Біріншіден, бір діндегі және бір-біріне тілі түсінікті қазақтар мен татарлардың патшалық билікке қарсы бірігіп кетуі мүмкіндігі болжамданса, екіншіден, қазақ қауымы ортасын татарландырудың жалғасуы қазақ даласын орыстандыру саясатына бөгет болатын фактор ретінде қарастырыла бастады. Осы жағдайда орыс-қырғыз мектептерінің санын көбейтіп, онда орыс алфавитін енгізу дұрыс деп табылды. Қазақ халқын сауаттандыру мәселесі көтерілді. Саясаттың түкпірінде нендей мақсаттың жатқанына қарамастан, зайырлы мектептердің қатары мен онда оқитын қазақ балаларының санының артуы қазақ халқы үшін аса маңызды, біліми, мәдени өркениетке жақындатушы прогрестік құбылыс болатыны даусыз еді.

Ресей мемлекетінің ішкі істер министрінің Жоғары мәртебеліге жазған бір мәлімдемесінде қазақ даласында ашылмақ мектептерді орыс алфавитіне көшіру ісіне байланысты ол өз ойын былайша жеткізді: «...аталған әкімшілік шараның негізгі мәні татар тілінің жолын бөгеу арқылы қырғыздарды татарландыруды шектеу.... Саяси тұрғыда Ресей үшін қолайсыз салдар тудыратын жағдайдың алдын алу үшін, кешік-

тірмей оған қарсы қойылатын шараларды іске асыру қажет болды» [5]. Бұдан біз тіл және әліпби мәселесінің мәдениет, сауаттылық пен әлеуметтік арақатынас мәселесінен гөрі стратегиялық саяси мәселе ретінде қойылып, қарастырылып және шешіліп отырғанын көреміз.

Орыс-қырғыз мектептеріне орыс алфавитін енгізу жұмысына жергілікті халықтың сауатты өкілдерін тарту қажет болды. Сөйтіп, әкімшілік жұмыста жүрседе мектеп, білім мәселесінен қол үзбеген, тіпті қазақ тілінде оқулық та жазып үлгерген Ыбрайдың өзі үшін ең таңдаулы, қалаулы қызмет саласына қайта оралуының сәті түсті. Ол 1876-шы жылы халыққа білім беру мәселесі талқыланатын үкіметтік отырысқа шақырылып, білім беру саласы министрімен бетпе бет сөйлесті. Кеңес барысында Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әрбір уезд орталықтарында училище-интернат және әрбір болыстық құрылымдарда көшпелі қазақтар балалары үшін орыс-қазақ мектеп-интернатын ашуды ұсынды. Ал ол мектептердің мұғалімдермен қамтамасыз етілуі қалай болмақ? Ыбрай қазақ тілінде білім бере алатын оқытушыларды даярлау мақсатында мұғалім даярлайтын мектеп ашуға ұсыныс жасады.

1879 жылы қоғам қайраткері, оқулық авторы, белгілі педагог Алтынсарин Торғай облысының халықтық училищелерінің инспекторы болып тағайындалды және білім беру саласын дамыту жұмысына құлшына кірісіп кетті. Тағайындалған қызметін атқарған жылдары кездесіп отырған материалдық және субъективтік қиындықтарды қайсарлықпен, біліктілікпен, жоғары мәдениеттілікпен жеңе жүріп, 4 училищені (оқушылары екі сынып етіп қабылданып, 4 жыл оқитын), болыстықтар жанынан 7 бастауыш мектепті, Омбы қаласыда мұғалімдік мектепті, Торғайда кәсіптік мектеп және Ырғыздағы әйелдер мектебін ашып үлгереді. Бұл дегеніңіз сол замандағы уақыт үшін, қазақ даласы үшін теңдесі жоқ әлеуметтік-мәдени жетістік еді. Білім инспекторы оқу үдерісін білім алушы жастар және көшпелі экономика жетегіндегі қазақ қауымы үшін барынша тиімді етудің жолын да қарастырып қойды. Орыс-қазақ мектептері бағдарламасын оқушыларға алдымен жалпы білім беретіндей, содан соң шаруашылықтарды ұйымдастырып жүргізуге бағытталған арнайы білім беретіндей етіп бағдарлады. Мұндай ғылыми-практикалық шараның жасалып іске асырылуы халқын ерекше сүйген, қолынан соған сай жоғары білікті іс келетін, саяси көреген адам ғана істей алатын еді.

Жалғыз ғана Ыбрайдың әлі де білімділігі жағынан қараңғы-түнектік қалыпта отырған халық арасында, халық қамынан алыс жатқан әкімшіл-саяси құрылымдар мен оның субъектілерінің арасында жүріп, толық емес мектептен алған білімін негізге алып, өмір мектебінің қатал сынынан өте жүріп істеген істеріне қарай отырып, еріксіз қазіргі қазақстандық қоғамның білімділерінің бетіне тура қарап тұрып, көзінің тұңғығына сүңги отырып, «сенің өз халқыңа бергенің және берерің қайсы?» деп сұрағың келеді. Ресей империясының қазақ халқын орыстандыру саясатының советтік қоғам жылдарында да Мәскеулік Орталық тарапынан жалғастырылуына қарамастан, «социалистік» деп аталған қоғам әр адамның балабақшадан жоғары оқу орнын қоса алғанда тегін, мемлекет есебінен білім алуына мүмкіндік берген. Бүкіл білім жүйесінің Одақ көлемінде біртүпті бағдарламаға негізделгеніне қарамастан білім сапасы да өз уақыты үшін негізді, іргелі сипатта болғаны шындық. Өткен мыңжылдықтың 60-жылдарынан былайғы уақытта әрбір баланың міндетті орта білім алуға құқы болды және ол мемлекет тарапынан қорғалды. Соның нәтижесінде Қазақстан халқы білімділігі жағынан алдыңғы қатарлы елдермен теңесті. Соңғы екі ғасыр түйілісінде нарықтың қатынастың қоғамдық өмірдің дерлік барлық салаларына ентелеп енуімен байланысты жаңа Қазақстанның білім саласы да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Мемлекеттік оқу орындарымен қатар жеке меншік білім институттары, атаулы элиталық мектептер бой көтерді. Орта мектеп білімінің баршаға қолжетімділігі сақталуда. Білімге құштар жастардың мемлекеттік грантты жеңіп алып, жоғары және жоғарыдан кейінгі тегін білім алу мүмкіндігі бар. Бүгінгі жағдайда Қазақстан қоғамы жоғары білімділер саны жағынан алдыңғы қатардағы мемлекет. Тек сұрақ біреу: «Бір ғана Ыбрай Алтынсариннің өз халқы үшін істеген ісін қазіргі отандық жоғары білімді және жоғарыдан кейінгі білімі бар азаматтардың санына көбейтетін болсақ, қандай сан мен сапа шыққан болар еді?»

Мал өсіріп, көшпелі шаруашылықпен тіршілігін жасаушы қазақ халқының табиғат құбылыстарына толық бағыныштылығы, тек мал шаруашылығын күнкөріс көзі жасап келген ауыл адамдарына сирек кездеспейтін «жұт» деп аталатын апатқа ұшыруына байланысты ауыр тұрмыс-тіршілігі Ыбрайды қатты қиналдыратын. Оның мектеп бағдарламасына кәсіби білім беруді үйлестіруінің түпкі мақсаты көшпелі ауылдардың отырықшы шаруашылыққа бет бұруы үшін біліми алғашарт жасау болатын. Мектеп қабырғасында кәсіби білімнің негіздерін меңгерген қазақ жастарының дала жұртын отырықшы шаруашылық түрлеріне бетбұрғызар, ақыл-кеңес беріп қана қоймай, кәсіби істерін жүргізуге бастама көрсетер деген үміт оты жүрді жүрегінде. Болыстық басқару құрылымы жанынан ашылған 7 мектепке 211 оқушы қабылданған болатын, оның 165-і қазақ, 46-сы орыс балалары еді. Бұлар оның жүрегіннің түбіне ұялаған әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси үмітінің алғашқы алыпбарушылары болатын.

Ы.Алтынсариннің өзі үшін де және қазақ даласы үшін де аса маңызды тарихи-мәдени уақиға болған оның әлеуметтік ойы мен білімінен туындаған «Қырғыз хрестоматиясының» жарық көруі. Орыс алфавитінде жазылған алғаш қазақша оқулық! Қазақ қауымы тарихындағы зор мәдени-білімдік жетістік. Әрі өзінің ғылыми-шығармашылық еңбегі арқылы ол үкіметтің бұратана халық арасына орыс алфавитін енгізу саясатын тиімді іске асырды. Олай болмағанда мектептердің ашылуы екіталай еді. Ең бастысы Ыбрай өзінің түпкі арманын іске асыру жолында аянбай еңбек етті. Оның түпкі мақсаты қазақ халқын алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті арқылы озық мәдениеттермен таныстыру, білімді, ғылымды, әдебиет мәдениетін халық арасына тарату, осы жолмен қазақ даласының алдыңғы өркениетке ұмтылысын тудыру. Оның арманы қазақ халқын өркениеті жан-жақты дамыған халықтар қатарынан көру еді. Өз заманында, көшпелі және отарланушы әлеумет жағдайында жалғыз өзі ондаған, кейде жүздеген білімі бар жандардың қолынан келе бермейтін іс атқарды. Оның жоғары мәдениеті, мақсатты қызметі мен біліктілігі қалыптасқан қайшылықты жағдайларда, төңірегінде топтасқан қарсыластары арасында жүріп қоғамдық және стратегиялық мәнді істерді атқарып үлгерудің жолын тапқызды. Ыбрайдың саяси, әлеуметтік, шығармалық еңбегі ғана кейінгі ұрпақ үшін жасалған интеллектуалдық мұра ғана емес, оның өмір жолы, әлеуметтік, саяси ұстанымдары, іс-әрекет тактикасы, қиындықтан жол табу әдістері өзіндік үлкен өмір мектебі.

Мыңмен жалғыз алыстырған заманда жақсы адамдардың жанынан табылуы баға жетпес игілік емес пе. Әрқайсысының өзінің қызметтік міндеті мен билік алдындағы парызы болуына қарамастан, Ыбрайға достық жылы сезіммен, адами зор сеніммен қарап, сенімді арақатынас орнатушы тұлғаларға да кейінгі ұрпақтың ризашылық ниетімен қарайсың. Қызметінің әлеуметтік сипаттары арасындағы елеулі қайшылықтарға қарамастан, адами қасиеттер арасында бір-біріне деген рухани, мәдени тартылыстың болып тұратынына сене түсесің. Дегенмен бір нәрсе анық. Қазақ даласын билеп төстеуші патшалық империя саясатына қызмет етуші жоғарыда аталған офицерлердің Ыбрайға деген достық көңілі мен құрметтеушілік сезімі ең алдымен Алтынсарин тұлғасының өзінің жоғары мәдениеттілігіне, білімділігіне, ізденімпаздығына, адамгершілігіне, басқа халықтар бойындағы жақсыны көре және құрметтей білуіне негізделген.

Ыбрай Алтынсарин ұлт мәселесін, қазақтардың атақ сүйгіштігін, олардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, отбасы мен неке қатынастарын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты [6].

Алтынсарин Ыбрайдың стратегиясы – бүкіл қазақ даласын сауаттандыру, барлық балалардың мектептен білім алуы, кәсіби білім жүйесінің дамуы, сол білімді алыпбарушы мұғалімдердің даярлануы, мектептер қызметінің қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне бейімделіп құрылуы, туған халқының басқа халықтар мен елдердің озық білім мен мәдениеттен сусындап, өркениетке білімділік жолымен көтерілуі. Ол отарлықтан азаттық алудың, таптық жіктелу мен кедейшіліктен арылудың, әлеуметтік әділеттікке қол жеткізудің басты жолын білімнен, білім мен мәдениеттің үйлесімінен көрді. Сонымен қатар оның ағартушылық қызметі тек халыққа ғана арналып, бағытталған жоқ. Ол өзінің жемісті және жеңісті істері арқылы, өмірлік, қоғамдық ұстанымдары арқылы айналасындағы әкімшілік субъектілері мен жергілікті ауқатты қабат санасын да ағартумен шұғылданды. Өзінің тынбай, шаршасада шаршамай, қиналса да қиналмай жүргізген әлеуметтік және саяси тәрбиелеу жұмысының елеулі жемісін де көріп үлгерді. Басты жеміс – қазақ даласында бой көтерген зайырлы мектептер, мектептер үшін мұғалім даярлау мектебінің ашылуы, осы мектептерді бітірген жастардың қазақ даласының шамшырағы ретінде бой көтерулері, Ыбрайдың тек білімін ғана емес, бүкіл әлеуметтік-саяси ойының бейнесі ретінде жазылып, жарық көрген ғылыми-практикалық еңбектері, қазақ даласының білімге ден қоя бастауы, білім арқылы әлеуметтік-саяси оянуының алғышарттарының пісіп-жетіле бастауы.

1. *Алекторов А.Е. Материалы для изучения страны, истории и быта киргизов. - Оренбург, 1892. - С. 2.*

2. *Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области современное его состояние. - Оренбург, 1896. - С. 38.*

3. *«Оренбургский листок». 1989. - №31.*

4. *Ильминский Н. Воспоминания об И.А. Алтынсарине. - Казань, 1895. – С. 35.*

5. *ЦГИА, КазССР, ф.23, оп.1, д.2022, лл.3-4.*

6. *Әбсаттаров Р.Б. Қазақстан саяси ілімінің кейбір мәселелері // ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. 2007, - №3. - 109-110 бб.*

Резюме

В статье рассматриваются вопросы социально-политических взглядов Ы.Алтынсарина, которые еще недостаточно изучены в научной литературе

Summary

In article questions of socio-political views of Y. Altynsarin which are still insufficiently studied in scientific literature are considered

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДІК ДӘСТҮРДІҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК БОЛМЫСЫ ЖӘНЕ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.М. Аташ – *филос.ғ.д., ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институты саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы*

XV-XVIII ғасырдағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік құрылымының негізі: хандар мен билер, батыр-лар мен жыраулар институты болатын. Бұл кезеңдегі саяси-әлеуметтік билік пен әлеуметтік мәртебе – хандар, билер, батырлар дүниетанымын және өмірлік ұстанымдарын әйгілеумен жалғасын тапса, рухани-мәдени кеңістіктегі – эпостық дәстүр, жыраулық поэтифилософия, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, мақал-мәтелдер мен аңыз әңгімелердің т.б. терең өмірмәнділік тұжырымдары тұтаса келе, қазақ дүниетанымының жалпы бағдарларын айқындай алады. Осы құрылымның өкілдерінің бірі билер – саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени қырлы жақтарды қатар қамтиды.

«Би» феномені тарихи-әлеуметтік тұрғыдан мынадай мағыналарға ие болады: 1) Саяси – «Бидің» қызметінің басты мазмұны құқықтық кеңістіктегі адам еркіндігі мен еріктілігі, жауапкершілігі мәселелерін қамтып, әлеуметтік реттеушілікке (регулятор) келіп тоғысады; ол адам еркіндігі мен құқықтарын сақтаушы және жаңашылдық енгізуші, қоғамдық өмірді жаңартушы; бидің қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деңгейіндегі: жауапкершілік пен еркіндік, еріктілік пен тәуелсіздік, бостандық пен азаттық т.б. аясындағы күрделі мәселелерді шешудің даналығына келіп тіреледі; бидің өзі әлеуметтік жауапкершілік пен еркіндіктің қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси тұрғыдан нақты барынша толыққанды өкілі, өнегесі мен жарқын үлгісі болып табылады.

2) Әлеуметтік – Билер: әлеуметтік әділеттілікті теориялық деңгейде ғана таразылаушы ретінде идеяларды спекуляция жасамайды, оны қоғамдық өмірде қолданып, нақты нәтижелерге қол жеткізеді; үнемі әлеуметтік жанжал аясындағы шекаралық жағдайлы күй кешеді де, үнемі өзін-өзі ашу, өзін тану экзистенциясында болады; зиялылықтың үлгісі ретінде тұлғалардың әлеуметтенуінің орталық институты болып табылады т.б.

3) Мәдени жағы – адамгершілік талаптарын қатаң сақтаған, әділеттіліктің жоғары деңгейіне мүлтіксіз жеткен, ойы мен ақылының ұшқырлығы жетілген, ел ішіндегі кемшілік пен жетістіктерді көре білетін, ханнан да, қарадан та тайсалмайтын, біліктілігі мен білімін ұштастырған тұлға. Ол қазақ руханиятын дамытуға да өзіндік үлесін қосқан айтулы жан. Сондықтан, оның шығарған шешімдері «Билер кеңесі» (қазіргі парламент сияқты) арқылы ауыздан-ауызға тарап, қазақ сахарасына жайылған, ал жалпы өмірмәнділік мәселелері халық даналығының қоймасына енгізілген, кейбірі мақал-мәтелдерге айналып кеткен. Ата-ананың қадірін, Балалы болғанда білерсің – Шал ақын; Ежелгі дұшпан ел болмас – Бұқар жырау; Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса – төбедегі кетеді – Майқы би т.б.

Олардың ойтолғам үрдістерінің мазмұны да таза өмірмәнділік арнада дамыды, тәжірибелік нұсқада өрбіді және әрқилы бағдарларды қамтып жатты. Ендеше, Билердің толғаулары тек тұрмыстық мәселелерді шешу, сот ісі ғана емес, өмірмәнділік философиялық толғауларға да ұласады. «Дүниеде не өлмейді?» деген ханның сауалына билер: «Ағын су өлмейді, Асқар тау өлмейді, Аспанда ай мен күн өлмейді, Өлемде қара жер өлмейді», – десе, оған Жиренше шешен: «Ағын судың өлгені – алты ай қыста қатқаны. Асқар таудың өлгені – Басын бұлттың жапқаны. Ай мен күннің өлгені – Еңкейіп барып батқаны. Қара жердің өлгені қар астында жатқаны. Ажал деген атқан оқ – Бір Алланың қақпаны. Дүниеде не өлмейді, Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді», – деп жауап берген екен [1, 296 б.].

Мыңдаған жылдық тарихта шындығында да, кәсіпкерлер мен дәулет иелері, болыстар мен билік иелеріне қарағанда, ғалымдардың еңбектері барынша өміршен екендігі сөзсіз. Немесе, Төле бидің: «Бір бала бар – Атаға жете туады, Бір бала бар – Атадан өте туады, Бір бала бар – Кері кете туады», – деген толғауы да таза өмірмәнділік философия. С.Н. Ақатай да олардың толғауларына былай сипаттама берген болатын: «Шешендік сөз – тек ауыз әдебиетінің жанры ғана емес, дүние туралы ел байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы, басқаша айтқанда, табиғат, адам мен қоғам заңдылықтары туралы болжаулар, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы» [2, 45-46 бб.]

Би толғауларының тағы бір қыры – өзара сұхбат, пікірталастыру түрінде болып келеді. Сырым батырдың алдынан шыққан Алдияр би оған қарап: «Қарадан хан болдың, Айырдан нар болдың, Жоқтан бар болдың, Көнөден дәурен озды, Көндей қамқа тозды. Атадан ұл озды, Анадан қыз озды» деген сәтте, Сырым былайша жауап қайырған екен: «Қарадан хан болсам, Халқым қалаған болар, Айырдан нар болсам, Атам жараған болар. Көнөден дәурен озса, Жасы жеткен болар. Көндей қамқа тозса, дәурені

өткен болар. Атадан ұл озса, Еркіндігі болар, Анадан қыз озса, Еркелігі болар». Бұндай пікірталастыру ұрпақтарына берілген сабақ болумен қатар, өздерін одан әрі жетілдіріп отыру үшін құрылған айтыс тәсілі іспетті де болып келеді, екінші бір қырынан қабілеттерін байқасу-сынасу бәсекесі.

Би-шешендердің халық даналығына айналған ойларының тағы бір көрінісі – жұмбақтау тәсілі. Қырғыз Қызылымқарт Жиреншеге кездескен сәтте: «Шешен сізден сұрайын деген бір жоғым бар еді. Он бес лақ, жиырма бес серке, отыз бес орақ, қырық бес қылыш, елу бес егеу, алпыс бес арқан, жетпіс бес шідер жоғалттым. Осыған құлағдар болыңызшы», – деген екен. Сол кезде Жиренше былайша толғапты:

*Он бес жас құйын қуған желменен тең,
Жиырма бес дауыл ұрған көлменен тең,
Отыз бес ағып жатқан селменен тең,
...Жүзіңде дүниеден күдеріңді үз,
Өлмесең де өліден кем боларсың.*

Бала би бір күні қартайған шағында халқын жиып алып, «Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не? Көктен биік не?» деген сұрағына ешкім жауап таба алмай, ақыры оған өзі былайша жауап беріпті:

*Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім.
Судан терең дегенім – оқу, ғылым.
Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі [1, 311 б.].*

Бірде елшілікке келген көрші елдің бір адамын өлтіру туралы сөз болыпты. Үш би оңаша шығып сөйлесіп тұрғанда, Төле көлге қарап тұрып: «Алар ма еді мына көлдің қуын атып?» – дейді. Әйтеке: «Оғың шығын болмасын суын атып», – дейді. Сонда Қазыбек: «Құтыла алмас бәлеге қалып жүрмейік, Құс екен деп перінің қызын атып», – деп сөзді бітіріпті. Бұл жұмбақтаулар тек жай ғана ермек емес, іргелі өмірлік-әлеуметтік мәселелерді шешуге септігін тигізген ұлағатты тұжырымдар болып табылады.

Сондай-ақ ғылыми ойлау жүйесімен көркемделетін тәсілдер де би-шешендердің үнемі қолданатын әдісі болып табылады. Мысалы, мал мен ғылымды салыстырып (яки, байлық пен ғылымды), ғылымның артықшылықтарын біріншіден, екіншіден... деп, тура он мысалмен дәйектеген Өлі шешен оны жүйелеп көрсетіп берген екен: «Малдан ғылым артық. Өйткені ғылым әулие-әнбилердің мирасы, ал мал – перғауын мен Қарынбайдың мирасы; Екіншіден, малдан ғылым артық, өйткені ғылым сені сақтайды, ал малды сен сақтайсың; Үшіншіден, малдан ғылым артық, өйткені ғылымның досы көп, ал малдың дұшпаны көп; Төртіншіден, малдан ғылым артық, өйткені ғылымды жұмсасаң арта береді, ал малды жұмсасаң азая береді; Бесіншіден, ғылым артық, өйткені ғылым атақ алдырады, мал шатаққа қалдырады; Алтыншыдан, ғылым артық. Өйткені ғылым өзін-өзі асырайды, ал малды бағу, күту керек; Жетіншіден, ғылым артық. Өйткені ол қиялды қамшылайды, шапағат бергізеді, ал мал иесіне сараң деген ат ергізеді; Сегізіншіден, ғылым артық. Өйткені ол жоғалмайды. Мал қолдың кірі, өледі, жоғалады; Тоғызыншыдан, ғылым артық. Өйткені, ғылым көңілді нұрландырады, адамға ақыл-ой қосады, ал мал масаттандырады, болған үстіне бола түссін деп, дүниеқоңыз етеді; Оныншыдан, ғылым артық. Өйткені ғылым құдайға зәһат, тауипық, ғибадат қылады, ал мал иесінің көңіліне тәкаппарлық салады.

Билердің толғаулары мен сөздерінің маңызды бір тұсы – бітімгерлік пен елдікке қатысты, сыртқы саясат пен ішкі саясат мәселелерін реттеуге байланысты болып келеді. Мысалы, Қалмақ еліне елші болып барған Қызыбек би оның Бертіс атты ханына былайша қатқылдау үн қатып, жанжалды бітістіріп қайтқан екен:

*Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
...Сен қалмақ болсаң, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір болсаң, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.
Қазақ қалмақ баласы
Табысқалы келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.
...Берсең жөндеп бітіміңді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт,
Не тұрысатын жеріңді айт.*

Бұнда елдік пен ерлік, батырлық пен жігердің тайсалмайтын рухы жатыр. Сөз саптау да әуелі сыпайы бастап, одан соң бірте-бірте күшейе түсіп, ақыр соңында өзінің бұлардан кем түспейтіндігін, бәсекелесе де, жауласа да алатындығын көрсетіп қоюмен келіп шешімін табады.

Би-шешендер толғауының құрылымы мен мазмұнының өзі барынша күрделі болып келеді, ең басты нұсқа ойлау ерекшелігі. Бұны «би-шешендер логикасы» деп атауға да болады. Бұл кей сәттерде шарықтау шегінде тапқырлықтың софистикалық (сөздерді ойнату) тәсілдерін де қолданады. Мысалы, бір бала жалданып жұмыс жасап, тапқан ақшасын бір байдан үйіне беріп жіберіп, «өзің де ал, үйдегі ата-анама өзің не қаласаң соны бер» депті. Бай баланың үйіне келіп, «мен ақшаның бәрін өзім қаладым, сіздерге ешнәрсе де бергім келмейді, міне балаң «өзің не қаласаң соны бер» деп жазып жіберді» деп көрсетіп, бір тиын да татырмай кетіп бара жатқан жерінен Алдар Көсе шығып, хатты қайтадан оқып тұрып: «Өзің не қаласаң соны бер депті ғой, егер өзің бұл ақшаның бәрін қалап тұрсаң, онда сол қалаған соманды, енді түгелдей беруге тиісті емеспісің», -деп ақшасын тұтастай қайтарғызады. Осындай басқатырғы ойша алдау тәсілдері әлемдік философияда софистика ілімі ретінде танымал болса, қазақ даналығында, би-шешендерде ол тапқырлық пен ой ұшқырлығы түрінде қолданылатын тәсіл болған.

Би-шешендердің жұмбақтау тәсілі негізінен көркемік танымға негізделеді. Бұнда қазіргі әдебиетте қолданылатын тұспалдау, ишаралау, ниеттеу, рәміздеу сияқты ойды тікелей емес, жанама, басқа бір ұқсас жағдайлар арқылы жеткізетін ойтаным кеңінен қолданылады. Бұл билердің өз арасындағы пікірталастарда, әңгімелерде, сұхбаттарда жиі қолданылады. Би, жалпы алғанда, тұспалды ойдың шебері болуы тиіс, неғұрлым ым-ишараны, рәміздерді жетік меңгерсе, соғұрлым оның шешендік қабілеті де жоғарылай түскен. Жоғарыда келтірілген мысал, Үш бидің өзара әңгімесінің «Құтыла алмас бәлеге қалып жүрмейік, Құс екен деп перінің қызын атып», – деп сөзбен тамамдалуы оқиғасында да үшеуінің бірін-бірі терең түсінісуі мен өзіндік билер логикасын меңгергендігі анық байқалады. Д.С. Раев қазақ даласындағы шешендік сөздердің мағынасын және логикалық жүйелілігін былайша сипаттап өткен болатын: «Шешендік сөздерде қазақ даласы көшпелілерінің бүкіл коммуникация жүйесі мен дүниетанымының дәстүрлі ұлттық логикасы, қозғалу ритмі жатыр» [3, 8 б.]

Билер мен шешендердің ойлау жүйесі ержүректелікпен, батырлықпен, намыстылықпен астасып жатқандықтан, оларда сезімдік толғаныстың келбеті анық байқалады. Ішкі адал сезімнен шыққан сөз қашанда, жеңіске жетеді. Осы адалдық сезім ақиқатты айтқызып, қарсыласын тұқыртып тастайды. Ендеше, билердің сезімді пайдалану тәсілі қарсыласының немесе өзге ел-жұрттың ішкі жан-дүниесіне жеткізе айтумен келіп шешімін табады. Мысалы, Бұқар жыраудың: «...Мен сені алғаш көргенде, Әбілмәмбет сұлтанның, Түйесін баққан құл едің» деген толғауы ішкі сезімдік күйзелістен шығып, таза шындықты жеткізгендіктен, ол ханға да әсер етпей қоймайды [4,94 б.]

Билердің ой машығының тағы бір ерекшелігі – логикалық-ғылыми ойлау. Бұнда салыстыру мен талдау, жинақтау мен жалпылау операцияларымен қатар, біріншіден, екіншіден деп жүйелеп қою ыңғайлары қолданылады: «біріншіден не жаман», «бірінші тілек тілеңіз» деп басталатын өлеңдер, жеті қасиет, үш жаман, үш жақсы, үш жұрт сияқты – үш тұғырлы бірліктер т.б. осындай логикалық ғылыми айналымдармен келіп түйісіп жатады. Ал салыстыру бірінші табиғат құбылыстарын айта келіп, орағытып, қоғамдық өмірге, нақты жағдайларға қарай бетбұрумен көркемделеді. Бұл тұтас қазақ поэзиясында жиі қолданылатын шендестіру тәсілі. Сондықтан, бұндай жүйелі логикалық ойлау шешендік сөздер мен билердің толғауларының құндылығын арттырып қана қоймайды, сөздерін дәлелдеу үшін де пайдаланылады. Тарихта қазақ даналарының сауаттылығы туралы айтыла бермейді. Мысалы, Төле би, Бұқар жырау сынды ірі тұлғалар медреселерде бірнеше жыл оқыған сауатты адамдар болғандығын ескерсек, олардың ғылыми ойлауға бейім болғандығын және оны арнайы қолданғандығын оңай түсіне аламыз.

Би-шешендердің ойлау машығының қадірін арттыратын тағы бір ерекшелік – тездік. Сыртқы ортаға, болып жатқан оқиғаларға, даулы мәселелерге, хан, батыр, би сияқты әлеуметтік беделді тұлғалардың қойған сауалдарына сол сәтте тезірек жауап қайтару қажет және ол ұтқыр ой, тапқырлық, терең мағыналы, өмірмен тығыз байланысты, екі ұшты емес болуы тиіс. Би-шешендердің даналық сөздері де көп жағдайда өлеңмен айтылғандықтан, ол суырып салма ақындықты қажет етеді. Ақпараттарға тез жауап беру үшін алдымен, мағыналы ой керек, ол ой қайтадан тұспалданып, көркемделіп, әсерін арттыратындай болып құрылуы тиіс, сосын оны өлең шумақтарына айналдыру қажет. Міне, бұл – би-шешендердің ойлау жүйесінің қысқаша тізбегі.

Бұндай туа біткен қабілеттермен қатар, адамгершілік қасиеттер бойынша да кемелденген тұлға болуы би-шешен болу үшін алғышарт болып табылады. Әділетсіздікті көре білу, мұқтаждарға қол ұшын беру, қайырымдылық жасау, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетумен қатар, хан мен қараға да өз ойын батыл жеткізе алатын ержүректілік пен намыс, қаһар мен айбарлылық сияқты этикалық сапалар да оның бойынан табылуы тиіс. Себебі, оның адамгершілік жағы мүлт кетсе, ол сөзі мен ісі сәйкес келмей «аяқтан шалынады», ел-жұрт алдында беделі түсіріліп, оның сөзіне ешкім де құлақ аспайтын болады. Шындығында, ол өз ойын айтарда қателесуге болмайды, қателесу тағдыры оған жазылмаған. Егер би-шешен

адамгершілік жағынан олқылау болса, оның сөзіне халық құлақ та аспас еді. Н.Б. Сейсен атап өткендей: «Невозможно переоценить значимость этических ценностей в любой сфере человеческой жизнедеятельности, в том числе и в политической сфере. Коковы этические культурные ценности человека, таким же является его бытие. Точно также справедливо данное утверждение и к обществу в целом» [5,19 б.] екендігі де әлеуметтік шындық. Ендеше, олардың этикалық сапалары қоғамдық дамудың қозғаушы күштеріне айналады. Міне, би-шешендердің бойынан қаншама игі қасиеттер қатар табылуы тиіс, ол өз мойнына қаншама жауапкершілік арқалаған тұлға екендігіне көз жеткізе аламыз. Осы тұста, Р.Б. Әбсаттаров пен Т.Ж. Қалдыбаеваның тұлғаның қоғамға ықпалын түйіндеген пікірлері де біздің көзқарасымызды дәйектей түседі: «Ондай тұлғалардың өміртіршілігі тек оладың өзінікі емес, олар өмі сүрген ортасынікі, оны қоршаған әлеуметтікі, саясаттікі, қоғамынікі, адамзаттікі» [6,108 б.]

Демек, бүгінгі таңда да ұлттық руханиятымызға тереңдей еніп, оны зерделеу мен қайта жаңғырту қолға алынып отырған шақта би-шешендер мектебінен алар тағлым мол. Қазіргі кездегі парламент билер институтының арнайы, жүйелі, мемлекеттік деңгейде құрылған, қазіргі заманға лайықталған үлгісі. Ал «Ақсақалдар алқасы» оның тікелей көшірілген нұсқасына сәйкес келеді. Әлемдік философияда мен әдебиетте де шешендік пен тапқырлық өнері – «риторика» деп аталады. Қазақ даналығындағы билер мен шешендердің ұмытылмастай сақталып қалған ұлағатты сөздері – «афоризмдер» деген атауға ие болған. Ал Қазыбек би сияқты өз ойын анық, дәл, қоңыр үнмен, дауыстап жеткізуді, ортаны ұйыта білуді – «ораторлық» қасиет деп атаса, сөздерді анық айтуды – «дикция» деп атайды. Сондай-ақ адамға ықпал ету күші ғылымда «тілдің экспрессивтілігі» деген атауға ие. Осы сапалардың барлығын да билер мен шешендер меңгеруі тиіс болған. Сондықтан, осындай әлемдік тәжірибе мен ғылымдарға да сүйеніп, халық даналығының ойлау машығы мен сапалық қасиеттерін негізге алып, би-шешендік өнер институтын қайта жаңғырту да ұлт руханияты мен тарихының алдындағы борыш.

1. Бейсенов Қ.Ш. *Философия тарихы*. - Шымкент, 2005. – 452 б.
2. Ақатай С.Н. *Инжу-маржан секілді*. - Алматы: Ана тілі, 1995, - 145 с.
3. Раев Д.С. *Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау*. - Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.
4. Бұқар жырау // *Ай, заман-ай, заман-ай: 2 томдық*. - Алматы: РББ, 1991. – 384 б.
5. Сейсен Н.Б. *Основные разновидности политической модернизации в ценностном измерении: национальные и общенациональные аспекты*//*ҚазҰПУ Хабаршы. -Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. -№4.-2012.-16-34 бб.*
6. Әбсаттаров Р.Б., Т.Ж. Қалдыбаева. *Шоқан Уәлихановты өсірген әлеуметтік-саяси орта* // *ҚазҰПУ Хабаршы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. - №4. 2012. - 108-113 бб.*

Түйін

Бұл мақалада қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымы мен билердің әлеуметтік мәртебесі қарастырылады. Сонымен қатар билердің логикасы мен ойлау машығы талданады.

Резюме

В статье рассматриваются социально-политическая структура казахского общества и социальный статус биев. Также проанализируется логика и стиль мышления биев.

Summary

In article the socio-political structure of the Kazakh society and the social status биев is considered. Also the logic and style of thinking биев will be analysed

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МІНБЕСІ Трибуна Зарубежных Ученых

ПРЕДМЕТ И ОБЪЕКТ СОЦИОЛОГИИ ОБРАЗОВАНИЯ

В.Я. Нечаев – д.с.н., профессор, Московский государственный университет

Выделение объекта и предмета в науке имеет принципиальное значение. Оно необходимо для сопоставимости результатов исследований, следовательно, в оценке их достоверности, надежности. Современная наука многообразна в своих направлениях; к тому же рядом с наукой действуют и иные жанры рефлексии от публицистики до оккультизма. Ученые, придерживающиеся определенного объекта и предмета науки, составляют научно-дисциплинарное сообщество и кооперированными усилиями осуществляют взаимный контроль, критику результатов исследований. Так, критика психологов относительно результатов исследований социологов будет звучать менее убедительно, чем коллег социологов. Предполагается, что последние более посвящены в предметную область и лучше ориентируются в методических нюансах анализа, измерения социальных структур. То же можно сказать относительно компетенции социологов в критике результатов психологического исследования. В каждой науке ее пределы, область обозначаются на основе консенсуса относительно изучаемого объекта, предмета, методов.

Определение объекта и предмета имеет принципиальное значение и в процедуре социологического исследования. Обозначая объект, мы тем самым устанавливаем, с каким элементом социальной реальности имеем дело, какими возможными свойствами, какими особенностями действия поведения обладает объект нашего исследования. Во-вторых, какие методы регистрации данных, их анализа применимы по отношению к нему. Одна из ведущих задач исследования, решаемая с процедурой выделения объекта – это построение выборки. Элементы объекта составляют некую генеральную совокупность, которая в социальных процессах не поддается сплошному исследованию и нуждается в выборке. Четкие рамки объекта служат условиям операционального выделения единиц анализа и построения основы выборки.

Объектом социологии образования является вся сфера образования, т.е. система образования, учебные заведения, а также те социальные группы, которые включаются в действие институтов образования. При этом обратим внимание на то, что сфера образования предстает перед исследователем на мега-, мезо- и микроструктурных уровнях своего проявления. Сфера образования является объектом изучения многих наук, каждая из которых поддерживает свой предмет исследования и опирается на свои традиции, подходы, концептуальный аппарат, методы.

С выделением предмета связана другая процедурная сторона исследования – операционализация категорий анализа, т.е. тех содержательных свойств объекта, наличие, интенсивность которых мы регистрируем, измеряем, анализируем. Современная социология образования охватывает широкий комплекс проблем относительно социальных структур, форм, содержания образования. Вместе с тем ее предмет не должен выходить за границы социологического анализа, он связан с различными проявлениями социума, с процессами взаимодействия людей, формирования на основе этих взаимодействий общественных структур и с их функциональными особенностями.

В отношении предметной области социологии образования следует указать, что в ней сочетается интра- и экстрасективный подходы, что социология образования изучает как процессы, характеризующие взаимодействия людей, социальных групп внутри сферы образования, так и взаимодействия самой сферы образования с другими сферами общественной жизни, с другими общественными подсистемами. В изучении содержательных аспектов образования социология образования входит в контакт и находит области различения с педагогикой. В анализе структурных особенностей образовательного процесса у социологии образования есть области различения предмета исследования с психологами, экономистами, юристами и т.д.

В социологии образования применимы все *методы* социологического исследования. От наиболее распространенных – наблюдения, опроса до методов социосемантики, также как и сопутствующий арсенал статистики. В социологии образования при корректном обращении вполне могут также заимствоваться методы традиционно относимые к психологии образования, например, тестирование. Вместе с тем, эта область исследований в большей степени привлекает методы комплексного анализа, поддерживающие сохранение индивидуальных, особенных свойств объекта.

Что касается места социологии образования в системе наук, изучающих образование, взаимоотношения социологии образования со смежными научными дисциплинами: с педагогикой, психологией, философией в изучении образования, требуется уточнение.

Проводить жесткие демаркационные линии в предметных областях смежных систем научного знания, и особенно в общественных науках – занятие не просто трудное. Оно в некоторых отношениях сопряжено с риском – вызвать последствия расторжения научных направлений. Социальная жизнь в своем разнообразии и богатстве связей, в гармонии оттенков не терпит прямолинейного рассечения и грубого абстрагирования. И не в этом ли сопротивлении предмета отчасти причина бесплодности тех исследований, которые проводятся обособленно от других научных направлений?

Отгораживаясь частоколом дефиниций, представители общественных наук почему-то гораздо чаще и с большей энергией стремятся выразить самостоятельность и независимость своей науки. В общем-то делаются логически правильные выводы, но они не находят своего эмпирического адресата, оказываются обращенными в никуда (неизвестно куда). Видимо, границы наук, как и все границы в человеческой жизни должны не столько разделять, сколько налаживать связи, коммуникацию ценностей. В конце концов, надо руководствоваться не страхом – заступить на чужую почву, а четким видением возможностей, преимуществ, ограничений того или иного подхода, тех или иных моделей, средств их адекватной интерпретации, оценок надежности. Должно настораживать не то, когда обществовед входит в смежную область гуманитарного знания, а скорее то, когда утрачивается опыт междисциплинарных исследований, не аккумулируются в должной мере имеющиеся достижения. Поэтому не будем однозначно делить поле научной деятельности на участки для социологов, философов, педагогов, психологов, экономистов и пр. В каждом конкретном случае сообразно поставленным задачам ученые сами уточняют свои функции и предмет. Попробуем обозначить возможности, которыми они располагают, преимущества и ограничения, которые сопряжены с их действиями.

Однако и отсутствие «границ» между дисциплинарными направлениями чревато утерей компетенции, квалифицированного подхода в решении научных проблем. Каждое дисциплинарное сообщество заботится о преемственности опыта, о сохранении эталонов мастерства, предъявляет свои требования к качеству исследовательских процедур. Обратим внимание на то, что размежевание дисциплинарных направлений происходит не столько в виде межевых границ, а по векторам исследовательских направлений, по тем парадигмам, которыми они руководствуются. По объекту исследования нередко ученые самых разных наук оказываются на одном и том же поле, но каждое дисциплинарное сообщество движется по своему заданному вектору.

Возьмем для примера взаимоотношение социологии образования и психологии образования. Органичная связь психологии и социологии образования, их исследовательские пути постоянно перекрещиваются. Нередко вызывает трудности различение по содержанию социологических и психологических работ. Но для психологии приоритетным является интрасубъективный подход. Иначе говоря, в исследовании она идет от внешних межсубъективных взаимодействий во внутренний мир личности, вплоть до понимания психофизиологических механизмов. Социологи, наоборот, по преимуществу придерживаются интерсубъективному подходу. Они также могут исследовать личность, структуры межличностных отношений, но идут в направлении поиска оснований объяснения социальных процессов в общественной среде.

Одна из ближайших теоретико-методологических основ педагогики – *психология*, и в частности – психология образования (в т.ч. педагогическая психология). Ее задачи связаны с раскрытием физиологических и социально-психологических механизмов учебной деятельности, с выявлением потенциалов человека в усвоении учебного материала. Достижения психологии в настоящее время более востребуются в сфере образовательной практики, а психолого-педагогический подход рассматривается как необходимый органичный атрибут профессии учителя, что нельзя сказать относительно социолого-педагогического или экономико-педагогического. И то и другое будет рассматриваться как смежное в специальности. В педагогической науке уже трудно различить, что здесь изначально: психология как наука о развитии психики человека, его способностей или педагогика, предметно ориентированная на поиски действий по развитию способностей человека. Психология густо и широко посеяла предметное поле современных исследований проблем образования своими парадигмами, категориями, методиками, значительно потеснив на периферию другие науки. В рамках исследований любой науки по изучению проблем, связанных с образованием, вряд ли можно достичь весомых результатов, не осмыслив, не вникнув в суть психологических концепций относительно изучаемой проблематики.

Однако на примере сельского хозяйства (и не только) общеизвестно, что в условиях монокультуры, чрезмерного доминирования происходит истощение культурного слоя почвы. Однообразно эксплуатируя выращенные в одной среде плодотворные идеи, мы обедняем научный поиск, а главное – снижается общий эффект влияния науки на педагогическую практику, на образование.

Приоритетные позиции психологии образования проявляются как в массовом сознании, так и в

Соңғы жылдарда қоғам мен үкімет деңгейінде бүгінгі Қазақстан үшін аса маңызды болып табылатын елімізде азаматтық қоғам институттарын құру мәселесіне байланысты көптеген іс-шаралар өткізілді. Азаматтық қоғам институттарының дамуы, олардың жаңа саяси-экономикалық роль мен мәнге ие болуы әлемдік дамудың жаһандық жетекші тенденциясына айналды. Бірақ Қазақстанның құқықтық және азаматтық қоғамға, адам еркіндігі мен құқықтарына қарай даму жолы қиын, өйткені ол этатизмнің көп ғасырлық дәстүрінен шыға алмай отыр. Мемлекеттікті аса әсірелеу, билік құрылымдарының шексіз күштілігі саяси-құқықтық жағынан белсенді, өз өмірін өз бетімен қалыптастыратын, саяси және әлеуметтік реформаларға белсенді атсалысатын қазақстандық тұлғаның қалыптасуына ықпал етпеді. Саяси және құқықтық мәдениетте қазақстандықтың билікке тәуелді болуы орын алған, осыған сай өзін өзі басқару дағдылары да жоқ. Бүгінгі Қазақстанның болмысы азаматтық қоғам институттарын құру инициативасы азаматтардан емес, мемлекет билігі тарапынан туындайтынын және ол азаматтық қоғам институттарын жасанды қалыптастырудың шектері мен бағыттарын айқындайтынын көрсетеді.

Соңғы жылдарда азаматтық қоғам институттарының саяси-экономикалық ролінің өзгеруі көшбасшы-лидер-елдер арасында әлемдік үстем тенденцияға айналды. Осы институттар бірте-бірте мемлекеттік институттарды ысырып, орнын басуда. Ол барлық басқару жүйесіне, соның ішінде экономикалық басқарудың тиімділігіне тікелей әсер етеді. Мысалы, АҚШ-та соңғы қырық жыл ішінде мемлекеттік емес шығындар қоғамдық игілік, денсаулық, дін және тіпті халықаралық қатынастарға байланысты мемлекеттің шығындарынан асып түсті.

Әділдігіне келсек, осы тенденциялардың әрдайым оң сипаты бар дей алмаймыз. Азаматтық қоғамның институттары болып табылатын ланкестік, ұлтшыл, экстремистік және т.б. ұйымдар санының өсуі осыған мысал болады.

Бүгінгі таңда азаматтық қоғамға байланысты мемлекеттік саясаттың басты мақсаты -мемлекеттік емес институттарды бақылауда ұстау. Бұндай саясат заң шығаруды жиі өзгертуде, әлеуметтік басымдылықтарды таңдауда, қандайда бір органдарды қолдауда көрінеді.

Бұндай саясаттың теріс сипаты азаматтық қоғамның өз табиғатына сай азаматтардың мүдделері мен мүмкіндіктеріне байланысты мемлекеттік жүйеге тәуелсіз болумен байланысты. Сондықтан, аталған саланы бақылау және реттеуге жол беруге болмайды. Бірақ қысқа аралықта осындай айқындаманың қоғам өмірінде азаматтық қоғам тақырыбының көтерілуі, қоғамдық ұйымдарға қосымша қаражаттың бөлінуі секілді оң салдары болуы да мүмкін. Жалпы алғанда, азаматтық қоғам институттарының іс-әрекетіне мемлекеттің белсенді қатысуы олардың жұмыстарын ұйымдастыруды формалды түрге айналдыруға әкелуі мүмкін және қоғамдық өмірдің жандануына да әсер етпейтін болады.

Мемлекеттің әсер етуінің теріс салдарларын мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдерінің ашық диалогы, сонымен бірге елімізде азаматтық қоғамды дамытуға мүдделі екі жақтың да белсенділік танытуы арқылы төмендетуге болады.

Бүгінгі күні Қазақстандағы азаматтық қоғам институттары үшін өзін өзі ұйымдастыру, қоғамдық бақылаудың механизмдерін қалыптастыру және дамыту, билік органдарымен мазмұнды өзара әрекет ету диалогын жүзеге асыру мәселелері өте өзекті болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару жүйесінің қызметінің тиімділігін арттыру талаптарының күшейуін қоғамдық бақылаудың көлемі мен сапасына сұраныстың артуын қамтитын жаңа тенденциялар да байқала бастады. Тұрғылықты халықтың белсенді бөлігінің адамгершілік сезімдерін, ең алдымен, әлеуметтік әділеттілік құндылықтарын, қорлайтын билік өкілдерінің заңға қайшы іс-әрекеттеріне деген қоғамдық реакция күшеюі түсті.

Қазақстан Республикасының құқықтық, азаматтық қоғамы үшін өзін өзі ұйымдастыру, қоғамдық бақылаудың механизмдерін қалыптастыру және дамыту, билік органдарымен мазмұнды өзара әрекет ету диалогын жүзеге асыру мәселелері өте өзекті болып қала береді.

Азаматтардың құқықтық санасын және құқықтық сауаттылығын дамыту саласында Қазақстан Респуб-

ликасының Негізгі мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары бойынша Қазақстанда азаматтарды құқықтық ағартуды дамыту Стратегиясына байланысты жұмыс осындай ынтымақтастықтың мысалы болып табылады. Ол қазіргі кезде Қазақстан үкіметіні тарапынан жұртшылықты кең түрде жұмылдыру арқылы іске асырылуда.

Азаматтардың құқықтық санасын және құқықтық сауаттылығын дамытудың мемлекеттік саясаты-тек мемлекеттік биліктің барлық органдары мен жергілікті атқару органдары ғана емес, сонымен бірге мамандандырылған заңгерлік қоғамдастықтар, заңгерлердің қоғамдық бірлестіктері, азаматтық қоғамның барлық құрылымдары қатысатын күрделі де ауқымды жұмыс. Ашық және тиімді өзара әрекет азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асырудың мызғымас негізін қалауға бағытталған [2]. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында бөгеттерді мейлінше жою, бір жағынан, мемлекеттік билік пен оның құрылымдары, мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың, екінші жағынан, азаматтардың арасындағы диалогты «айқын» қылу қажет.

Бүгінгі таңда біздің елімізде азаматтық қоғам әлсіз көрніс тапқанын мойындау керек, оны бірқатар факторлармен түсіндіруге болады.

Біріншіден, қазіргі заманғы Қазақстанда бірегей ұлттық элита қалыптасқан жоқ.

Қазіргі кезде біздің еліміздің барлық ұлттарының мүдделерін білдіре алатын өркениетті ұлт қана жеке мүдделерді ортақ мүдделердің маңайына топтастыра алатын субъект бола алады. Бірақ ол жоқ. Үлкен жобаларды жүзеге асыру үшін қоғамға байланыста болу жетпейді. Өз түсінігіндегі өз мүдделерін қорғауға бағдарланған қатал, жаңа жастар өсіп келе жатыр, 10 жылдан кейін олар қоғамда басым орынға ие болады.

1. *Большая актуальная политическая энциклопедия. - М., 2009. - С. 68-69.*

2. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Астана, 2008.*

Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы правовой культуры в системе ценностей казахстанского общества, которые еще недостаточно изучены в научной литературе. Вместе с тем, уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Summary

In article topical issues of legal culture in system of values of the Kazakhstan society which are still insufficiently studied in scientific literature are considered. At the same time, the attention and to debatable questions is paid.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ СИПАТЫ

М.Н. Мусабеков – Абай атындағы ҚазҰПУ

Адамның әлемге деген құндылығының және құндылықтық қатынасының мәні мәселесі философиялық-дүниетанымдық мәселе ретінде өткен XX ғасырдың алғашқы он жылдығынан бастап талқыланып келе жатқанына қарамастан, бұл мәселе әлі күнге дейін пікір таластырып келеді.

Бұл жағдайды құндылық феноменінің күрделі сипатымен түсіндіруге болады. Гегель былай деп жазған: «Анықталатын пән неғұрлым бай болса, яғни, оның қарастыратын қырлары неғұрлым көп болса, оған берілетін анықтамалар да соғұрлым әртүрлі болмақ. Демек, мысалы, өмір, мемлекет және т.б. ұғымдарының көптеген анықтамалары бар» [1, 413 б.]. Осы тұрғыдан алып қарағанда, құндылық феноменінің де көптеген анықтамалары бар. Бірақ, мәселе анықтамалардың өздерінде емес. Мәселе олардың маңыздылығында деп Ф.Энгельс пікір білдірген. Өмірге анықтама берген кезде ол мынаны атап өтті: «Біздің өміріміздің анықтамасы, әрине, толығымен жеткіліксіз, өйткені ол өмірдің *барлық* құбылыстарын қамти алмайды, керісінше, олардың ішіндегі жалпы және ең қарапайым құбылыстарымен шектеледі. Ғылыми қатынастағы барлық анықтамалардың құндылығы болмашы ғана. Өмір туралы шынайы толық түсінікке ие болу үшін біз оның ең төменгіден ең биікке дейінгі көрінісінің түрлерін бақылауымыз қажет болар еді. Бірақ үйреншікті қолданыс үшін мұндай анықтамалар өте ыңғайлы, ал кей кезде оларды қолданбау өте қиын; олардың шарасыз кемшіліктері есте сақталатындықтан, олар бізге зиян келтірмейді» [2, 84 б.]. Тағы да: «Ғылым үшін анықтаманың маңызы жоқ, өйткені олар үнемі жеткіліксіз болып тұрады. Бірден-бір нақты анықтама істің өзіндік мәнінің дамуы, ал бұл анықтама бола алмайды» [3, 634-635 бб.]. Бірақ, олардың алғашқы келтірілгеніндей, анықтамаларға жүгінбеу мүмкін емес.

Біз үшін құндылық мәнін орынды түсіну қажет, өйткені мұнысыз ерекше рухани құндылықтарды саралауға көшу мүмкін емес. Қолданыстағы көптеген концепциялардан бағытты қалай табамыз? Біздің алдымызда келесі міндет тұр. Құндылық мәніне берілген негізгі түсініктемелерді саралап, оның ішінен

біздің пікірімізше, ең тиімдісін (әрине, өз таңдауымызды негіздейміз) таңдау немесе өзіміздің түсініктемізді ұсыну қажет. Әрине, саралаудан бастаймыз. Бірақ, оны қалай жүзеге асыруға болады?

Біздің пікірімізше, бір жағынан, құндылықтар мен контрқұндылықтардың және екінші жағынан, заттардың арасында ешқандай да онтологиялық байланыс жоқ, М.М. Бахтиннің тілімен айтқанда, олар бір-біріне трансгредиентті. Гартман былай деп пайымдайды: «Құндылықтардың өзіндік нақты болмысы болмайды» [4, 200 б.]. Олардың өзіндік болмысы толығымен идеалды. Заттар нақты болмыс саласына тиесілі. Бірақ, бұл олай емес екен. Н. фон Гартман былай деп жазады: «Құндылықтар құнды заттарға (игіліктерге) байланысты ғана емес, сондай-ақ оларды жағымды түрде шарттастырады. Дәл осы құндылықтардың арқасында, заттар – кең мағынада айтатын болсақ, әртүрлі нақты істер мен жағдайлар «игілік» сипатына ие, яғни құнды. Бұл тезисті Канттың тілімен айтсақ та болады: құндылықтар – істің қандай да бір қалпына қатынасы болса да, бұл игіліктің «ықтимал жағдайы» [5, 179 б.]. Бірақ мұндағы И.Канттың ілімімен жеңіл ғана ұқсастықты байқаймыз. Классикалық неміс философиясының негізін қалаушының пікірінше, «кез келген ықтимал тәжірибенің шарттары субъектінің сезімталдылығы мен парасаттылығының априор-лы нысандары болып табылады. Бұлар – фон Гартманның құндылығы тәрізді ешқандай да онтологиялық феномен емес, бұл трансцендентті сананың атрибуты (И.Кант онтологиялық нақтылық туралы кез келген пікірді парасаттың дәлелдерін есепке алмайтын сананың адасушылығының – жемісі деп есептегені мәлім).

Гартман құндылықтар әлемі мен нақты ақиқат әлемнің арасындағы тағы бір байланыстың аспектісін ашып көрсетеді. «Құндылықтар нақтылықты есепке алғанда емес, «оның» құндылығына немесе контрқұндылығына назар аударғанда ғана сезіледі» деп жазады. Субъектінің қандай да бір нақты нәрсемен (затпен, әрекетпен, іс-қимылмен және т.б.) қақтығысқанда, оның құндылығын немесе контрқұндылығын сезінуі тәрізді ерекше «құнды сезімінің» бар екендігі туралы айтып отыр. «Осының есебінен, – деп жалғастырады ол, – құндылықтың өзін, оған қоса әсер алған нақты жағдайда жетіспейтін жерде сезінеді...». Сонымен қатар, мұндай жағдайларда құнды сезім құндылықтық «таза және жалпы түрінде сезінеді, өйткені ол өзінің нақты жүзеге асуына байланыссыз, тіпті, өзінің жүзеге аспағандығына қарамастан, сезіну үрдісіне және кез келген құнды сезімге байланыссыз тіршілік етеді. Бір сөзбен айтқанда, ол оны идеалды өзіндік болмыс күйінде сезінеді» [6, 602 б.] деп санайды ол. Демек, Г.Риккерттің ақиқат пен құндылықты байланыстыратын мәні, Н.Гартман үшін нақтылық пен құндылықтарды байланыстыратын «адамгершілік сезім» болып табылады.

Гартмандық құндылықтар концепциясының тағы бір аспектісін қарастыралық. М.Шелер тәрізді ол да құндылықтар иерархиясы мәселесін көтереді. «Эстетика» атты еңбегінде ол құндылықтардың иерархиялық тұрғыдан өзара қатынасқан алты сыныбын бөліп көрсетеді. «Құндылықтар, – деп пайымдайды Гартман, – нақты өзіндік болмысқа ие емес» Олардың өзіндік болмысы тұтастай идеалды. Олар абсолютті және өзгеріссіз. Адамның құндылықтық санасы ғана өзгеруі мүмкін. М.Шелер тәрізді Гартман да құндылықтар иерархиясы мәселесін көтереді. «Эстетика» атты еңбегінде ол иерархиялық тұрғыдан орналасқан құндылықтардың алты сыныбын бөліп көрсетеді.

Құндылықтар концепциясының келесі түрі құндылықтарды тек адами, әлеуметтік-мәдени феномен ретінде түсіндіретін концепцияларды біріктіреді. Олардың кейбіреуін қарастырайық. Д. фон Гильдебрандтың (1889-1977) іліміне назар аударайық. Өзінің құндылықтар концепциясын ол, негізінен, «Этика» атты еңбегінде баяндады, бірақ бұл тақырыпты өзінің басқа шығармаларында да қозғайды. Солардың біреуінде ол былай деп жазған: «...Менің құндылықтар туралы түсінігім Риккерттің құндылықтар философиясы деп аталатын философиясымен мүлдем байланысты емес. Менің түсінігім, тіпті, Шелердің «құндылық» ұғымынан да ерекшеленеді» [7, 32 б.]. Өзінің құндылықтар теориясының негізіне фон Гильдебранд маңыздылық ұғымын кіргізеді. Құндылықтарды маңыздылық ұғымына жатқызады. Ол маңыздылықтың екі түрін бөліп көрсетеді. Мәселен, бір адамның екінші адамға айтқан қошеметі субъективті тұрғыдан ғана маңызды. Ал, мәселен, бір адамның екінші адамды кешіру актісі өздігінен-ақ маңызды. Гильдебрандтың пікірінше, маңыздылықтың бірінші түрі қанағаттанушылыққа бөлейді, екіншісінде болса құндылық бар. Гильдебранд «құндылық бізге әсер ету-етпеуіне байланыссыз-ақ маңыздылыққа ие» [8, 45 б.] деп пайымдайды.

Демек, құндылық – бұл өздігінен-ақ маңызды. Сонымен қатар, құндылық пен қанағаттанушылық әкелетіннің арасындағы айырмашылық – бұл Гильдебрандтың пікірінше, дәрежесі жағынан емес, мәні жағынан ерекшелік болып табылады, басқаша айтқанда, бұл – іргелі айырмашылық. Ол былай деп жазады: «Құндылық пен субъективті ләззаттың арасындағы айырмашылық мәнді болып табылады және оған әртүрлі екі мағыналық мазмұн сәйкес келеді деген дәлел, ең алдымен, жағымдылықтың қызықтырғыштығы мен құндылықтың талабы арасындағы қақтығыстан көрініс табады». Осы жерде ол құндылық пен небәрі субъективті ләззаттың арасындағы маңызды айырмашылықты байқамағандығы үшін Шелерді жазғырады.

Ләззатпен және құндылықпен қатар, Д. фон Гильдебранд тағы объективті игілікті де бөліп көрсетеді. Құндылық пен субъективті ләззаттың арасындағы тәрізді, объективті игілік пен таза субъективті ләззаттың арасында, оның пікірінше, мәнді айырмашылық бар. Объективті игілік құндылықтық болжайды, бірақ, сонымен қатар, одан ерекшеленеді дейді ол. «Демек, – деп жазады ол, – адамның объективті игілігін құндылықтар ұғымынан ғана емес, сондай-ақ таза субъективті ләззат ұғымынан да ажырата білу керек». «Сонымен, – деп қорытындылайды философ, – біздің байқағанымыз: құндылық, адамның объективті игілігі және таза субъективті ләззат біздің уәжімізде айтарлықтай әртүрлі үш маңыздылықты көрсетеді; керісінше, тікелей және жанама маңыздылықтың арасындағы айырмашылықтың маңыздылық объектіге қалайша тиесілі деген мәселеге қатынасы бар. Демек, бұл екі айырмашылық қиылысады».

Д. Фон Гильдебранд құндылықтар мәртебесі туралы мәселені де көтереді. Оның пікірінше, ләззат алу – субъективті феномен, оны тек жеке индивид қана басынан кешіре алады. Тіпті, егер оны бірнеше индивид бір уақытта басынан кешіретін болса да, олардың әрқайсысы әртүрлі әсерде болады. Игілік ләззат алудан жоғары, өйткені ол жеке бір ғана индивид үшін тіршілік етіп, бір индивидті ғана әсерге бөлемейді, сондай-ақ индивидке және көптеген индивидтерге қатысты объективті дейді Гильдебранд. Құндылық мәселесі де осыған ұқсас дейді Гильдебранд: «құндылық кез келген мағынада объективті. Ол объективті, өйткені біздің құндылық деп отырған объектінің шынайы қасиеті болып табылады. Объект, тіпті, кез келген уәжділіктен тыс құндылыққа ие. Ол оның мағыналық мазмұнының мәнін құрайтын деңгейде оған тиесілі. Оны біздің қалауымыз бен ерігімізде бар объектінің салыстырмалы аспектісі ретінде ғана түсіндіру мүлдем мүмкін емес». Сондай-ақ Гильдебранд объективті игіліктен жоғары құндылықтарға басымдылық береді. «Құндылық, – деп жазады ол, – алғашқы шындық болып табылады» [8, 117 б.]. Оның пікірінше, оның мұндай шындығы басқа ешнәрсеге тиесілі емес.

Д. фон Гильдебранд құндылықтық әлеуметтік-мәдени ақиқаттың шектеулі саласы ретінде түсіндіреді, соған қарамастан, олардың тіршілік етуіндегі Құдайдың әлдебір рөлін мойындайды, сондықтан құндылықтың шынайы пайда болуы туралы сұрақ туындайды. Бірақ Гильдебранд бұл сұрақты мағынасыз деп есептейді. Ал бұл оның концепциясының айқын кемшілігі. Басқа концепцияларға назар аударайық.

1960 жылдары кеңес философиясында құндылықтар мәселесі талқылана бастады. 1960 ж. ленинградтық философ В.П. Тугаринов «О ценностях жизни и культуры» (қараң.: [9]) кітабын, ал 1965 ж. – «Проблема ценностей в марксистской философии» (қараң.: [10]) монографиясын басып шығарды. Бұдан бір жыл бұрын украиндық философ В.А. Василенко украин тілінде «Ценность и оценка» (қараң.: [11]) кітабын басып шығарды, ал 1965 ж. Тбилисиде «маркстік-лениндік философиядағы құндылықтар мәселесі жөніндегі симпозиум» өтті. Тағы бір атап өтетініміз, 1966 ж. «Наука» орталық баспасы «Проблема ценности в философии» [12] атты ұжымдық монографияны басып шығарды, оған көптеген мамандар қатысты. Жоғарыда аталған кітаптарда және жоғарыда атаған симпозиумда құндылықтардың мәні мәселесімен қатар, негізінде, батыс («буржуазиялық» деп аталатын) философиясында әзірленген құндылықтар теориясы (аксиология) маркстік-лениндік философиямен қаншалықты үйлеседі деген мәселе аса күшті талқыланғандығын атап өткен жөн. «Құндылықтардың маркстік теориясының» жақтаушылары да, қарсыластары да пайда болды. Маркстік философияға аксиологияны енгізуді ұмтылуға этика саласының атақты кеңестік маманы О.Г. Дробницкий сынмен қарады. Ол былай деп жазды: «Маркстік аксиологияның» жақтаушылары, әрине, көптеген әртүрлі теориялар ұсынған буржуазды аксиологияның төрттен үш ширек ғасыр бойы дамып келе жатқандығына көзді жұмып қарай алмайды, осыған байланысты құндылықтардың идеалистік концепцияларын материалистік тұрғыдан сынау міндеті пайда болады. Бірақ олар бұл міндетті буржуазды аксиологияның жеке ережелерінің қателігін көрсету және «түзету» деп түсінеді, ал аксиология және оның әлеуметтік алғышарттарының генезисін, құндылық мәселесін *көтеру тәсілінен* көрініс тапқан зиянды әдістемесіне тән сынды талдау әлі жүзеге аспаған қалпында. Және мәселені көтеру көп жағынан ұқсас, тарихи-философиялық тәжірибені есепке алудан көре алмау ретімен бас тартқан авторлар құндылықтар теориясын «жалпыға мәлім дәлелдерді» тікелей жинастыра отырып, бос жерге құндылықтар теориясын құруды бастайды, олар үшін буржуазиялық аксиологияның сабақтары ештеңе бермейтіндей болып көрінеді» [13, 7 б.]. Өмір оның дұрыс еместігін көрсетті. Құндылықтар мәселесі кеңес философиясында, кейін посткеңестік философияда әзірленуді жалғастырды.

Посткеңестік қазақстандық философияда К.А. Абишев пен А.К. Абишева құндылықтар мәселесіне айтарлықтай назар аударған. Олардың ұстанымдары көп жағынан ұқсас. К.А. Абишев Ф.Ницшенің құндылықтар мәселесін зерттеуге қосқан үлесін жоғары бағалайды. Оның пікірінше, «оның құндылықтар деп атаған негізгі маңызды көрсеткіштерін толығымен сенімді деп санауға болады, жалпы ол дәл айтқан». Мәселе осыны дамытуда болып тұр. К.А. Абишевтің өзі құндылықтық арнайы анықтамасын бермейді, бірақ, былайша айтқанда, жанама анықтамалар береді. Мәселен, ол былай деп жазады: «құндылық деп

әлемдегі адам болмысының белгілі бір тәсілін немесе адамның әлемге деген қатынасының белгілі бір тәсілін атауға болады» [14, 208 б.]. А.К. Абишева да осыған ұқсас пайымдама жасайды. Ол былай деп жазады: «Құндылықтарды идеямен көрсетуге, логикалық тұрғыдан негіздеуге, оның мазмұнынан туындайтын барлық салдарын дамытуға болады, бірақ олардың өздері идеяның мәні емес, ал оны өмірдің, өмір салтының немесе адам болмысының әлемдегі белгілі бір тәсілі ретінде сипаттауға болатындығы – бұл әлемге қатысты тәсіл». Абишева да құндылықтарға арнайы анықтама бермейді. Мәселен, ол былай деп жазады: «Дәуірдің идеясы, қандай да бір мәдениеттің рухы, халықтың рухы деген атауларға немесе тағы да басқаша атауларға «құндылық» терминін қолдану анағұрлым үйлесімді» [15, 140-б.]. Бірақ бұл анықтама емес, небәрі жанама сипаттама. Екі автордың да құндылық адамның «ішкі рухани әлемінің өзегін» құрайды және мәдениеттің «мәндік орталығы», адамдардың тандаған нақты құндылықтары адамдардың барлық қарым-қатынастарын, іс-әрекеттерін және әрекеттерін «тізіп көрсетеді», уәждеме үрдісіне және мақсатты болжауға ұласады.

1. Гегель Г.В. Ф. *Энциклопедия философских наук – В 3-х т. – Т. 1. Наука логики.* – М.: Мысль, 1974. – 452 с.
2. Энгельс Ф. *Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведённый господином Евгением Дюрингом // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения.* – Изд. 2-е. – Т. 20. – М.: Политиздат, 1961. – С. 1 – 338.
3. Энгельс Ф. *Материалы к «Анти-Дюрингу» // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения.* – Изд. 2-е. – Т. 20. – М.: Политиздат, 1961. – С. 629 – 676.
4. Гартман Н. *Проблема духовного бытия. Исследования к обоснованию философии истории и наук о духе // Культурология. XX век. – Антология.* – М.: Юрист, 1995. – С. 608 – 648.
5. Гартман Н. *Этика.* – СПб.: «Владимир Даль», 2002. – 707 с.
6. Гартман Н. *К основоположению онтологии.* – СПб.: Наука, 2003. – 639 с.
7. Гильдебранд Д. фон. *Метафизика любви.* – СПб.: Алетейя; ТО «Ступени», 1999. – 628 с.
8. Гильдебранд Д. фон. *Этика.* – СПб.: Алетейя, 2001. – 569 с.
9. Тугаринов В. П. *Проблема ценностей в марксистской философии.* – М.: Мысль, 1965.
10. Василенко В. О. *Цінність і оцінка.* – Київ: Наукова думка, 1964. – 160 с.
11. *Проблема ценности в философии.* – М.; Л.: Наука, 1966. – 261 с.
12. Дробницкий О. Г. *Человек, его отношение к окружающему миру и проблема ценности // Человек в социалистическом и буржуазном обществе. Симпозиум. Доклады и сообщения.* – М.: ИФ АН СССР, 1966. – С. 3-27.
13. Чавчавадзе Н. З. *Культура и ценности.* – Тбилиси: Мецниереба, 1984. – 171 с.
14. Абишева А. К. *О понятии «ценность» // Вопросы философии.* – 2002. – 3. – С. 139 – 146.
15. Батищев Г. С. *Диалектика как логика мировоззрения целостно развитого человека // Материалистическая диалектика как логика.* – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 113-122.

Түйін

Бұл мақалада құндылықтар теориясы мен олардың тарихи-мәдени негізі қарастырылады. Философтар тарапынан құрылған нұсқалары бүгін де әрі қарай зерттеуге негіз болып отыр.

Резюме

В статье рассматриваются теория ценностей и их историко-культурные основания. Разработанные версии философов основателями так называемой «теории ценностей» продолжают давать основу для дальнейшего изучения ценностей.

Resume

In article the theory of values and their historical and cultural bases is considered. The developed versions philosophers founders so-called continue to give to "the theory of values" a basis for further studying of values.

STANDING AND THE HISTORICAL ASPECTS OF SOCIAL DEVELOPMENT OF THE STATE, WHICH FORM THE NATIONS

N.O. Baigabylov – *L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Nation formation is the most difficult and multifaceted problem. Each nation should pass many historical stages to call itself “nation”. This difficult process include not only one and even not two centuries. It takes much time to nation formation. For example, Kazakh nation formation relates to appearance of the first communities namely the Bronze Age (II – I BC) and Iron Age (VI – IV BC).

The prosperous tribes of that period consisted of ancient and unified tribes lived in the wide territory of present Kazakhstan.

In the 6th century the territory of Kazakhstan consisted of more than 30 Tyurk-speaking tribes. In the 6th century the territory of Kazakhstan was the part of Tyurk Kaganat.

In 702 the West-Tyurk Kaganat broke up into Tyurgeshskii kaganat (704-756), Karlukskii kaganat (756-940), Oguz tribes (the end of the 9th century – the beginning of the 11th century), Kimaks (893 – the 11th century), Kipchaks (the 11th century – 1219), Karakhanids (942-1212).

Among these stages two of them played a large part in Kazakh nation formation. The first of them is Kipchuk Khanate, the nation of which were lived between two rivers Irtysh and Edil. The other was Karakhanid feudal state the people of which were lived on the South-East part of Kazakhstan. With all this going on we must note that the Mongol conquests didn't influenced on the nation formation.

The Naiman and Kereits tribes, came from Altay, influenced on the ethnic solution.

Kidani attack from the East was conducted to the weakness of the Karakhanid state. In the 13th century, the time of Karakhanid's prosperity, the Mongol conquest began. The tribes of Kirchuks were hard hit by this conquest. Mongols destroyed the both states. Thus the process of nation formation was stopped until the 15th century.

The large quantity of the Kipchuk tribes moved from the old hount. Some of the tribes moved to the Northern Kazakhstan and Western Siberia, keeping their language, which shows that the culture of the nation was form before the Mongol conquest.

In 14-15 centuries, in spite of military operations, Ak Horde, Hogai Horde, Abulkhair's Khanate contributed to strengthening and unification of the nation.

Ancient Kazakh tribes, in spite of their historical, geographical, economical, political alienation wearied for the uniting the people. As a result there are three Juzs appeared: senior, middle, junior. The tribes of the Senior Juz were liver on the territory of Zhetysu and Southern Kazakhstan, the middle Juz takes the Central and Nothern Kazakhstan and the junior Juz was on the territory of Western Kazakhstan.

The history of Kazakh ethnonimy appearance was an object of scientific disputes. In some historical sources this term was used as a social meaning "Kazakhs". The word "Kazakh" began to use when Zhanibek and Kerei had moved to Zhetysu. In that time they were called "uzbek Kazakhs".

The term "Kazakh" we can find in Kypchuk memorials of Mamluk state in 1245. The word "Kazakh" had the meaning of "nomad" and were found in Tyurkish- Arabic dictionaries.

Sometimes this term is read and perceived as designation of two tribes (kaspil and sak). Some historians supported that the term was formed as the mixture of words "khas" and "sak".

In the second book of the History of Kazakhstan we can find that the term "Kazakh" were used in IX-X centuries as a designation of society, and in XI-XII centuries for the designation of ethnic social groups. In this century was the formation of the Kazakh ethnos. And in each historical periods this term was keeping on. As a result in XIV century the Kazakhs were a nation. In the latter half of XV century we could find the final formation of the Kazakh nation ethnogenesis, and the word "Kazakh" got the ethnic meaning (1, 245).

If to trace the historical stages of Kazakh nation formation we can find the following:

The republic of Kazakhstan takes the particular place in world policy.

Kazakh nation for a long lime protected their land from the contrite and conquests.

But the majority think that the weak point lies on the missing stage of capitalism. And as a result the nation didn't form the national self-consciousness, didn't realize the national value and wasn't active in protection of national rights. The main reason of which some historians think lies on that fact that Kazakhstan was under the influence of Russian Imperia, and later of "Red" Imperia. There was not own government.

During the 70 years, the time of red imperia pressure, Kazakhstan developed its industry. But in towns and work villages the other nation representatives were lived and worked and Kazakhs were forced to live in the country and engage in animal husbandry. Thus the social structure was agricultural and the consciousness wasn't developed in right way.

The data of the census of 2009, the population of Kazakhstan Republic was 16 009, 6 thousand people. Among them: Kazakhs – 63,1 %, Russians – 23,7%, Uzbeks – 2,9 %, Ukrainians – 2,1 %, Uigurs – 1,4 %, Tatars – 1,3%, Germans – 1,1%, other ethnos – 4,5 % (2).

So, Kazakh people must be mononational. Now, Kazakhstan is the democratic constitutional state, in which the different nations are lived.

It is necessary to note that the policy leaded by the Centre was lasted for nearly three centuries had influenced on the language, faith, culture of the people of Kazakhstan.

The government, destroying the national value, wanted to create the certain state. The national questions were not solve fully, thus the rebellion was started on December 1986.

For nation formation we must take into account the following:

- Culture formation

- Territory formation
- The development of national self consciousness
- National language formation
- Nation must be collectively called
- Anthropological type of the given nation

As the president Nazarbayev wrote: “Only nowadays the Kazakh self-consciousness can understand the past, present and future national “I am”. But it is only the opportunity, which must be the reality, fact of the mass consciousness not only Kazakhs but all the Kazakhstan people” (3, 286).

If our country wants to be civilized, first of all it must to form the national self-consciousness.

The problem of self-consciousness is taking part in works of scientific philosopher – M.Orynbecov. Kazakh nation has its own rich history. National history is national consciousness.

“Self-consciousness is a product of exact nation and also it’s cultural reflection of the given nation. Formation of the national self-consciousness is an unique process.” – as told M.Orynbecov (4, 28).

National interests are often closely connected with national consciousness.

Lean on the last conceptual researches we can find that the formation of national consciousness is like a spirit of nation (5, 54).

The nation which builds a government in our opinion is people who lived in historic motherland from the time of Saks, Uisuns, Kanglys.

Kazakh Khanate was formed in XIV century and from that time they had tried to protect their lands and steppe. (“Ak taban” and “Alakol sulala” periods).

Component of the nation:

- Bio-anthropological form, genealogical line, common geographical territory and the environment are formed the related group of people with the common language;
- In an independent state the related groups have risen to the mono-nationality.

In our days, on the giving data of census, in Kazakhstan the Kazakhs reached to the mono-nationality. For example, in the world there are 330 ethnoses with the population more than 1 million people, and the rest 1700 ethnoses don’t have the population in 1 million.

Today the population of Kazakhs are close to 70%, evidently, the state will be national state, which will be influenced to the growth of social-political status.

Nationality which built the state, social values, relative groups, which have the vital priorities.

Kazakhstan is the innovative industrial development state.

- Nation, which built the Republic of Kazakhstan, is responsible to development for each ethnoses, protects the vital needs of the citizens. All Kazakhstan people are responsible for the destiny of social-political ethnoses.
- Nation, which built the state has the aim to save the unity of the state’s territory, rebirth of culture and traditions, the use of high technologies, rebirth of professional knowledge;
- Official language is the prosperity of Kazakh language, return of our native brothers who are lived abroad, to rise the living standards, saving the independence and to hand it from generation to generation.

“Kazakh nation is united nation, which form the state” – the name of the investigations.

In 2012 during 3-22 of June in towns Pavlodar, Aktobe, Astana and Shymkent, i.e. on the south, north, west and east of Kazakhstan the several scientists have researched. Among the experts were the representatives of migration services, leaders of social organizations. The problems which experts were tried to solve are as following:

- There are not any offence of other nations to Kazakh nation which built the state;
- The representatives of other nations must understand rightly the policy of the Kazakh nation;
- The nation must imply the unity of the territory, language, economy.

We must take into account that the representatives of other nations are lived on the territory of Kazakhs who have their own history. They must understand that there must not be the term of “international Kazakhstan” instead of which there must be the term of “mono-national Kazakhstan”, on the territory of which there are lived other national ethnoses.

In this case, the important point of view of the professor Amangeldy Aitalov, from Aktyubinsk state pedagogical institute, has appeared: “On my mind, we have totally tired of saying – Kazakhstan is an international state, but in practice – Kazakhstan is mono-national state.

As a majority of public figures pointed that the main bulk of Kazakh nation are not satisfied with social conditions, unemployment, ecological problems, in particular 63,8 % of natural resources are belong to foreign companies.

Also on the results of American scientists' research 70 % of Kazakhs maintain the official language, but only 6 % of proceedings are on native language. Amangeldy Aitalov: "If the nation, building its own state, is weak, that's and the state will be weak. This is a rule and a principle. That's why the safety of Kazakh nation, its condition don't contain only by availability of Flag, State Emblem, Anthem or membership in UNO.

There are thoughts, that there is a danger in assimilation of the nation and their dissolution.

There are thoughts of the public figures how to save the Kazakh nation: the development of historical self-consciousness of the people, for this purpose we need the formation of spiritual center. In this case we must work in the following directions:

- Understanding the fact, that Kazakh people have their own history, which is lasting from the Ancient Tyurk civilization.

- To continue the development of national traditions, traditions of the Muslim state.

- To show the influence of the Tyurk, Kazakh culture on the other civilizations. To open eyes to Russian people about the veritable role of Kazakhs in society making. Do not to admit the false superiority, that Russians have influenced on the culture of the Kazakhs.

- With the aim of national self-consciousness growth we need to make an explanatory work, to organize the educational work, to activate the work of mass media.

- The society cannot be without own culture, education, science. Also can not exist without faith. This faith in our country is Islam. That's why we must to educate our future generation in the best Islamic principles.

We can establish that the thought "Kazakh nation is a nation, which is building its own state, proves its political, historical consistency.

This point of view must form the social consciousness. There the mass media has an important role. Also we must to get rid of the thought "out of nationality", which is sometimes appeared in society. Today we must to develop the projects which can continue the formation of national idea, enthusiasm.

Nowadays all countries of the world are paid attention into national problem. For example, in France there is the principle – "France will develop as France, when each Frenchman will aspire for being a high level Frenchman", Germans are hold to the principle – "One state – one nation", in Japan – "One state – one spirit". The world history says that little ethnos in international countries were assimilated under the influence of titled ethnos.

In civilized countries the scanty nations are forced to take the culture, language and traditions of the dominant nation. For example, in the USA there is not important the parentage of the man, but the citizen of America.

If we look to the tenet "Boiled Kazakh", we can see the leading countries as the USA, Canada, Great Britain, France, Germany.

To solve the national problem, we must pay attention to the necessity of other nations who lived in the given state. But for all that we must remember the tenet, which was stated in XIX century in political ideas of Dual socialists. Based on this tenet the ethnos could not build its own individual state with its own culture. That's why it is important to create the conditions for realization of lingual and cultural ethnos necessities, who lived on the territory of the given state. In this case the work of Kazakhstan nation Assambly is important.

Nowadays the republic of Kazakhstan differ not only in population increase, but in formation of civilized state in 20 years. There is the vital renovation of culture, new understanding of national, cultural, spiritual values, the program "Cultural heritage" is developing.

The main role in future culture and science developing, cultural and spiritual values solving plays the pure brothers who were returned to Kazakhstan. (as an example the song "Karajorga").

The problem "National Brand" was raised on the convent of socialists and politicians in 23-25 November 2010.

The youth of Almaty, Astana, Karaganda, Pavlodar, Semey organize "The day of Boursak" like Germans with their "Beer fest".

The formation of the nation is difficult and polyhedral process. In this case we must remember the words of scientist, professor, doctor of the philosophical sciences Raushanbek Absattorov: "In our country the national idea has two meaning. The first is as definition of Kazakh nation. The second is overkazakstani. Sometimes we mix up these meanings. We need the idea of Kazakh nationality, and only then the Kazakh idea. This is an oracle, axis. An in particular the development of the Kazakh idea will promote the further consolidation of national enthusiasm, which will be work on the way of the progressive role. (6, 3) The idea of the nationality is close connected with mentality, developing this idea our country can be appeared on the same level with other countries.

1. *The History of Kazakhstan, the second book.* - Almaty: Atamura, 1997. – 545 p.
2. *The official net page of Kazakhstan statistics*// <http://www.kaz.stat.kz>.
3. *Nazarbayev N.A. On the waves of history.* - Almaty: Atamura, 1999. – 286.
4. *Orynbekov M. The ideological bases of Kazakhstani civilization// conference materials, Almaty. – 2004. 27-31 pages.*
5. *Drobizheva L.M. Culture and national self-consciousness. Soviet culture: 70 years of development -M., 1987 - P. 54-56.*
6. *Absattarov R.B. The main purpose of Kazakhstan is to unite the West and the East // Aikyn. – 2011. – 11 January.*

Түйін

Мақалада автор мемлекет құрушы ұлт ұғымының қалыптасуына әлеуметтік тарихи аспекті тұрғысынан талдау жасап, Қазақстан қоғамының тарихи-әлеуметтік шындығы жағдайында ұғымға айқындаушы тұжырымдарды ұсынады.

Резюме

В статье представлен обзор становления понятия государствообразующей нации в разрезе социально-исторического аспекта, предлагаются определяющие критерии понятия в условиях историко-социологической истины казахстанского общества.

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

М.Н. Мусабеков – Абай атындағы ҚазҰПУ

Кеңес Одағы өз тіршілігін сақтап тұрғанша, «темір шымылдық» болғанша Әлемдік үкімет кәсіпорындарының көбі кеңестік адамдарға жуықтай алмайтын. Бұл кеңестік жастарды да маңайламайтын. Оның үстіне, КСРО-да жалған құндылықтармен қатар, шынайы құндылықтар да болды, олар – ұжымшылдық, достық, өзара жәрдемдесу және т.б. Сонымен қатар, бұларды кеңестік ақиқат қалыптастырған жоқ, бұл Кеңес Одағының құрамына енген одақтас халық дәстүрлері тамырының тереңдігінде болды. Сондықтан да олар батыс әлемінің дарашылдық, тұтынушылық, бәсекелестік, ақша және т.б. сияқты құндылықтарына қарсы қойылды. Кеңес Одағы күйрегеннен кейін, егеменді посткеңестік мемлекеттер бөтен құндылықтардың басып кіруі кезінде көп жағынан қорғансыз болды. Бұған көбіне нарықтық экономиканы қалыптастыруда осы мемлекеттердің бағдары әсер еткені сөзсіз. Мемлекет жағымды дүниелерге де, жағымсыз дүниелерге де ашық болды.

Ең алдымен, нарықтық экономикаға тоқталу керек. Бұл нысанның теріс элементтері болмауы да мүмкін. Мәселенің бәрі оның қандай нәрсеге негізделуінде болып тұр. Бұл этикалық қағидаттарға, тиісінше, этикалық құндылықтарға, сондай-ақ нарық саласындағы экономикалық қарым-қатынастардың этикалық бейтараптылық қағидатына негізделуі мүмкін. Бірінші жағдайда, жалпы ұжымдық бастама шеттетілмейді, десек те аздап өзгереді. Мұнда бәсекелестік ынтымақтастықтың бақылауымен жүзеге асады, өйткені түпкілікті мақсат – ортақ игілік болып табылады. Бұл осылайша ұйымдастырылған экономика саласында мүлкіткік жіктелудің мүмкін емес екендігін білдірмейді. Бұл жерде де бай мен кедей бар, бірақ олардың арасында шұғыл айырмашылық болмайды. Олар үшін ақша мақсат емес, небәрі экономикалық қарым-қатынасты реттеуге ыңғайлы құрал ғана. Экономикалық қызметтің мақсаты әрбір адамды жеке байыту емес. Әдебиетте нарықтық экономика жоспарлы экономикаға қарсы қойылады (оның үстіне, біріншісі асыра дәріптеліп, екіншісі жеккөрінішті болып табылады). Этикалық тұрғыдан негізделген экономикада бұлар бір-біріне қарсы қойылып қана қоймайды, сондай-ақ бір феноменнің екі қыры болып табылады: «*Жоспар*» – бұл мақсаттар векторы болса, «*нарық*» – осы мақсаттарға жету тәсілі» [1, 710 б.].

Этикалық қағидаттарға негізделген экономикада өсім алушылық, пайыз алу және т.б. орын алуы мүмкін емес. К.П. Петров атап өткендей, «*өсім алушылықтың* кез келген түрі ұрлық болып табылады» [2, 683 б.]. Өсім алу байырғы халықтардың арасында, атап айтқанда иудейлерде пайда болған. Иудей раввиндері жазған Ескі Өсиетте өз адамдарына емес, бөтен адамдарға пайызбен ақша беру ұсынылады. Демек, раввиндер өсім алушылық – бұл ұрлықтың түрі деп түсінген, бірақ олар екі стандартты қолданған: өздерінің тайпаластары үшін бір стандарт болса, өзге тайпаластар үшін басқа стандарт болған. «Екінші заңдылықта» былай делінген: «Өсімге беруге болатын күмісті де, нанды да, басқа нәрсені де бауырына өсімге беруші болма. Шеттегі бөтен адамға өсімге бер, ал бауырына өсімге берме...» [3, 215 б.].

Батысқа тән нарықтық экономикада этикалық негіздемелер жоқ; олардың орнын заңды негіздемелер басқан. Қандай да бір этика туралы әңгіме қозғалатын болса, бұл дарашылдық және өзіншілдік этикасы болмақ. Дәл осы себепті нарықтық қарым-қатынасқа түсетін индивидтердің арасында түпкілікті мақсаты ынтымақтастыққа бағытталған сайыс орын алады, бәрі бір-біріне дұшпан болатын бәсекелестік, өйткені әрқайсысы тек өзінің жеке мүддесін ойлайды, ал ортақ игілікпен оның ісі жоқ. Жеке фирмалар, концерндер мен осы тәрізді бірлестіктер де осы қағидат бойынша жұмыс істейді. Батыс капитализмібұрынғы өсім

алушылықты, пайыз бен кредитті жандандырып дамытты. В.Зомбарт атап өткендей, бұған көбіне Батыс Еуропаны түгелімен дерлік мекендеген еврейлер әсер етті.

Қазақстанды қоса алғанда, посткеңестік мемлекеттерге де батыстық үлгідегі капитализм орнады. Сонымен қатар, бастапқыда бұл айтарлықтай экстремистік нысанға (оның «жабайы капитализм» деген атауға ие болғандығы баршаға мәлім) ие болды, оның астарында меншікті қайта өңдеу үдерісі, оның ішінде криминалды әдістер жасырынған. Бұндай жағдайда жастар халықтың басқа топтарына түскен ауыртпалықпен бөлісті. Қоғамның өте бай, бай, кедей және кедейлерден де нашар тұратындар болып жіктелуі жастарға да тиіп кетті. Ата-анасы бай және өте бай болған жастар лайықты өмір сүру мүмкіндігіне ие болды: материалдық игіліктің молдығы, беделді батыс оқу орындарында білім алу, жұмыспен қамтамасыз етуге кепілдік беру және т.б. Ата-анасы кедей, өте кедей күй кешкен жастар ата-анасының мойнына түскен ауыртпалықты бөлісті. Алдыңғы бөлімдерде жазылып өткендей, 1990 жылдың басында көптеген кәсіпорын банкротқа ұшырап, көптеген мекеме жабылып қалды, халықты жұмыссыздық толқыны шарпыды. Дені сау, еңбекке жарамды жастар өмір сүруге лайықты жалақы таба алмады. Жастардың бір бөлігі криминалға ауып кетті (рэккет, тапсырыспен адам өлтіру және т.б.), қыздардың бір бөлігі былықшылыққа батты. Мұндай жағдайда жастардың әртекті әлеуметтік стратасына айналған құндылықтар мен құндылықты бағдарлардың дивергенциясы табиғи түрде орын алды. «Алтын жастар» өмір сүру барысында басшылыққа алатын құндылықты бағыттарды жұмыс істеп, лайықты жалақы алу мүмкіндігінен айырылған құрдастардың құндылықтарымен мүлдем салыстыруға келмейді. Егеменді ел болып, етек жиган жиырма жыл ішінде көптеген посткеңестік мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстанда жағдай әйтеуір дұрысталғандығы хақ. Он жыл бұрын кедейшіліктен де ауыр тұрмыс жағдайында өмір сүргендердің материалдық жағдайы жақсарды. Десек те, жағдай әлі керемет емес.

Алайда, жастардың құндылықты бағыттарына жаһандық агенттер ғана емес, сондай-ақ егеменді мемлекеттердің үкіметтік инстанциялары да ықпал етеді. Сонымен қатар, соңғысының ықпалы екі түрлі. Бір жағынан, жаһандануды «алтын миллиардтың» мүддесі үшін жүзеге асырып жатқандар (яғни, мақсатты жаһандықты жүзеге асыратын, ұлттық мемлекеттердің егемендігін қоса алғанда және оған қарсы) тарапынан жастарға жойқын ықпалдың бар күші жұмсалуда, екінші жағынан, олар жастардың тіршілігі мен санасына әсер ете отырып, олардың бойында тек патриотизм емес, сондай-ақ үкіметке өздерінің пайдакүнемдік мүддесі үшін қызмет етуге итермелейді. Бірақ біз назарымызды құпия Әлемдік үкімет деп аталатын «алтын миллиардтың», жаһандықтың стратегиясы мен тактикасына аударайық. Әлемдік үкімет ресми билік пен билік органдарын (алғашқы кезекте, АҚШ) қоса алғанда, өзіне бақылауға алынған мемлекеттер ұлттық мемлекеттердің үкіметтері мен институттарына, сондай-ақ олардан тыс, сол мемлекеттің халықтарына, әсіресе, жоғарыда атап өткеніміздей жастарға әсер етеді. Бұл айтарлықтай орасан зор контингент. Сонымен, Қазақстан жастар институтының мәліметтеріне сәйкес, 2003 жылғы 01 қаңтарда 14-29 жас аралығындағы жастар саны Республика халқының 29,1%-ын құрады (қараң.: [4, 4 б.]), ал 2007 жылдың ортасына таман Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметтері бойынша 29,5%-ды құрады (қараң.: [5, 178 б.]). Жаһанданушылар жастарға заманауи техникалық құралдардың (Ғаламтор, БАҚ, кино-, аудио- және бейнеөнімдер және т.б.) арқасында ғана әсер ете алады. Мемлекеттік қауіпсіздік органдары бұл ықпалдарға лайықты түрде қарсы тұра алмайды, бұның да себебі – заманауи техникалық және технологиялық құралдар. Адам, әсіресе жас адам осы барынша ықпалды өз мойнына алып, жаһанданудың ықпалына қалай болса да жауап беруі тиіс.

Бұл ықпалдар әртүрлі нысанда жүзеге асады. АҚШ және озық капиталистік елдердің саяси және экономикалық құрылғыларының жетістіктері мен артықшылықтарын тікелей насихаттау өте сирек кездеседі. Көбіне бұлар бүркемеленген қалпында көрініс табады. Мәселен, өмірге («өмірден керегіңді ал»), сән-салтанатқа, атақ-даңққа және т.б. арбалу сияқты қарапайым қарым-қатынастың жалықтырмай дәріпте-луі. Жасөспірімдер мен жастардың тұрақсыз дүниетанымы осы тәрізді әсерлерге жиі душар болып жатады. Өзі өмір сүретін аз қамтамасыз етілген отбасына қарағанда жылдамырақ әрі күштірек. «Табысты», «дөкей», «танымал» және т.б. сияқты жандарға деген күншілдік осылайша пайда болады. Жастардың айтарлықтай бөлігінің «модель», шоу-бизнес «жұлдызы» немесе ең болмағанда, заңгер, экономисттің дипломын алу немесе дипломат сияқты мамандықтарға ұмтылуы осыдан шығатыны рас. Жастар интеллектуалды жетістіктерімен де емес, жоғары өнердегі жетістіктерімен де емес, гедонистік икемділікті қанағаттандыратын өте пайдакүнемдік жетістіктерімен баурап алып, осылайша оны күшейте түседі.

Посткеңестік мемлекеттердің маңызды ерекшелігі діннің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі болып табылады. Көбі жүрегінің қалауымен, тағы біразы жағдаяттық долбарлардың салдарынан діншіл адамдардың қатарына тіркелген. Христиандық, ислам және буддизм сияқты дәстүрлі діндер тұлғаның, оның ішінде жасөспірім мен жас адам тұлғасының рухани ішкі әлеміне ешқандай зиян келтірмейді. Керісінше,

бұл адамды адамгершілік тұрғысынан тазартуға, жоғары және сөзсіз құндылықтарға қамқорлық жасауға, өзгелеріне және өзіне қатысты адамгершілікті ізгілендіруге бағытталған. Сонымен қатар, олар қоршаған табиғи ортаға мұқиятпен, қамқорлықпен қарайды, яғни жағымды экологиялық серпін береді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Алғашқы Съезінде сөйлеген Н.Ә. Назарбаев былай деген: «... дін – ғаламиандыру дәуірі орнағанға дейін де ізгілік пен мәдени диалог идеясын сақтап қалған жалғыз ғалами құбылыс. Рухани әмбебаптықпен қоса, дін, сонымен бірге, халықаралық ынтымақтастықтың жұмыс істейтін институты болып табылады» [6, 300 б.]. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда дін экстремистік топтар мен қозғалыстардың жоспарлары мен әрекеттеріне енуде; дін саяси сипатқа ие болып, халықаралық лаңкестік идеологиясы мен тәжірибесінің «негіздемесіне» айналууда. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, этникалық және конфессиялық тиістілік арасына теңдік белгісін қоймау өте маңызды, бұл қарапайым санада белгілі бір орынға ие. Демек, орыс – бұл біржақты православты христианин, ал қазақ – біржақты сүннет мұсылман деп саналады. Бұндай жағдайда, аталған индивид атеист пе әлде кез келген дінге селқос қарайтын қарапайым адам ба, бұл жағы назарға алынбайды. Мұндай теңдестік қарапайым санадан идеология деңгейіне көтерілген кезде бұл конфессияаралық қана емес, сондай-ақ этникалық және мәдениет аралық айырмашылыққа қауіп келтіреді. Діни экстремистер мен лаңкесшілер дәл осындай теңдестікпен қаруланатыны сөзсіз.

Н.А. Мұқанова мен М.С. Карабаеваның 2008 жылғы мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда 4166 діни бірлестіктер мен 40-тан астам конфессия мен деноминацияны көрсететін аздаған топтар әрекет етеді. Діншілдердің саны жағынан дәстүрлі түрде алғашқы орынды мұсылмандар мен православ христиандардың діни бірлестіктері иеленген, оған Қазақстандағы діншілдердің 95%-ы енген екен» [7, 3 б.]. Цитатасы келтірілген авторларбылай деп жазады: «Әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облысы және Алматы қаласы респонденттерінің басым көпшілігі мұсылмандар, олар орташа есеппен жастардың 80%-ын құрайды; және де діни тиістілігі жағынан «мұсылман» болып табылатын жастардың көп бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысында тұрса (98%), екінші орында Жамбыл облысы (90%), үшінші орында Алматы қаласы (87,5%), төртінші орында Маңғыстау облысы (78%), бесінші орында Қарағанды облысы (60%) және де ең соңғы орында Шығыс Қазақстан облысы (53%) тұр. <...>Жастар арасында екінші орындағы дінге берілгендер “православтар”, олар 16%. Православтардың көп бөлігі Шығыс Қазақстан облысында – 40%, содан кейін Маңғыстау облысы – 15%, Жамбыл облысы – 7%, Қарағанды облысы – 6% және Алматы қаласы – 4%. Оңтүстік Қазақстан облысының респонденттері “православ” деген санатты белгілемеген. Жалпы, бұл респонденттік облыстардың этникалық тұрғыдан бөлінуіне сәйкес келеді» [7, 9-10 бб.]. Демек, бұл жағдайда этникалық пен конфессионалдықты теңестірудің қарапайым стереотипі іске қосылады. Ал цитаталары келтірілген авторлардың зерттеулері көрсеткендей, мұндай теңдестіру жүз пайыз емес. Оның үстіне Қазақстанда басқа да конфессиялар (католиктер, протестанттар, буддистер, иудаистер, сондай-ақ дәстүрлі емес конфессия мен мүлдем жаңа діни құрылымдардың жақтаушылары, мәселен, Соңғы өсиет шіркеуінің өкілдері тәрізді) әрекет етеді. Бірақ, олардың саны аз.

Посткеңестік қоғамды жабық елден ашық елге айналдыру барлық ескі және жаңа секталардың, конфессиялардың, діни пайымдаулардың енуіне әсер етті. Кеңестік дәуірде олардың көбіне тыйым салынған болатын, өйткені олардың әдет-ғұрыптары мен құдайға табынуында адамға зорлық көрсету, күштеу элементтері (Иегова, хлыстов және т.б. куәгерлерінің секталары) болған. Кейбір жаңа діни секталар фундаментализмнің шабуылына, өзге діншілдер мен экстремистерге төзімсіздік таныту сияқты сипаттарға ие. Бұл әсіресе, ислами секталарда белең алууда. Осы дінді бұрмалап түсіндірудің негізінде лаңкестік пайда болып, кеңінен таралды. Исламның туын желеу етіп ұстанған көптеген лаңкестік ұйымдар ЦРУ, Пентагон және «алтын миллиардтың» когортасына енетін елдердің басқа да арнайы қызметтерінің немесе осы ұйымдардың қол астындағыларының келісімімен және қолдауымен дайындалады. Қазақстан ұзақ жылдар бойы тұрақты ел болып келгені баршаға мәлім, бірақ соңғы кездері лаңкестік бұл елде де қанат жая дами бастады (бақытымызға орай, кездейсоқ және жергілікті түрде).

Жоғарыда атап көрсетілгендей (сонымен қатар, біртіндеп кедергілерді жеңіп келе жатқан), Қазақстан жастарының өмір сүру жағдайында тек жағымсыз құбылыстар ғана емес, сондай-ақ кеңестік дәуірде өмір сүрген жас ұрпақтың ойына кіріп-шықпайтын көптеген дүниелер бар екендігін атап өткен жөн. Кеңестік жастар идеологиялық және тыйым салу-жазалау органдарының қатаң бақылауында болды және де қазіргі таңда әркімнің қолы жеткен көп нәрсе олар үшін арман болатын. Мәселен, кеңестік дәуірде адамның жеке көшірме техникасының болуына тыйым салынатын, ал қазір қалаған адам ксерокөшірме пункттерінің арнайы қызметінің қамқорлығынан тыс, өзіне керектісін, кез келген көлемде көшіріп ала алады. Қазіргі Қазақстан жастары өздеріне тиісті іс-әрекетті жасауды таңдауға келгенде еркін әрі өз бетінше таңдау

жасай алады. «Өз басындағы мәселені шешудегі мемлекеттің мүмкіндігіне қарағанда, өз күші мен мүмкіндігіне деген үміті басым. Патерналистік көңіл-күй прагматикалықтың орнын басқан» [8, 25 б.]. Мұнда оны «мақсат оған қол жеткізу құралдарын ақтайды» деген қағидатты немесе «Жеке кәсіп жоқ: бұл – бизнес» деген қағидатты басшылыққа алуға итермелейтіні сөзсіз. Бірақ, адамгершілік қағидаттары бәрінен жоғары болып тұратындар үшін, бұл бекер дабыл емес, олар бұны басшылыққа алмайды.

Мінеки, Н.Ә. Назарбаев ұсынған этностардың, конфессиялар мен мәдениеттердің толерантты өзара қарым-қатынас этностарының жоғарыда көрсетілген, Қазақстан Республикасындағы жастар саясатының негізінде жатқан үлгісін «алтын миллиардтың» «миссионерлері» әртүрлі айлалы әрекеттер арқылы қиратуға немесе беделіне нұқсан келтіруге тырысып бағуда. Мемлекеттік құрылымдарды айналдыра, сондай-ақ тікелей (бұл іске тартылған шенеуніктер бұл жайында білмейді де) осы құрылымдар арқылы жүргізілетін жастардың санасын улаудың негізгі бағыттарын атап өтелік. Ең алдымен, сананы улау сананың құндылықты деңгейін топтау және оны пайдалы деңгейге дейін жеткізу бағытында жүргізіледі, пайдалану және сатып алуға деген құмарлық дағдыға айналады. Етістіктің *бол* деген бұйрық райын *бар* деген бұйрық рай ығыстырады. Жастардың миындағы пайда – дегеніміз бұл адамның ұмтылатын ең жоғарғы нәрсесі, оған жету жолында барлық құралдарды пайдалануға болады деген сенім сіңіріледі. Гедонистік өмір сүру салтының діні орнайды. Бұл, ең алдымен, қадам басқан сайын және де әртүрлі қалыпта адамдардың өміріне енетін жарнама арқылы жүзеге асады. Жаһанданушылар мәдениеттің барлық түрлері мен салаларын және адамзат қызметінің барлық аспектілерін тауарға айналдыру, коммерцияға айналдыру тактикасын ұстанып келеді. Мәдениеттің кез келген феноменінің коммерциялық маңыздылық идеясы, этикалық мақсаттылық пен этикалық мотивациядан үстем тұрған коммерциялық мақсаттылық пен коммерциялық мотивацияның басымдылық идеясы мақсатты түрде және күштеп орнап жатыр. «Осы күнге дейін танымал болған адамзаттың мотивтерін экономикалық мотивтердің ығыстыруы» да жайлап келеді. Десек те, бұл – небәрі әлемге деген тұтынушылық көзқарастың көрініс табуы мен әмбебаптануы. Осыдан келіп, күмәнмен қарау, тіпті, мәдениет пен адам өміріндегі барлық нәрсеге мәжбүрлі қатынас пайда болады, бұл сату-сатып алу қатынасына кедергі келтіреді. Осылайша, елес және утопия сияқты-мыс қасиеттердің жоғары құндылықтарының беделі түседі. «Ұлтты, – деп жазады А.С. Панарин, – сыртқы тапсырыс берушілер сұрайтын, ұйымдастырған жеңімпаздар (яғни жаһанданушылар – М.М.) нарыққа алып шығатын бытыраңқы, жауапкершіліктен жұрдай ақшаны ғана ойлайтын адамдар тобына айналдырғылары келеді» [9,138 б.]. Демек, жаһанданушылар нарықтық, ақша-тауар қатынастарын адамзат мәдениетіндегі барлық нәрсеге таратуды көздейді.

Қазіргі таңда, мемлекетті басқарудың негізгі қызметінде ересек ұрпақ отыр. Олар көбіне бұрынғы құндылықтарды, нормалар мен идеалдарды ұстанады. Расында, олар да жаһандық саясатты жүзеге асырып жатқандар тарапынан жасалып жатқан ықпалдың объектісі. Жаһанданушылар билік ететін элитаға апарар жол табуға, әртүрлі тәсілдер арқылы оны өз жағына бейімдеуге тырысуда. Және де олар көп нәрсені істеп үлгерді. Посткеңестік этно-ұлттық мемлекеттер құрылғаннан кейін халық арасында ғана емес, сондай-ақ элита арасында да өзгерістер орын алды. Мемлекеттікменшікті өз мүддесі үшін жекешелендірген белді элита өкілдерінің көпшілігі өздерін халыққа және оның мүддесіне қарсы қойды. Кеңес беруші және басқа да агенттің кейпіне енген жаһандық эмиссарлар «алтын миллиардтың» мүддесі үшін қызмет ету үшін әртүрлі деңгейдегі үкімет инстанцияларының «санасын улауды» мақсат еткен. Егер де ұлттық мемлекеттердегі үкіметтің жоғары эшелоны өз жағына жай ғана тартып қойса (өйткені, бұл адамдар қазіргі тіршілік етіп жатқан өзіндік ұлттық мемлекетті сақтап қалуға мүдделі), мезоүкімет деп аталатын орташа деңгейдегі билік құрылымдары бұл мәселе тұрғысынан көнгіш келеді. Мезоүкімет деңгейі тіпті, кеңес дәуірінде («тоқырау» кезеңінен бастап деп айтуға болады) тек бюрократтыққа емес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа да тұнып тұрған. Егер де ұлттық мемлекеттердің саяси элитасы ұлттық мемлекетті сақтауға мүдделі болса, өз халқының мүддесінен ғана емес, сондай-ақ өзінің ұлттық мемлекетінен де алыстаған жаңа экономикалық элита (бизнес-элита) қалыптасар еді. Бұл жағынан оларға жаһанданушылардың ықпал етіп жатқандығы сөзсіз.

1. Петров К. П. Тайны управления человечеством, или Тайны глобализации. – Кн. 1. – М.: Академия управления, 2009. – 873 с.

2. Петров К. П. Тайны управления человечеством, или Тайны глобализации. – Кн. 2. – М.: Академия управления, 2009. – 769 с.

3. Второзаконие //Библия. Книги Священного Писания. Ветхого и Нового Завета. Канонические. – М.: Российское Библейское общество, 1994. – 925 + 296 с. – С. 188 – 229.

4. Информационная база статистических данных по молодежи и различным направлениям молодежной политики Республики Казахстан. – Алматы: Казахстанский институт молодежи, 2003. – 43 с.

5. Орынканова Ж. М. Молодёжная политика в РК: направления и проблемы //Материалы Международной научно-практической конференции «Молодёжь и современность: проблемы мировоззрения, политики и морали». – Семей: СГПИ, 2007. – С. 178 – 182.

6. От диалога религий – к сближению цивилизаций. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на Первом Съезде лидеров мировых и традиционных религий //Назарбаев Н. А. Стратегия независимости. – Алматы: Атамұра, 2003.

7. Муканова Н. А., Карабаева М. С. Практическое пособие по вопросам религиозности молодёжи Республики Казахстан. – Астана: ТОО «Агроиздат», 2008. – 208 с.

8. Шойкин Г. Н. Молодёжь и молодёжное движение как фактор развития Казахстана //Государственная молодёжная политики: Опыт и тенденции развития. – В 4-х ч. – Ч. 2. – Астана: МКИОС РК, 2003. – С. 25 – 37.

Түйін

Бұл мақалада жаһандандудың Қазақстан жастарына және жалпы әсері мен оларға өзке күштердің ықпалын қарастырады. Посткеңестік елдердің мысалында қарауды жөн көрілуде.

Резюме

В статье рассматриваются трансформирующиеся ценности молодежи Казахстана и внешние факторы влияющие на них в условиях глобализации.

Resume

In article it is considered being transformed values of youth of Kazakhstan and external factors influencing them in the conditions of globalization.

В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК

ҚОРҚЫТ АТА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ҰЛЫСЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК КЕЛБЕТІ

Р.Б. Әбсаттаров – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корресподент мүшесі, филос.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,

Б.М. Аташ – филос.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-саяси ойларының қайнар көздері бастауын өткен ойшылдардың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан және тұжырымдамаларынан алады. Олардың көпшілігі адамзат қоғамын жаңаша, әділетті негізде қайта құру туралы армандаған еді. Осы орайда адамзат өркениетінің қазынасына құнды үлес болып қосылған Түркі-Қазақстанның әлеуметтік-саяси ойының үлкен де даңқты тарихының бар екенін атап өтуіміз қажет.

Түркі-қазақ халқы болмысының тарихта әйгіленген орнының болуы, Еуразиялық кеңістікке орналасуы, көптеген мемлекеттермен шектесуі, жаугершілік заманды ұзақ жылдар бойы бастан өткізуі, бірнеше империялар құруы және Ел Бірлігі идеясының орнығуы мен халқының ынтымақтастықта өмір сүруі сияқты объективті және субъективті жағдайлардың тоғысуы – руханияттық ой-санасында саяси-әлеуметтік мәселелерді терең толғанып шешуіне және тұрақты идеологиялық кеңістік қалыптастыруына алып келді.

Осыған байланысты, саяси тұлғалармен қатар, халқымыздың тарихында саяси-әлеуметтік мәселелерді қоюға, шешуге, іске асыруға белсене араласатын, ақыл қосатын, теориялық тұрғыдан пікірлерін ұсынатын, өзекті мәселелерді талқылайтын рухани тұлғалар легі заман талабына сай тарихымызда өзіндік орнын әйгілеген болатын. Осындай ірі тұлғалардың, көрнекті ойшылдардың бірі – Қорқыт Ата.

Қорқыт Атаның туған және өлген жылдары да белгісіз, шамамен VIII ғасырларда өмір сүрген деп топшыланады. Егер де Қорыт мұраларының ішіндегі «Елім-ай, халқым-ай» деп аталатын күйінің шығу тарихына [1,26 б.] жүгінсек, ол сол кездегі халқының жан-жаққа тарап, ыдырай бастаған дәуірін сипаттағандай болады. Түркі қағанатының тарауы мен қыпшақтардан оғыздардың бөлінуі тарихи баға тұрғысынан сол кезең үшін үлкен бірлестіктің ыдыраған кезеңі сияқты болып көрінеді. Демек, Қорқыт Ата сипаттаған қоғам осы болуы да ықтимал. Олай болса, оның өмір сүрген уақытын шамамен VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың соңы деп топшылауымызға болады. Екіншіден, Қорқыт әл-Машанидің пікірінше, әл-Фарабидің тікелей ұстазы болмаса да, өмірдегі жол сілтеушісі, ғылыми-танымдық бағдар берушісі болған екен. Ендеше, қарт Қорқыт пен жас әл-Фараби өмір сүрген дәуір де IX ғасырдың соңына сәйкес келеді. Дегенмен, бұл мәселені дәл анықтау тарихшы ғалымдардың еншісінде.

Сондай-ақ туған мекені де белгісіз болғанмен, ғұмыр кешкен жерлері, жерленген орны тарихи айғақтармен дәйектелген. Оны Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Сыр бойындағы 1952 жылға дейін сақталған Қорқыт Ата мазары дәлелдейді. Ол ата жағынан – оғыз тайпасының қайы, қият руынан болса, ана жағынан – қыпшақ, әкесінің есімі – Қарақожа [2,22 б.].

Ендеше, IX-XII ғасырлардағы түркілік рухани өрлеу дәуірінің бастамасында оғыз-қыпшақ ұлысының ойшылы – Қорқыт Ата жатыр. Қорқыт тек данышпан ғана емес, қобызшы, жыршы, хан кеңесшісі, бақсы т.б. көпқызметті және тарихи тұлға, әрі аңыз кейіпкері. Сондықтан оның дүниетанымы және өзінің өміріндегі оқиғалардың көпшілігі бізге мифтік сарында жеткен. Оның философиясының және саяси-әлеуметтік көзқарастарының қайнар көздері – 12 жырдан құралған «Қорқыт ата кітабы» мен оған енгізілген даналық сөздерінен, Қорқыт туралы аңыздар мен күйлерінің шығу тарихының мазмұнынан құралады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырлар әрбір кезеңдегі оқиғаларды тұтастандыратын түркі халықтарының жалпы тарихы мен дүниетанымының жинақталған мұрасы іспеттес. Ондағы әрбір жырының мазмұны терең рәміздік, бейнелік, тұспалды мағынамен байыпты ойтолғамдарды береді. Сондықтан, бабамыздың мұраларын жан-жақты зерттеу өмір талабынан туындап отырған іргелі ізденіс болып табылады.

Қорқыт мұралары кең ауқымды, мифологиялық-натурфилософиялық, өмірмәнділік мәселелерді тұтастандыратын болғандықтан, тек философиялық толғаныстар жиынтығы, тәрбиелік дәстүрлердің үлгісі, әдеби-мәдени туынды ғана емес, саяси-әлеуметтік көзқарастарды да біріктіретін тұтас дүниетаным.

Қорқыт мұраларындағы саяси мәселелер, сол дәуірдегі өз қоғамының саяси жүйесін, сыртқы елдермен саяси қатынастарды, елдің ішкі саяси тұрақтылығы мен саяси құрылымды сипаттайтын, демографиялық саясатты және күрделі саяси ахуалдарды шешудің өзіндік үлгісін бере алатын тарихи мұра.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың мазмұнына ортақ нәрсе – түркі қоғамындағы саяси құрылым туралы болып келеді. Бұл құрылым жоғарыдан төмен қарай қатаң орналастырылған иерархияға бағынды. Саяси элиталардан бастап, төменгі таптарға дейінгі құрылған өзіндік әлеуметтік кеңістік жүйесі әкімшілік-басқарушылық ыңғаймен оның жырларының өн бойына сіңірілген.

Бірінші, жоғарғы сатыда – «Хан» немесе «Хандардың ханы» тұрған. Мысалы, «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» деп аталған жырда: «Хандардың ханы Байындыр жылда бір рет той жасап, оғыз бектерін қонақ қылатын әдегі еді», – деген жолдар [3,15 б.] осыны дәйектейді.

Екінші, одан кейінгі сатыда – «Хан» немесе «Бек» мәртебесімен бағаланған адамдардың тобы болған. Себебі, кейде «Бектер» де «Хан» деп аталғандықтан, ең жоғарғы билеушіні «Хандардың ханы» деп айрықшалайтын болған сыңайлы. Мысалы, жыр мазмұндарында Ұлашұы Салор Қазан деген әйгілі адам кейде «хан Қазан», кейде «Қазан бек» деп те атала береді.

Үшінші сатыға – көпестер, яғни саудагерлер немесе жай ғана ауқатты адамдар тобы тұрақтаған. Мұны «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» деп аталған жырдағы көпестердің бектерге бағыныштылық қарым-қатынастарынан-ақ байқауға болады: «Бай Бура-Бек көпестерін шақырып, бұйрық берді: «Ей, көпестер, Алла тағала маған перзент сыйлады. Сол ұлым өскенше, Рум еліне барып, ұлыма жақсы тарту әкеліңдер» [3,46 б.]»

Төртінші, соңғы сатыдан орын тепкендер – шопандар, яғни, қарапайым шаруалар. Мысалы, Секіректің ағасы Екіректің айтқанына үңілсек: «Түйелерімді баққан түйешімбісің? Жылқымды баққан жылқышымбысың? Қойларымды баққан шопанымбысың?», – деген жолдардың мағынасы да осы ахуалға келіп түйсетіндігін бағамдай аламыз. Яғни, бұлар – түркі қоғамындағы негізгі кәсіп мал шаруашылығынан туындаған жалдамалы төменгі таптар деген сөз. Сол сияқты үй қызметшісі әйелдер де болған. Ол жыр үзінділерінен былайша көрініс табады: «Әйелі қолын қолына айқастырып, күтуші күнге айтты, күтуші тысқа шығып, күзетшіге айтты» [3,134 б.]. Бірақ бұл тұста, бұндай төменгі таптардың түзілімі көп жағдайда, соғыс кезінде қолға түскен жаудың тұтқындарынан құралғандығын айта кетуіміз қажет.

Осындай саяси биліктік құрылым мен әлеуметтік жіктелулерге жатпайтын – әлеуметтік топ ретінде қалыптасқан «озандар» немесе «дуаналар» да түркі қоғамында өмір сүрген. Олар билік пен байлықтан тыс өнер иелері: жыршылар, қобызшылар, даналар – руханиланған тұлғалар. Жыр мазмұндарындағы оқиғаларға сүйенсек, бұлардың өзіндік ролдері мен мәртебелерін айқындай аламыз: «Қазан-Бек бағып тамашалап тұр еді. Бәрікті шақырды. Дуана озан жетіп келді, бас иіді, қол қусырып, тағзым берді. Содан соң сөйлей жөнелді» [3,67 б.].

Бұндай саяси-әлеуметтік қабаттардың тік (вертикальді) түзілімі оның жырларында жүйеленген ыңғаймен былайша шешімін табады:

«Қараңғы түнде адасам үмітім – Алла,
Жоғары ту ұстаған ханымыз – Байындыр хан.
Майдан күні ат ойнатқан алыбымыз – Салор Қазан.
Әкем атын сұрасаң – Үшін Қожса,
Менің атым сұрар болсаң – Секірек» [3, 147 б.]»

Жалпы жыр мазмұндарының бағыты осы саяси элита топтарының басынан өткен оқиғалары мен өмір жолдары туралы болып келеді. Сондықтан да, бұл туындыда, тұтастай алғанда, түркі халықтарының тарихта бірнеше рет империялар құрғандығы және оның бірі – Қорқыт заманындағы оғыз-қыпшақ ұлысы болғандығы мақтанышпен жырланған. Ендеше, осы түркі қоғамындағы саяси билік иелерінің топтарына жеке-жеке тоқталып өтіп, сол кездегі қоғамдағы мәртебелерін саралау арқылы Қорқыт дүниетанымындағы саяси-әлеуметтік көзқарастардың ішкі мазмұнын аша аламыз.

Үлкен ұлыстың немесе белгілі бір дербес қауымдастықтың түркі-қазақ қоғамындағы ең жоғарғы билеушісі, «қаһан» (мысалы, Білге қаһан) деп аталған мәртебенің қысқарған түрі – Хан болып табылады.

Хандық институт тек саяси-әлеуметтік қана емес, қоғам мен адам арасындағы, билік пен бағынушы қатынасындағы және жалпы «ұлттық» бірлік пен оның табиғи болмысындағы маңызды буын, әрі үлкен жауапкершілік пен еркіндік аймағындағы жан иесі. Саяси-әлеуметтік тұрғыдан, Хан: 1) Далалық еркіндік пен азаттық рухының жаршысы және оны тәжірибе жүзінде іске асырудың негізгі орталығы; 2) Ол Еркіндік таза абсолютті немесе шектен шыққан бейберекетсіздік емес, әлеуметтік деңгейде белгілі бір жауапкершіліктермен, түсіністіктермен, келісімділіктермен шартталып отыруы тиіс екендігінің бақылаушысы да хан болып табылады және осы еркіндіктің мәдени-әлеуметтік мағынасын терең түйсінуші болып шығады; 3) Ол – ұлттың азаттығы мен бостандығы туралы ақпараттық және рухтандырушылық жан иесі және ықпалдылығы әлеуметтік мәртебесімен айқындалатын дара тұлға; 4) Ұлттық бостандықсүйгіш дүниетанымды, дала адамының азаттық рухын терең меңгерген жинақтаушы жалқы өкіл т.б.

Хан мәдени-өмірлік тұрғыдан – «сенің өміріңнің бөлігі – менің өмірім» деген қағиданы әлеуметтік тұрғыдан өзгелерге арнайтын, физикалық және психологиялық тұрғыдан үнемі «шекаралық жағдайлы» жан иесі. Сонымен қатар өзінің ішкі рухының асқақтығы мен Меніне халқының Рухын жетелейтін жауапкершілікті тұлға болғандықтан, ұлт болмысының жасампаздығының куәгері де болып табылған. Қорқыт Ата жырларында да хан осындай қасиеттер мен міндеттерді толықтай атқарушы билік иесі және іргелі саяси-әлеуметтік мәселелердің шешімін табатын ірі тұлға ретінде суреттеледі.

Бұндай саяси-әлеуметтік тұлғалар қандық тумысына негізделіп іріктелген. Хан мен билер, болыстар мен рубасылары ататектерінен жалғасқан табиғи талантына байланысты алынғандықтан, оларды жас кезінен бастап, осы арнаға қарай тәрбиелеп отырған. Саяси зиялылар болып саналатын қоғамның әлеуметтік бұл тобы да қатаң талаптардан өткен, ақсүйектік пен тектілік шарттарын бұлжытпай орындауы тиіс болған. Өзінің асқақ рухын үнемі төмендетпей, биік ұстаған. Оларға қарапайым халық арасынан жар таңдау мүмкіндігі берілмеген. «Қан тазалығын сақтау» қағидасы арнайы емес болса да енгізілген. Үйлену салттарында да тектілік қағидасы бойынша ата-бабасына, тіпті оның арғы аталарына қарап, ұрпақтарын бағалаған, әлеуметтік мәртебесін анықтап алған.

Қорқыт Ата мұраларындағы «хан» деп аталған бектердің қоғамдық-саяси арнадағы негізгі сапалары мынадай болып құрылған:

- ел қорғайтын батырлар, физикалық-психологиялық жағынан жетілген тұлғалар, қазақ эпостарындағы сарындарға келіп жалғасатын ел үшін күрескерліктің «таңдаулы әскер басылары» десек те болады. Демек, олар тек қана батыр емес, соғыс жағдайында қол бастайтын, елді ұйымдастыратын саяси тұлғалар.

- қоғамдағы беделі мен намысын сақтап отыруы тиіс, қазақ қоғамының түсінігімен айтқанда, ақсүйектер немесе тектілер. Олар – өзінің бектік болмысының қандай жағдай болса да айнымауы керек, әлеуметтік мәртебесін түсіруге мүлде тағайындалмаған, тек асқақтата беруі тиіс түркілік қоғам талаптарын міндеттеме қылып алғандай болған. Мысалы, осы тұста, сөзіміз дәлелді болуы үшін, «Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгімесінің баяны» деп аталған жырдың мазмұнындағы оқиғаға назар аударсақ: Қазан Бектің үйін батырдың өзі жоқта жау шауып кетеді, ол оралғаннан кейін дұшпандарынан кек алуға жалғыз аттанады, жолда шопанына кездеседі, бақташы иесіне көмектесуге ұмтылып, одан қару-жарақ сұрап, жауға бірге аттанып бара жатқан сәтте, Қазан Бекке мынадай ой келеді: «Егер шопанмен бірге барар болсам, қалың Оғыз бектері менің басыма қазық қағып, төбемді ояр, Шопан болмаса, Қазан кәпірлерді жеңе алмас еді демей ме, одан да мұны осы араға қалдырайын», – деп, намысқа мініп, шопанды ағашқа байлап кетіп, жауға қарай өзі ғана аттанған екен [3,34-38 бб.]. Бұнда да Бектік пен Батырлық рухтың асқақ тұлғалық көрінісі анық байқалады. Демек, саяси элиталар, яғни ақсүйектер өздерін тектілер деп таныған, өзіндік орнын сыртқы жаулар мен ел ішінде де түсірмей ұстай алатын, бойында намыс пен жігері бар қоғамдағы мәртебелері жоғары тұлғалар болды.

- мирасқорлықты сақтау жауапкершілігін мойнына алған. Хандық немесе Бектік мәртебе олардың биологиялық тумысынан белгіленген және гендік (қандық) сабақтастық бойынша жалғасқан, демек, өмірдің өзі тағайындағандықтан, оның ұрпақтары да бек болмаса еркі де жоқ болған, яғни, ерікті-еріксіз түрде Бек деген сөз. Олай болса, бектердің билігі әкеден балаға жалғасқан монархиялы типтес болған. Осы тұста, «Қазан-Бекұлы Ораз-Бектің тұтқын болған әңгімесінің баяны» деп аталған жырдағы оқиғаларға тереңірек үңілу қажеттігі туындайды. Салор Қазан бір күні жұртты жиып, орнынан тұрып, сол жағында отырған нағашысы Арузға қарап қуанады, оң жағындағы Қара Көне есімді ағасына қарап, қарқ-қарқ күледі де, қарсы алдындағы ұлы Оразға қарап қайғырады, сол сәтте ұлы одан «не үшін қайғырғандығын» сұрайды. Әкесі, он алты жасқа дейін ерлік көрсетпей, аңға шықпай, бас кеспей өзін түркі қоғамының салтына сай әйгілей алмағандығы үшін өкініп отырғандығын айтады: «Он алты жасқа келдің, садақ тартпай оқ атпадың, Бас кеспедің, қан төкпедің. Қалың оғыз елінен жұлде алмадың. Күні ертең мен өліп, сен қалсаң «тәжімді, тағымды, саған бермей ме» деп ойлап, жылағанымның себебі сол еді, ұлым, – дейді» [3,76 б.]. Дегенмен, хандық билік пен бектік мәртебе өздігінен-ақ, тумысы болғандығы үшін тікелей беріле салмайды, ол үшін міндетті түрде ерлік көрсетіп, өзінің жажүректігі мен батырлығын дәлелдеуі тиіс болған. Әйтпесе, биліктің бәсекелестері оны мойындамауы да мүмкін деген сөз.

- бектер ел ішіндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді де шешуге атсалысатын: билердің, шешендердің, айтулы батырлардың, тіпті кей кездерде даналардың да қызметін атқарған, яғни, қазіргіше айтқанда, парламент қызметіне сәйкестенеді немесе бүгінгі парламент Қорқыт Ата дәуіріндегі осы Бектер институтының ресмиленген, жүйеленген, мемлекеттік деңгейде құрылған, қазіргі заманға лайықталған үлгісі болып шығады. Олардың шешімдері қайта қарастырылмайтын, өзгертілмейтін, қалайда жүзеге асуы тиіс қағидаттар түрінде таралған. Тіпті бұндай шешімдер кейде қоғамдық деңгейден шығып, әлемдік сатыға дейін көтеріліп кеткен. Мысалы, «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» деп аталған жырда мына-

дай оқиға бектердің шешімдерінің дәрежесінің қуаттылығын қуәландырады: «Мұны естіген қалың оғыз бектері көкке қарап, қол жайып, дұға қылды. – Алла тағала саған да бір ұл берсін! – деп тіледі олар. Ол заманда бектердің алғысы – алғыс, қарғысы – қарғыс еді, дұғалары қабыл болуы да ғажап емес» [3,45 б.].

Одан кейінгі сабақтасқан оқиғада, шындығында да, ол нәтижесінде ұлды болғандығы айтылады. Бұл бір қырынан мифологиялық мазмұнда құрылған мистика, екінші бір қырынан алғанда, ел басқарудың өзіндік бір шынайы-магиялық салттарын қолданған болуы да ықтимал деп айта аламыз.

Демек, бектер кейінгі қазақ қоғамындағы болысқа бөліну құрылымы сияқты өзіндік бір саяси аумақтарды иеленген, олар игі жақсылар ретінде хандардың ханына адал қызмет етіп, биліктерін ұрпақтарына мұраға қалдырып отырған, асқан дәулет иесі және кез-кеген сәтте жауға аттанатын батырлар болған. Байындар ханның оғыз ұлысында әрбіреуі әйгілі болып саналатын бектер билейтін бұндай аймақтың саны 24 ұлыспен біріктірілген сыңайлы: «Байындар хан: Жиырма төрт тудың бегі жиналсын,-деп бұйырды. Әуелі Темір қақпалы Дербентке бек болған, сүңгі найза ұшымен ерлерді түйреген, қас жауына жеткенде, кімсін деп сұрамаған Қиян Селжікұлы Дели Дундар сенімен бірге барсын. Содан соң айғыр көз сұңғақ ат жүздірген елу жеті қаланың кілтін алған Қожаұлы Дүлен Еврен де бірге барсын... Сонымен Байындар хан жиырма төрт қаһарман тудың бегін Игенекке жолдастыққа қосып берді» [3,99 б.]. Бұл – сол дәуірдегі тұтас оғыз ұлысының саяси-әкімшілік картинасы десек те болады. Сондықтан, Қорқыт жырларының атаулары да көп жағдайда: «Игенек-Бек», «Қам Бура-Бек», «Ораз-Бек» т.б. «әңгімесінің баяны» болып келеді.

Бірақ Бектер билеген ұлыстар шашыранқы, жүйесіз, бастары қосылмайтын бытыраңқы болмаған. Олардың барлығы Байындар ханға, яғни, бір орталыққа бағынып, жылына бір рет өтетін Хан мәжілісіне жиналып, ел ішіндегі және сыртқы саясаттағы мәселелерді бірлесіп шешетін болған, демек, жалпы мемлекеттік кеңес жылына бір рет шақырылатын парламент отырысы сияқты болып құрылған: «Жылына бір рет Байындар ханның жиналысына барып тұрды» [3,130 б.], «Ағынды мөлдір сулар мен қырды астым, Байындар ханның жиынына жетіп бардым» [3,133 б.] деген сияқты жыр мазмұнындағы оқиғалар осының айғағы.

Сондай-ақ, қазіргі еуроцентристік көзқарастар мен Кеңес дәуіріндегі идеологияға бағындырылған тарихи мәліметтер, түркілер тек айдалада көшіп-қонып жүрген, оларда «мемлекет», «шекара» дегендер болмаған деген сияқты сыңаржақ пікірлерді де Қорқыт Ата мұралары арқылы жоққа шығаруымызға болады.

Жыр оқиғаларына сүйенсек, оларда да шекаралар болған және ол шепке қорғаушы Батыр-Бектер бекітілген. Мысалы, «Бегілұлы Еміре әңгімесінің баяны» атты жыр оқиғасында – Байындар хан сыйлығын, Қорқыт Атаның ұсынысымен, Бегіл атты жаужүрек бекке сыйлайды, соған жауап ретінде Бегіл шекараны күзетуге аттанады (қазіргіше айқанда, әскери шарт секілді): «Бегіл ризалығын білдіріп, орнынан тұрып, жерді сүйді... Қазан айғырды жектіріп, ол атқа қонды. Жақын туыстарынан айрылып, үйін жығып, Оғыздан көшті. Сөйтіп, ол Бердеге, Кенжеге барып мекендеді. Тоғыз түмен Күржістанның аузына, шекараға барып орналасып қарауылдық жасайтын болды. Жат біреу келсе, басын алып, Оғызға сыйлыққа жіберіп отырды», -деп көрсетілген жолдар да осының айғағы.

Сол бір кездерде оның аттан құлап, аяғы сынғанын естіп, көпірлердің оны қолға түсіруді ойлауы да, оны естіген Бегілдің Байындар ханға хабар жіберуі қажеттігін баласына айтуы да, Ел шетінде, яғни, шекарада тұрғандығын дәйектейтін оқиғалар [3,130-132 бб.]. Яғни, Қорқыт заманындағы оғыз-қыпшақ ұлысының өзіндік саяси жүйесі, әлеуметтік құрылымы, әкімшілік-басқару тәртібі мықты іргелі мемлекет болғандығын көре аламыз. Мысалы, осы мәселелер хақында Б.Тайрова да мынадай тұжырымға келеді: «Осыдан біздің аңғаратынымыз түркі дүниесінің рухани және саяси жағынан болсын жоғары деңгейде болғанын көрсетеді» [4,12 б.].

Қорқыт Ата туындыларындағы және кейіннен қазақ қоғамындағы демографиялық саясаттың туындауының ішкі мәні тереңде жатыр. Оған алдымен, жаугершілік заман – әлеуметтік шарт болып табылатындығын; одан соң елдік пен тәуелсіздікті сақтау үшін күресетін қолдың (әскердің) жеткілікті болуы, адам ресурсынан тарықпау – биологиялық алғышарт екендігін; дүниеге ер баланың келуі – психологиялық себеп ретінде есептелетіндігін Қорқыт Ата идеялары оңай ұғындырады. Себебі, Қорқыт мұраларында қозғалған бұл мәселелер бір-бірімен тығыз байланысып жатады.

Оғыз-қыпшақ заманында да саяси қақтығыстар, ел мен жер, байлық пен дәулет үшін соғыстар жиі болып тұрғандығы тарихтан белгілі жайт. Ең маңыздысы бұндай шет халықтармен, ұлыстармен, мемлекеттермен болатын соғыстар ірілі-ұсақты екендігіне қарамастан, жиі-жиі қайталанатындығында. Бірақ, ол сыртқы саясатты дұрыс ұйымдастыра алмағандықтан емес, көп жағдайда, көрші халықтардың шабуылынан қорғану немесе өзінің елдігін әлем алдында дәлелдеп отыру қажеттігінен болған. Дегенмен, осы

ұрыстардағы ең басты мәселе – жеңіске жету, ал оның негізгі себептерінің бірі – қолдың сандық және сапалық жағынан қамтамасыз етілуі. Оның аздығы жеңілістің басты себептерінің бірі екендігін түйсінген түркілік әскери саясат пен елдік хауіпсіздік, тереңнен стратегиялық жоспарлар құрып, түбі болмай қоймайтын қол жетіспеушілігінің алдын-алу үшін потенциалды әскерлер даярлауды маңызды санаған. Көрші мемлекеттермен ірілі-ұсақты соғыстардың жиілеуінен адам шығыны да көбейе түсетіндігі белгілі. Сондықтан, адамның дүниеге келуі, әлеуметтік-жанұялық-тұрмыстық шеңберде қуанышты жайт болумен қатар, Қорқыт заманында, алдымен, «саяси мәселе» деп бағаланған.

Ендеше, қазақ қоғамында да XIX ғасырға дейін жалғасын тауып келген осы дәстүрдің түп негізі – физикалық тұлға дайындау. Себебі, жаугершілік заман әрбір ұл баланың болашақта әскер қатарын толықтырып, жауға аттанып, елі мен жерін қорғап, физикалық жағынан жетіліп, ерлік көрсетуін талап еткен. Осыған байланысты, түркі-қазақ халықтарындағы дүниеге бала келу құбылысы салтанатты түрде аталып өтілген, оның ішінде ұл баланың өмірге келуі айрықша дәріптелді. Бұның астарында, «әрбір дүниеге келген ер бала – ел қорғаушы тұлға» (әскер) деген қағида жатыр. Сондықтан, әрбір ұл атадан жалғыз болмаса, жауға шауып, өзінің өлім мен өмір арасындағы шекаралық жағдайлы ғұмырын ерікті-еріксіз түрде өзіне-өзі шартты түрде тағайындап қоюы тиіс болған. Бұл «еркек тоқты құрбандық» деген қатал, әрі қайғылы, бірақ ең бастысы рух беретін тоқтаммен келіп шартталған. Нақ бүгінгі күні де жаугершілік заман болмаса да, бейбітшілік орнап тұрса да, ер баланың дүниеге келуінің қыз балаға қарағанда қуанышының ерекшелену болуы – осы көне дәстүрлерден тамыр тартап архетиптер, яғни, бейсанамыздағы қалыптасып қалған стереотиптер.

Ендеше, Қорқыт Ата жырларындағы дүниеге баланың келуі – ұрпақ қалдырудың саяси идеологиясы түрінде, жанұядағы ұрпақтың дәріптелуінің әлеуметтік психологиясы ретінде орныққан. Бұл ахуал жыр мазмұндарында рәміздік кейіпте, кейде шынайы оқиғалармен де беріліп отырады. «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан туралы жырдағы» оқиға барысында көрсетілгендей, Байындыр хан тағы да той жасап, аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойғызады да, бір жерге ақ отау, бір жерге қызыл отау, енді бір жерге қара отау тіктіреді де: «Ұлы барларды ақ отауға кіргізіп, қызы барларды қызыл отауға кіргізіп, ұлы-қызы жоқтарды қара отауға қондырыңдар. Астына қара киіз төсендер, алдына қара қойдың етінен табақ тартыңдар, жесе жесін, жемесе тұрсын да кете берсін», – дей келе: «Кімде-кімнің ұлы-қызы болмаса, соны Тәңрім қарғайды, біз де қарғаймыз, естіп білсін», – деп ойын тиянақтаған екен [3,17 б.].

Бұл – ұрпақтар сабақтастығы қағидасын басшылыққа алатын ұлттық идеяның көркемдік түрде айшықталуы. Осы көріністегі «біз де қарғаймыз, Тәңрі де қарғайды» деген жолдар – ұрпақсыздықтың ғарыш (Көк Тәңрі) алдындағы онтологиялық және этнос қоғамы алдындағы саяси жауапкершілік болып табылатын сипатын әйгілейтін терең мағыналы бұйрық екендігін паш етеді. Бір қарағанда, Хандардың ханының кез-келген түркілік жанұяда «ұрпақ бар ма, немесе жоқ па» деген сияқты мәселелерге араласуы ұсақтүйек болып көрінеді, бірақ әрбір ұрпақ халық пен этностың мәңгілік жалғастығының кепілі және болашақ жауынгер тұлға болғандықтан, оқиғадағы бұл құбылыстың тек онтологиялық қана емес, елдік хауіпсіздік тұрғысынан саяси да терең мағынасы бар екендігі сөзсіз. Осыны сол дәуірдегі саясаткер Байындыр хан терең ұғынған және осы талап бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан үздіксіз беталыс.

Дәл осы мазмұндағы түпидея «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» деп аталған жырда да, «Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесінің баяны» жырында да басқаша мазмұнда тағы да қайталанады. Демек, ол жайдан-жай құрылған заман оқиғасы емес, Қорқыт Ата мұраларында қайталанып тұруы арқылы аса маңыз берілген саяси астарлы ұлттық идея болып шығады. Мәселен, «Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесінің баяны» жырының мазмұны былайша өрбиді: өзінің жаугершілігі мен батырлығы арқылы елге танымал болған екі ұрпағы бар Домрул, өзендегі көпірден өткендігі үшін жұрттан ақы талап етіп, үстемдігін жүргізгісі келеді, осындай бір кезеңдерде бір күні оған өлім Әзірейілі келіп жанын алатындығын мәлімдейді және келіспеген уақытта орнына басқа адамның жанын беруді сұрайды. Домрулдың әке-шешесі жанын беруге келіспегенмен, жары келісімін береді. Бірақ Әзірейілі әйелінің де, өзінің де жанын қалдырып, түптеп келгенде, әке-шешесінің жанын алып кетеді [3,90-9 бб.].

Бұл оқиғада негізінен екі идея бар: бірі – еркіндік мәселесі, екіншісі – ұрпақтар сабақтастығы мен адамзат эволюциясы. Ал Әзірейілдің әрекеті – екі ұрпақты Домрулдың адамзаттың сандық жағынан сақтап қалуын қамтамасыз еткенмен, әрі қарай көбеюін қамтамасыз ете алмайтындығын, ал әке-шешесінің репродуктивтіліктен айырылғандығын, олардың адам санын, түркі халықтарының санын көбейтуге енді ықпал ете алмайтындығын тұжырымдайтын тұспалды ойды береді. Халық саны көбею үшін жанұяда кемінде үш ұрпақ болуы тиіс екендігі де бұл оқиғаның мәтін астарында (подтекст) жатыр.

Шындығында, қазіргі Қазақстандағы демографиялық саясаттағы адам санын көбейтуді сұранып тұрған талап – жаугершілік заман болмаса да, Қорқыт дәуірінен келіп жеткен қағиданы мойындауды және

жүзеге асыруды өздігінен-ақ қажетсініп тұрған сыңайлы. Нақ осы ұрпақтар сабақтастығы мәселесі бүгінгі күні өркениетті мемлекеттерді алаңдатып отырған маңызды түйткілге айналып бара жатыр және ол, түптеп келгенде, сол ұлттың тарих сахнасынан өздігінен-ақ мүлде жойылып кетуіне алып келетін «ұлы қайғы» болып табылады. Сондықтан да, осы тұста, Қорқыт Атаның мифологиясындағы оқиғалардың тек түркі халықтарына ғана емес, жалпыадамзатқа арналған саяси-әлеуметтік астарлы мағынадағы мәңгілік өсиетнамасының қаншалықты маңызды екендігі ұғынылады.

Қорқыт Ата жырларында болашақ әскер дайындаудың сапалық-сандық жақтарына маңыз бергендігі соншалық тек ер азаматтар ғана емес, әйелдердің де бұл іске араласуына мүмкіндіктер ашып отырады немесе соны қалайды. «Қаңлы Қожаұлы Торалы әңгімесінің баяны» атты жырда Қаңлы Қожа өзінің баласы Торалыны үйлендірмек болады. Сонда ұлы тұрып, болашақ жарының қандай болуы керектігі туралы былайша сипаттайды:

*«Әке, мен орнымнан тұрғанша,
Ол бұрын тұратын болсайшы.
Мен Қазылық қара атыма мінгенше,
Ол бұрын мінетін болсайшы.
Мен кәпір еліне барғанша,
Ол бұрын барсайшы.»*

Маған жаудың басын кесіп әкелетін болсайшы» [3,104 б.]. Нәтижесіне, Торалының осы қалауы іске асып, жұбайы Селжан ару жауға шауып, оны өлім аузынан құтқарып қалады.

«Қам Бура Бекұлы Бамсы бәрік әңгімесінің баяны» атты жырда өзіне жар іздеп жүрген Бәрік деген жігіт Бану Шешек есімді қызбен кездесіп қалады. Сол кезде қыз оған (әлі таныспай тұрған кезде) басқа бір қыздың атынан сөйлеп, мынадай шарт қояды: «Жүр екеуіміз аңға шығайық, ат жарыстырайық, егер сенің атың менің атымнан озса, онда атынан да озғаның. Және сенімен оқ атысамын, атысуда мені жеңсең, оны да жеңгенің, екеуіміз күресеміз, мені жықсаң, оны да жыққаның» [3,50-51 бб.]. Ақырында, жігіт оны айла-тәсілмен әрең дегенде женеді. Бұл да қыздар бейнесінің физиологиялық жағынан толығып, жауға аттануға дайын екендігін білдіретін оқиғаның мысалы.

Бұндай сарын Томирис патшамен әйгіленіп, арғытүркілік дәуірден бастау алған, оғыз-қыпшақ заманына келіп жалғасып, қазақ хандығы тұсында да сабақтасып, кешегі Ұлы Отан соғысындағы Әлия, Мәншүк секілді батыр қыздармен өзінің өміршендік рухын сақтап келеді. Тіпті 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында құрбан болған қыздарамыз да көнеден келе жатқан осы жауынгерлік архетип пен генетикалық сабақтас-тықтың айқын көріністері болып табылады.

Яғни, Қорқыт Ата мұраларындағы әскери саясаттың түп төркіні – қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, жалпыға бірдей міндеттелген отан қорғау ұстанымына келіп орайласады. Әйелдер мен шопандар да өз қалауларымен бұл іске араласуға құқы болған. Жоғарыда келтірілген дәйек: «Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгімесінің баяны» деген жырының мазмұнындағы шопанның жауға аттанып, қожайынының жеңіске жетуі үшін жанын салғаны [3,31-33 бб.] осының айғағы.

Қорқыт мұраларында халықаралық қатынас мәселесі де назардан тыс қалмайды. «Салор Қазан үйінің шабылған туралы әңгімесінің баяны» жырындағы оқиға былайша өрбиді. Кәпірлермен соғыста жеңіске жеткен оғыздар оларды түгедей қырып тастамайды, дала заңына бағынады: «Бес жүз Оғыз жігіті шейіт болды, Қашқандарын Қазан Бек кумады. Аман қалғандарын өлтірмеді. Қалың оғыз Бектеріне бұл бір ғибрат болды» [3,43 б.]. Яғни, өзгелермен қарым-қатынастарда да жауын өздеріне тым өшіктірмеуін, тек кек алып (реваншизм), өздері бастаған шабуылдарын қайтару үшін ғана күрескен Отан қорғау ісі нақты көрсетіледі, сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымдары – приоритет емес, саяси паритет болғандығын паш етеді. Бұған Л.Г.Гумилевтің айтқан мына пікірлері де дәлел бола алады: «Түркілердің идеологиялық бағыты саясатта қорғаныстық, ал идеологияда прогресшіл болып табылады» [5,45 б.]

Жауынгерлік сарындағы елдік рух пен түркілік идеяны қалыптастырушы-дамытушылық қызмет, сайып келгенде, «соғыс-елдік-намыс» идеологиясын құруға келіп тіреледі. Сондықтан бұл – елдегі маңызды саяси идеологиялардың бірі болды. Идеологияны жыраулар мен озандар, даналар мен Қорқыт Ата сияқты данышпандар жүйелі түрде насихаттап отырды. Түркі халықтарының бізге айқын тарихы бойынша, бұндай жыраулық-идеологиялық дәстүр Тоныкөктің идеяларындағы көмескіленген үдерістері мен осы Қорқыт Атаның толғауларынан бастау алады. Қорқыт Ата кітабындағы оқиғаларда, бабамыз тек сырттан бақылаушы ғана емес, ол соғыс сәттерінде немесе жеңіс кезінде келіп үнемі батасын беріп отыратын оқиғалар оның ел ісіне белсене араласушы, ұлттық идеяның идеологы да болғандығын паш етеді.

Сондықтан, жалпы түркі ұлдары мен жауынгерлерін рухтандырушы, шабыттандырушы, жігер беруші, намысын қайраушы қызметін атқарған әскери-жауынгерлік идеология, келесі кезекте, тұлға дайындау, оны әлеуметтендіру қызметтерін де қоса атқарып отырды. Жоғарыда айтылғандай, әскер саны тек оның

мөлшерімен ғана шектелмейді, олардың сапасына да тікелей байланысты. Тым көп, бірақ рухы төмен немесе дайындығы жоқ жауынгерлер жеңіліске жиі ұшырағаны әлемдік соғыс саясатына да мәлім. Мысалы, Шал ақын атап өткен: «Іс бітірмес жамандар, Жүз болса да бірмен тең» [6,157 б.] деген ұстаным әскери саясат бойынша алғанда, түпмәселе ретінде көнеден келе жатқан ереже.

Сондықтан тұлға бейнесі мен оның идеалы да сомдалды, бірақ ол тұлғаның көп жағдайда, алдымен, физиологиялық жағынан жетілуіне маңыз берілді. Одан кейін, қалыпты жанұялы болу, ұрпақ қалдыру, дәулетті өмір сүру, адамгершілік сияқты сапалар тіркелді. Мысалы, Қорқыт Ата өзінің нақыл сөздерінде осы тұлға бейнесінің шарттарын қысқаша атап өтеді: «Мықты жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне білмес, ол мінгенше мінбесе игі... баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі» – физиологиялық жағынан жетілген тұлғаның үлгісі болса, «Дәулетті ұлың болса, ошағыңның қоры болар. Дәулетсіз ұл болса, атаның көрі болар» – байлықты иелік ету өлшемінің бейнесін білдірсе, «Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық» – адамгершілік жағынан толыққанда адам қалыптастыруға арналған бұйрық іспетті өнеге.

Баһадүр тұлғаның қалыптасуы мен дамуының Қорқыт заманында да басты нысанға шығарылуы арғытүріктік қоғамдар талабынан бері сабақтасып келе жатқан үрдіс. Бұнда толыққанды түркі тұлғасы болудың жас мөлшері 16 жас болып белгіленген. Он алтыға дейін оған есім де берілмейтін болған, тек әкесінің атымен «түгеншенің ұлы» деп атаған. Бірақ ол жігіт он алтыға толғанша міндетті түрде, аңға шығып, өзі аңдарды атып өлтіріп, олжалы оралуы керек болған және қандай-ма болмасын жауларымен ірілі-ұсақты айқаста ерлік көрсетуі тиіс деп бекітілген. Бұл шарттарды орындағанша ат қойылмаған: «Ол заманда ұл балаға бас кеспесе, қан төкпесе, ат қойылмайтын еді. Бай Бура Бектің ұлы бір күні аңға шықты», – деген жолдар осының айғағы. Немесе: «Қазан-Бекұлы Ораз-Бектің тұтқын болған әңгімесінің баяны» деп аталған жырындағы әкесінің «Он алты жасқа келдің, садақ тартпай оқ атпадың, Бас кеспедің қан төкпедің. Қалың оғыз елінен жүлде алмадың», – деп [3,76 б.] баласына білдірген назы да бұның ақсүйектерге қатысты жалпытүркілік ортақ қағида екендігін білдіреді.

Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда, он алты жас – жеке адамдықтан, тұлғалыққа өтуде инициациялар арқылы іске асатын хронологиялық өлшем шекарасы. Инициациялар қатаң сынақтар арқылы жүзеге асқан, аң аулауда болсын, жаумен ұрыста болсын тек ерлік көрсету арқылы ғана мойындалған. Бұл инициация – әлеуметтендірудің шешуші сынақ кезеңі, нәтижесі болып белгіленген. Демек, оғыз-қыпшақ ұлысының өмірмәнділік талаптарында физикалық-биологиялық тұлғаның келбеті осылай жасалған.

Бұндай тұлға қалыптастырушылық нұсқа түркі даласының ресми емес мектептерінен де анық байқалады. Қазақ халқының «он үш жасында отау иесі» деген әлеуметтендірушілік нормалары ұрпақтарымыздың тәні мен рухының ерте жетілуінің дәйектемесін айғақтайды. Екінші бір қырынан алғанда, ертерек отау тіккізіп, жоғарыда айтылғандай, тезірек ұрпақ дайындауға келіп тіреледі. Яғни, кейінгі қазақ қоғамындағы тұлғаға өту шекарасы – он үш жас болып белгіленген.

Сондықтан, жанұя бұл кезеңде мемлекеттік деңгейдегі ұрпақ (әскер) өндіретін маңызды әлеуметтік институт болып есептелген. Адамдарға қаржылай салынатын салықтар сияқты мемлекетке әскер дайындап беру де парыз болып есептелген деп айта аламыз.

Қорқыт дүниетанымындағы тұлға қалыптастырудың тағы бір қыры – рухани тұлға бейнесіне келіп саяды: даналар, дін иелері, көріпкелдер, жыршылар, идеологтар т.б. Олардың қоғамдық өмірге белсене араласып, әлеуметтік-саяси мәртебесінің жоғары деңгейге көтерілген межесі – хан кеңесшісі қызметін атқаруы. Ол дәуірде бақсылар немесе жауырыншылар хан кеңесшісі қызметін арнайы немесе арнайы емес түрде де атқара берген. Қорқыт Ата хан кеңесшісі қызметін арнайы атқарса, кейінгі хандар болашақ жорықтар мен өз өмірлері туралы толғаныстарында бақсылардан кеңес сұрап отырды және игі болашақты жасап беруін сұрады. Бұл кеңесшілердің қызметі де оңай болмады, даланың қатал заңы бойынша, егер оның болжамы мүлт кетсе, ақылшыны өлімге дейінгі ауыр жазалар күтіп тұрды.

Сондықтан, жыршы, дін иегері, бақсы, дана т.б. кез-келген хан кеңесшісінің қателесуге құқы да болған жоқ. Яғни, ол болашақты анық болжай алмайтын болса, саяси көрегенділігі мен стратегиялық жоспарлау машығына ие болмаса хан кеңесшісі болуға тиісті емес еді. Себебі, болашақтың саяси бағдарын құру сәтіндегі болмашы қателік – хан мен өзі түгілі, бүкіл халқының тағдыры туралы мәселеге келіп ойысты. Сондықтан да Қорқыт Атаның өзі бұл қызметті шебер атқарып, елі мен халқының болашағы туралы саяси тактикалық-стратегиялық болжамдар жасаған, олар шындыққа сәйкес келіп отырған деп айта аламыз. Ж.Ж. Молдабеков айтқандай, «ол – патшалардың ақылшысы болған ерекше тұлға» [7,79 б.] екендігі де күмәнсіз және өзге рухани тұлғаларға ханға кеңесші болудың бірден-бір айқын үлгісін көрсеткен өнеге.

Оғыз-қыпшақ ұлысында Қорқыт Ата айтарлықтай деңгейде құрметтелген, тіпті оның қобызына дейін дәріптелген. Оған «Үшін Қожаұлы Секірек әңгімесінің баяны» атты жыр оқиғасындағы мына бір оқиға

куә: «Ей, кәпір, Қорқыт Атамның қобызының құрметіне қылыш сермемедім, егер қолыңда қобыз болмағанда, ағабегімнің кегін қайтарып, сені қақ бөлер ем» [3,147 б.]. Демек, оны сақтап қалған да, тағдырын шешім берген де осы – қобыз.

Ол Қорқыт Ата жырларындағы оғыз батырларының немесе абыздарының, билерінің, жырауларының қолынан түспейтін, қайда барса да үнемі алып жүрегін аспап болған. Қобыз тартатын жыршыларды «Озан» деп атаған, сондықтан, бұл жырлардағы оқиғаларда қобызды ұстаған рухани тұлғалар елге сыйлы болған. Сол дәуірдегі бектер де, қобызды тіпті қаруымен бірге үнемі алып жүрген екен. Сол қобыз арқылы бірін-бірі өз жұрты, өз елі, өз халқының өкілі екендігін алыстан танитын болған. Міне осы қобыз бүгінгі күні кейбір түркі халықтарында ұмытылғанмен, қазақ ұлтында жақсы сақталған көне аспаптардың бірі. Демек, рухани тұлғаның басты атрибуттарының бірі және олардың кемеліне келіп тұлғалануының өлшемі де – қобыз аспабы болған. Ендеше, оғыз-қыпшақ ұлысы кезеңінде рухани тұлғалардың түзілімі кеңес дәуіріндегі идеологиялық аппарат қызметкерлерінің формасына көбірек ұқсайды.

Сол дәуірдегі рухани тұлғаларды саяси белсенділігі бойынша екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, өзінің білгірлігі мен өмір тәжірибесіне араласуды қалауы бойынша бек пен хан кеңесшісі мәртебесіне дейін көтерілу. Мысалы, Қорқыттың нақыл сөздеріндегі Ханға айтқан кеңестерінде: «Ер жомартын, ел бақылын жырау білер. Қарсы алдыңызда жолдан адастырмай, қобыз тартып жырлайтын жырау болсын, ей ханым!», – деген өсиеттер бар. Бұндай түркілік саяси жүйедегі «Хан-Жырау» түзілімінің бірлігі кейіннен қазақ қоғамында да дәстүрге айналған: «Жәнібек-Асан қайғы», «Абылай-Бұқар» т.б. Бұл тұстағы маңызды бір жайт, саяси идеологияны тиімді жүргізу, оны елдің бойына сіңіру және нәтижесі қоғамдық өмірде көрініп отыру сияқты жауапкершіліктерін мойнына алған, хан кеңесшісі болған жыраулар мен озандар бұқаралық санаға ықпал етудің түркілік дәлге байланысты тетіктерін оңтайлы пайдаланғандығы. Ол психологиялық тетік – поэтика. Қара сөзден гөрі өлеңнің қуатын бағалаған түркі халқы жырмен айтқан сөздерге елең етіп, құлақ түрген, оның қайталамалы болып келуі арқылы ерікті-еріксіз түрде санасына сіңіріп алған. Осы тұста: «Өлеңмен айтқан билік, жырмен айтқан өсиет, тапқақтап айтқан дау бір кезде жақынды жат, араз қылуға жараса, бір кезде іріген елді біріктіріп, ірікшінің шіріген сөзін саф қылуға жараған», – деген пікір де [8,76 б.] біздің ойымызды қуаттай түседі. Демек, оғыз-қыпшақ даласындағы хан кеңесшілері болған жырау-озандардың саяси мектебін «поэтикалық идеологтар» деп атағанымыз да дұрыс сияқты.

Ал екіншісі, бұны қаламағандар немесе ондай мәртебеге қол жеткізе алмағандар тобы. Олар көп жағдайда кезбелік өмір сүрген, биліктен гөрі халыққа жақын болған. Немесе, тіпті аскеттік жолмен диуана атанған. Қорқыт жырларында бұндай өмір салтын да дәйектейтін оқиғалар кездеседі: «Ей, дуана озан, тіле менен, не тілейсің?» [3,67 б.].

Бірақ бұл айтылғандарға қарап, «Қорқыт Ата мұраларында тек қана қақтығыстар мен соғыс насихатталған екен, айналасының бәрін өзіне жау қылған екен, кез-келген мемлекетпен соғыса берген екен» деген сияқты біржақты көзқарас қалыптаспауы тиіс. Олар сыртқы саясатында, кәпірлерден басқа өзге елдермен, саяси-мәдени ынтымақтастық орнатқан, рухани-әлеуметтік байланыстарды нығайтып, экономикалық кеңістік құру саясатында кейіннен тарихқа әйгілі болған «Жібек жолының» протоүлгісін жасаған. Қорқыт мұраларында көпестер тек байлық қуған саудагерлер емес, осы экономикалық қатынастардың, әлемдік мәдени-рухани ортақ ақпараттық кеңістіктің субъектілері қызметін де атқарған. Мысалы, «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» жырындағы Бәріктің әкесі Бай Бура да көпес керуеншілерін қасына шақырып алып, «Ей, көпестер, барындар ел-елден іздеп, Бәріктің өлі-тірі хабарын алып келерсіндер», – деген жолдар немесе, оның: «Ей, көпестер Алла Тағала маған перзент сыйлады, сол ұлым өскенше Рум еліне барып, ұлыма жақсы тарту әкеліндер», – деп бұйыруы, көпестердің Ыстамбұлға баруы [3,46 б.] т.б. осындай оқиғалар Қорқыт Ата қалаған сыртқы саясаттағы халықаралық қатынастардың өзіндік бір өркениетті үлгісін паш етеді. Ендеше, Оғыздар Рум, Стамбул мекендерімен бейбіт экономикалық саясат орнатқандығын аңғарамыз.

Қорқыт Ата мұраларында тек ер адам тұлғасы емес, әйел тұлғасын қалыптастырудың да өзіндік шарттары мен қағидалары болған. Бұл шарттар әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институтының ұстанымдарынан туындаған және адамгершілік өлшемдерге сай құрылған. Бұл үрдіс жыр мазмұндарында ғана емес, арнайы ережелер түрінде Қорқыт Атаның нақыл сөздерінде тұжырымдалады және оған сай келмейтін әйел бейнелерін оған қарсы қою арқылы салыстырып көрсетеді: «Бірі – кепкен ағаш секілді, Бірі – үрген қарын секілді, енді бірі – үйдің тіреуі, төртіншісі – қанша айтсаң да бәз баяғысындай мелшиген қырсық әйел». Осы төртеуінің де мінез бейнелерін сипаттай келе, толыққанды-кемелденген мінсіз әйел тұлғасын былайша сомдайды: «Алыс қырдан, жапан түзден үйге бір жолаушы келсе, ері болмаса да, ішкізіп, жегізіп, сыйлы жандарын үйден шығарып салар. Олардың үрім-бұтақтары өсіп-өнсін сіздің ошағыңызға

осындай әйел заты келсін!» [3,14 б.]. «Әйелдің толыққанды тұлғасы оның мінез-бейнелері арқылы көрінуі тиіс, оның түпнегізі қонақжайлылықта жатыр» деген түркілік қағида мен тұлға қалыптастырушылық үлгі көне замандардан бүгінгі күнге дейін жалғасқан идеал және өмірде болуы тиіс тәжірибе. Осындай жақсы-жаман әйел дихотомиясы кейіннен жыраулар поэзиясынан жиі көрініс тауып отырды. Сонымен қатар тұтас әйел тұлғасының кемелділігін Қорқыт Ата бір-ақ ауыз сөзбен былайша тұжырымдайды: «Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті» [3,14 б.].

Қорқыт Атаның осындай қоғамдағы және жанұядағы әйел тұлғасы мен жігіт келбеті туралы толғаныстары кейіннен, қазақ қоғамында мінсіз үлгіге айналған, XX ғасырдағы Қазан төңкерісіне дейін сабақтасқан болатын. Мысалы, Сүйінбай Аронұлы (1822-1895 жж.) өзінің «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» деген толғауында екі кісінің өмірдегі мінез бейнелерін қатар қоя отырып көрсетеді: «Жақсы жігіт ел жұртының қаласындай, Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай. Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ, Көреді бәрін де өз баласындай. Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады, Қыранның қырдан байқар баласындай. Жаман парқы жақсымен бірдей емес, Жақсы жігіт елінің ағасындай. Жақсының сөзін әркім пайдаланар, Миуалы алма, өріктің ағашындай», – деп жырлай келе [6,153 б.], жүзінің жылығы, сөзінің майдалығы, елге жыл құсындай болып көрінуі, айналасындағы адамдармен жақсы қатынас орнату сияқты қасиеттерді тізіп өтеді.

Бұл мәселелерді бүгінгі күнмен байланыстырудан оның өзектілігі туындайды. Кеңес дәуірі тұсындағы үзіліп қалған, осы қазақы әлеуметтендіру саясатын қайтадан жаңғыртудың тетіктері дұрыс жолға қойылмай келе жатқандығы – қазіргі әлеуметтанудың практикалық қырларына келіп тоғысады және ғалымдардың этикалық жауапкершілігіне де қатысты жайт болып шығады.

Қорқыт мұраларында тұлғаны қастерлеу персонализмі оның қайталанбас даралығын ұғынумен келіп шешімін табады. Әрбір тұлға өмірде, қоғамда, саяси қатынастарда, әлеуметтік ортада, жанұяда өзіндік орны бар, оны тура сәйкестендіріп, ешкім де алмастыра алмайды деген көзқарас Дірсе ханның баласына айтқан сөздерінен анық көрінеді: «Тәңрім бізге ұл бермес, Берсе дағы жан балам, Сеніменен тең келмес». Яғни, Қорқыт Ата мұраларындағы физиологиялық, рухани, саяси тұлға қалыптастыру туралы ойтолғамдар мен әйелдердің де толыққанды болуының бейнесінің құрылуы бұл жырлардың адам ресурсына, тұлға капиталына көбірек көңіл бөлгендігін айғақтап береді.

Қорқыт Ата мұраларындағы осындай тұлға қалыптастыру мен әлеуметтендіруден бастау алған саяси-әлеуметтік көзқарастар кейіннен, гендерлік теңдікпен, әлеуметтік нормаларды енгізумен, оны мүлтіксіз сақтаумен, жанұялық және адамдар арасындағы қатынастарды негіздейтін, оның ережелерін бекітіп беретін салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың құқықтық-саяси заңдарымен жалғасын тауып отырған.

Қорқыт заманында ер мен әйелдің құқықтық-әлеуметтік теңдігі ушықпаған, өзара теңдік пен үйлесімділік, қазіргіше айтқанда, гендерлік саясат өз деңгейінде биік этикалық нормалар мен қағидаттар бойынша сақталып отырған. Әйел затын құрметтеушілік, оның рухын асқақтату, кемсітушіліктің болмауы т.б. көнеден жалғасын тапқан оғыз-қыпшақ ұлысының әлеуметтік жүйесіне айналған. Осы тұста, мысал ретінде «Қорқыт Ата кітабындағы» жырларға назар аударсақ, әйелді құрметтеушілік, ана образы, оның ермен қатынасы биік талғам мен талаптардың біріктірілуі арқылы жүзеге асады және ол этикалық өлшемдермен қанағаттандырылып отырылады. «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны жырында» ұрпақтары болмағаны үшін қаһарланып келіп, Дірсе ханның жұбайына айтқан сөздері, жанұялық қарым-қатынастың биік деңгейін паш етеді:

*«Бері кел, басымның бақыты, үйімнің тақыты,
Үйден шыға ырғалған сұңғақ бойлым,
Тілерсегіңе түскен қолаң шаштым,
Құрулы садақтай иілген имек қастым.
Қос жаңғақ сыймайтын оймақ ауыздым,
Балдай тәтті тіл үйірген қауыным,
Күзгі алмадай ал-қызыл жемісім,
Көрермісің халымның не болғанын?» [3,17 б.].*

Қазақ қоғамындағы қыз баланы төрге отырғызып, «қонақ» деп сыйлап, «қыздың жолы жіңішке» деп бағалап, аса құрмет тұту да көнеден жалғасқан игілікті гендерлік теңдік дәстүрі болған. Қорқыт туралы аңыздардың мазмұнына байланысты туған оның «Башпай» деп аталатын күйінің шығу тарихына назар салсақ, қыз бала мен өзінің қарындасын қалай бағалаған биік этикалық талғам мен әйел затын құрметтеушілік толғаныстарды байқай аламыз. Аңыз оқиғасы былайша өрбиді: *Қорқыт өлімнен қашып жүріп, су үстінде отырған сәттерінде бабамызға қарындасы тамақ алып келіп беріп тұрады, сондай бір кездерде қарындасына Қорқыттың башпайы аңдамай тиіп кетеді, одан соң кейінгі ел жұртқа «Мен өлгенде бұл башпайымды көмбей, көрден сыртқа шығарып қойыңдар, себебі, бұл башпайым арам» деп өсиет етіпті-*

мыс [9,14 б.]. Әлем аңыздарында кездесе бермейтін бұндай биік этикалық талап мен сыпайыгершілік (этикет) халқымызда бірнеше жылдар бойы өзінің мағынасын жоймаған болатын. Осы кездерде, арабтарда дүниеге келген қыз баланы ағасы, не әкесі тірілей көметін дәстүр болғандығы жасырын емес.

Ол кітап XV ғасырларда қағазға түскен болса, сол дәуірлерде-ақ орныққан салттардың тым көнеден келе жатырғандығын айғақтап береді. Бұндай гендерлік-саяси қатынастар: туыстық, саяси-биліктік, жанұялық т.б. барлығында да жоғары адамгершілікпен келіп тоғысады және қоғамдағы әрбір мәртебенің өзіндік ролдері мен қызметтерін тағайындап беретін жалпылама жоба болып табылады. Түрік ғалымы Салық Тұрал бұл жөнінде былайша пайымдаған болатын: «Менің ойымша Қорқыт ата дастанының өзіне тән және дүние дастандары ішінде байқала бермейтін бір өзгешелік еркек-әйел арасындағы қарым-қатынас бойынша сана-сезімді қадағалады. Қорқыт ата дастандары бір әйел алушылықты басшылыққа алған, отбасын қорғаған және әйелді құмарлық құралы ретінде көрмеген қалпымен дүниені таныған. Қайран қаларлық жоғары дәрежедегі сана сезім мысалы» [10].

Қорқыт мұраларындағы ер мен әйел қатынасының нәзік тұстарын жіті пайымдаған ғалымдарымыз былайша ой қорытады: «Әйелдің сұлулығы мен қатар байыптылығына ғасырлар бойы тәнті болған түркілік әлем болса оған деген құрметі мен мадақтауын ешқашан төмендетпеген және оны «Ғаламның керемет әсем бөлшегі» ретінде үнемі жырға, шығармашылыққа қосып отырған, шабыттанған. Міне, осы дәстүріміздің қазіргі замандағы жалғасы болғанын қалаймыз және әйелді тек қана қоғамның еңбек етуге қатыса алатын, әлеуметтік қатынастарға қажетті әлеуметтік субъект ретінде қабылдауымыз, оның табиғи әсемдігін, ерекше қылықтылығын екінші қатарға ысырып қойып, рухани тағайындылығын елемейміз, сөйтіп, нарықтың қатаң заңының қисынына жегіліп, жеңіліп кете беруіміздің өзі рухани дүниеміздің кейбір қырларының әлсірегенін, ғасырлар бойы қалыптасқан түркілік заманнан келе жатқан әйелді сыйлауға бағышталған тамаша дәстүрлеріміздің іргесін сөгілтіп жатырмыз ба деген қауіп тудыртады. Міне, сондықтан Оғыз қағанның өз жарын қалай сүйгенін, ұлдары мен қыздарын қалай мәпелегенін нағыз тәлімдік өнегесі бар дәстүрлі қоғамдағы педагогикалық сипаттағы әрекеттері деп бағалауға болады. Дәл осыған ұқсас Қорқыт бабаның әйел баласына, оның ішіне өзінің қарындасына деген үлбіреген, махаббатқа толы көзқарасы тәлімдік үлгі ретінде аңыз болып қалғанын айта кетуіміз керек. Бұл қасиеттер мен қатынастар тағылық басымдық дәуірде қалыптаспасы анық. Олар тек өзіндік өркениеттілік деңгейге көтерілген қоғамда ғана қалыптасуға тиісті руханилық мағынадағы дүниелер екенін атап өткеніміз жөн. Еркек пен әйелдің өзара рухани диалогы, өзара түсінісуі адамзаттың тарихын рухани тұтастандырып тұрған құбылыс. Бұл қатынастар мен түсініктер түркілік заманнан келе жатқан өмір философиясының шынайы өзегі болып табылары анық» [11,26 б.]. Демек, батыстық түсініктегі матриархаттық-патриархаттық өлшемдерден тыс олар ер мен әйелдің өзіндік үйлесімділігінің тамаша бір үлгісін қалыптастырған деп айта аламыз.

Қорқыт мұраларындағы толғанылатын іргелі әлеуметтік институттың бірі – әдет-ғұрып пен салт-дәстүр қағидалары. Бұл – арнайы институт ретінде сан-салалы және көпқызметті болып келетін тарихи-мәдени, рухани-әлеуметтік, саяси-құқықтық құрылым. Тарихи-мәдени қыры оның сан мыңдаған жылдар бойы арғы қазақтар дәуірінен бері жалғасын тауып, ұлттық болмысымызбен, тұрмыс тіршілігімізбен біте қайнасқан атрибут болып табылуымен айқындалады. Ал рухани-әлеуметтік қыры идеялық және практикалық маңызымен салғаласып келіп, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отырғандығымен байланысты.

Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты – халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі бихевиоризм қағидасы бойынша сүйеніліп жүрген: байқап көру – қателесудің, рухани-әлеуметтік тұрғыдан кері кетудің немесе адасудың алдын алып отыратын жалпылама бұйрықтық тәсіл, барынша абсолютті өмірлік ұстаным ережелері мен ғұмыр кешудің нақты және тұтас бейнесі болып табылады. Бұнда әуел бастан-ақ бәрінің жауабы нақты берілген, тығырыққа тірелгенде немесе «өмір сүрудің қай жолы дұрыс» деген сауал тасталғанда, ата-баба дәстүріне сүйеніп ғұмыр кешу ұстанымынан сенімді жауап табылады, себебі ол мыңдаған жылдар бойғы тарихи-саяси тәжірибеден алынған.

Себебі, ол бір күнде-ақ пайда болған, не мистикалық тұрғыдан тылсым күштер арқылы жіберілген бір «сәттің» туындысы емес, халықтың мыңдаған жылдар бойғы өмір сынағынан өткізілген, шыңдалған, жүйеленген, сұрыпталған, тиімсіздері мен қажетсіздері алынып тасталынған өмір сүрудің формуласы іспеттес айқын тұғырнамасы деп те айтуымызға болады. Демек, қайта-қайта өмір сынағынан өткізіліп, өміршең кейіпке енген, өзінің тиімділігі мен ондылығын дәлелдеген, халықтың ділі мен дүниетанымына үндескен дала заңдарының стихиялық көрінісі, түптеп келгенде, бүгінгідей орындаса да-орындамаса да болатын жай ғана ұлттың тарихи руханияты емес, әлеуметтік-саяси тәртіп, ата заңның (конституция) ережелері мен арнайы бекітілген құқықтық нормалар (кодекс) сияқты болып орныққан. Оны бұзған адам ел алдында нақты шешімдермен жазаланатын да болған және жалпыға бірдей міндетті болып есептелген-

діктен, оған хандар мен бектер де бағынышты деп есептелген. Мысалы, «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» жырындағы қырық нөкерінің әкесі мен баласының арасына алауыздық тудыру үшін қолданылатын жалған мотиві – Бұқаш ханның ата заңын бұзушылық, құрметтемеушілік әрекеттерін әдейі таңдап алуы мен оны негізгі себепке айналдыруы – ата салтын сақтау қағидасының ең маңызды, күрделі құрылым екендігін көрсетуге арналғандай. Қырық нөкер Бұқаш ханның көзін жоюды ойлап, оған жазықсыз жалалар жабады, оны әкесіне барып мәлімдейді: «Уа, Дірсе хан, не болғанын көрермісің? Сенің балаң жаман адам болып шықты, Бір ару көзіне түссе, қош көрді. Ақ сақалды қарияны сөкті. Ананың ақ сүтін ақтамады» [3,20-21 бб.]. Бұндай арбауға иланған және ата-салтын бұзған ұлын Дірсе хан өлтірмекке бел байлайды, бірақ, шындықтың беті ашылып, нөкерлер жалған айтқаны үшін жазаланады. Міне, осыдан, салт-дәстүр ережесінің өзі қатаң болғандығы аңғарылады, тіпті өлтірмесе де, «Ақ сақалды қарияны сөгудің» өзі үлкен қылмыс болып есептелген. Бұндай ірі заң бұзушылықтардан бастап, ата-салтынан сәлпәл ауытқудың өзі Қорқыт Ата жырларында назардан тыс қалдырылмаған. «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» жырындағы көпестердің әкесінен бұрын ұлына сәлемдесу оқиғасы да ерсі қылық болып көрінген, қажет кезде бұндай әрекеттер де жазаланған. «Бай Бура-Бек ашуы ұстады. Базаршыларға қарады. – Ей, жыңдының ұлы жыңдылар, әкесі тұрғанда ұлының қолын сүйер ме? – деді», – деп оқиғаға [3,48 б.] арнайы кірістірілген бұл сәттердің барлығы осы ата-салтының сақтаулы тиіс саяси-құқтық талаптарын көрсетіп беруге арналғандай.

Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр руханияттың ішкі құрамдас бөлігі болғандықтан, оның тұтастандырылған бейнесінде өзіндік айшықты орны бар құбылыс және оның белгілі бір деңгейде жүйелі қалыптасуына, толығына, өміршеңдігі мен объективтендірілуіне ықпалын тигізетін маңызды фактор екендігі даусыз. «Бұл қасиеттер негізінде қалыптасқан көшпенділік мәдениет, дүниетаным, моральдық-этикалық нормалар мен тарихи салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жүйесі жатыр. Басқаша айтқанда, бұл қасиеттер – қазақ менталитетінің негізгі көрсеткіштері, оның рухани болмысының өзегі. Сондықтан бұл қасиеттердің кешегі қазақ бойынан, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тұрмыс-салтынан, дүниеге қатынасынан, дүниені ұлттық тұрғыдан бейнелеуінен, ойлау жүйесінен, сөйлеу мәнерінен, тілдік болмысынан көрініс табуы таңғаларлық дүние болмаған» [12,3 б.], – деп тұжырымдаған ой-пікір де жалпы тұтастандырылған руханиятты қалыптастырудағы ата-баба дәстүрінің саяси-әлеуметтік институт ретіндегі маңызды ролін атап көрсеткендей.

Салт-дәстүрдің бүгінгі күнгі көріністері де қоғамның барлық мүшесінің мүддесі мен мақсатын ескеріп отырып құрылғандығын айғақтап береді, сондықтан ол баршаға тиімді болғандықтан ұмыт болмай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, сақталып отырылған маңызды буын болып табылады. Салт-дәстүрдің өзіндік ішкі мазмұны сабақтасуға, өткенді ұмытпауға, оны жалғастыруға құрылады. Сабақтастық пен мұралық оның ішкі мәні мен мазмұны десек те болады. Ұрпақ, Ата-баба, Үлгі өнеге т.б. ұғымдар оның сақталуының шынайы белгісін білдіреді. Осы тұста, бұл сабақтастықтың көне дәстүрлеріне жүгінсек, тағы да Қорқыт Ата жырларындағы мұраға қалдыру мен ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл бөлген жақтарына назар аударуымызға болады. Осы сабақтастық кейіннен ұлттық ділімізге сіңіріліп, міндеттелгендей болды.

Осы тұста, Қ.Ермеков пен Б.М. Аташтың «Қорқыт ата – ойшыл философ» деген еңбегіндегі Қорқыт Атаның салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты жүйелеуші қызметте болғандығы туралы пікірлері де дәстүршілдіктің өркендеуіне тұлғалық субъектілердің өзіндік ықпалы болған деген пікірді қуаттай түседі: «Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың сан ғасырлар бойғы даму тарихындағы сұрыпталу, жүйелену, жетілу, сынға ұшырау процестерін бастан кешірген және оның халықтың өмір сүру бағдары іспетті сипатын түсінген Қорқыт Ата, оны өткен ұрпақтан қабылдап алушы және бұлжытпай сақталуын кең көлемде уағыздаушы тұлға ретінде тынылып қана қоймай, ақыл-көңестері арқылы толықтырушылық, жүйелеушілік қызмет те атқарды», – десе [13,45 б.], А.Айдосов бұл мәселені былайша пайымдайды: «Ас-той үстінде мүше беру Қорқыт заманынан бастау алған дәстүр. Қорқыт малдың басы мен жамбасын жасы үлкен құрметті адамға, құлақты отбасындағы кенже балаға, таңдайды шешен бол деп үлкен ұлға, көзді бойжеткен қызыңа қара деген ниетпен шешесіне береді» [14,37 б.].

Бұл жерде ат қою салты да көне түркілік дәстүрлерден бастау алатын ерекше сән-салтанатты мерекелік шара болған. Мәселен, Қорқыт Ата кітабында, балаға ат қою тіпті ержеткеннен кейін, ол жорықтарда, тым болмаса аң аулау сәтінде ерекше көзге түсетін ерлік көрсеткеннен кейін ғана жүзеге асқандығы, оған дейін әкесінің атымен «...ұлы» деп аталатындығы атап көрсетіледі. Бұл да байырғы көне дәстүрлердің бірі деп айта аламыз. Ол өзінің эволюциясында бірнеше өзгерістерге ұшыраған салт. Қорқыт Ата жырларына үңілсек, Дірсе хан мен оның жұбайы Тәңірден бала тілейді, бұл тәңіршілдіктегі Тәңірі болса керек, кейіннен аруақтардың басына барып түнеп бала тілеу орын алса, соңғы уақыттарда Аллаға жалбарынып бала тілеу де кездесіп қалатын жайт.

Ата салтының сабақтастығы мен өмір сүру тәсілі: өткеннен қабылдап алу, сақтау, кейінгіге жеткізу сияқты ұрпақтар алмасу үрдістеріне негізделген үш сатысы болатындығы оның өсиетнамаларымен қатар жырларынан да көрінісі табады. Бұл үштік тізбекті «Қазан-Бекұлы Ораз-Бектің тұтқын болған әңгімесінің баяны» деп алған жырындағы Қазан-Бектің ұлына айтқан сөздерінен көруге болады: «*Атам өлді, Мен қалдым, Жері, жұрты менде қалды, Күні ертен мен де өлермін, Сен қаларсың*» [3,76 б.]. Бұл бір қарағанда, өзінен-өзі түсінікті қарапайым қағида сияқты болып көрінеді, бірақ «Атам-Мен-Сен» үштік түзілімінің арнайы құрылуы салт-дәстүр жүйесіндегі сабақтастықты паш етеді. Бұл сабақтастық мыңдаған жылдардан бері осылай жалғасып келе жатқан үдеріс болып табылады, кейде, әр түрлі жағдайларға байланысты бәсеңдегендей, үзілгендей болуы мүмкін, бірақ із-түзсіз шорт кесілмеген. Сондықтан, бүгінгі күні де тарихи-мәдени руханиятымызды қайта жаңғыртып отырған шақта, ғұрыптық дәстүрлерімізге арнайы мән беріп, оны қоғамдық өмірге қайтадан енгізіп, қажет болған жағдайда, ғылыми тұрғыдан негіздеп беруіміз де ата-баба рухы алдындағы парызымыз болып табылады. Ендеше, ол, алдымен, қоғамдық-саяси құбылыс болғандықтан, қазақ әлеуметтануы ғылымында қазіргі өмірімізге енгізудің жүйесін жасайтын, тетігін қалыптастыратын, қоғамдағы орнын айқындап беретін «салт-дәстүр мен әдет-ғұрып әлеуметтануы» саласы енгізілуі тиіс.

Тағы да айта кететін бір мәселе, Қорқыт Атаның әлеуметтік-саяси, тәрбиелік мән-мағынасы ешқашанда жоғалмайтын өсиет-нақыл сөздері көп болған [15,100 б.]. Оларды арнайы зерттеу қажет.

Қорқыт Ата мұраларындағы саяси-әлеуметтік идеялардың тағы бір айқын көрінісі – ұлттық идея, ел бірлігі. Бұл Қорқыт Ата жырларының өн бойынан көрініс табады. «Қорқыт Ата жөнінде алуан түрлі пікірдің бары анық. Бірақ ол ел бірлігін жақтаушы ретінде қалыптасқан тарихи тұлға екеніне күмән келтіре алмаймыз», – деп түйінделген ойлар да осының айғағы [4,43 б.].

Әрбір жаугершілік оқиға қашанда, түркі ұлдарының намысы мен қайсарлығын паш етіп тұрады, бұның бәрі Елдік пен Ерлік идеясына келіп тіреледі. Ел-жұртты қорғау, отансүйгіштік идеал, халқының азаттығы мен еркіндігінің толғанылуы т.б. оның мұраларындағы ұлттық идеяның айшықты көрінісі болып табылады. Мысалы, отансүйгіштіктің өзі терең психологиялық қатпарлармен келіп түйіседі. Халқын сүю, ел-жұртты қорғау, туған жерді жау қолына қалдырмау сияқты дәстүрлі идеологиядан басқа, сол туған жерге деген иеліктің, оны құрметтей білудің тамаша үлгісі де беріледі. Оның толғауларында түркі даласына деген сүйіспеншілік пен жақын тартушылық үнемі меншіктік қатынастармен келіп өрнектеледі:

«Қаратауларың құламасын!

Көлеңкелі қаба ағашың кесілмесін!

Күркіреп аққан суларың сарқылмасын!» [3,44 б.].

«Тауларың аласарған көркейді ақыр,

Суларың тартылып қалған көбейді ақыр,

Қаба ағашың қуарған көгерді ақыр» [3,71 б.].

Бұл тек қоршаған ортаны тамашалайтын табиғат лирикасы емес, «тауларың», «суларың», «ағашың» деген меншіктеу сөздері арқылы оған деген сезімдік қатынасты ашып береді, «бұл жерлер менікі, өзгеге (жауға) бермеймін» деген мәтін астарындағы идеяны байқатады.

Ұлттық идеяның маңызды бір практикалық көрсеткіші, ол – ел ішіндегі саяси бірлік. Қорқыт мұраларындағы Бектердің ынтымақтастығы, олардың өзара кикілжіңдері мен әр түрлі келіспеушіліктерінің кездеспеуі, Хандардың ханы Байындыр ханға сөзсіз бағынушылық белгілі бір саяси тәртіп пен идеологиялық бірліктің жоғары деңгейін паш етеді. Тіпті, бектер мен хандар сияқты қоғамның элиталық топтары ғана емес, жауға қарсы аттанғанда көпестер, шопандар, әйелдер де біріге түседі. Бұл қандай-ма болмасын әлеуметтік мәртебеге, жыныстық ерекшелікке, физиологиялық жасқа қарамастан, ел шетіне жау келсе, бірігіп аттанатын өзара ынтымақтастық пен туыстық бауырластық идеясының түркі даласында жоғары болғандығын көрсетеді. «Салор Қазан үйінің шабылған туралы әңгімесінің баяны» жырындағы шопанның жаумен айқасуы және иесіне көмекке келуі, «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» деп аталған жырдағы көпестер мен Бамсы Бәріктің жаумен бірігіп айқасуы, «Қаңлы Қожаұлы Торалы әңгімесінің баяны» атты жырдағы Торалының жұбайы Селжан арудың жауға шауып, отағасын өлім аузынан құтқарып қалуы т.б. оқиғалардың барлығы «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген саяси-әлеуметтік астарлы мақалдың сыртқы саясаттағы қолданылуы болып табылады. Осы бірлік идеясы кейіннен қазақ қоғамында да басты идеологияға айналған.

Қорқыт мұраларындағы сол кездегі түркі қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесінің мығым болғандығы және соған байланысты көзқарастар жүйесінің орныққандығы тек тарихи таным ғана емес, бүгінгі тәуелсіз Қазақ Елінің осы заманға дейін келіп жеткендігінің де алғышарты. Сондықтан, Қорқыт мұраларындағы озық идеялар, бір қырынан алғанда, бүгінгі заманға сай келетін құндылықтар түзіліміне барып тоғыса-

ды, екінші бір қырынан алғанда, оларды өзіміздің жүйемізге ыңғайластырып қолдану оң нәтижесін бере алады. Мысалы, қазіргі таңда дүниежүзілік саяси сахнада қозғалып жүрген әйел мен ер адамның теңдігі туралы гендерлік саясаттың ұсынылып жүрген игілікті, «дұрыс» деп қабылдаған қағидалары сонау Қорқыт заманында айтылып кеткен және оғыз-қыпшақ ұлысы ұстанған өмірмәнділік құқықтық өлшемдер ретінде тұрмыста кең қолданылған. Демек, біз батыстың құндылықтарына елікпей, түркі қоғамындағы әйелді кемсітушіліктің болмауы, қыз балаларын аса құрметтегендік т.б. ұстанымдарды қайтадан жандандырып, өмірге енгізуіміз қажет. Себебі, қазіргі жасалып жатқан әйел мен ер теңдігінің тұжырымдамасының онды қағидаларының көптеген тұстары бұрыннан-ақ ата-бабаларымызда орныққан мінсіз үлгілер болып табылады.

Сонымен қатар, отансүйгіштік мұраттар мен елін қорғаудағы жанқиярлық ерліктер, халқы үшін өзін кез-келген сәтте құрбан қылуға дайын болатын психология, мемлекеттің саяси жүйесіндегі тәртіп пен ынтымақтастық, ұлттық сана-сезімге лайықты тұлғаға қойылатын талаптар т.б. барлығы бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған маңызды ахуалдар болып табылады. Мысалы, бүгінгі күнгі кәмелетке толды деп белгілену, арнайы құжаттармен мемлекеттік деңгейде қамтамасыз етілу де Қорқыт мұраларындағы жас мөлшеріне сәйкес келеді. Себебі, бұл – жай ғана шамамен белгілене салған хронологиялық кезең емес, терең пайымдаулар мен мыңдаған жылдық тәжірибелердің жемісі, адамның физиологиялық-психологиялық жағынан толыққандылығын білдіретін өлшем шекарасы. Яғни, балалықтан ересектікке өтудің аралығындағы уақыт бойыша алынған кезеңі болып табылады. Он бес немесе он жеті жас Қорқыт мұраларында кездеспейді, демек, ол – нақты және қатаң белгіленген физиологиялық қалып десе де болады.

Қорқыт Ата туындыларындағы әдет-ғұрып пен салт-дәстүр ережелерінің мемлекеттік деңгейге көтерілуі жайдан-жай емес және ол тарихтың бір ғана келбеті болып табылмайды. Яғни, егер ата-салты бұндай деңгейде қолданылмаса, мәртебесі тағайындалмаса, бірте-бірте құлдырай беретіндігін сезгендіктен жасалған шара сияқты. Бұл іске хан кеңесшісі ретінде Қорқыт бабаның өзі кіріседі, орындалу жүйесін өзі бағалайды, даналық сөздері арқылы оны насихаттап, толықтырып отырады. Тарихи мәліметтерге жүгінсек, бұндай жағдай жиі кездеседі. Мысалы, Бейбарыс Мысыр елінде жүріп, «қымыз сусынын ішу арнайы салт болсын, жұрттың барлығының жиналып қымыз ішіп тұруы бұл елдің заңына айналсын» деп жарлық шығаруы, Шыңғыс ханның өзенге кір жуған адамды жазаға кесуі, одан кейінгі «Жеті жарғы» заңдары т.б. барлығы осы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты мүлтіксіз сақтауға дейін жетелейтін құқықтық-саяси ереже дәрежесіне көтеру. Бір қарағанда, Бейбарыс үшін халқы не ішсе де – бәрібір. Бірақ салт-дәстүрдің ел-жұрт үшін рухани-идеологиялық бағдар екендігі, адамның биофизиологиялық болмысына ықпал ететін өмірсалты болып табылатындығы, бұл елдегі тұлға мен адам ресурсының сапасына әсер ете алатындығын түйсінгендіктен істелген игі іс-шара екендігі даусыз. Осы орайда, бүгінгі біз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жүйесін тек өткеннің сарқыншағы, тарихи-рухани құндылық ретінде қарамай, ажырауға болмайтын ұлтымыздың биологиялық-генетикалық болмысы деп ұғынғанымыз жөн. Сондықтан, бұл мәселені қоғамдық-саяси деңгейге көтеріп, арнайы әлеуметтік институт ретінде де бекітетін кезең келіп жетті. Себебі, ұлттық салт-дәстүрдегі қымыз, көкпар сияқты элементтердің бүгінгі күні әлемдік деңгейде талан-таражға түсіп жатқандығын көріп те жүрміз. Тым болмаса, ата-салты бойынша өмір сүру, оның қағида-тұрғынан айнымау – өмірмәнділік талаптардың баламалық нұсқалары ретінде қатар қойылуы тиіс. Бұның да заманы туды. Мысалы, гендерлік мәселе, осыдан 2-3 ғасыр бұрын саяси сипат алуы тиісті емес, жай ғана жанұялық ішкі мәселелер болып сақталып келді, ал қазір әлемдік саяси сахнада айтарлықтай маңызды түйткіл ретінде жолға қойылған. Сондай-ақ экология да мемлекеттік деңгейде маңызды-маңызсыздығы жөнінен дәл осындай кейіпте болды. Бүгінгі күні ол ғаламдық мәселелер ауқымында ғана емес, кезек күттірмейтін, жалпыадамзат болып жұмылатын «ғаламдық саяси өзекті мәселелер» деп атауға болатын стратегияға айналып келеді. Оның нақты мысалы, жасыл экономикаға бетбұрыс, ЭКСПО көрмесінің өткізілуі т.б.

Ендеше, адамзат рухани-моральдік құлдырау кезеңіне аяқ басып отырған шақта біз, Қазақ Елі үшін одан қорғанудың бірден-бір тетігі – осы салт-дәстүр қағида-тұрғын жүйелі түрде қоғамдық өмірге енгізу болмақ. Себебі, оның тарихи тамыры терең, биологиялық болмысымызға да лайықты, саяси-әлеуметтік бағдарымызбен де оңай сыйыса алады.

Сайып келгенде айтарымыз: Қорықт Ата мұраларының әлеуметтік-саяси сипаты идеялық бағыт-бағдарынан және шығарманың мазмұнынан анық көрініп тұр. Сонымен бірге, Қорқыт Ата жырларының әлеуметтік-саяси мән-мағынасының болашақ ұрпақ үшін де маңызы зор.

1. *Қорқыт.Елім-ай: күйлер.-Алматы: Өнер, 1987.-48 б.*
2. *Мұқтарұлы С. Қорқыт ата.-Түркістан: Мұра, 1997.-68 б.*
3. *Қорқыт ата кітабы.-Алматы: Жазушы, 1994.-160 б.*

4. Тайрова Б. Ғұмар Қараштың философиялық көзқарасы.-Филос.ғыл. канд.дисс.-Алматы, 2007.-124 б.
5. Гумилев Л.Н. Көне түріктер.-Алматы: Білім, 1994.-480 б.
6. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы.-Т.1.-1984.-256 б.
7. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану. Алматы:Қазақ университеті, 2003.-459 б.
8. Әуезов М.О. Философия жайынан//Елу томдық шығ.жинағы.-Алматы: Жазушы, 1998.-Т.1.-76 б.
9. Күй қайнары. А.Райымбергенов.-Алматы:Жазушы,1994.-46 б.
- 10.Тұрал С. Қорқыт атаның айналасына бас қостық//Заман-Қазақстан газеті, 20 ақпан 1998 ж.
11. Нұрмұратов С. Түркілік кезеңдегі халық руханиятының құндылықтық-мағыналық негіздері//«Қазақ руханиятының қалыптасуы мен дамуының тарихи-философиялық және этномәдени негіздері».-Алматы, 2011.-316 б.
12. Бурбаев Т.К. Ұлт менталитеті. Монография.-Астана: «Елорда», 2001.- 248 б.
13. Қорқыт Ата-ойшыл философ./Қ.Е. Ермеков, Б.М. Аташ.-Атырау, 2002.-106 б.
14. Айдосов А. Қорқытнама.-Алматы: Жазушы, 1997-68 б.
15. Әбсаттаров Р.Б. Қазақстан саяси ілімі тарихының кейбір мәселелері // ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы.- 2007, № 3-99-113 бб.

Резюме

В статье рассматриваются социально-политическое мировоззрение КоркытАта, которое еще недостаточно изучено в социально-политической науке. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Summary

In article Korkytat's socio-political outlook which is still insufficiently studied in socio-political science is considered. At the same time the attention and to debatable questions is paid.

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ӨЛШЕМДЕ КӨПҰЛТТЫ ҚАЗАҚТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРУДЕГІ ҰЛТ-АРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.Б. Сейсен – *Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының с.ғ.к., доцент*

Қазақстанның дағдарысты жай-күйі қазіргі заманғы күшті демократиялық мемлекеттер секілді, мәселелерді өзі шешіп, қоғамды қалыпты жағдайға келтіруді өзі шешуіне тура келді. Оның бірден-бір дұрыс жолы – әлеуметтік таңдаудың жаңа моделін дайындау, қызмет пен қатынастың мәнін, сондай-ақ, сипатын түбегейлі өзгерту, әлеуметтік байланыстардың өзге де субъектілерін сапалы қалыптастыру, егеменді елді демократиялық жолмен тұтастыра қайта құру, ұлттар арасындағы байланыстарды тереңдету, жұмыссыздық аясын қысқарту, қарт адамдардың зейнетақыларын жоғарылату, жалғызбасты адамдар мен көпбалалы отбасыларға мемлекет тарапынан жәрдем көрсету және тағы басқа да мәселелерді шешуге бақылауды күшейту. Міне, осындай өткір мәселелер атқару саяси институттар мен басқа да органдар жұмысын ширатып, көптеген жүйелерді алмастыру талабын қойды.

Елді дағдарыстан шығарудың келешегін біз өзге де жаңғыртудың болмай қалмайтыны және аса қажеттігі секілді, саяси жаңғыртумен тікелей байланыстырамыз. Болмай қалмайтыны дейтініміз, өйткені, Қазақстан жалпы әлемдік тенденциялардан тысқары қала алмайтындығы. Аса қажет дейтініміз, елдің қазіргі жай-күйі, оның ішінде, саяси жүйесі мен билік жүйесі, әлеуметті-экономикалық жүйесі әлі күнге дейін қоғам мен мемлекеттің тиімді ынтымақтастығының мүмкіндігін жоққа шығарып келеді. Саясатты жаңғыртпай, азаматтық қоғам құрамыз дегеніміз, пайдасыз бос сөз болып шығады. Елді саяси жаңғыртудың дұрыс таңдалған бағыты қоғамды, оның ішінде, қазақстандық біріктіруді анықтаушы факторы болып шығары сөзсіз.

Тұтастай, саяси жаңғырту туралы айтқанда, бірігудің қуатты факторы болып табылатын дәл осы үрдіс қазіргі заманғы Қазақстан үшін, аса қажет екендігін атай кеткен орынды.

Өз кезегінде бірігу – бұл күші бар саяси акторлардың әр қырлы және бір-бірінің сеніміне негізделген келісімі; саяси жаңғыртуға қатысушы әр жақтың және патриоттық күштердің ынтымақтастығы мен өзара көмегі; өз қызметіне ең алдымен, демократияға, қазақстандық азаматтардың жоғары рухы мен қолдауына сүйенетін егеменді еліміздің қалыптасып, нығаюына бағытталған отандастарымыздың көзқарастары мен ұстанымдарының ортақтығы.

Қазақстандық қоғамның бірігуі-бірлесуші ұстанымдардың нығаюы – жалпы мақсаттарға жету үшін, қоғамдық ресурстарды жұмылдырудың ортақ мүдделеріне негізделген қалың бұқараны біріктіретін түрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне мәмілеге келетін ортақ көзқарастарын іздеп табу.

Саяси жаңғыртудың әлеуметтік тағайындалымы біздің пікірімізше, қазақстандық қоғамды біріктіру және құндылығын дамытуда қамтамасыз ететін, сондай-ақ, соған тән механизмдерден құралады. Осындай мақсатпен қоғамның негізгі мәселелері бойынша көзқарастары мен ұстанымдары, идеяларының ортақтас-

тығына негізделген біртұтас әлеуметтік организмге қоғамды кіріктіруге қабілетті рухани әсер ету механизмдерін; туындаушы консенсустық сипатты және мәмілеге келу мүдделерінің келісушілігі, біртұтас мақсаттарын анықтаушы саяси стратегия негізіндегі саяси атқарымды механизмдерін; қоғамның барлық мүшелері қызметінің келісімді және мақсатты бағытын қамтамасыз етуші, сондай-ақ, қоғамның саяси-әкімшілік басқару жүйесін бекітетін ұйымдық-басқарушылық механизмдерін қарастыру маңыздылығын ұсынады.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда мемлекет пен азаматтар арасында ерекше қатынастар жинақталды, қоғамда саяси проблемаларға жаңаша көзқарас қалыптасты, саяси, әлеуметтік, рухани құндылықтар және бағдарлау өзгерді, құнды өлшемдерде қоғамның бірігуі қажеттігін іске асыру үшін жаңа мақсаттар қойылуда. Қазақстандық қоғамның саяси жаңғыру кезеңінде оны дамыту ерекшеліктеріне орай саяси аспектілерде, осы үрдісте көзқарастар түрліше белең алууда. Соған байланысты, отандық саясаттану ғылымында субъективтік құбылысты зерделеу және ғылыми пайымдау қажеттігі туындайды.

Бұл кезде, үрдістің маңыздылығы сол, қоғам мен азаматтар үшін міндеттердің ірі ортақ маңыздылығын шешумен байланысты, яки қазіргі заманғы саясатты іске асыруда қолданысты мәселелерінің болуы, сол немесе өзге ұйымның қоғамдағы сенім білдіру (немесе сенім білдірмеу) үрдісінде бірігу мүмкіндігі бар ма, деген мәселені қарастырған орынды.

Сондай-ақ, көпұлттық қоғамды біріктіретін қандай факторлары және қандай шарттары болуы кезінде, бекемдей түседі немесе әлсіретеді, бұл кезде орталықтағы және этносаяси проблемалар саяси үрдістің сипатын мүлдем өзгертетін аймақтардағы жергілікті жерлердегі саясаттың негізгі субъектілері арасындағы қатынастар белең алатындығын талдаған да маңызды.

Саяси жаңғырту үрдісінде, көпұлтты қазақстандық қоғамның бірігуі ішінара сипатталады. Саясаттану ілімі көзқарасымен алғанда, бірігу туралы айтар болсақ, біздің ойымызша, негізінен, қазақстандық қоғамды құнды өлшемдегі саяси жаңғырту буыны секілді, саяси бірігуі туралы айтқан орынды болар еді.

Саяси жағдайлардың болуы кезінде, ортақ және өзгеше факторларын, оның ішінде, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылын есепке алумен, оларды одан әрі жетілдіруде, біріге тұтасу сипатын алып, саяси, әлеуметті-экономикалық және этномәдени дамудың негізгі бағыттары бойынша басымдылықты иемденері сөзсіз.

Бүгінгі таңда әлемдік және Қазақстандық іс-тәжірибе айғақтап бергеніндей, мұның өзі, халықтардың ұлттық саясатта көрініс табатын бірігуінде нақтылы тарихи мазмұны бар. Ұлттық саясат – бұл мемлекет есепке алатын, үйлестіретін және іске қосатын ұлттық мүдделердің жүзеге асырылатын шаралар жүйесі. Мемлекеттің ұлттық-саясат жөніндегі негізгі міндетті ұлтаралық қатынастарды оңтайландыру болып табылады.

Халықтардың саяси бірігуі мәнісі, ең алдымен, материалдық игіліктерді өндіру, өркениеттілік және өндірістік қатынастар тұрпатымен анықталады.

Халықтардың саяси бірігуі ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтар және мемлекеттердің өзара іс-қимылдарын қажет ететін халықтардың жақындасуы және дамуының өзгеше заңымен қызмет етеді. Осыған байланысты, аталған мәселені жан-жақты зерттеп, зерделеу Қазақстан Республикасы үшін де абыройлы болып табылатындығын атап өткен орынды. Президент Н.Ә. Назарбаев былай деген болатын: «Мен, әсіресе, саясаттанушы мамандарға, қоғамдық ғылымдар аясының ғалымдырына мына жәйттерге айрықша көңіл бөлулеріңізді сұрар едім. Менің ойымша, ұлтаралық қатынастар проблемалары сіздердің зерттеулеріңіздің шешуші түйіні болады және болуы тиіс. Қоғам осы салада өтіп жатқан үрдістердің, тіптен, тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде этникааралық қатынастарды қалыптастыру келешектерінің мүмкіндікті білімін айқын сипаттауға төтенше зәру» [1].

Тәуелсіз, егеменді Қазақстанда 140 ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына біріктіретін 16 млн-ға жуық тұрғындары бар. Оның егемендігін 150 мемлекет мойындап таныды, солардың ішінде 120 мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылған. Ғалымдардың болжауынша, XXI-ші ғасырдың аяғында ел тұрғындарының саны 50 млн-ға жететін болады, ал солардың 30 млн. жергілікті тұрғындар – қазақтар құрайды [2]. Бұған қоса, Қазақстан Еуразия кіндігін мекендейтін бірегей мемлекет болып табылады және Азия мен Еуропаны, сондай-ақ, Шығыс пен Батысты, дүниежүзілік діндер арасындағы славян және түркі халықтары арасындағы қарым-қатынастарды байланыстырушы көпір іспеттес.

Қазіргі заманғы қоғамның саяси жаңғыртылуы кезеңіндегі халықтардың саяси бірігуі қоғамдық үрдісінде қоғам өмірін жан-жақты қамтушы құбылысы көңіл аударуға тұрарлық. Бұл қазіргі заманғы Қазақстан өмірінің күрделі мәселелері қиысатын нүктесі болып табылады. Оның әлеуметтік мазмұны, оған адамдар енгізілген бағыттылығы қоғамды дамытуға және қоғамдық қатынастар ізгілігіне елеулі түрде ықпал жасайды. Кез келген адам қоғамдағы өмірін, тіршілігін басқа халықтармен байланысынан тысқары көз

алдына елестете де алмайды. Саяси бірігу әрбір халыққа ауадай қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-ші бабының 2-ші тармағында былай делінген: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері : қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу».[3]

Бүгінгі халықтардың саяси бірігуі жеке өмір проблемасынан ғаламдық түріне айналған. Онда соғыс пен бейбітшілік проблемалары, әлеуметтік жүйелер мен мемлекеттер және халықтар арасындағы сұхбаттар, жекелеген адамдар арасындағы түсіністік секілді толғақты мәселелер шоғырландырылған. Саяси жаңғырту құндылықты өлшеміндегі көпұлттық қазақстандық қоғамның бірігу факторы секілді нақтылы бір адам өмірінің ғаламдық мәселесі ретінде таралуда, соның атынан өндіріс күштері ұлғаюда, ғылыми-техникалық революция жасалуда және бір мезгілде дамуымен қатар, ұқсастық дағдарысы аталатын жай-күйге тап болуда.

Бүгінгі күні халықтардың саяси бірігуін күнделікті және адамдардың мінез-құлқын сапалық жағынан бағалау секілді, әдеби-публистикалық түсіндіруде ұғынуға болады. Қазіргі кезде, бұрынғы уақытпен салыстырғанда, адамдар халықтардың саяси бірігуін оқытуға қажетсінуді бастан кешіруде. Осындай қажетсінуге үн қосқан әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, философтар саяси жаңғырту үрдісінде адамдар байланысының мәдениеті туралы және халықтар қарым-қатынасының мәдениеті туралы толғануда.

Біздің ойымызша, ең алдымен «саяси бірігу» және «ұлттық бірігу» ұғымдарын салыстырмалы аспектіде қарастырған орынды секілді. Өз кезегінде, ұлттық бірігуі өзінің сипаты және мазмұны бойынша нақтылы тарихи құбылыс. Онда белгілі бір халықтың рухани даму ерекшелігі мен деңгейін сипаттаушы ұлттың қоғамдық тұрмысы жиынтықты көрсетілген. Бұл белгілі бір халық тіршілігі объективті қолданылатын ұлттық факторларының субъективті бейнеленуі. Ұлттық бірігу, мысалы, қазақ халқының немесе басқа халық өкілдерінде жекелей тумайды, ал ұлттық қауымдастықтың ұжымдық саласында туындайды және әрбір жекелеген адамда түрлі себептер күшінде әртүрлі келкі пайда болады.

Соған байланысты, ұлттық бірігу бұл ортақ мүдделерді қалыптастыру негізінде саналы түрде бірлесу, халықтың күш біріктіру мақсатымен топтасуы, толғағы жеткен міндеттерді шешу жөнінде бірлескен қызмет белсенділігін арттыру, ортақ мақсаттарға жету екендігін айта кетуге тиіспіз.

Ұлттық бірігудің өзегі, және түбегейлі құрамдас бөлігі олардың солай бірігуі болып табылады. Өзінің нысаны және көздеген мақсатымен қатар, нақтылы қарым-қатынастың қалыптасқан тәртібі, өткені мен осы уақыты және болашағын қамтитын орны, сондай-ақ, басқа да халықтар арасында лайықты орны бар. Сонымен, мысалы, қазақ халқының ұлттық сана-сезімінде басқа ұлттық құрылымға байланысты қарым-қатынастың түсінігі, сондай-ақ, өзі мен басқаның, сонымен бірге, өзіндегі және басқадағы айырмашылығы белгіленеді. Сөйтіп, ұйғара келумен әрбір тұлғаның «Мен»-індей саяси бірігудің шынайы жағдайы дұрыс немесе бұрмаланумен көрініс табады. Ұлттық және шовинистік сезімге толы ғылыми емес ұғымдардан бос болғанда ғана, бірігудің интернационализмдік түпнұсқалығына бойлай кірумен халықтың шынайы ұлттық мүдделерін паш етуге болады.

Қазақстан халықтарының саяси бірігуі тым серпінді және құбылмалы. Олардың саяси бірігуі – бұл мәнісі бойынша әр халықтың өзі туралы ұғымын қалыптастыратын жүйені тануы. Қазақстандықтардың саяси бірігуі белгілі бір құрылымды иемденген. Оның құрылымдық элементтеріне ұлттық құрамда болушылығын, өз халқының таңдаулы дәстүрлерін, этникалық танымды, ұлттық еліктеушілікті түсінуі, аумақ, мәдениет, тіл, тарихи өткен кезең, ұлттық мүдделер, басқа халықтарға деген қарым-қатынастық көзқарастар туралы ұғымдарын енгізуге болады.

Осылайша, Қазақстан халықтарының саяси бірігуі – бұл ұлттық және жалпықазақстандық болмысты жете ұғынуы: әлеуметті-экономикалық, аумақты-мәдени, этнолингвистикалық мінез-құлықтарды, ұлттық ортақтастықтың көрінісі мен өрнектелуі секілді, халық өзінің өткендегі және қазіргі орынын, сондай-ақ, қоғам дамуындағы ролін бағалауы, сонымен бірге, қазақстандықтың басқа халықтармен терезесі тең халық ретінде және солармен қарым-қатынасын түсінуі.

Осыған орай, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей: «бүгіннің өзінде бізді бірлестіретін бірқатар факторлар жеткілікті. Бұл біздің жеріміз, оның заңды шекарасы, біздің ата-аналарымыз кезінде осы тарихи жерге қоныс тепкен. Сол уақытта қиыншылықты да, бірге бастан өткізіп, табыстарымызға да ортақтасты. Бұл біздің балаларымыз, осы жерде бірге тұрып, бірге еңбек ететін. Біздің әрқайсысымыздың ата-аналарымыздың алдындағы борышымыз ортақ, өйткені, біз балаларымыз бұдан да жақсы өмір сүруі үшін ұмтыламыз. Бүгінгі таңда – бұл нақтылы мақсаттар атынан күш қосып, бірігу үшін, шынайы платформа» [4].

Халықтардың саяси бірігуі бірсапалы сипаттамасы болып табылмайды, қайта экономикалық, тарихи

өткеніміз, болмысымыз, тіл, мәдениет, қоғамдық психологияның географиялық ортасымен байланысқан әртүрлі факторлар бірлігі көпқырлы компоненттерді құрумен алға басады.

Міне, сондықтан, қоғамдық-тарихи үрдісте халықтардың саяси бірігуі ұмтылысының пайда болуы аталған үрдіс мазмұнында түбегейлі өзгерістерді көрсетіп берді. Мұндай өзгерістер, ең алдымен, барлық халықтарды ортақ тарихи үрдіске тартуға бағытталған кейбір тарихи қызмет секілді, саяси бірігудің туындауымен байланысты, Капитализм саяси бірігудің туындауымен байланысты, халықты әлемдік нарық айналымына тартады, ал халықтардың барлық шаруашылық, саяси және рухани өмірі бұрынғыдан да күшейіп, жандана түседі.

Халықтардың саяси бірігуі экономикалық, мәдени, тұрмыстық, басқа да байланыстары (оның ішінде, тілдік қарым-қатынастар) аясында пайда болуымен, халықтардың аумақтық қоныстануы, сонымен бірге, өз ұғымы аясында – идеологиялық саладағы көрінісімен сипатталады. Осылайша, халықтардың саяси бірігуі жекелеген адамдардың еркінен және белгілі бір саяси стратегиядан айырмашылығы болады.

Саяси бірігудің сілтемесі жер шарын географиялық игеру ғаламшардың негізгі аудандарын және оның халықтарын зерттеп, зерделеу. Соның негізінде халықаралық экономикалық байланыстарды, халықаралық сауданы дамыту үшін қолайлы жағдай жинақталды. Экономикалық байланыстарды дамыту мәдени байланыстарды қалыптастыруға, ғылыми қызметті айырбастауға, өнерді дамытуға бейімдеді.

Халықтардың саяси бірігуі объективті үрдістері негізінде адамзаттың халықаралық біртұтастығын идеологиялық ұғыну туындайды. Эразм Роттердамский барлық халықтардың ортақ бірігуін, гуманизм идеяларын қолдайды; Руссо және француз ағартушылары қоғамның демократиялық дамуы мен әлеуметтік теңдігі аргументі секілді, барлық халықтардың ортақ табиғи болмысына сілтеме жасайды. Орталықтандырылған мемлекеттер мен интеграцияның туындауы, белгілі бір негіздемелері бойынша олардың тұрғындарын халықтардың саяси бірігуінде тарихи үрдісті қажетсіздігі күшейте түсті деп айта аламыз.

Саяси бірігу мемлекетті, оның халықаралық өміріндегі ролі мен маңызын күшейтуге бағытталған халықтардың өзара іс-қимылдарын кеңейтуге әсер етуші реакциясы іспеттес туындады. Қазіргі заманғы кезеңде қоғам тарихының дамуы халықтардың саяси бірігуін тарихи бұлтартпайтын арнасына түсіруде.

Қарастырылған жоспарда халықтардың саяси бірігуі тек өткеніне және қазіргі уақытқа ғана кірмейді, сонымен қатар, келешектің келбетін де болжау арқылы сыйпаттайды. Аталған жәйтте халықтардың саяси бірігуін диалектикалық механизмдер секілді көзқараспен қабылдай отырып, тарихи үрдістің санаттары және халықтар өміріндегі келешегінің болжанатын кейбір келбеті туралы айтуға болады.

Нақтылы бір халық өмірінің өзгешелігін сипаттаушы саяси бірігу ортақтас формадағы тілдік факторды алға тартады. Халықтардың саяси бірігуі – бұл өлместей күн көру, ұрпағын жалғастыруды қамтамасыз ету, дәл осындай негізде ата-аналары, ата-бабалары жағдай жасап, қалдырып кеткен мұраны сақтап, одан әрі молайтуға қолданылатын тәсіл, сөйтіп, ұрпақтың өздігінен құрып кетпеуіне көмектеседі. Халықтардың өз этностығын сақтау және одан әрі дамыту ұлтшылдық немесе мәңгірттіктің шылауында жүрсе, есте мүмкін емес. Адамзат тарихының әрқырында бірігуге жету жолындағы қозғалысы күш көрсету және этникалық негізде мәжбүр ету секілді, сорақылықты болдырмау халықтар арасындағы өзара қарым-қатынастарда, тек саяси бірігу принципіне негізделген.

Құндылықты рефлекстің нысанасы болып табылатын саяси бірігуі өзіне халықтар арасындағы өзара қарым-қатынастарды ғана қосып қоймайды, сонымен бірге, осы қарым-қатынас нормаларын, олардың құндылықты негіздерін де қамтиды. Мұндай түп мәнінде саяси бірігуі моральдық нормалардың жиынтығы ғана емес, сондай-ақ, әлеуметті-этникалық мінез-құлық субъектісінің дүниетанымдық принципі, ұлтаралық өзара іс-қимыл жүйелерінің маңызды кіріктірілген санасы ретінде танылады. Ол қоғам үшін, векторлық құндылығы болып табылуымен қатар, қоғамның әлеуметті-экономикалық, саяси және рухани-мәдени қызметін анықтайтын түйінді бағдарларының бірі болып шығады. Оны іске қосу саяси еркіндігін конституциялық тұрғыда рәсімдеумен ғана байланысты емес, сондай-ақ, барлық халықтардың мейлінше күш жұмсаумен басқалардың құқықтарын және еркіндігін мойындау, заңның мәртебесін құрметтеу секілді іс жүзіндегі қадамдарына да тікелей қатысты болмақ.

Саясатты жаңғырту кезеңінде халықтардың саяси бірігуі демократия, адам құқығы және бостандығымен бірге, Қазақстан темір қазықтай бағдарға алған жаңа қоғамдық құрылыстың базалық құндылық жүйесінде өзегін құрайды. Өзінің параметрлері бойынша ізгіліктің толық өлшеміндегі құндылықтарға жатады, өйткені, этникалық түріне қарамастан, сол аймақта тұратын барша адамдар бағдарға алынған, сөйтіп, бірлесе өмір сүрумен ортақ мақсатқа қол жеткізу, бірлесе күш жұмсаумен өзара түсіністікті және сылдарлы ынтымақтастықты орнықтыру.

Халықтардың саяси бірігуі этникалық субъектіге қатысы бойынша сыртқы құбылыстары болып табылатын нысаны – экономикалық және саяси мазмұны элементтерінің жиынтығы құндылықты қатынас-

тардың белгілі бір жүйесін білдіреді. Бәлкім, қоғамның тұтастығы мен бірлігін сақтаушы және дамытушы этникалық субъектілер қатынасының жүйесі осы әлеуметтік тұтас мүдделерге жауап беретін құндылықты қатынастардың критерияларымен шығатын болар. Халықтардың саяси бірігуі кесімді мәнісі мен құндылықты мазмұны осылай қорытындыланады.

Халықтардың саяси бірігуі қоғамдық өмірдің алуан түрлі аяларында адамдар қатынастары арқылы өзін ашып көрсетеді. Халықтардың саяси бірігуін экономикалық жағынан қолдауды былайша білдіруге болады: біріншіден, түрлі ұлттар азаматтарына жалпылай қамқорлық жасап, қоғамдық байлықты молайту; екіншіден, мемлекеттің материалдық-техникалық және өндірістік базасын дамыту; үшіншіден, осындай қатынастарды орнатқанда, өндірісті басқару аясында этникалық белгісі бойынша адамдарды кемсітіп бөлуге жол берілмес еді.

Халықтардың саяси бірігуі саяси мазмұны азаматтық бейбітқатар өмір сүру, өзара түсінстік түрлі ұлттық білім берудің ынтымақтастығы, әлеуметті-экономикалық және саяси тұрақтылық арқылы өзін көрсететін, заң алдында барлық ұлттар теңдігі сақталатын, демократиялық қоғамның атқарымы мен дамуын қамтамасыз ететін сол негізі болып табылады.

Рухани – өнегелі жәйтте саяси жаңғырту үрдісіндегі халықтардың саяси бірігуі өзін ұлттық мәдениеттердің кең ауқымды өзара қарым – қатынасы, оларды өзара байыту және өзара түсіністік, бірін-бірі рухани құндылықтарға субъектілерді толықтыру, адамдар арасында қарым-қатынастарда сенім көрсетумен ашық-жарқындығын бекемдеуге бейім рухани қатынасты қалыптастыру арқылы ашатын болады, осының бәрі жинақталған келеңсіз еліктеушілікті жоюға алып келеді.

Осылайша, халықтардың саяси бірігуі әлеуметтік-этникалық мінез-құлық тұрпаты секілді және халықтардың қарым-қатынасын оның негізгі белгілерін бөліп көрсетумен құрылымдық түрінде ұсынуға болады:

1. Ортақ дүниетанымдық негіздерінің, тарихи тағдырлардың ортақтастығы, қарым-қатынас жасаушы халықтар рухани жақындасуының болуы;

2. Басқа этникалық субъектінің түсінігінде ғана емес, сондай-ақ, қатынасы бойынша өзіне тең әріптесі ретінде, қатынасымен қорытындылатын шынайы өзара түсіністікке жету. Өзара түсіністіктің әрдайым екі жақты сипаты болып табылады;

3. Өмірдің барлық аясында тұрақты да үздіксіз өзара алмасу үшін, жағдай мен мүмкіндік жасау. Халықтардың саяси бірігуі – өзгеруші жағдайларға өзара икемделу емес немесе сол, яки өзге сыртқы талаптар ықпалымен мінез – құлықтың өзгерісі де емес. Саяси бірігу бұл бір – біріннің өзіндік ерекшеліктері және ортақтастығын субъектілер терең түсінетін негіздегі өзара іс-қимыл мен алмасудың бірқатарынан тұрушы үрдісі;

4. Этникалық субъектілердің өзара толықтырушы мүдделері сәйкес келу үшін, мүмкіндіктердің іздестіруі. Халықтардың саяси бірігуі этникалық субъектілердің мүдделерін толықтай үйлесетіндігін білдірмейді, бірақ, соған жетуге күштеу пайдаланылмайды, мүдделердің өздері секілді, соның жолдары мен тәсілдерін өзара түзетуге алып келеді;

5. Этникалық субъектілердің өзара бағалануы, өзара толықтырылуы тепе-теңдігіне жету. Халықтардың саяси бірігуінде ең жоғары деңгейі тек әлеуметтік, саяси, идеологиялық, рухани-мәдениет жүйелерінің маңыздылығы сәйкес келуімен ғана емес, сондай-ақ, қарым-қатынастарды өзара бағалау, өзара ұнату және дәстүр мен салтты құрметтеу, құндылықты бағдарлау, барлық мінез-құлықтық еліктеу деңгейінде ұйғарылады;

6. Халықтардың саяси бірігуін қалыптастыру түйіні – төзімділік.

Жоғарыда аталып өткен белгілері – бұл халықтардың саяси бірігуі өлшемдік параметрлері іспеттес, олар халықтардың ынтымақты қызметке ұмтылушы өзара түсіністігін сипаттаушы әлеуметті-этникалық мінез-құлықты қалыптастыруға арналған тұрақты мәндері бар, шамалары болып табылады.

Қазіргі заманғы жағдайларда халықтардың саяси бірігуі нақтылы бір мемлекетке немесе жалпылама халықаралық қоғамдастыққа тікелей қатысты емес, сондықтан да оның ешбір баламасы болмайды. Қазақстандық қоғамды демократиялық дамыту жолы бойынша реформалау түп мәтінінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2005 ж. ақпанда Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет және басқа да қоғамдық субъектілер қызметінің ортақ негіздемесі ретінде ұсынған идеясы бірігу, қоғамдық прогресс және әлеуметтік әріптестік мәселелерін жан-жақты көрсетумен барша халыққа терең ой тастайды:

- қазіргі заманғы демократиялық және құқықтық мемлекет секілді, Қазақстанды дамыту, мемлекеттігін нығайту;

- елде және аймақта берік тұрақтылықты қамтамасыз ету, аймақтық және халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

- экономиканы ғаламдық талаптармен сәйкес серпінді дамыту және шикізатсыз секторларды дамытуда жаңа технологияларға айрықша көңіл бөлу;
- азаматтық қоғамды бірізді дамыту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету;
- дінге еріктілік және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету.

Осы идеяның әрбір компоненті қоғамдағы халықтардың саяси бірігуі және тұрақтылықты бекемдеу, сондай-ақ, алға қойған мақсаттарға жетуге бағдарланып, оның қажетті шартты дағдарысты жағдайдан өту екендігіне баса көңіл бөлінген. Сол уақытта аталған үлгі – бірігу, қоғамдық прогресс, әлеуметтік әріптестік – бұл, сондай-ақ, әрбір жеке тұлғаны идеологиялық жаңылдыру, шектеу және жон-жосықсыз сену секілді жәйттерден босату жолы.

Әрине, дәл осы идеяны іске қосу механизмі бойынша түрлі көзқарастар орын алуы мүмкін. Бірақ дәл қазіргі заманғы жағдайларда осы ұсыныс қоғамның ішкі жай-күйі мен қажетсінуіне сәйкесті неғұрлым толыққанды шара болып табылады.

Қазақстан халықтарының саяси бірігуінде демократиялық құрылыс табиғатына сәйкес келетін жалпы-адамзаттың интернационалдық кескіндері бекемделе түседі.

Халықтардың саяси бірігуі жалпыадамзаттық құндылықтарды байытумен ізгілік тамырын терең жаяды. Саяси бірігудің тез өсуі – заңды құбылыс. Бұл, әсіресе, ертеректе артта қалып, өркениетті қоғамға және болашаққа ұмтылушы халықтарға тән сипат.

Саяси жаңғыру кезеңінде көпұлтты қазақстандық қоғам, ең алдымен, еліміз халықтарының саяси бірігуінің өсу себептерін айқындайды. Мұны келесідегідей факторлармен түсіндіруге болады: қоғамның құндылықты өлшемде жаңару және саяси жаңғыру жағдайларында көпұлтты республика халықтары өркендеу, әлеуметтік даму және бірлесуге ұмтылатын қуатты тенденция орын алады. Халықтардың жаңаруы және саяси өмірінің дамуы сапалы жаңа негізін қалыптастырады. Қазақстандықтардың әлеуметті-саяси белсенділігі артуы, қазіргі заманғы жағдайларда ұлттың сана-сезімінің саясаттандырылуы, өз халқы және басқа да халықтардың тарихи өткені, қазіргі уақыт сондай-ақ, болашағы туралы адамдардың білімдері мен ұғымдарының жаңаруы, саяси мүдделердің ролі мен білімін түсіну және мойындау, ұлттың өзіндік ерекшелігі мен жалпыұлттық, жалпыадамзаттық келбеттерін сақтау, сондай-ақ, дамыту мүмкіндігін іске қосу жолдарын және тәсілдерін іздестіруге мәжбүрлейді.

Ішкі интеграция үрдістері, ішкіұлттық бірліктің күшеюі еліміздің ұлттық топтары үшін, лауазым үшін тән сипат, сонымен қатар, олардың саяси бірігуін бейімдейді. Саяси жаңғырту кезеңінде жалпықазақстандық ұғымды қалыптастырудың шарасы бойынша барлық ұлттық республикалардың саяси бірігуі жалғасады және өсетін болады.

Бұған қоса, жекелеген экстремисттердің ұлттық мүдделерінің қайшылығы мен келеңсіз көріністері, қақтығысы ұлттық қатынастармен байланысты мәселелерге, өз ұлтына адамдарды айдап салуна және отқа май құюна ешбір реті де келмейді. Мұнда халықтардың саяси бірігуі үздіксіз өсетін болса, қандай әлеуметтік зардабы тиеді деген сұрақ үздіксіз ойға оралады. Мұның өзі, космополитизмге және мэнгүрттікке, халықтарды бірінен бірі шеттетуге және шиеленіске алып келмей ме? Немесе халықтардың саяси бірігуін дамыту арқылы халықтар достығы, оның бірлігін нығайту арнасына бағыттануға бола ма?

Әлеуметтік-психологиялық жәйттерді ескерумен, халықтардың саяси бірігуі өсуінің оңды сәттерімен қатар, келеңсіз тұстарын да жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, өзарасынның және ғылыми негіздеменің қат болуы ұлттық немесе «интернационалдық» сәттерін, немесе, орыс тіліне басымдылық беру, космополитизмге шек қоймау, ұлттық, жалпыадамзаттық рухани құндылықтарға кесірін тигізіп, өз мүмкіндіктерін, өзінің рабайсыз пікірлерін қайта бағалауға алып келеді. Сонымен, өзінің жетістіктерін асыра мадақтау кеңестік уақытқа тән болды.

Халықтардың саяси бірігуіне сызат түсуі ұлттық саясаттың ғылыми принциптеріңі бұзылуы және интернационалдық, сондай-ақ, патриоттық тәрбие беруде жіберілген қателік салдарынан орын алуы әбден мүмкін. Бірақ бұл халықтардың саяси бірігуінде ұлттық және жалпыұлттық, ұлттық және жалпыадамзаттық диалектикалық үйлесімділігін дұрыс дамытуға аса көңіл бөлінген жоқ.

Қазақстандағы әр халықтың саны көп пе немесе аз ба деген әңгіме жоқ, қалай десек те жалпыадамзаттық құндылықты иемденген және әр халықтың із қалдырған өз тарихы бар. Соған орай, әр адам өз халқының тарихы, рухани құндылықтары, дәстүрі мен салтын мақтан ете алады. Сондықтан, қазақстандықтардың саяси бірігуін тезірек «интернационализациялауға» ұмтылыс жасау қателікке соқтырар еді, мәнісі бойынша бұл қатынастардағы табиғи үрдістер, тіптен, саяси бірігуді «интернационализациялау» түптеп келгенде, барлық ұлттарды бірдейлендіру, ұлттық айырмашылықтарды елемей, барлығына бір өлшемді ұстанымдармен баға беру болып шығады.

Халықтардың саяси бірігуін «интернационализациялау» іс жүзінде, көбінесе кері тиімділігіне алып

келеді, адамдарда этноцентристік пиғылдарды туғызады. Қазақстан халықтарының өмірін «интернационализациялау» шарасын шапшаңдату тенденциялары, уақыттың өзі көрсеткеніндей, ұлттық факторларды кемсіту, шектеу тұрғысында жүргізілді, бірақ саяси бірігу фактысын елемей және оның түйінді әлеуметті-психологиялық компоненті – ұлттық мақтанышы. Мысалы, ұлттық мүдделерді елемей, ғылыми-техникалық революция жетістіктерін қалай болса, солай пайдалану, Қазақстанның табиғи байлығын молынан пайдаланып, талан-таражға салу салдарынан, көптеген аудандар экологиялық апат жағдайында болды. Орталық ведомстволық мүдделерді абсолюттендіру қазақстандық, кеңес халқын саяси біріктіруде көңілін қалдыратын, күйіндіретін сезімдерін туғызды. Ақиқаттың сол немесе өзге тараптары ұлттық мүдделермен жанасқанда, халықтардың саяси бірігуі соларға деген наразылықтарын білдірді.

Мысалы, Семей полигонында 40 жылдан астам ядролық және сутегі қаруларының кең көлемді сынақтары өткізілді. Ал жұртшылықтың оны тоқтату туралы талаптарын елеген де жоқ, халық тарапынан қаншама батыл шешімдер қабылданса да, бұл оғарлық жалғаса берді, әрине, мұның өзі, тек қазақтардың ғана емес, тұтастай қазақстандық халықтардың ұлттық сезімдерін ашу-ызаға толтырды. Немесе басқа бір мысал, Қазақстан қанша табиғи байлықты иемденуші мемлекет екені белгілі, алайда, соларды емін-еркін пайдалану құқығы болмады. Мұның өзі, республиканы қорлаған отарлы жағдайды алдына тартты. Еліміз барлық өнеркәсіптің тек 7% ғана басқаруды иелік етті.

Өз кезегінде, құндылықты өлшемдегі саяси жаңғырту да саяси бірігуі мен халықтардың ұлттық сезімдері, олардың ұлттық өзіндік ерекшелігі тым осал және тез жараланғыш.

Саяси жоспарда ұлттық сана-сезім екі жақты роль атқарады. Біріншіден, бұл үдемелі үрдіс болуы мүмкін. Мұндай оңды дамуы тек қана ұлттық сана-сезім өзінің абсолюттендіру жолымен жүрмегенде, «шектен тыс құндылықтың» ерекше түрі болмаса, сана-сезімді дамытудың өзге мүмкіндіктері мен келешектерінің осы және басқа ортақ өкілдері үшін жабылмаса, оны өзінің ұлттық-этникалық ұқсастығын жете түсінумен шектелмеген жағдайда, керісінше болған жағдайда, ұлттық сана-сезімді дамыту қарама-қарсы жаққа бұрылып, төменгі деңгейге құндылықты-мағыналық құрылымдар санасы мәліметтерін ұсынады, өте жоғары орталарға жататын құндылықтарды теріске шығарады. Мысалы, әулеттік, феодалды-рулық, діни-ұлтшылдық, шовинистік немесе нәсілшіл-идеялық көзқарастардың тар шеңберіне дейін жететін сананың жалпыадамзаттық мәліметі.

Қазіргі кезеңде, халықтардың саяси бірігуі кезінде, бұқаралық баспасөз құралдарының талқылайтын мәселесіне айналды, форумдарда, біреумен жекелей әңгімелескенде өзінді байыпты ұстап, байсалдылық таныту қажет. Осы мәселені талдау кезінде, сынаржақтылық пен саяси бұлқыныстардан сақ болған дұрыс. Халықтар достығын мейілінше сақтау керек. Тек осындай негізде ғана Қазақстан халықтары мүдделерінде сындарлы болып, саяси бірігуді реттеу және жақсарту, түрлі халықтар ынтымақтастығын жаңа, неғұрлым жоғары сатыға көтеруге лайықты үлес қосу мүмкін болады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы барлық халықтарының алда тұрған міндеті – көпұлтты өркениетті мемлекетті құру. Бірақ оны бекіту бір ғана жария етумен аяқталмайды. Біздің республикамызда демократиялық мемлекетті дамыту туралы қаншалықты айтсақ та, бұл мәселе өздігінен шешімін таппайды. Оған апаратын жол қиындыққа толы, соның ең бастысы – қоғамды халық түзетіп, жөнге салу керектігін билік басындағылардың қаламайтындығы.

Бүгінгі күні қоғамды саяси жаңғыру үрдісінде, оның құндылықты өлшемінде, Қазақстан Республикасы барлық халықтарының басты міндеті – көпұлтты өркениетті мемлекет құру. Алайда, оны бірден жариялау мүмкін емес. Қалай десек те бұл мақсатқа жетудің алда күтіп тұрған шараларын шешу оңайлықпен келмейтіні өзінен өзі түсінікті. Билік басындағылар қозғалмай, бұдан бір нәтиже шығарудың өзі күмәнді.

Қазақстандағы халықтардың саяси бірігуіне байланысты, іс тәжірибесі мен толғақты мәселелерін зерттеп, зерделеу бірқатар пайдалы кеңестер мен ұсыныстарды алға тартады:

1. Қазақстан Республикасын мекендейтін әр халықтың экономика мен мәдениетке қосқан үлесі, тарихы, өткен жолын шынайы тұрғыда көрсететін көптомдық тарихти еңбекті шығарудың уақыты пісіп-жетілді;

2. Университеттерде «Қазақстан халықтарының тарихы» арнаулы курсы жүргізген орынды;

3. Қазақстан халықтары ассамблеясы жанынан «Қазақстан халықтарының тарихы» қоғамдық-саяси журналын басып шығарумен қатар, ғылыми-зерттеу институтын құрудың да уақыты келді;

4. Қазақстан халықтарының саяси бірігуі, біздің ортақ шаңырағымызды құру үшін, мемлекеттің ұлттық саясатын анықтайтын бағдарламаны әзірлеу.

Қазақстан жаңа дәуірдің табалдырығын аттап өтті. Бұл үрдісте демократия соның біртұтас бөлінбес бөлігі ретінде кіреді. Қоғамның басты мәселесі Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың оңтайлы саяси бірігуін іздестіру болып табылады. Бұл іздестірудің логикалық дамуы – революциялық радикализм-

нен реформаларға, жаңғыртудан әлеуметтік әріптестікке нық қадам басу. Өз кезегінде, халықтардың саяси өзгеруді Қазақстанды қоғамдық қайта құрудың оңтайлы тәсілі ретінде тандап алуы қоғамды революциялық жолмен қайта жөнге салу сыйыспайтын, азаматтық тұрпатты қоғамда біртіндеп өзгертуді ұйғарады.

Міне, осыдан халықтардың саяси бірігуі әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика мен меншіктің азаматтық қоғамына негізделген құндылықтары кіргізілуі қажеттілігі келіп шығады. Халықтардың саяси бірігуінің осындай жағдайы мен жетістігін қажет ету өзіне келесідегідей сөзсіз енгізілуі тиіс демократиялық принциптерді бекітуі болып табылады:

1. Республиканың әрбір азаматына мүліктік және кәсіби дербестікке конституциялық- құқықты кепілдіктерді ұсыну;

2. Барлық халықтар бастау сәтінің тепе-теңдігі, оның ішінде, мүмкіндіктері тепе-теңдігі секілді түсіндірілетін әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік игіліктерге және жағдайларға тең құқықты сақтау;

3. Экономикалық және әлеуметтік плюрализмді заңдастыру;

4. Этно-мәдени және этнолингвистикалық плюрализмді конституциялық-құқықты қамтамасыз ету және соның негізінде барлық ұлттар мен ұлыстардың, Қазақстанның біртұтас халқын құрушы ұлттық және этникалық топтардың құқықтары мен бостандықтарын мойындап тану.

Бүгінгі күні мемлекеттің міндеті бір ұлттың немесе «жалпы қазақстандық» құқықтарды сақтау ғана емес, мемлекеттің тұтастығы мен ынтымақтастық игілігіне ұлттарды шығармашылық дамыту және қорғаудан тұруы тиіс. Қазақстан халықтарының саяси бірігуі ұғымының мәні мен мазмұнын анықтау қиындығы сол, бүгінгі таңда ол қазіргі өмір ағымымен ілесе өмір сүрсе, басқа жағынан алғанда, дәстүрлі отбасылық және этникалық байланыстар түрлі уақыт өлшемдерінде жекелей немесе келісімді қатынастар негізінде күй кешсе, көпшілігі сол баяғы әдеттерінен айырылмаған.

Бізге келесідей мәселені ұғыну қажет: халықтардың саяси бірігуі принципін батыстық ұғымда қабылдау үшін, ұлтаралық қатынастармен сай келуі бойынша ондаған жылдар төзімділік танытып, жұмыс істеу талап етіледі. Қазір осы үрдісті жеңіп шығу республиканың барша азаматтары үшін, оңай шағылатын жаңғақ емес.

«Халықтардың саяси бірігуі» ұғымы қазақстандық қоғамның құрылымында әр ұлт өкілі өзінің жағдайын сыни көзбен қайта бағалауға ұмытылыстың өріс алуы, соған орай, бәрінің де сана-сезімі өзгеруі негізінде, елде әдеттен тыс ала-құла шаралар қолға алынып, ұлттық құқықтарды бірдейлендірумен ұсынылуда. Мұндай жағдайларда Қазақстан халықтарының саяси бірігуі тұжырымдамасы 130-дан астам ұлысты, ұлтты және этникалық топтарды қамтиды.

Қазақстан ұлттық топтар шоғырланған жай ғана бір жасанды конгломерат (немесе зертхана) емес, мүшеленбеген біртұтас организм іспеттес, оның мүшелері мекендейтін және соларға ортақ өмір кеңістігі. Әрине, бұл бірігуді оп-оңай атқара саламыз деуге болмайды. Халықтардың саяси бірігуі және этникалық құрамы әртүрлі кедергілерді жою мақсатымен бұрыннан орын алған айырмашылықтарды теріске шығару, көп жағдайда кері ықпалын тигізеді: саны аз ұлттардың шеттетілуін күшейтіп, олардың мемлекетке сенімін азайтады және этникааралық жанжалдардың шығуына себепкер болады. мұндай саясат ұлттық топтар арасында наразылық туғызып, табиғи интеграция үрдісін тежейді.

Бұл күндері Республика азаматтары Қазақстанды туған жері және Отаны ретінде теңестіру мәселесіне алаңдауда. Қазақстандықтар бірлігін этносаяси бірліктің – біртұтас халқы ретінде түсіндіру үрдісі жүргізілуде. Алайда, 1992-1994 жылдары жоғарыда көрсетілген қарама-қайшылықтар аталған үрдіске психологиялық кедергі болды, мұның өзі, қазақстандық патриотизм қалыптасып, дамуын тежеді. Сондықтан, халықтардың саяси бірігуі және ұлтаралық тұрақтылықты сақтау мақсаттарында 1995 ж. Конституция «Біз Қазақстан халқымыз» деген ұстаным мен логиканы басшылыққа ала отырып жасалды. Сонымен қатар, ҚР Конституциясы халықтардың саяси бірігуін жалпылама, түрлі ұлт адамдарын бірлестіруі секілді атап көрсетеді.

Іс жүзінде, көпұлтты қазақстандық халықтың қалыптасуы және саяси бірігуін (Қазақстан халқы), Р.Б. Әбсаттаров дұрыс атап өткеніндей, «бұл ұлттарды тұтастыруды, ұлттық ерекшеліктерін, тілдерін ескермейтіндігін білдірмейді, өмір сүруші ұлттардың құқықтарын жоққа шығарып, сызып тастамайды және қандай да бір ұлттық жапсырманы қаламайды, керісінше халықтардың өзіндік ерекшелігі, тілі және мәдениетін сақтау кезінде этникалық бірлесу үлгісін жасайды. Бұған қоса, қазақстандық халық этносаяси бірлігі ретінде, табиғи байланыстырады және тиімді дамытады. Сол уақытта Қазақстан халқы өзіне адамгершілік, орнықтылық, ең бастысы, әр халықтың ұлттық өміріндегі жақсы қасиеттерді тандап алады» [5].

Халықтық тәуелсіздік ажыратылмайды және бөлінбейді, ол әрдайым мемлекетпен және сонда нығайтатын адамдардың ерік-жігерімен байланыстырылған. Халықтардың саяси бірігуін нығайтуды аталған

үрдісте мемлекеттік саяси шекаралар шегінде біртұтас ұлтты қалыптастыру емес, қайта үрдісі ұзаққа созылатын біртұтас мемлекет құрамында болушылығына тәрбиелеу деп, түсінген жөн. Ал оны шапшандату үшін, ұлттық саяздық пен шектеушілік көріністеріне, ұлтшылдық және шовинисік тенденцияларға қарсы батыл күрес жүргізуі қажет.

Қоғамда халықтардың саяси тұрақтылығына, егер, азаматтардың құқықтары мен міндеттері бойынша бөлмейтін болса, сонда ғана жетуге болады.

Қазақстан халықтарының саяси бірігуі келесідей принциптерге негізделуі тиіс: тарихи және ұлттық дәстүрлерді есепке алумен орнын басушылығы, конституциялығы, барлық ұлттардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, қоғам мен билік арасындағы диалогты жетілдіру жолдары.

Көпұлтты Қазақстан – бұл халықтардың саяси бірігуі және терең этникалық және тарихи тамырларымен байланысқан ұлттардың достастығы. Бұл, формулаға, сондай-ақ жекелей құқықтар мен мүдделерді құрметтеу және қолдау, оның ішінде, белгілі бір мәдениет немесе ұлттық топтың құрамындағы сезімге негізделген базалық принцип те кіреді.

Халықтардың саяси бірігуі – бұл, ең алдымен, оның мүшелерінің сана- сезім бірлігі, бұл мақсатқа соған бара-бар ұлттық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде ғана жетуі мүмкін. Биліктің беріктігі – халықтың саяси бірігуінде «азаматтардың лауазымды тұлғалардың қиырлығына қарамастан, ынтымақтастығы, бірауыздылығы және оған қорқыныштан емес, намыстан қолдау көрсетуші» [6].

Сөз жоқ, саяси жаңғырту кезеңінде, оның құндылықты өлшемінде халықтардың саяси бірігуі аса қажет, сондай-ақ, түрлі әлеуметтік субъектілердің өзара іс-қимылдары сипаттамаларынан біреуі болашақта қоғамдағы әлеуметтік, ұлтаралық келісімге жететін, әсіресе транзиттік Қазақстандағы жолдардың біреуінен шығатын болады. Бірігу мәселесі түрлі этникалық және түрлі конфессиялық мемлекеттер үшін, сонымен қатар, осы санатқа қосылатын Қазақстанға да аса маңызды. Мұнда интеграция аймақтың сипатты айырмашылығымен күрделене түседі, өйткені, облыстар арасындағы – қоныстанушылық, ұлттық ерекшеліктері. Мұнда қоғамдағы халықтардың бірігуі мемлекеттің тұрақсыз ролін өсіре түсетіндігін атай кеткен орынды. Өйткені, зиялы қауым ұғымында бірігу – бұл, ең алдымен, саяси көпшіліктің орнықтылығын қалыптастыруда билік сатысының болуы, ХХ-ХХІ ғасырлар шегінде Қазақстанда билік партиясы мен мемлекеттің қызметі дәл осы екі бағыттағы жұмыспен байланысты болды.

Біздің еліміздегі халықтардың саяси бірігуін реттеуші негізгі ұйымдардың бірі Қазақстан халықтары ассамблеясының (ҚХА) стратегиясы болып табылады. ҚХА стратегиясымен сәйкес, Қазақстан халықтары, олардың мәдениет пен тіл тағдырына өзара жауапкершілігі, азаматтардың тең құқықты ынтымақтастығы және диалогпен жетуге болатын жалпыұлттық келісім арқылы егеменді мемлекет ретінде Қазақстанның дамуын тікелей байланыстырады.

Бұл бағытта Қазақстан халықтары ассамблеясы секілді ұлттық-мәдени бірлестіктермен де көптеген жұмыстар атқарылуда. Уақыттың өзі көрсеткендей, ұлттық тұрақтылық пен жалпыұлттық келісімді қамтамасыз ету ісінде едәуір нәтижелікті иемденуші, халықтардың мәдени жаңару үрдісін мемлекет тарапынан қолдауды жүзеге асыру кезінде, ұлттық-мәдени бірлестіктер секілді мемлекет пен этностар саяси бірігуінің неғұрлым сәтті формасы табылды.

2010 жылы наурыз айында Қазақстан осы халықтар ассамблеясы құрылуының 15 жылдығын атап өтті. Соған сәйкес айтылғандай, ұлтаралық келісім – біздің мемлекетіміздің әлеуметтік-саяси курсының базалық міндеттерінің бірі. БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан айтқандай, ҚХА – бұл бір елдегі БҰҰ-ның болашақ үлгісі. Ол бұрынғы кеңестік кеңістікте ең тұрақты елдің бірі болған мемлекеттің нарыққа бейімделу ісінде аз роль атқарған жоқ.

Халықтар қойнауынан шыққан осы орган мемлекеттік тәуелсіздік, бостандық және әділеттілік жеке меншікті қалыптастыру қозғалысы, сондай-ақ, өзін әлеуметтік-мәдени ұсыну секілді игілікті шараларды қуаттау үшін, жүзеге асырылған халықтардың саяси бірігуі локомотивіне айналды. Ондаған жылдар ішінде Ассамблея әлемдік қоғамдастық алдында Қазақстанның өзгеруші оңды келбетін лайықты ұсынумен этномемлекеттік және этникааралық қатынастар сахнасында өзін ықпалды ұжымдық орган ретінде көрсете білді.

ҚХА халықтардың саяси бірігуі және азаматтық әлем үшін, жағдайларды құрып сақтау, республикада үйлесімді этникааралық қатынастарды қамтамасыз етуде этномәдени бірлестіктер күш жұмсауымен интеграция бойынша жұмыс істеуде. ҚХА және мемлекеттік органдар рухани бірлік, халықтар достығы, ұлтаралық келісім, этникалық төзімділік идеяларын саналы түрде жаппай қалыптастырып таратуда, сол уақытта кез-келген этникааралық алауыздық пен этникалық кемсітушілік формалары айыпталуда.

ҚХА – еліміздің саяси өмірін демократиялауда үлкен роль атқаратын этносаяси бірлестік ретінде, Қазақстанның саяси жүйесін құрушы ықпалды ұйымның бірі. Ассамблея халықтардың саяси бірігуін бекемдей түсуге бағытталған шаралардың бастамашысы.

Қазақстан халықтарының саяси бірігуін қалыптастыру және дамыту – ұзаққа созылатын және ішкі қайшылықты әлеуметтік үрдіс. Оның негізгі элементтеріне мыналарды кіргізуге болады: өз халқының материалдық және рухани құндылықтарын ұстанумен, ұлттың абыройымен бірлігінде түпкі интернационализм принциптері, жалпыадамдық құндылықтарды ұстану, жалпыұлттық абырой, негізгі мүдделердің бірлігін жете түсіну. Сондықтан, үйлесімді қалыптастырылған халықтардың саяси бірігуі ұлттық және жалпыұлттық, ұлттық және жалпыадамдық диалектикалық бірлігі болып саналады.

Халықтардың саяси бірігуі – бұл олардың саяси санасындағы жалпыадамдық, жалпықазақстандық құндылықтардың прогрессивті келбетін жиынтықты көрсетілуі болып саналатын қоғамдық өмір мен ұлттық ұғымның өсуін білдіретін формасы. Бұл призма тәріздес, сол арқылы ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың дамуы, сондай-ақ өзара байытылуының барлық үрдістерін қабылдайтын субъектісі, сонымен қатар, бұл халықтардың саяси бірігуі, соның формаларымен өзара әсер етіп, барлық деңгейіне бойлай кіретін сәулесі іспеттес.

Қазіргі уақытта халықтардың саяси бірігуінде бірінші қатарға ұлттық бірліктегі жалпыадамдық мәселесіне арналған теориялық-методологиялық проблемасы шығарылады. Мұны түсіндіруге мына жәйтті айта кетелік: ХХ ғасырдың екінші жартысында адамзат көп жағдайда ғылыми-техникалық революцияның ықпалында болды. Дәл осы жаңа технологиялар, энергияның жаңа көздері; автоматтандыру мен компьютерлендіру, байланыс құралдарын дамыту ғасырында адамзат өзінің біртіндеп, біртұтастығын түсіне бастады. Бұған қоса, атомдық, ядролық және басқа да қару-жарақтардың болуы, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық революция жетістіктерінің жиынтығы адамзат өркениетін тып-типыл етіп құртуға бейімділігіне көз жеткізілді, мұның өзі, жер бетіндегі халықтардың тағдыры өзара тәуелді, өзара байланыстылығын мейлінше жете түсінуге алып келді.

ҚР Президенті Назарбаев Н.Ә. әділ атап өткенінде: «Біздің алға қарай орнықты қозғалысымызды басты шарты – алға қойған мақсаттарға жетуде қоғамымыздың топтасқандығы, ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасына жұртышылық пен барлық топтардың бірігуі. Егер, ондағы қоғамның қажетсінуін дұрыс ескеруге қабілетті болғанда және жұртшылықтың әртүрлі топтары басымдықты дұрыс анықтап, олардың іске қосылуын қамтамасыз еткенде ғана бұл шындыққа айналады» [7].

Саяси бірігудің өсуі нақтылы бір халықтың өмірге бейімділігін қамтамасыз етеді, оның әлеуметтік, тарихи өткенін және ұлттың өзіне тән ерекшеліктерін сақтайды. Қазір саяси бірігу мәселесін шешу үшін, түрлі ұлт өкілдерінің ынтымағы жарасқан бір отбасына бірлесуі туындаған ұлтаралық қайшылықтарды шешуге және қоғамды жаңғыртып, жаңалауға бейімдеуі маңызды.

Бүгінгі күні туған өлкеге, тілге, халқының өткеніне құрметпен қарап, жақсы көру, өз еліне жауапкершілікті сезіну қастерлі көзқарастарды қамтитын ұлттық сана-сезімді дамыту жағдайында ғана, басқа халықтардың өкілдерін құрметтеушілік қатынастар ақиқат болып шығады. Қоғамда басқа халықтар өкілдеріне, сондай-ақ, өзге де көзқарастарға өзара төзімділік таныту сезіміне тәрбиелеу орынды. Әлемдік өркениет пен жалпыадамдық құндылықтарға көңіл аудару жұртшылықтың әлеуметтік және мәдени топтарының шеттетілінуін жоюға бейімдейтін болады. Сондықтан, бұл жалпыадамдық құндылықтар негізінде ұлттық сана-сезім және ұлттық жаңару үрдістерінің мәнін түсіну, сондай-ақ, терең саяси талдауды талап етеді. Бұл жағдайда, біз үшін анықтаушысы: бірлік, тұтастық және қазіргі заманғы әлемнің мызғымастығы, адамдар, халықтар мекендейтін рухани орта, әлеуметтік, табиғаттың тұтастығы секілді идеялар болуы тиіс.

Халықтардың саяси бірігуі дамытатын басты шарттарының бірі теориялық-методологиялық мәселесі осылай қорытындыланады. Ұлтаралық қатынастарды шешудегі басты міндеті – қазақстандық қоғамның бірлігі және тұтастығы туралы ұғымды қалпына келтіру, сондай-ақ, дамыту осыдан келіп шығады. Соған сәйкес, республикадағы тұрғындар арасында ұлтаралық қатынастардың тарихын диалектикалық қабылдауын қалыптастыру қажет.

Елдің негізгі этникалық топтарын бөлу және жіктеу олардың бірігуіне бөгет жасайды, сондай-ақ, мемлекеттілікті нығайтуға кедергі келтіретіні әлемдік тарихтан белгілі. Қазақстандықтарда, олардың этникалық бірігуі әлсіз болуы салдарынан, патриотизм сезімі өте төмен екендігі кейде аталатындығы кездейсоқ емес.

Сол уақытта халықтардың саяси бірігуі проблемасына тек экономикалық және әлеуметтік қатынастар себепкер болды деп толық сеніммен айтуға да болмайды. Рухани өзгешелік те өзара ұнату және жаратпаудың қалыптасуына аз ықпал етпейді. Саяси бірігу мәселелері жекелеген халықтың экономика, саясат және мәдениетте басымдығы болуы кезінде, басқа ұлттық топтардың мүдделеріне зияны тиетін жағдайда өзгертіледі. Адамзат ХХІ ғасырға бірде-бір ұлт емес «мемлекет – ұлт» шеңберінде ұлттық-этникалық бірдей болуға үміт ете алмауы кезіндегі жай күйде аяқ басты. Соған орай, кезкелген мемлекетте ұлттық

көпшілік және азшылық болуы мүмкін – бұл ақиқат, өйткені, тыныштықты алу үшін, түрлі сылтау табумен, қоғамдық қатынастар жүйесіне жан бітіреді. Саяси бірігудің өткен және қазіргі барлық проблемалары мәнісі бойынша үлкен және аз халықтардың өзара қарым-қатынастарындағы әділетсіздікті сол немесе өзге қалпында көрсетеді.

Саяси бірігу, мәселелерін шешудің қолданысты принциптері мен жолдары біздің ойымызша, негізгі үш санатқа бөлінуі мүмкін:

1. жедел шешімдер – аталған мәселенің өсуіне жібермеуге бағытталған бір реттік іс-әрекет;
2. тактикалық шешімдер – туындаушы мәселелерді экономикалық-саяси жолмен немесе келіссөз үрдісін жолға салу құралымен реттеу;
3. стратегиялық шешімдер. Олар осы үрдістерді ақылға қонымды дамыту үшін, құқықты, саяси, экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайларды уақытылы құру негізінде ұлтаралық қатынастарда шиеленушілік немесе дағдарыстарды ескертуге бағытталған.

Стратегиялық тұжырымдаманың болмауы саяси бірігуді өз азаматтары үшін де, сондай-ақ, көршілес елдер үшін де реттеуге келмейтін жағдайға алып келеді. Ал бұл елге деген сенімсіздік пен күдіктенушілік жағдайын күшейте түседі. Бұл үшін, саяси бірігу мәселелерін болдырмау инфрақұрылымын жасау қажет, ал күрделі экономикалық жағдайлар олардың туындауын тұрақты түрде өршітеді. Осы қайшылықтар мен қиындықтардың көпшілігіне КСРО-да және оның бұрынғы одақтас республикалары, оның ішінде Қазақстандағы саяси жүйенің реформасы тап болды. Сонымен, халықтардың дербестікке ұмтылысы табиғи және толықтай түсінікті, ал оны жүзеге асыру кезінде, көпшілік күтпеген КСРО-ның ыдырауы болжап болмайтын күштер мен ортадан тепкіш тенденцияларды алып келді. Бүгін олар біртұтас экономикалық, мәдени және ақпараттық кеңістікті сақтамай, дамытуды сәтті жүзеге асыра алмайды. КСРО-ның тез арада ыдырауы халықтардың тіршілік етуіне негізделген ондаған, жүздеген жылдарда жинақталды, мұның өзі, халықтардың саяси бірігуі жағдайына әсер етпей қалған жоқ.

Көптеген келеңсіз зардаптары қазіргі уақытта болжап болмайтындай, бірақ солардың кейбіреуі қазірдің өзінде көрініс тапты және алаңдатуда. Сондықтан да ТМД-ның кейбір елдері экономика, экология, мәдени жетістіктерді алмасу және т.б. салаларда солардың арасындағы мемлекетаралық қатынастарды реттеуге болатын құрылымдарды құру туралы мәселе қоюда. Осындай объективті қажеттілік Қазақстанда да өз түсіністігін табуда. ТМД мемлекеттері арасында халықтардың саяси бірігуін жөнге салу адамдардың санасы мен мінез-құлықтарында ұлттық пен шовинизмді жеңіп шығумен байланысты, психологиялық және идеологиялық мәселелерді қосумен, көптеген мәселелерді шешуді талап етеді.

Қазақстанда халықтардың саяси бірігуі туралы мәселесі орынды қойылған. Мұнда өзіндік жетістіктер және әлі де шешілмеген мәселелер баршылық. Тұрғындар өмірінің тез қарқында төмендеуі, адамдардың басым көпшілігі кедейшілік деңгейінен төмен өмір сүруі жанжал ұшқыны лап ете түсуіне себеп болатын ұлтаралық қатынастар мәселесін туғызуда.

Қазақстанға ұлтаралық тұрақтылықты сақтаудың мүмкін болуы ҚР Конституциясы мен қабылданған барлық заңдарда елімізде тұратын барлық адамдардың ұлты, әлеуметтік жағдайы, діни сенімі және нәсіліне қарамастан, тепе-теңдік принципі басшылыққа алынды. Қазақ халқы және басқа да ұлттарды бір-біріне қарсы қоймас үшін, ұлтаралық қатынастарда жанжал туғызатын мәселелерге жол бермеуге жекелеген этникалық топ емес, тұтастай Қазақстан халқы күш біріктіре бой көрсетуі тиіс. Бұл кезде, әрине, саны және әлеуметтік-рухани санасы бойынша қазақ қауымы Қазақстан Республикасы халқының өнеге көрсетер өзегіне айналуы қажет. Қазақстан халқының негізінде өз тағдырын шешкен субъекті ретінде, аумағы және республиканың атауы теңестірілген – қазақ халқы орныққан.

Осылайша, халықтардың саяси бірігуі мәселелерін зерттеп зерделеу ұлттық үрдістерге дұрыс басшылық жасаудың қажетті шарты болып саналады, сондай-ақ, Қазақстан халықтарының саяси бірігуінің өсуі мен ұлттық өмірді интернационализациялаудың тереңдеуін қамтамасыз етуші факторлардың бірінде қызмет етеді.

Халықтардың саяси бірігуі пайда болуына ғылыми тұрғыдан келудің талап ететіні: біріншіден, саяси бірігудегі белгіленген мәселелердің зерттелуін түсіну; екіншіден, оларды тұтастай болдырмауға, оның ішінде, объективтік сипатты мәселелерді шешуге бағытталған жете түсінікті әсер етуі; үшіншіден, субъективтік тәртіптің нәтижелі әрекетімен жіберілген қателіктер, қате есептеулер, қиыншылықтарды жою. Оларды тану, есепке алу және рұқсат етудің күрделілігі сол, бәрі де басқа қоғамдық үрдістердің мәселелерімен өзара байланысты және тығыз ұштасқан: экономикалық, әлеуметтік, рухани, демографиялық, көші-қондық және тағы басқа. Бұл құбылыстар іс жүзінде, «таза түрінде» болмайды, әдетте, ұлттық өмірде бір келеңсіз құбылыстар басқалармен жалғасып, бірін-бірі өзара нәрлендіреді.

Осы құбылысты жою үшін, қоғамтанушы ғалымдар әлсіз зерттеген мәселелерді тереңірек қарастырып,

халықтардың саяси бірігуі мәселелерінің мәнісін түсінуі, қоғамдық өмірді интернационализациялаудың түпмәтінінде оларды шешудің жолдары мен тәсілдерінің тиімділігін анықтауы қажет. Халықтардың саяси бірігуін қайта құру өзінше толғақты, қоғамдық өмір мұны ескермей қоймайды. Халықтардың саяси бірігу мәселелері одан әрі шиеленісе түсуі сөзсіз. Егер, экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани қатынастарды тереңірек қайта құру туралы шындап айтар болсақ, басқаша болуы мүмкін емес. Өйткені, көптеген шешімін таппаған мәселелер жинақталып, оларға мән берілмеді, енді жаңару, жаңғыру жағдайларында олар біртіндеп, сыртқа шығып, ұлттық-мәдени орталықтар мен ұлттық-саяси бірлестіктердің және т.б. саяси талаптары өріс алды.

Бұл қозғалыстардың мәселелері тым маңызды. Біріншіден, олар демократияның және қоғамдық белсенділіктің кеңеюі үрдісінде жаңару арнасына толықтай кірігеді, сөйтіп, халықтардың ұлттық сана-сезімі өскендігі туралы айғақтайды. Екіншіден, соларда жікшілдік агрессиялық пиғылдар көрініс табады, мұнын өзі, ұлтаралық жағдайларға алып келуі мүмкін. Сондықтан, қазақстандық қоғамның саяси жаңғыртылуы кезеңінде оның құндылықты өлшемінде негізгі проблема бұл мәселелер қалай шешілетіндігінен тұрады. Соған орай, бәлкім, өзара қабылдауға тән шешімдерді іздестіріп, ұлттық мәмілелердің ортақ идеясы болғаны дұрыс шығар. Тек осындай жол ғана Қазақстан секілді, тұтастай ТМД елдерінің халықтарын күшті сілкіністерден сақтап қалады.

Қазақстандық қоғам саяси жаңғырту кезеңіндегі оның құндылықты өлшемінде барлық халықтардың негізгі мүдделерін ортақтастыру негізінде, халықтардың саяси бірігуі мәселелерін шешуге қабілетті. Әрине, бұл мәселелер өздігінен шешілмейді, оларды жеңіп шығу үшін, белгілі бір дәрежеде күш-жігер талап етіледі. Біздің республикамыз халықтарының достық күші халықтардың саяси бірігу мәселелерін жеңіп шығу үшін барлық мүмкіндіктерді жасайтын демократиялық құрылыс, дұрыс ұлттық саясаттан тұрады, бұл қоғамның ұлттық сенімсіздік, кез-келген ұлтышылдық пен шовинистік сезімдерге жол бермей, оларды дер кезінде шешуге, сонымен қатар, Қазақстан халықтарының ортақ тарихи тағдырларын дамытуға мүмкіндік береді.

Саяси жаңғыру, халықтардың саяси бірігуі үрдісі, олардың құндылықты өлшемінде батыл қайта құру қажеттігі мен әсер ету әдістерінде керітартпа адамдар арасындағы мәселелерді айқындады. Керітартпалық халықтар ұмтылған саяси бірігуінің түрлі салаларында пайда болады және тежеу механизміне ықпал етуші болып табылады. Аталған құбылыстың мәнісі ескінің жаңамен, прогрессивті ағымның реакцияшыл ұлттық космополитизммен (патриотизмге, егемендікке қарсы ағым) бітіспес күресінде қарама-қарсы жақтың бірлікке қарсы күресіне орай қабылданған заңда тамырын терең жайған.

Құндылықты өлшемде саяси бірігудің дамуына тән ескі мен жаңаның арасындағы қарама-қайшылық саяси жаңғыру кезеңінде бұлтартпас факт. Солардың арасындағы текетірес барысында белгілі бір мөлшердегі мәселелер шешіледі, бірақ сол уақытта жаңа сапалы негіздегі қарама-қайшылықтың жаңа жүйелері туындайды. Сондықтан, даму барысында түрлі жаңасы біртіндеп ескіреді, ал оның орнын саяси жаңғырту барысында пайда болатын келесі бір жаңасы басады. Халықтардың, оның ішінде Қазақстан халқының саяси бірігуін дамыту логикасы осындай.

Қазақстандағы ұлттық қатынастардың қалыптасуы және қалпына келтірілуінің түрлі кезеңдерін неғұрлым терең зерттеп, зерделген сайын, «ақтаңдақтары» соғұрлым көбірек ашылады, саяси жаңғырту кезеңінде оның құндылықты өлшемдегі халықтардың саяси бірігу мәселесі, тіптен бедерлене түседі. Тек енді ғана қазақстандық қоғамды жаңарту және демократияландыру жағдайларында, қуғын-сүргін тоталитарлық машинаның механизмі халықтардың конституциялық құқықтарын белінен басып бұзғандығына көз жеткізді. Көптеген қазақстандықтар бұдан хабары болмай, көсемдердің айтқаны дұрыс деген көзжұмбайлық ортада өсті. Тек енді ғана, халықтардың саяси бірігуін қалпына келтіріп, қалыптастыру кезеңінде өткеннің объективтік көрінісі айғақталып, біз ақыр соңында көпұлтты қазақстандықтардың, тоталитарлық режимдегі қайғылы тағдырына көз жеткіздік.

Енді ғана, біртіндеп Қазақстан халықтарының өткені мен бүгінгісі арасындағы үзіліп қалған байланыстары, олардың түрлі өзара қарым-қатынастары қалпына келтіріле бастады, мұнын өзі, дұрыс ұлттық саясатты жүргізу негізінде жаңғырту кезеңіндегі халықтардың саяси бірігу мәселерін шешу мүмкіндігін ашады.

